

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Алматы қаласы Жастар саясаты жөніндегі Басқарма
Бостандық ауданы әкімдігі
«Нұр Отан» партиясының Алматы қаласы Бостандық аудандық
филиалы
Қазақстан инженерлік-технологиялық университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы

**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»: ЖАСТАР ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ
БАҒДАРЛАМАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**
(Республикалық ғылыми-практикалық конференция
материалдарының жинағы 22 қараша 2017 ж.)

**«ДУХОВНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ: МОЛОДЕЖНЫЙ
ПОТЕНЦИАЛ И ВОПРОСЫ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ
ПРОГРАММЫ»**
(Сборник материалов республиканской научно-практической
конференции 22 ноября 2017 г.)

**"SPIRITUAL MODERNIZATION: YOUTH POTENTIAL AND
ISSUES OF PROGRAM IMPLEMENTATION"**
(A collection of materials republican scientific-practical conference
22 nov 2017)

Алматы 2017

УДК 378
ББК 74.58
Д 85

Редакционная коллегия: Сарсенбекова Г.А, Абдисулейменова Р.Ш,
Несипбаева Ж.Ж, Нуртазаева А.Б, Маемгенова А.Д, Косова Р.С,
Рахимбаева Л, Тойбаева К.А, Мадилова Т.С, Чаяхметова М.М.

Ответственный редактор
Г.А. Сарсенбекова

Ответственный секретарь
Ж.Ж. Несипбаева

«Духовная модернизация: молодежный потенциал и вопросы осуществления программы» (Сборник материалов республиканской научно-практической конференции 22 ноября 2017 г.). – Алматы, 2017. _____ с.

Сборник содержит тексты выступлений докладчиков на республиканской научно-практической конференции. Материалы освещают приоритетные направления программы «Рухани жаңғыру», акцентируют внимание на актуальных проблемах изучения национальной истории и духовной культуры в русле современных парадигм гуманитарных наук.

Издание адресовано исследователям, преподавателям и студентам, а также всем, кто интересуется актуальными тенденциями модернизационного развития гуманитарных направлений.

УДК 378
ББК 74.58

ISBN 978-601-7168-43-8

© КазИТУ, 2017
2

ЖАСТАРДЫ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ТӘРБИЕЛЕУДЕ ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТІҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

Сарсенбекова Г.А.,
филос.ғ.к., доцент, ҚазИТУ проректоры,
«Нұр Отан» Алматы қ., Бостандық аудандық
филиалы Саяси кеңесі бюросының мүшесі,
«Білім беру ісінің құрметті қызметкері»

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында рухани жаңғыру арқылы «Мен еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім», деп болашаққа деген парасатты пікірлері мен ой-болжамдарын, көзқарастарын білдірді.

Жастардың орны қашанда ерекше: халқымыздың отыз процентін құрап отыр, белсенді қоғамның қозғаушы күші, бүгінгіміз бен болашағымыздың алтын дінгегі. Сондықтан конференцияның «Рухани жаңғыру: жастар әлеуеті және бағдарламаны жүзеге асыру мәселелері» атпен жұмыс жасап, жастар өкілдерінің белсенді қатысуының маңызы зор. Жалындап тұрған студент жастар оқитын ЖОО үштен бірі шоғырланған Алматы мегаполисінде 2017 жыл - Жастар жылы деп белгіленді. Қаламыздың әрбір үшінші тұрғыны – жастар. Қазіргі таңда қаламыздың 14-35 жас аралығындағы жастардың саны 777 909 адамды құрайды, мұның өзі елдегі жастардың жалпы санының 45 процентін құрайды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының жастар тәрбиесіндегі орны зор. Конференция жұмысына Алматы қаласы Жастар мәселелері жөніндегі басқарма, Алматы қаласы Бостандық аудандық әкімдігі, «Нұр Отан» партиясының Бостандық аудандық филиалы, «Жас Отан» жстар қанаты, көрнекті мемлекет қайраткерлері, ғалымдар, мектеп басшылары, магистранттар және студентік ұйымдардың көшбасшылары мен оқушылардың өзін-өзі басқару «Жас Ұлан» ұйымының төрағалары қатысып отыр. «Төртеу түгел болса төбедегі келеді», демекші төрт көзіміз түгелденіп келелі мәселені жан-жақты талқылап, ой түйіп, болашаққа бағыт-бағдар алатынымыз анық.

Бүкіл әлем көз алдымызда өзгеруде. Жаһанданудың заман ағымына жастарымыз қалай икемделуде?

Елбасы Н. Назарбаев: «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіз құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай», дейді. Тұтас қоғамның, әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың негізін не құрайды? Жауапты тағы да «Рухани жаңғыру» бағдарламалық құжат береді. Олай болса қоғамның, әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың қай бағытын алсақ та тәрбиелік мәні құнды болып табылады.

Бірінші, ол – бәсекелік қабілет. «Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы», деді Н. Назарбаев. Ұтымды дүниені не құрайды, ол тек материалдық байлық па, әлде сапалы білім, ғылым, зияткерлік өнім, игілікті жолдағы еңбек пен еңбек ресурстарын да жатқызамыз ба? «Рухани жаңғыру» бағдарламалық құжатта «Болашақтың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдардың бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек», деп көрсетеді.

Бәсекеге төтеп беріп, жаһандануда ұлттық кодымызды сақтап, «Мәңгілік ел» болып өсіп-өнуімізге негіз қандай қасиеттеріміздің арқасында болмақ?

Жақында (9-15 қараша 2017 ж., № 45(1407) «Ана тілі» газетінде «Ұлтыңды сүю иманнан» атпен Дина Имамбаеваның мақаласына көзім түсті. Автор былай дейді: «Қазақтың «Ұят» атты ұғымының мән-мағынасы басқа бір де бір халыққа ұқсамайтын, өзгеше құбылыс. Адамдықтың өлшемі – қадір-қасиет, ар-намыс, ұят түсініктерімен ержеткен ұл, бойжеткен қыз үшін бұдан артық өмір сүру ережесі болған емес». Автор ойымен бөлісе отырып, бүгінгі жастар қаруланатын қандай қасиеттер болуы керектігіне меңзейді. Патриотизмге, Мәңгілік Ел құндылықтарына тәрбиелеу, т.б. бәрі дерлік сайып келгенде халқын сүюге келіп тіреледі. Халқын, елін сүю шыр етіп дүние есігін ашқан адамның өмірінде бойына дарыта алатын, дамыта алатын, бекіте алатын қасиеттерде жатыр. Бұл мәселеде бәріміз - қоғам, ата-ана, білім мекемелері, т.б. бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара жұмылуымыз керек.

Осы сұрақ төңірегінде халқымыздың даңқты перзенттерінің бірі Бауыржан Момышұлының пікіріне құлақ салайық: «Қазағымның өнегелі қасиеті көп. Біріншіден, қазақ халқы әке-шешесін Құдай деп сыйлаған. Екіншіден, Әке-шешеге қарап қарсы сөз айтпаған. Ешуақытта әке-шешесі ауыз тимей дастарқандағы дәмге қол созбаған. Үшіншіден, қазақ халқының құдірет-күштілігі – өлігін құрметтей сыйлаған. Бес күн жалған дүниеде бір-бірімізді сыйлап жүрсек, қайғы-қасіретті, ауру-сырқауды бір-бірімізге деген ықыласымыздың өзі жазып жібереді. Төртіншіден, қазақ құдасын Құдайындай сыйлаған. Бесіншіден, жеті атасына жетпей ешуақытта қан араластырмаған. Қазақ халқының ең ерекше алтыншы қасиеті – өмірі сөзге тұрған, сөзге қонақ берген. «Аталы сөзге ақымақ таласады» деп уәжге көнбегендерді тұқырта білген. Жетінші қасиеті –қонақжайлығы. Сегізінші қасиеті – қазақ енші алыспаған халық. Жолға шықса өзімен бірге азық-түлік алу дегенді білмеген. Тоғызыншы қасиеті – дүниеқоңыз болмаған. «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деп өмір сүрген. Оныншы қасиеті – батыр, тәуекелшіл болған. Он бірінші қасиеті – өмірі өтірік айтпаған. «Бас кессе де, тіл кеспек жоқ» - деп ойын ашық айтқан. Он екінші қасиеті – көпшіл болған. «Көппен көрген ұлы той», деген. Он үшінші қасиеті – уәде берсе, оны «Уәде – Құдайдың үйі», «Сөзі өлгенше өзі өлсін» деп бұлжытпай орындаған». Міне, халқын сүйіп, өзі адал, жақсылық жолмен жүріп, арманын іске асыратын адамның қасиеттері.

Рухани жаңаруымыздағы әрбір жас ие болатын қасиетті жаһандану кеңістігінде қарастыралық. Ғалымдардың жалпы пікіріне келсек, жаһанданудың алаңдататын жақтары бар екені рас, ол тіпті бүгін ұлттар тағдырына нақты қауіп те төндіруде. Сонымен қатар жаһандануға бейімделген елдердің де бар екенін жоққа шығармаймыз, дегенді айтады. Сондай елдердің алдыңғы шебінде – Жапонияны атайды. Мысалы, ғалымдарымыздың пікірінше Жапонияға жаһандану қауіпті емес. Себебі жапондықтар “жапондық рух, батыстық технология” қағидасын ұстанып, ең бірінші ұлттық қасиеттерін сақтауда. Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде “Жаһандық тұрғыда ойла, жергілікті тұрғыда әрекет ет” қағидатын ұстанып, жаһандық үрдістерді ұлттық дәстүрлермен сәтті ұштастырып келеді. Осы орайда хакім Абайдың

«Әркімді заман сүйремей,

Заманды қай жан илемек?

Заманға жаман күйлемек,

Замана оны илемек», деген өлең жолдары ойға оралады. Онда дана Абай адамның өмір сүруі, алдына қойған мақсаттары елінің игілігіне қызмет етіп, заман талабына сай өміршең болуы керектігін меңзейді. Біз бүгінгі заман талабын, әлеуметтік өзгерістердің бағыт-бағдарын дұрыс түсіне біліп, өркениетке бастайтын ұлттық құндылықтарымыздың қадір-қасиетін ашып, тәрбиелей білуіміз керек. Рухани жаңғыру бағдарламасында Елбасы ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайтындығын айтады.

Рухани жаңғыру арқылы Мәңгілік Елге жетелейтін бір бағыт - Латын әліпбиіне көшу де заман сұранысы. Жақында «Эхо Москвы» радиосының «Особое мнение»

хабарында ресейлік саясаттанушы Николай Сванидзе сұхбаты жарияланды. Сұхбатта бұл мәселенің саяси емес, таза прагматикалық шешім екені айтылды. Сондай-ақ жаппай компьютерлік сауаттылық, ғылым, инновацияға қарыштаған қоғамда латын қарпіне көшу тиімді екені аян.

Жаһандану жағдайындағы қарқынды өзгерістер қоғам дамуының қозғаушы күші болып табылатын білім жүйесіне де ықпалын тигізіп отыр. ЖОО тәрбие жұмысы негізінде білімалушыға өмірлік ұстанымдарын таңдауда қолұшын соза білу қашан да адыңғы шепте. Қазір біздің алдымызда жалпыадамзаттық құндылықтармен ұлттық құндылықтарды ұштастыра отырып тәрбиелеу мәселесі де өткір тұр. Осы тұрғыдан алсақ та өскелең ұрпақты тәрбиелеуде «Рухани жаңғыру» бағдарламасының орны зор деп ұғынамыз.

Қазақстан инженерлік-технологиялық университеті «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасының аясында «Жаһандық бәсекеге біліммен» атты Жоба жасап, іске асыруға ұжым болып бірігіп отыр. Жоба аясында білім алушылардың туған жеріне деген патриоттық сезімін арттыру, басқа мәдениеттерге ашықтық, конфессияаралық келісім, өркениеттілікке ұлттық құндылықтар арқылы жету, политиіді білімге, компьютерлік сауаттылыққа, ғылымға құштарлықты арттыру, насихаттау мақсатындағы міндеттерімізді: «Мәдени мұра – халық қазынасы», «Менің өлкем», «Ғылыми ізденіс», «Туған жерге туынды тік», «Дарынды жастың дара жолы», «Білім. Ғылым. Инновация.» атты мақсатты тақырыптарға біріктірдік. Тәрбие жұмыстарын жүргізудің бір бағыты «құрдас-құрдасқа» немесе «баланың тілін бала түсінеді», демекші «тең-теңіне» принципіне сүйене отырып, студенттік өзін-өзі басқару институтын күшейту, сол арқылы жастардың әлеуметтенуіне көмектесуді басты орынға қойдық. Жоғарыда аталған жобалардың мақсаты, ең алдымен жастардың өзін ұйымдастыра отырып, қоғам уақыт талабымен бірге қойып отырған өзекті мәселелерге өз күштерін жұмылдыра білу болып табылады. Қазіргі қоғамға, жұмыс берушіге адамшылығы мол, елжанды, креативті, белсенді өмірлік ұстанымы бар, көшбасшылық қасиетке ие, сыни ойлауға қабілетті мамандар қажет.

Екінші үлкен бағыт – прагматизм. Елбасы Н. Назарбаев «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек. Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылдыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз», деді.

Үшінші бағыт – ұлттық бірегейлікті сақтау. «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді», деді Н. Назарбаев.

Төртінші бағыт – білімнің салтанат құруы. Н. Назарбаев: «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім түсінуі керек»

Бесінші бағыт - Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы. «Біздің кешегі тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа – эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзімізді жеткізді. ...Әлемдегі оқиғаларды ой елегінен өткізіп, қорытынды жасау – қоғамның да, саяси партиялар мен қозғалыстардың да, білім беру жүйесінің де ауқымды дүниетанымдық, рухани жұмысының бір бөлігі », деді Н. Назарбаев.

Алтыншы бағыт – сананың ашықтығы. Н. Назарбаев: «Өзімдікі ғана таңсық, өзгенікі - қаңсық» деп кері тартпай, ашық болу, басқалардың ең озық жетістіктерін қабылдай білу, бұл табыстың кілті, әрі ашық зерденің басты көрсеткіштерінің бірі».

Қоғамдық сана жаңғыруының негізгі қағидаларын қалыптастыруда білім беру мекемелерінің рөлі зор. 2017 жылы күз айында Сенатта өткен парламенттік тыңдалымда орта білім беру мәселелері қаралғанын білесіздер. Депутаттармен қатар, мұғалімдер, мектеп директорлары және халықаралық эксперттер де өз пікірлерін

білдірді. Бір ауыздан бізге жылдам өзгеріп жатқан 21 ғасырда білім алушыларды алға, кемелденуге, жемісті әректтерге бастайтын пікірлермен бөлісті. Мұнымен қоса келіп жатқан ақпараттар ағынын филтрден өткізудің маңыздылығына тоқталды. Халықаралық эксперттер қала мен ауыл мектептеріндегі инфраструктуралардың алшақтығына мән берді. Сонымен қатар халықаралық білім тесттерінде Қазақстан алдыңғы орындардан, өкінішке орай тұрақты орын ала алмай отыру себебін салыстырмалы түрде бірінші ондықтағы Сингапур, Финляндия тәжірибесімен салыстыра баяндады. Басты сырының бірі мұғалімдердің рөлін көтеруге үлкен көңіл бөлуде. Екінші ұстаз атанған әл-Фараби тәрбиесіз берілген білімнің бос екенін айтқан. Білім мекемелерінде тәрбие беру процесі мен оқыту процесі қатар жүреді және оны алып жүретін мұғалімдер. «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы», деген халық. Сабақтастыққа құрылған білім мен тәрбие беру жұмысында ЖОО мектеппен тығыз жұмыс жасауы жалпы білім беру жүйесінде тәрбие берудің жан-жақты дамыған моделін жасауға ұмтылыстан туатыны белгілі. Сондықтан, білім беру мекемелері білім беру мен тәрбиелеу негіздерінің мақсаттарын бірге, сатылы, жүйелі, бір-бірінен ажырамастай бірлікте қарастыруда мұғалім, оқытушының беделі үлкен рөл атқаратынына үлкен көңіл бөлуіміз керек. Осы бірліктің негізінде елге тұлға боларлық саналы, мәдениетті азаматты қалыптастырып, дамытуға қол жеткіземіз.

Тәрбие мектебі адам дамуының стадиясы ғана емес, ең алдымен ол – күрделі тарихи-мәдени феномен. Орыс педагогы К.Д. Ушинский пікірінше әрбір халықтың өз тәрбие мектебі бар, ол сол халықтың тіліне, дәстүріне, мәдениетіне негізделіп қалыптасқан. Әр халықтың төл мәдениетінен сусындаған тәрбие төлтумалығы, біртұтастығы, жүйелілігі, сабақтастығының арқасында әлеуметтік қауым кеңістігіне, рухани кеңістігіне шығудың бірден-бір тетігі болып қала бермек.

Халқымыздың мәдени болмысының әлемдік мәдениетпен біте қайнасып жатқандығының бірден бір себебі – рухани өзегінің мықтылығында. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтары еліміздің мәдени-өркениеттік дамуына ұстаным бола алады.

Шәкәрім адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын – адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл сапалар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді дейді. Адамзат тіршілігінде екінші ұстаз атанған әл-Фараби еңбектері – тәрбие туралы құнды тұжырымдар көзі. *(Бүгінгі конференция бағдарламасында «Тұлға» жобасының тұсаукесері өтпек. Бірінші шара Қаныш Сәтбаев пен әл-Фарабитанушы Ақжан Машаниға арналмақ)* Әл-Фарабидің пікірінше, адам парасатты күйінде тумайды, оның бойында парасаттылыққа бейімділіктің нышаны ғана болып, олардың тағдыры алған тәрбиесі мен әлеуметтік ортасына байланысты болады. Сондықтан ол әрбір жас ұрпақтың тұлға болып қалыптасуы үшін оған, ең алдымен ақыл-ой, адамгершілік, ізгілік және еңбек тәрбиесін беру керек деп айтады. Әл-Фараби философиялық трактаттарында бірінші кезекте адамға тәрбие қажеттігін баса айта отырып, ғылым мен өнерді терең меңгеру де тәрбиенің арқасында нәтижелі болатындығын нұсқайды. Тәрбие мақсаты адамды, ұлтты зиялы, мәдениетті, бақытты етіп баулу. М. Жұмабаев тәрбиенің мақсатын: "Тәрбиеден мақсұт адамды һәм сол адамның, ұлттың, асса барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі – әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты, адамзат дүниесінің мүшесі – әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты. Қысқасын айтқанда, тәрбиеден мақсұт адам деген атты құр жала қылып жапсырмай, шын мағынасымен адам қылып шығару" деп атап көрсетеді.

Конфуцийдің "Мемлекет дегеніміз – үлкен отбасы, ал отбасы – кіші мемлекет" деген қағидасы бар. Міне, осы тұрғыдан алғанда өркениетке ұмтылған бүгінгі қоғамдағы тәрбиенің орны, ұстанатын өмірлік құндылықтары, өмірдің ағымына қарай олардың өзгерісі дегенде жанұя беретін тәрбиенің орны да ерекше.

Ғылыми деректерге сүйенсек, жасөспірімге ең бірінші жанұядағы, мектептегі және өз қатарластарымен қарым-қатынас әсерінің жоғары болатындығын көрсетеді. Өкінішке орай, жастар арасындағы ажырасудың көбеюі, ерте және күтпеген жүктілік, жасанды түсік тастау санының артуы, суицидке барушылар санының артуы (үштен бірін 29 жасқа дейінгі жастар құрайды) т.б. ескерсек, алдын-алу жұмыстарына үлкен көңіл бөлінуі керек. Халқымыздың тәрбие жүйесін алсақ, қазақ халқында бала тәрбиесі, шын мәнінде, баршаның ісі болған. Баланың іс-әрекеті, сөйлеген сөзі, үлкендермен қарым-қатынасы әулеттің, қарттардың назарынан тыс қалмайтын. Бас қосқан мәслихаттарда ол жөнінде әңгіме көтеріліп, әдепті де еңбекқор балалар мадақталып, ал орынсыз қылық, дөрекі сөз, үлкендерге ілтипат көрсетпегендерді ата-аналарының бетіне басып, халықтың алдында ұялтатын. Ата-бабамыз отбасы тәрбиесінің маңыздылығына баса назар аударған. Отбасы тәрбиесі: құрсақ тәрбиесі, бесік тәрбиесі, қыз бала тәрбиесі, ұл бала тәрбиесі, келін тәрбиесі, сегіз қырлы, бір сырлы азамат тәрбиесі деп үздіксіз жүргізіліп отырған.

Әке-шеше – от басындағы беделді тұлға, таптырмас тірек. Баланың оларға қарсы сөйлеуі, айтқанын орындамауы – үлкен күнә, әдепсіздіктің белгісі. “Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер” деген мәтел бекерге айтылмаса керек.

Қазақ халқының қарым-қатынасының өзіндік ерекшелігі бар. Бала әкесі немесе шешесін, бауырларын, құда-жекжат, нағашы-жиен деп аталатын ағайын туыстарды да танып, сыйласып, құрмет көрсетіп өседі. Бұл оның өрісін кеңейтеді, бауырмалдық сезімін оятады.

Халық – мол қазына. Оның бала тәрбиелеуде де бай тәжірибесі бар. Халықтың өмір сүрудегі данышпандық шежіресі тәрбие беруде назардан тыс қалмауы керек. Тәрбие мәселесі халықтың қалыптасқан көзқарастарының, идеяларының, салт-дәстүрлерінің жиынтығы іспеттес.

Қазақ халқы жастарды семьяда кішіпейілділікке, ізеттілікке, инабаттылыққа тәрбиелеуді бірінші міндет деп санаған. Ер балаларға ауылдың үлкендеріне қос қолдап сәлем беруді, қыз балаларға ибалық жасап жол беруді, жасы үлкендердің алдын кесіп өтпеуді уағыздаған. Жастардың жадына “сіз” деген сыпайылық, “сен” деген анайылық, “Адамдықтың белгісі, иіліп сәлем бергені”, “Кішіпейілділіктен кішіреймейсің”, “Жұпыны жұтамайды, сыпайы сүйкімді” болады деген қағидаларды үнемі сіңірумен болды. Халқымыз “әкеге қарап ұл өседі, шешеге қарап қыз өседі” деп бала тәрбиелеуші ата-аналардың да өнегелі болуын қалады.

Адам тәрбиесінің негізі - Адамгершілік қасиет. Шынайы адамгершілік қасиет елін, жерін, Отанын сүюден туады: “Отан – елдің анасы, ел – ердің анасы”, “Отанға опасыздық еткенің, өз түбіңе өзің жеткенің”, “Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас”, деген нақыл сөздердің мән-мағынасы тереңде жатыр.

Тәрбиенің адамгершілік қасиетке негізделуі өркениетке бастайтын бірден-бір жол болып табылады. Себебі, адамгершілік қасиеттің жеткізетін жері – бақыт, құт-береке екендігін Асан қайғы былай жырлайды:

«Бақыты оянған ерлердің
Әрбір ісі оң болар,
Дәулеті күнге артылып
Не қылса да, мол бола»

Жастарды оқыту мен тәрбиелеу ісін әлемдік деңгейге сай жетілдіруге бүгінгі таңда мемлекетіміз ерекше мән беріп отыр. Жастарға жүйелі білім, саналы тәрбие беру ісіне жаңа талап тұрғысынан қарауда нақты қадамдар жасалуда. Халықаралық эксперттер жақын 15 жыл көлемінде жоғары білімге деген сұраныс 2,5 есеге дейін өсетіндігін айтады. Қазақстан (334) 10 000 адамға шаққандағы студенттер саны бойынша Германия (258), Жапония (222) секілді елдердің алдында. Өркениетке ұмтылудың негізі еліміздің тәрбие арқылы берілген біліммен өміршең болатындығын «Рухани жаңғыру» бағдарламалық құжат арқылы да көз жеткізіп отырмыз.

Баяндамамды шәкірттерімнің бірі- Тәуелсіздік кұрдасы Нұржан Кішкенебаевтың ойына үзінді келтіре қорытындылағым келеді. Н. Кішкенебаев:

«Күнде болмаса да, екі күнде бір рет Евроньюс арнасынан әлемдік жаңалықтарды оқып отырамын. Сонда байқайтыным, біз бейбіт елде, тыныш елде өмір сүріп жатырмыз. Біз бір күнде дамып кетпейміз, Дамыған ел болу - ұзақ уақытпен, тәрбие мен терең біліммен, тынымсыз еңбекпен келетін нәрсе. Кезінде Рахымжан Қошқарбай атамыз Рейхстагқа ту тігу үшін 260 метр жерді жербауырлап, 7 сағат бойы жүрген. Сол секілді мемлекеттің дамуы да ұзақ уақытты, қажырлы еңбекті қажет ететін дүние. Құдайға шүкір дейік, қазір жағдайымыз жақсы ғой. Әкелеріміз айтатын, тоқсаныншы жылдары бірнеше ай жалақы алмай, дүкендер бос қалған кездер болды деп. Ал, қазір ше? Қалағаның толып тұр дүкенде, дәл қазір аштан өліпті дегенді естімейміз. Әрбірімізде Айфон. Осы нығметтің бәрі тәуелсіздіктің арқасында келген, тыныштық пен бірліктің арқасында келген Тәңірдің сыйы емес пе? ». Міне, бүгінгі жастардың бүгінін бағалап, ертеңін саралап, болашағына нық сеніммен қарайтындығына дәлел.

Жаңа кезеңге аяқ бастық. Біздің мақсатымыз әлемдегі дамыған отыз елдің қатарына қосылу. Мақсатқа жету үшін жаңарып отыруымыз керек. Өзгеріп, жаңарып отыру үшін мақсат-міндеттерге жұмыла кірісуіміз керек.

Қорқыт баба: «Дәулетті ұлың болса, ошағыңның қоры болар» деген екен. Бүгінгі ұрпақ - анадан өнеге, атадан өсиет көрген, сапалы білімге ұмтылған өнегелі жстар. Олай болса, елінің мақтанышына айналатын 100 есімге лайықты азаматтар мыңнан болсын! Қай уақытта болмасын орны төр саналатын Ұстаздар қауымының еңбегі жанып, шәкірттерімізбен мақтанатын күндеріміз көп болсын! Рухани жаңғыруымыз арқылы халқымыздың өшпес құндылықтарын байыта да дарыта берейік!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы. Егемен Қазақстан. Жалпыұлттық республикалық газет. №70(29051), 12 сәуір, сәрсенбі 2017 ж.
2. Мамытбек Қ. Мен халқымның Бауыржанымын. - Алматы, 2013 ж. - 399 б.
3. Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қара сөздер. – Алматы, «Мектеп»- 241 б.

Түйіндеме

Мақалада «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жастарды тәрбиелеуде өркениетке бастайтын ұлттық құндылықтардың орны туралы айтылады.

В статье рассмотрены место и роль цивилизационных основ и национальных ценностей в воспитании молодежи в рамках программы «Рухани жаңғыру».

The article considers the place and role of civilizational fundamentals and national values in the education of youth in the framework of the program “Ruhani Zhangyru”

ЛАТЫН ӘЛПБИІНЕ КӨШУ: ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ

Смағұлова С. О.

Қазақ ұлттық аграрлық университетінің профессоры,
тарих ғылымдарының докторы

Зауырбекова Д.

Қазақ Ұлттық Аграрлық университеті
Агробиология факультетінің 1 курс студенті

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғырту» атты мақаласында таяу жылдардағы міндеттердің біріне қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастау қажеттігін, қазақ тілі әліпбиінің тың тереңнен тамыр тартатынын айта отырып, қазақ даласында қолданылған жазулардың тарихын саралап берген еді.

Негізінде Президентіміз Н. Назарбаев 2007 жылдың 27 ақпанындағы «Жаңа әлемге жаңа Қазақстан» атты жолдауында еліміздегі қазақ жазуын латын әрібіне көшудің маңыздылығын көрсеткен болатын. Қазақ жазуын латын әрібіне көшірудің концепциясы Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында да айқындалған болатын. Латын әліпбиіне қатысты мәселелер халық арасында қызу талқылауға алынып, түрлі ой-пікірлер, ұсыныстар айтылды. Ұзақ талқылаулардан кейін 27 қазанда Елбасымыз жаңа латын әліпбиін қабылдауға қол қойды.

Халық арасында жүргізілген сауалнамалардан олардың басымы латын әліпбиіне көшуді қуаттап отырғанын аңғару қиын емес. Сауалнама берушілердің барлығы да латын әліпбиіне көшудің тансық еместігін, бұл жазуға көшуде тәжірибеміздің барлығын бір ауздан құптағанын өздеріңіз жақсы білесіздер. Елбасы көрсеткендей, қазақ даласындағы жазудың тамыры ерте ортағасырда жатыр. Көне түркілердің руникалық жазуы, одан кейінгі араб әрібіндегі жазудың ғасырлар бойы қолданылып, қаншама еңбектердің осы әліпби негізінде жазылуы, міне, осының айғағы.

Ал XX ғасырда Қазақстанда қандай жазу қолданылды? Латын әліпбиін енгізуде жүзеге асырылған іс-шаралар бар ма? XX ғасырдың басынан 40-жылға дейінгі аралықта Қазақстанда жазу мәселесі үш рет өзгеріске ұшырады. Ғасыр басынан қазақ жұрты арасында, мерзімді басылымда, мектеп-медреселерде кең түрде қолданылып келген араб жазуындағы әліпби болса, кеңестік жүйе орныққаннан кейін XX ғасырдың 20-40 жж. Қазақстанда жазуды өзгертуге байланысты екі бірдей реформа іске асырылды. Оның бірі – 30 ж. басында араб жазуынан латын әліпбиіне, екіншісі – 1940 жылы латындандырылған қазақ жазуын орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру болды.

Қазірде Қазақстанды латын жазуына көшіруде Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан және Түркменстанның латын графикасына көшу тәжірибесіне сүйенуді, тыңғылықты дайындық жұмыстарын жүргізу қажет етіп отыр. Ол үшін еліміздің XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы латын әрібіне көшу тарихына көз жіберген абзал сияқты. Негізінде түркі елдерінде латын әліпбиіне көшу мәселесі XIX ғасырдың 60 жылдары көтерілген еді. Бұл деректі көптеген тарихи зерттеулер мен мұрағат құжаттары айғақтайды. 1927 жылы Кәрім Тоқтыбаев пен Мұхтар Мұрзиннің редакциясымен жарық көрген «Жаңа әліпби жолында» атты кітапқа жарияланған Әбдірахман Байділдаұлының “Жаңа әліпби тарихынан” атты еңбегінде ашық та айқын көрсетіледі. “Бұл мәселе бұдан 60 жылдай бұрын ең алғаш Әзербайжан елінде көтерілген. Ол кезде Әзербайжан түріктері өзге түрік нәсілді елдері сықылды араб әліппесін қолданатын. Бұл әліппенің өнер-білімге жету жолында қолайсыздығы сол кезде-ақ сезілген. Әзербайжан білімпазы Мырзахмет Әли дейтін адам әліппенің кемшіліктерін көрсетіп, өзгерту керек деп жаңа жоба ұсынған. Бұның бұл жобасы біздің Ақандардың 1923 жылдардағы араб әрібінің дара түрін аламыз дегендері сықылды болса керек. Негізі араб әріпі болған”, – дей келе, Мырзахмет Әлидің бұл жобасын қолдаушылардың табылмағандықтан ол араб әрібін тастап оның орнына латын әрібі негізінде әліпби қабылдауды ұсынғандығын атап өтеді [1].

Ә. Байділдаұлының жазуынша Мырзахмет Әли бұл жобаны жүзеге асыру жолында Түркия астанасы Стамбұл мен Иран астанасы Тегеранға барып, зиялылардың талқысына салған. Бірақ оның бұл жобасы аталмыш елдердің зиялылар арасында қолдау таппады. Тек бірен-саран жанашырлар табылып (атап айтқанда Иранның Мырза Мәлкемхан, Ризахан), жобаны халық арасына таратуға тырысып, жаңа латын әліпбиі турасында кітаптар шығарумен ғана шектелді.

1905 жылы Ресейде бірінші орыс революциясы кезінде латын әліпбиіне көшу мәселесі түркі елдерінің арасында тағы да қозғалды. Әзербайжан түріктері мен татардың біраз оқығандары латын әріпін алу туралы мәселені баспасөз арқылы қайта көтерген еді. Бірақ патша үкіметінің тарапынан болған реакциялық қуғын бұл мәселенің халық арасына тереңірек жайылуына жол бермеді.

1908-1913 жылдар аралығында Түркияда латын әліпбиі мәселесі мерзімді басылымдарда жиі-жиі көтеріліп, түрлі айтыс-тартыстар ұйымдастырылды. Латын әліпбиіне көшуді түрік зиялыларының бір бөлігі қажет деп есептеді. Алайда Түркиядағы ішкі жағдай мен қозғалыстар, 1918-19 жылдардағы соғысқа қатысуы латын жазуы мәселесін кейінге қалдыруға мәжбүр етті. Тек 1922 жылы бұл іс қайта қолға алынып, мектептерде тәжірибе ретінде латын жазуы қолданыла бастады [2].

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін халық бұқарасының игеруіне оңай жазуға өту шұғыл қажетті деп саналып, түркі халықтарының бұрынғы жазуын орыс әліпбиіне (кириллица) көшіруге әрекет жасалған еді. Бірақ бұл әрекет халықтардың арасында орыстандыру саясатының жалғасы деген түсінік туғызбас үшін мұны іске асырудың басқа жолдары мен сатылары қарастырылды.

Түркі халықтар жазуын реформалау мәселесін бірінші болып көтерген Әзербайжан ғалымдары болды. 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін Әзербайжанның зиялы қауым өкілдері мен оқытушылары үкімет алдына әліпбиді өзгерту мәселесін қояды. 1919 жылы ғана Бакуде Халық ағарту комиссариаты жанынан әліпбиді өзгерту мәселесі бойынша комиссия құрылып, бұл комиссия 17 маусымда мәжіліс өткізіп, бір жыл ішінде латын әліпбиінің үйретуді мектептерге ұсыну мәселесін қолға алады [3]. Алайда латын жазуы мәселесі елдегі ішкі тартыс, азамат соғысы нәтижесінде 1920-21 жылдары бәсеңдеп қалды. Тек 1921 жылдың соңғы айларынан бастап Әзербайжан зиялылары қайта қолға алып, баспасөз беттерінде жиі көтеріле бастады.

Кеңес үкімет латын жазуына көшу мәселесін жоғарғы жақтан жүргізу қажеттігін түсінді. Сондықтан 20-жылдары әліпбиді (алфавитті) алмастыру мәселесін қолға ала бастады. Оның себебін ХХ ғасырдың бірінші ширегінде Түркия, Иран, Әзербайжан және Орта Азияның алдыңғы қатарлы зиялылары тарихи-лингвистикалық сараптау негізінде араб жазуының олардың елдеріндегі халықтар тілінің табиғатына сәйкес келмейді деген тұжырым жасауынан деп түсіндірді.

Араб әріпінен латын әріпіне көшу шарасын іске асыруда үкімет тарапынан арнайы дайындық жұмыстары жүргізілгені белгілі. Латын әліпбиіне көшпес бұрын осы мәселе төңірегінде мерзімді басылымдарда арнайы айдармен пікір-таластар өткізіліп, түрлі ойлар ортаға салды.

Комиссияның ұйғарымы бойынша жаңа әліпбидің жобасы жасалып, оны талқыға салу үшін үкімет орындарына тапсырылды. 1921 жылы қазанда Әзербайжан баспасөздерінде тіл, жазу, емле мәселелері қозғалды. Тез арада істі жүзеге асыратын комиссия құру мәселесі де көтерілді. Әзербайжанның зиялы қауым өкілдері мен оқытушылары үкімет алдына әліпбиді өзгертіп, латын жазуына көшу мәселесін қоя білді. Осылайша 1922 жылы түркі халықтары жазуын реформалаудың бастамашылары Әзербайжан ғалымдары болды.

1922 жылы 30 қаңтарда (кей деректерде наурыз айында деп көрсетілген – С.С.) Бакуде кеңес мемлекетінің белгілі қайраткер Нариман Наримановтың ұйымдастыруымен араб жазуын латынмен алмастыру мәселесін көтерген түрік оқығандарының жиналысы өткізілді. Онда араб жазуы мәселесі жөнінде баяндама жасалып, Әзербайжан елінің күннен-күнге көркейіп, мәдениеті ілгері басып келе жатқандығы айтылып, ол жұмыстарды одан әрі көркейтуде араб әрібінің жарамсыздығы көрсетіліп, латын әрібін алу қажеттілігі баса айтылды.

Баяндама төңірегінде арабшылар мен латынды қолдаушылар арасында айтыс-тартыс туындады. Жиылыс арабшыларға да, латыншыларға да өз істерінің дұрыстығын дәлелдеу үшін комиссия құруды ұсынды.

Ә. Байділдаұлы бұл жиналысты: «Жаңа әліпбиді іске асыру жөніндегі істің алды болды», – деп көрсетті [4]. Сөйтіп, латыншылар жазба реформасының келеңсіз зардаптарының болғандығын, араб тілінің негізінде жасалған әліпбидің қиыншылығын дәлелдеуге тырысты.

Жалпы жиналыс барысында 1922 жылы орыс графикасына көшіруге қарсы болған бұқара халықтың наразылығын ескеріп, жоғарыда аталған комитет төрағасы Н. Нариманов (С.Агамалы – оглы) сол уақытта араб жазуын латынмен ауыстыруды ұсынған еді. Ұзақ талқылаулардан кейін бұл ұсыныс қабыл алынып, істі жүзеге асыру үшін латын жазуын қолдаушылардан Н. Наримановтың төрағалығымен жаңа алфавитке көшуге байланысты дайындық жұмыстарымен айналысатын арнайы әліппенің комитеті құрылады. Бұл комитет өз ішінде комиссия құрып «Жаңа түрік әліпбиі» атты кітап бастыртып, мектептерде осы кітаппен оқытуды ұсынды. Сондай-ақ газеттерді бірте-бірте латын әрібімен басу мәселесін өз міндеттеріне жатқызды.

Комитет мүшелері халық арасында баспасөз арқылы жаңа әліпбидің қалың бұқара үшін араб әрібіне қарағанда пайдасы мен қолайлығын түсіндіріп, осы төңіректе пікір алмасуға шақырды. Осы жылы жаңа әліппе комитеті «Яна-Юл» (Жаңа жол) деген газет шығара бастаса, ал 1923 жылдан бастап латын әрібінде бірнеше әдебиеттер шығарылып, халықтың талқысына салынды. Осы жылы Әзербайжанның жаңа әліппе комитеті «Жаңа жол» деген газет, ал 1923 жылдан бастап латын әрібінде бірнеше I және II сатылы мектептер үшін оқулықтар, құралдар және әдебиеттер шығарды.

Мерзімді басылымдарда көтерілген бұл мәселе төңірегіндегі айтыстардан кейін 1924 жылы Әзербайжан үкіметі латын әліппесінің негізінде құрылған жаңа әліппе шығару турасында декрет қабылдайды [5].

1923 жылдан бастап қазақ интеллигенциясының алдыңғы қатарлы өкілдері, оқушы жастар, оқытушылар латын әрпіне негізделген жаңа әліпбиге көшу мәселесін көтерген болатын. 1923-27 жылдар аралығында Қазақстанда жаңа әліпби төңірегінде жаңа әліпбиді қолдаушылар мен бұрынғы әліпбиді жақтаушылар арасында күрес жүрді. Қазақстан үкіметі әліпби мәселесіне байланысты бөлінген екі топқа ашық түрде пікірлерін айтып, талқылаулар өткізуге барлық мүмкіндіктерді жасады.

1925 жылдан бастап жаппай Қазақстанның мектептерінде, жеке кәсіпорындарында және мекемелерінде латыншылардың «Жаңа әліпбишілер үйірмесі» немесе «Латыншылар үйірмесі» құрыла бастады. Соңғылары тек айтыс-тартыс жиналыстарын ғана емес, арнайы жаңа әліпбиді үйрететін үйірме сабағын да ұйымдастырды, баяндамашылар үшін тезистер құрастырды, жергілікті газеттерге ұжымдық мақалалар жазды. 1925 жылы Н. Төрекұловтың «Жаңа әліпби туралы» атты кітабы басылып шықты.

20-жылдардың басында А. Байтұрсыновтың «Төте жазу әліппесі» халық арасында кең қолдау тауып, 1924 жылы маусым айында Орынборда өткен қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде араб әріпіне лайықтанған қазақ графикасы қабылданған болатын. Негізінде бұл съезде А. Байтұрсынов «Әліпби тақырыпты» деген баяндама жасап, онда араб әліпби турасындағы ойын былайша білдірген еді: «Араб әрібінен жасап алған әліп-биімізге жер жүзінде әліпби баласы жетпейді. Араб әрібімен түзеген емлемізге бізге мәлім емлелердің бірі жетпейді. Мұны ешкім бекер деп айта алмайды. Түзелген араб әріп жазу машинасына бір түгіл, екі түрлі әріп қоюға болатын етіп отыр, әріп теру машинасында екі суретті әріп қоюға болатындығына көз жеткізіп отыр. Түзелген әріп терушілердің де бейнетін жеңілдетейін деп тұр. ...Осының бәрі араб әріпінің қай жағынан болса да, қалай жұмсаймын десе де келе беретін, көне беретін ыңғайлы, қолайлы әріп екенін көрсетеді». Бұдан әрі А. Байтұрсынов баяндамасында латын әрібін алу үшін көп қаражат пен қайрат қажеттігін, мұндай қаржының табылуы да қиын екендігін, қысқа мерзім ішінде мұғалімдерді бірден латын үйретіп, бірден баспаханаларды латын әрібіне айналдыру, оқу кітаптарын латынша бастыру мүмкін еместігін де ескертеді. «Латын әрібінің араб әрібінен гөрі көзге көрініп

тұрған артықтығы, бадырайып тұрған пайдасы болса керек. Онда ел көңілденіп, қолдап, жебеп, көтермелеп бірдеме етер деп дәменелер едік. Ондай артықтығы, пайдалылығы жоқ», – дейді ғалым [6]. Ол түркі халықтарының бұрыннан қолданып келе жатқан жазу үлгісін латын жазуына көшірудің оңай еместігін ашық білдіреді.

А. Байтұрсыновтың «Төте жазу әліппесі» кең қолдау тауып аталмыш съезде қабылданды. Сөйтіп, латын әліпбиіне көшкенше қазақ жазуы араб емлесімен жазылды немесе оны «Байтұрсын емлесі» деп те атап жүрді.

Латын әрібіне көшу мәселесін Қазақстанда көтерген зиялылар Нәзір Төреқұлов мен Мұхтар Мурзин болды. Олардың бұл бастамалары 1924 жылы болған білімпаздар жиналысында үлкен айтыс-тартысқа түсті. Әсіресе жаңа әліпбиге көшу мәселесі араб әліппесін жақтаушылар арасында тартыс туғызды. Мәселен, ғалым, Г.И. Бройдо Ресейдің шығыс халықтары үшін алдымен тіл бірыңғайланбаған жағдайда латын алфавитін кіргізу дұрыс болмайды, сондықтан жаңа графиканы енгізудің ғылыми жағынан да, практикалық жағынан да маңызы жоқ деп көрсетті. Өзінің ойын ол былай деп жазды: “Мұсылман балаларын латын шрифтіне қанша оқытсаң да, олардың ешқайсысы да латын шрифтімен бейнеленген европалық мәдениетке және оның кітаби құндылықтарына ешбір бой ұрмайды. Ал араб алфавитін екі күннің ішінде жаттап алады» [7].

Латын әрібіне көшу мәселесі түрде қазақ мерзімді басылымдарында жиі-жиі көтеріле бастады. Бастапқы кездерде бұл мәселелер төңірегіндегі пікірлер «Ақ жол», «Еңбекші қазақ» газеттерінде ғана жарияланса, кейін бірте-бірте өзге де өлкелік, губерниялық газеттер мен журналдарда жариялана бастады.

Қазақ зиялылары екі бағытқа бөлінді. Оның бірі араб әрібін жақтаушылар болып, Ахмет Байтұрсыновтың әліпбиі негізінде оқыту қажет деп санайтындар болса, екінші бағыт жазу қалайда болас латынға көшуі қажет деушілер болды. Араб әрібін қолдаушы кейбір зиялылар үкіметтің тапсырмасымен латын әліпбиін жасауға да қатынасқан Мәселен, 1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының съезінде Халел Досмұхамедұлы латын әрібін алуға қарсы болғандығын да, алайда соған қарамастан латын әріптерінің жобасын жасауды тапсырған соң жасағанын да жасырмаған [8]. Бұл турада «Ақ жол» газетіне жариялаған «Қазақ тіліне латын әрібін алу мәселесі» деген мақаласында Халел Досмұхамедов: «Өзіміздің осы күнгі әрібімізді бірден тастай салып, латын әрібін алуға қарсы пікірде болсақ та, айналамыздағы желіктің салқыны бізге де тиді. Қолданбасақ та алтын әріптерін біз де тілімізге үйлестіріп көру керек. Топқа түсетін болсақ, біз де өзімізге лайық жобамен түсу керек. Пән ретінде қолдануға тағы керек», –деп жазған болатын [9].

1925 жылы Орта Азияның халық ағарту саласының қызметкерлері әзербайжандықтарға латын әліпбиіне көшу тәжірибесімен бөлісуді өтінген арнайы хат жолдады. Осы жылдың 1 наурызында Закавказ Орталық Атқару Комитетінің Төралқасы 1925 жылғы 28 желтоқсан қаулысына орай жаңа латын әліпбиімен бірдей деңгейде қолдану турасындағы қаулысы қабылданды және Якутия латын жазуына көшіріле бастады.

1926 жылдың ақпанында Баку қаласында Бүкілодақтық 1-түркологиялық съезі өткізіліп, КСРО-ның түркі тілдес халықтарының жазуын латын әрібіне ауыстыруға арналды. Осы съезде Жаңа түрік алфавитінің Орталық комитеті құрылды.

Съезге дейін көпшілік ұлт республикаларында латындандыру мәселесі бойынша оқытушылармен кеңестер жүргізу, арабшылармен пікірталас өткізу, кейбір республикаларда латын әліпбиін сараптамадан өткізіп, жариялау сияқты бірқатар жұмыстар жүргізілді. Әзербайжан сияқты республикаларда латын негізіндегі бай әдебиеттер болды. Бүкілодақтық I-ші түрікшілер съезі тіл, жазу мәселесімен айналысқан әлемнің аса талантты ғалымдарының басын қосты. Арабшылар да өздерінің ең мықты күштерін көрсете білді. Бұл съезд Шығыс халықтары жазбасының даму жолдары жөнінде бүкілодақтық көлемде айтуға тиісті болды.

Бұл съезге Қазақстаннан Ахмет Байтұрсынов, Елдес Омаров, Біләл Сүлеев, Әзиз Байсейітов, Нәзір Төреқұлов және Қаз АКСР Ағарту Халық комиссариаты мен зиялы қауым өкілдері қатынасты. Съезге қатысушылар екі топқа бөлініп, бірі араб әрібінің түркі халқы үшін маңыздылығын айтса, екінші топ латынға көшу аса қажеттігін дәлелдеді. А. Байтұрсынов бастаған қазақ арабшылары латындандыруға қарсы болып, съезде реформаланған араб әліпбиін қабылдаттыруға барлық күштерін салды.

Бұл съезд барысы жөнінде «Еңбекші қазақ» газетіне жарияланған мақалада латыншылар араб әліппесінің түркі халықтары үшін қолайсыздығын айтумен болса, ал арабшылар латыншыларды «орыс жолына, миссионерлердің жолына түсушілер» деп ғайбаттады деп келтірілді (10).

Негізінде Қазақстандағы жаңа әліпбишілер қозғалыс мәселесін насихаттаған бірден-бір өлкелік газет «Еңбекші қазақ» болды. Газетке үкімет тарапынан арнайы нұсқаумен күнделікті жаңа әліппешілер қозғалысы турасында хабарлар басылып отырылды.

«Жаңа мектеп» журналы да өзінің әрбір санында латын әліпбиіне көшу барысы туралы мақалалар жариялап отырған. Бұл мақалалар жаңа әліпбидің еліміздің мәдени саласын көтеруде аса қажет екендігін насихаттап, жазудың маңыздылығын түсіндірмекке талпынды және жаңа әліппешілер қозғалысына қолдау көрсетуге шақырды. Мәселен, журналдың 1929 жылғы № 4 санына жарияланған Ораз Жандосовтың «Жаңа әліп аттанысы» атты мақалада әліппешілер қозғалысының мақсаты мен маңызын былайша түсіндірді: «Аттаныстың негізгі мақсаты – ауылға жаңа әліпті (алфавитті) жаю. Бірақ бұл аттаныстың маңызы тек жаңа әліппен түгелденбейді. Бұл аттаныстың ерекше саяси, терең маңызы бар. Ауылға қарай жаппай мәдениет аттанысын ашу, ауылдағы болып жатқан шаруашылық пен жұртшылық өзгерістерінен туып отыр. ... Жаңа әліпті алу мәселесі шешілген. Әрине, әлде де елге жаңа әліптің маңызын түсіндіру керек. Жаңа әліпті халыққа түсіндіру жұмысында мәдениет аттанысы тендіру керек. Ендігі жұмыс жаңа әліпті қайткенде іске асыру, күнделік тұрмысымызда жүзеге шығаруда». Автор бұдан әрі ауылдағы арта қалушылықты жою үшін мәдениетімізді ілгерілетуіміз қажет екендігін баса көрсете отырып, жаңа әліпбидің араб әрібінен ерекшелігін түсіндіруге тырысады. «Сауатсыздықты жою жолында жаңа әліп сенімді, жеңіл құрал (халық –С. С.) екеніне сенеді. Жаңа әліпті алу, жаңа әліп аттанысын жүргізудің өзі қалың еңбекшілерге төңкеріс істерін береді. Бұ жағын қатты ескеру керек», – дейді [11].

«Еңбекші қазақ» газеті мен «Жаңа мектеп» журналына латын әліпбиіне байланысты үкіметтің шығарған қаулы, жарлық, қарарлары да жарияланып отырды. Латыншылар қозғалысына қолдау көрсетуге шақырған үндеулер де басылды. Сондай үндеулердің бірінде «Төңкерістен соң (1917 жылғы Ресейдегі қос революциядан кейінгі жылдарды айтады – С.С.) мәдениетке төте жол іздеген түрік елдерінің, оның жер жағында қазақ елінің еңбекшілері араб әліппесі мәдениет жолында – ақ кедергі екеніне көздері жетіп, мәдениетке тезірек жеткізетін жаңа әліппеге көшуге ұмтылды» дей отырылып, «Қазақ еңбекшілері, құлдықтан құтылған әйелдер! Жаңа мәдениетке ұмтылыңдар! Жаңа тұрмысқа құлаш серпіңдер! Жаңа әліппені үйреніңдер, оны іске асыруға жабыла кірісіңдер! Жаңа әліппе шығыс елдері арасындағы төңкеріс» сияқты ұрандармен аяқталынды [12].

Халық Комиссарлар Кеңесінің 1930 ж. 23 қаңтардағы қаулысы бойынша осы жылдың 15 ақпанынан бастап барлық баспасөз басылымдары толықтай, ал газеттердің бір беті латын әрпіне көшірілді. Бір мезгілде, эксперимент ретінде «Жаңа мектеп», «Жаршы» және «Қызыл әскер» газеттері сияқты мерзімді басылымдар 1928 жылдан жаңа әліпби негізінде шығарыла бастады. 1930 жылдың ақпан айынан «Әйел теңдігі», «Қызыл Қазақстан», «Жаңа әдебиет» және басқа мерзімді басылымдар түгелдей жаңа әліпбиге көшірілді.

Латын әліпбиін енгізуді жүзеге асыру туралы мемлекеттік бағдарлама негізіндегі ҚазАКСР үкіметінің қарарлары бойынша жергілікті өкімет пен халық ағарту органдары жаңа үйрету жұмыстарын жан-жақты жүргізді. Ол үшін әр түрлі оқыту әдістері, соның ішінде алыс ауылдар мен қыстауларға мәдени жорықтар да қолданылды. Жаңа латын әліпбиін халық арасында белсенді түрде енгізу барысында ауылдар, аудандар, округтар, оқытушылар бірлестіктері мен қоғамдық ұйымдар арасында социалистік жарыстар өткізу әдісі қолданылды. Қазақстанның еңбекші табы бұл мәдени жорыққа белсенді түрде қатынасты. Қарап отырсақ, елімізде 20-30 жылдары латын жазуына көшуде тұтас дайындықтар жүргізілген екен. Міне, сондықтан бұрынғы өткен тәжірибелерді зерделеп, сол тәжірибелерге де сүйену тиімдірек сияқты.

Жазуды латын әліпбиіне ауыстыру мәселесі өте күрделі. Ол Шығыс елдеріндегі тіл факторын дамыту тәжірибесінің негізінде кешенді зерделеуді талап етеді. Қазақстан үшін тағылым аларлығы және пайдалысы латын әліпбиіне көшкен елдердің елдерінің тәжірибесі бола алады. Елбасымыздың Қазақ жазуын латын графикасына көшіру жөніндегі қабылдаған қаулысы Қазақстан Республикасында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесін нығайта түседі.

Латын әліпбиіне көшу үшін латын графикасына негізделген қазақ әліппесі реформасына қатысты қоғамдық пікірге талдау жүргізу, қазақ жазуын латын графикасына көшірудің мемлекеттік бағдарламасын жасау және қабылдау, халық арасында қазақ жазуын латын графикасына көшірудің тиімділігі жөнінде түсіндірме, ұғындыру және насихаттау жұмыстарын жүргізу аса қажет.

Өткен ғасырда қолданылған латын әліпбиіне көшу тәжірибесіне бүгінгі әліпбиді қабылдауда ғалымдардың сүйенгені белгілі. Сол кездегі қателіктерді, кемшіліктерді қайталамай, тек жақсы тәжірибесіне сүйенуіміз абзал.

Қазіргі кезде әліпбидің қабылдау нағыз уақыты деуге болады. Алдағы уақытта латын әліпбиіне көшуде мерзімді басылымдарды кеңінен пайдалану, қазақ тілді оқытушыларға арналған оқулықтарды дайындау және шығару, латын графикасын мектепке дейінгі білім беру жүйесіне енгізу сияқты мәселелерді қолға алған дұрыс сияқты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жаңа әліпби жолында. Басқарушылар Тоқтабайұлы К., Мырзаұлы М. – Қызылорда, 1927. 22-б.
2. Жаңа әліпби жолында. Басқарушылар Тоқтабайұлы К., Мырзаұлы М. – Қызылорда, 1927. 23-б.
3. Төреқұлов Н. Жаңа әліпби неге керек? М., 1924. 38-39,45-46,51-б.
4. Жаңа әліпби жолында. Басқарушылар Тоқтабайұлы К., Мырзаұлы М. – Қызылорда, 1927. 24-б.
5. Еңбекші қазақ. 1928. №137. 20 июнь.
6. Ұлттың ұлы ұстазы: Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартуші Ахмет Байтұрсыновқа арналады (Құрастырушы В.Қ. Күзембаева). – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001. 49-51-бб.
7. Ахметов Қ. Қазақстан мәдениетінің қилы тағдыры (XX ғасырдың 20-30 жылдары). – Алматы, 2002. 137-б.
8. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы (Избранное). Алматы: Ана тілі, 1998–384-б. 163 б.
9. Ақ жол. 1924. № 435.
10. Еңбекші қазақ. 1928. №137.
11. Жаңа мектеп. 1929. №4. 1-5-бб.
12. Жаңа мектеп. 1929. №1. 76-77-бб.

Түйіндеме

Мақалада латын әліпбиіне қатысты мәселелер талқылауға алынып, түрлі ой-пікірлер, ұсыныстар айтылды. Қазақстанда жазуды өзгертуге байланысты екі бірдей реформа іске асырылғаны, 30 ж. басында араб жазуынан латын әліпбиіне көшірілгені сөз болады.

В статье всесторонне рассматривается решение правительства о переходе с арабской графики на латинизацию, с латиницы на кириллицу в конце 30-х гг. XX в. Авторы проанализировали различные точки зрения на принятие латиницы и кириллицы, определили роль казахской интеллигенции в подготовке проекта русского алфавита.

In this article the author comprehensively considered the government's decision about transition from the Arabic to the Latin alphabet, and from the Latin to the Cyrillic alphabet in the late 30-s of the XX century. After analyzing the various points of view about acceptance of Latin and Cyrillic alphabets, the author defined the Kazakh intellectuals' role in preparation of the Russian alphabet's project.

ЖАЛПЫ ҰЛТТЫҚ ҚАСИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МӘНІ МЕН МАҚСАТЫ

Салқынбек Д. ҚазҰАУ - дің профессоры,
Қазақстан тарихы және Қазақстан
халықтарының мәдениеті кафедрасының
менгерушісі

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Ұлытау төріндегі сұхбатында халқымызда арғы-бергі тарихы жөнінде келелі әңгіме қозғай келе: «Мына өзіміз келіп отырған Ұлытау өте қасиетті жер. Ұлытау деп аталуының өзінің тарихи мәні бар. Қазақтың ең даласының қай шетіне барсаң де, осындай қасиетті жерлер табылады. Шығысқа барсаң-Берел қорғаны бар, Орталыққа келсең-қалмақтармен соғысқан Аңырақай шайқасы өткен жер бар. Батысқа барсаң-Алтын Орданың Хандары тұрған Сарайшық сияқты қасиетті мекен бар, Оңтүстікке барсаң-Түркістан тұр. Қазақстанда осындай қасиетті жерлер көп. Дегенмен Ұлытаудың орны басқа. Біздің жастарымыз оны біле бермейді» деп, атап көрсете отырып, халқымыздың сан ғасырлық тарихында өзіндік айшықты орны бар тарихи киелі, қасиетті орындардың ерекше мәнге ие екендігіне тоқталумен бірге, бүгінгі жас ұрпақ тәрбиесіндегі алар орнына айрықша маңыз беріп өтеді. Ұлан байтақ жеріміздің қасиетті тарихи орындары жөніндегі Елбасының құнды пікірлері қазіргі таңда қоғамымызда қызу талқыланумен бірге оны іске асыру жөнінде ауқымды шаралар атқарылып жатқан «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында өз жалғасын тапты. Елбасы: «Жергілікті нысандар мен мекендерге бағытталған «Туған жер» бағдарламасынан бөлек, біз халықтың санасына одан да маңыздырақ –жалпы ұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз керек. Ол үшін «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы керек. Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болды, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі» деген еді.

Міне сондықтан да, бүгінгі күні біздің алдымызда тұрған осы бағыттағы ауқымды жұмыстардың қатарына республика аумағындағы қасиетті, киелі орындарды анықтау және тағзымдық, тағлымдық жұмыстарды кеңінен жүргізу арқылы рухани құндылықтарды қалыптастыру болып отыр. Бұл жұмыстарды жүргізу барысында біз басты мәселенің ара жігін дұрыс ажыратып, мақсатын айқын түсінуіміз керек. Ең басты

жұмыс еліміздегі қасиетті орындарды анықтап, оларды алдымызға қойған мақсатты, абыройлы жұмыстарға ұтымды және тиімді пайдалану болып табылады. Яғни бізге қажеттісі «сиынып-табынатын» орындар емес, жастарымыздың бойына отаншылдың рух беретін, тәлім мен тәрбие беретін, тарихи санасын жаңғыртатын қасиетті орындар.

Еліміздің әр аймағында орналасқан қасиетті орындардың терең мазмұнды тарихы бар. Олар ата-бабаларымыздың материалдық өнері болуымен қатар, рухани өмірінің де айнасы іспеттес өткен кезеңімен бүгінгі уақыттың тарихи жәдігері, аралық кезенді байланыстырушы қоғамымыздың рухани-мәдени өмірінің кешенді жүйесін құрап отырған бойтұмары ретінде айрықша орын алады.

Елбасы Назарбаев бағдарламалық мақаласында қоғамдық сананы заманауи биікке көтеруге септесетін алты жоба ұсынылғаны белгілі. Соның төртіншісі – «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы. Бұл жобаны жүзеге асырудың мақсаты – халықтың ұлттық бірегейлігін және құндылықтарын бекемдеу, жат идеологияға төтеп беретін қалқанды орнықтыру.

Сакралды сөзінің түп-төркіні латын тілінде жатыр. Еуропалықтар осынау ұғым-түсінікпен өздері ерекше қастерлеген діни, тіпті мистикалық құбылыстарды, күнде көріп жүрген нақты дүниеден өзгеше болмысты, иррационалды дүниені, нысандарды ұлықтаған екен. Күні бүгін де бастапқы мағынасын сақтап келеді. Тап осы себепті дін атаулыны апиын ретінде қабылдаған кеңестік билік сакралды география теориясы мен практикасының адымын аштырмай, жөргөгінде тұншықтырды.

Қазақ халқы сакралды сөзін естімей тұрып-ақ дінді ғана емес, бүкіл қоршаған ортаны қастерлеудің классикалық қағидаларын қалыптастыра алды. Адамдардың күнделікті өміріне қатысты тыйымдарымыздың өзі мән-мағынасы жағынан қастерлеудің сакралды деңгейіне жете-қабыл. Мәселен, табалдырықта тұруға, босағаны керуге, малды ұруға, молаға қарай жүгіруге болмайтынын қатаң бақылауы, шаңырақты, мал-жанды, әруақтарды - екі дүниені де ерекше құрметтегеніміздің дәлелі ғой.

Қазақтың сакралды әлемге қатысты ұстанымына сәйкес тілдік қоры да қалыптасты. Солардың ішінде үш сөздің мәні мен миссиясы айрықша көзге түседі. Ол сөздер – әулиелі, киелі, қасиетті. Әрқайсын талдауға бір-бір кітап арнаса, артықтық етпейді. Ал біздер осы орайда қысқасынан қайырып, «әулиелі», «киелі» ұғым-түсінігіне ғана тоқталғанды жөн көрдік.

«Әулие» - қазақ тіліне арабтан енген сөз. Түпжаратушының досы, адамды дұрыс жолдан адастырмаушы дегенді білдіреді. Ендеше, «Әулие», «Әулиелі» сөздері тек дінге, діни сакралды географияға қатысты мағынада қолданылуы керек.

«Киелі» сөзінің мән-мағынасы өте күрделі. Халқымыз осы ұғыммен зорлық-зомбылыққа, әділетсіздікке қарсылығын, адамның, табиғаттың, қоғамның арасындағы жарасымдылық пен үйлесімділікті сақтауға құштарлығын білдірген. Жүгірген аңның, ұшқан құстың, жер мен судың, ерекше қасиетке ие адамның киесі ұрады деуімен қоғамдық-саяси, рухани, экологиялық, әлеуметтік тұрақтылықты, ынтымақ пен ықпалдастықты бәрінен жоғары қоя алған. Батыс тарихнамасында әлі күнге дейін өмір сүріп келе жатқан қате тұжырымды – көшпелілер өркениеттен тыс қалған, олар соғысқұмар, отырықшыларға тыныштық бермеген тәрізді пайымдарды жоққа шығара алғанын да білуіміз керек.

«Әулиелі», «Киелі» ұғым- түсінігінен туындайтын қазақ әлемінің, оның ішінде тарихының да гуманистік және жасампаз әлеуетін өзімізге де, өзгеге де түсіндірудің маңызы зор. Бодандықтағы үш ғасырға жуық уақыт ішінде әулиелі, киелі жерлеріміз аз бүлдірілген жоқ. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы «Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек.

Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз.

Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы», деген ой-түйіндер, біріншіден, ұлттық кодымыздың тынысын кеңейтуді көздейді, екіншіден, мәдени, ғылыми, ономастикалық, т.б. міндеттерімізді тиянақтап тұр, үшіншіден, ең бастысы – қазақ қазақ қалпында ғана жаһандық бәсекеге төтеп бере алатынын еш бүкпесіз жайып салды. Турасын айтқанда, тәуелсіздіктің ғұмырын ұзартып, «Мәңгілік Елге» айналуды үшін, Үшінші жаңғыру үшін бізге қазақ болып қалғаннан басқа жол жоқ.

Мақалада сакралды география ұғымы қазақы қос сөзбен – қасиетті, киелі ұғымдарын қолданумен ашылған. Осыдан-ақ төл тарихымыз бен өркениетіміз жаһандық үдерістен, ақыл-ой бәсекесінен тыс тұрмағанын байқауға болады. Президент көрсеткен бағыт-бағдардың мәні мен мазмұнына бойлау үшін қоғамдық-гуманитарлық ғылым иелері зор теориялық, методологиялық мүмкіндік пен пайымдарды туындатуы керек. Сонда өзімізді өзіміздің тануымыз, рухани жаңғыруымыз сапалы жаңа биікке көтерілері сөзсіз.

Танымдық тұрғыдан және уақыттық шегі бойынша сакралды жерлерге нені жатқызуға болады? Біздің ойымызша, олар төрт топтан тұрады: біріншісі – ислам діні келгенге дейінгі арғықазақтардың салт-дәстүрі мен ритуалдары орындалған, әлі де орындалатын жерлер. Мәселен, Наурыз мейрамы қарсаңында Маңғыстаудағы Оқпантауда алау жағу дәстүрі бар. Ал, Әз Наурыздың тарихы Исламнан әріде жатыр. Ол жерді қалайша сакралды, қастерлі емес дей аламыз.

Екіншісі – ислам дініне байланысты қоғамдық салада берік орныққан нысандар. Бұл орайда ежелден белгілілері мен кейбір пысықайлардың өз пайдасы үшін аяқ астынан ойлап тапқан нысандарды шатастырмау керек. Сакралды нысандардың аталған екі тобын «әулиелі жерлер» атауымен ерекшелегенді жөн санаймын. Әулие араб тілінен кірген сөз әрі діни мағынада қолданылады. Еуропа мен Азияның тоғысында орналасқандықтан Қазақстан діндер мен мәдениеттердің, түрлі өркениеттердің ықпалдастығын бастан өткерді. Біз үшін екі рухани құндылықтың парқы мен нарқы алабөтен. Олар – тәңірішілдік пен ислам. Осы екеуіне қатысты жерлердің, нысандардың, ескерткіштердің болмыс-бітімін анықтап, ғылыми бекемдейтін сәт келді. Отар өлкеге айналғанға дейінгі дәуірлерден жеткен жат діндер мен діни ағымдар мұрасын сакралды география мәртебесімен ұлықтаудың реті жоқ.

Үшіншісі – ұлы тарихи оқиғалар мен тұлғаларға қатысты сакралды жерлер. Айталық, 2012 жылы Астанада, биылғы 31 мамырда Алматыда ашаршылық құрбандарына ескерткіш ашылды. Қазірдің өзінде олар жас пен кәрінің тәу ететін құндылығына айналуда. Бұл топқа кіретін нысандарды «қасиетті жерлер» терминімен ұлықтауды ұсынамын.

Төртіншісі – тылсым сырлары ғылыми талданбаған, бірақ адамға, оның денсаулығына пайдалы немесе зиянды әсері күдік-күмән тудырмайтын жерлер. Бұларды «киелі жерлер» десек, қателесе қоймаспыз.

Сакралды география мәдени-генетикалық кодты сақтауға қызмет ететінін ескерсек және олар тарихи-мәдени ескерткіштердің шағын ғана бөлігін (10 пайызға жетер-жетпес шамасында) құрайтын болғандықтан әулиелі, қасиетті, киелі жерлерді рухани жаңғырудағы маңызы бойынша екі деңгейден тұратын вертикалды құрылымға жіктеуге негіз бар. Бірінші деңгейдегі құрылымға жалпыұлттық сакралды нысандар кіреді. Шартты түрде «базалық сакралды құндылық» деп айдарлауға болады. Екінші деңгейдегі құрылымды жаһандық сакралды нысандар құрайды.

Сакралды нысандар адамдарды ұлтына, жынысына, руына, тайпасына қарай алаламай, өзіне тартып тұрады, оларға жақсылық сыйлайды, алдағы күнге сенімін арттырады.

Қазақстанда сакралды жерлер, нысандар баршылық. Алдымен осылардың мемлекеттік тізімін жасау керек. Мемлекеттік тізімге енгендеріне музей немесе

музейдің бөлімі мәртебесін берсе, сақталуы мен пайдалы әсер коэффициенті әлдеқайда артар еді. Қалай болғанда да сакралды нысандар тарихи-мәдени ескерткіштердің ең құндысы екенін қоғамдық санаға сіңіруіміз қажет. Келесі міндет – мәртебесін анықтау. Осы сұраққа Президент мақаласындағы: «мәдени маңыздылығы тұрғысынан біздің Түркістан немесе Алтай – ұлттық немесе құрлықтыққана емес, жаһандық ауқымдағы құндылықтар», деген жолдар толық жауап беріп тұр. Ең маңыздысы – әрқайсына қатысты байтақ зерттеу жүргізіп, аңыз, хикаяларын, деректерін жинау. Арнайы ғылыми-зерттеу институтын ашса, артықтық етпес еді. Сакралды жерлердің картасын жасау, экспедициялар ұйымдастыру, мұрағаттар мен кітапханалардан деректер жинау, оларды ғылыми нәтижеге айналдыру, біріншіден, ғалымдар мен мамандарды ортақ мақсатқа жегуді, екіншіден, уақытты, үшіншіден, мол қаражатты талап етеді. Әзірге тиісті министрліктер адами капиталмен жұмыс істеуде, жер-жерден тізімдер алынып, нақтылануда, атқарылатын іс-шаралардың кешені мен реті анықталуда. БАҚ-тардың белсенділігі жоғары. Біздің ойымызша, үлкен шаруа келер жылы басталады. 2018 жылдың аяғына қарай жекелеген облыстардағы сакралды жерлер жайлы іргелі кітаптар мен телематериалдар дестесі дүниеге келсе, оқу құралдары жазылса, нұр үстіне нұр дер едік.

Сакралды жерлерге қатысты жұмыстарды (жол салу, қонақ үй тұрғызу, қираған нысандарды реставрациялау мен реконструкциялау, ономастикалық шешімдерді рәсімдеу, т.б.) қолдан келгенше бір мезгілде жүргізген жөн. Туристік бағыттарды біліктілікпен тиянақтаудың маңызы зор. Жол азабын жоймай, туристің келуінен дәмету – адасудың басы. Сакралды жерлер туризмі ақша ғана әкелмейді, жаңа жұмыс орындарын да ашады. Білетіндердің айтуынша, әрбір турист жеті адамды жұмыспен қамтиды екен. Қастерлі рухани құндылықтарды ұлықтаудың соңғы нүктесі арнайы заң қабылдаумен қойылатынынан үміттіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Ұлытау төріндегі сұхбат. Егемен Қазақстан. 2014. 25 тамыз
2. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Егемен Қазақстан. 2017. 16 сәуір

Түйіндеме

Елбасы Назарбаевтың бағдарламалық мақаласындағы алдымызда тұрған ауқымды жұмыстардың қатарына республика аумағындағы қасиетті, киелі орындарды анықтау және тағзымдық, тағлымдық жұмыстарды кеңінен жүргізу арқылы рухани құндылықтарды қалыптастыру қажет екендігі арқау болады.

В статье рассматривается роль и значение сакральных мест расположенных на территории республики в рамках патриотического и нравственного воспитания молодежи, согласно программной статьи главы государства Н. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания».

The article examines the role and significance of the sacral places on the territory of the republic in the patriotic and moral education of youth, the context of the program article of the head of state N. Nazarbayev "A glance at the future: modernization of public consciousness".

ДУХОВНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ СОВРЕМЕННОЙ МОЛОДЕЖИ И ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ПОКОЛЕНИЙ

Чистов В. В.

канд.психол.наук., доцент,
Казахский государственный
женский педагогический университет
г. Алматы

За 25 лет своего независимого развития Казахстан достиг больших успехов в развитии экономики и общественной жизни. Огромные изменения, происходящие в последние годы порождают качественно новые подходы к воспитанию подрастающего поколения, что обусловлено переосмыслением роли воспитательной работы в школах и ВУЗах, её значимости. Заботясь о будущем подрастающего поколения, Н.А.Назарбаев отметил, что предстоит большая работа по улучшению качества всех звеньев национального образования. Подготовка подрастающего поколения и молодежи к активной творческой деятельности – одна из важнейших проблем современного общества. Она включает в себя различные аспекты воспитания: нравственного, полового, правового и эстетического.

В настоящее время основной целью образования становится не просто совокупность знаний, умений и навыков, а основанная на них личностная, социальная и профессиональная компетентность, т.е. умение самостоятельно добывать, анализировать и эффективно использовать информацию, умение рационально и успешно жить в быстро изменяющемся мире, что необходимо и для продуктивного благополучия страны.

Психологическое осмысление и обоснование решений о демократических преобразованиях, особенно в сфере образования нацеливает на соответствие мировым стандартам и «учеба в лучших университетах мира, создание элитных университетов в стране являются необходимыми условиями для подготовки кадров всех уровней управления». В «Законе РК об образовании» (2007г. с изменениями и дополнениями по состоянию на 13.01.2015 г.) впервые был введен термин «элитарное образование», базирующийся на качественно новых образовательных программах, создании дидактической системы, реализуемой в специализированных организациях образования для особо одаренных граждан. В законе указывается значимость развития творческих, духовных и физических возможностей личности посредством обогащения интеллекта путем создания условий для развития индивидуальности, приобщения к достижениям отечественной и мировой культуры, интеграция образования, науки и производства» [1].

В настоящее время в Казахстане создана сеть «Назарбаев Интеллектуальных» специализированных школ для одаренных детей с обучением на трех языках, которые успешно функционируют. Основной целью проекта является всестороннее развитие и самореализация одаренных учащихся. В национальной высшей школе также приняты меры по достижению мирового уровня образования. Казахстан вошел в Европейское образовательное пространство, присоединился к Болонской Декларации, в городе Астане создано престижное высшее учебное заведение мирового уровня - «Назарбаев Университет». внедряя в процессы обучения современные методики и технологии на основе международных стандартов. Нынешнее подрастающее поколение обретает качественно новые ценностные ориентации и потребности, соответствующие запросам обновленного общества и вместе с тем, как дальновидно заметил Л.С.Выготский, «рассматривает себя в связи и в отношении с прежним, ибо, даже отрицая его, мы опираемся на него» [2]. Н.А.Назарбаев отмечает, что «Казахстан - колыбель великой степной цивилизации» [3]. И в этой связи освоение богатого духовного наследия,

несомненно, способствует формированию гражданственности и патриотизма. «Нашей стране нужны граждане, унаследовавшие от предков и впитавшие в себя чувство горячей любви к отчей земле и родному народу, которые бы беззаветно служили нашему независимому государству, обладали эрудицией и широтой мышления». были глубоко и разносторонне образованы, находчивы и сообразительны, смелы и ответственны, здоровы физически и нравственно» [1], - подчёркивает Президент РК Н.А. Назарбаев, возлагая большие надежды на молодое поколение, говоря о значимости знания богатого духовного наследия прошлого.

Действительно, почти все казахские народные пословицы имеют ярко выраженный дидактический характер и учат: «воспитай старшего, а младший сам научится» [4], демонстрирует заботу о подрастающем поколении и приобретении знаний. «Семья – без деда – семья без благословения, семья без бабушки – семья без заступницы», - утверждали казахи. И «если казах чего-то не знает, он обращается к старику» [4], который накопил большой жизненный опыт и может дать дельный совет.

В героическом эпосе казахов ярко запечатлены образы батыров, сумевшие объединить кочевой народ и избежать распрей.

В легендах о народном целителе Коркут-ата подчеркивается роль женщины в создании семейного счастья и отмечается, что «хороший сын – счастье, огонь в очаге не погаснет», «отцу достаётся сын для славы», а «грубому сыну, от которого нет славы имени отца, лучше бы не родиться на свет» [5]. Лишь сыном, прославляющим имя отца, данным на радость, хорошо быть», - отмечается в эпическом предании.

В психологической поэме Юсуфа Баласагуни (XI в.) «Наука быть счастливым» («Благодатное знание») были даны конкретные советы: «учи сыновей добродетелям строго, и благ они разных добудут премного» и для того «чтоб сын был умён, старайся учить его с юных времён» и при этом «смотри, чтоб без дела твой сын не сидел, бесцельна вся жизнь у сидящих без дел» [6].

Казахские девушки всегда росли более свободными, не вели затворнический образ жизни, не носили чадру, паранджу, ибо были кочевниками и вокруг были все свои. Они наравне с джигитами участвовали в конных соревнованиях и других молодежных играх, таких как «Алтыбакан» (Качели), «Догони девушку», могли петь и садиться в передний угол юрты рядом с почтенными гостями «ак суйек» - «белая кость».

Немаловажное значение имеет в настоящее время реализация патриотического акта «Мәңгілік Ел», который, несомненно укрепляет гражданскую идентичность. Проект поможет не только каждому гражданину Казахстана, но и иностранным туристам больше узнать о стране, которой мы гордимся, её истории и культуре, интересных событиях и жизни простых казахстанцев, Портал станет своего рода «визитной карточкой» страны, национальным путеводителем и национальной доской почёта для интересных граждан.

В современном Казахстане всё большее внимание уделяется изучению и закреплению многовековых традиций, с тем, чтобы раскрыть специфику добропорядочных нравственно-этических взаимоотношений между юношами и девушками, которые порой еще складываются хаотически. Так, в Республике широко отмечаются знаменательные традиционные праздники, такие как «Наурыз», «Курбан айт», наравне татарским праздником «Сабантуй» и русскими праздниками «Рождество», «Пасха», «Масленица» и др. Введены и новые праздники: Первое марта Дня – день благодарности; Четвертое июня - День государственных символов; шестое июля – день столицы Казахстан; первое декабря – день Первого Президента Республики.

В Казахстане успешно проводятся такие мероприятия как международный игровой конкурс «Золотое руно»; предметные олимпиады «аль-Фараби»; Республиканская игра «Ак бота»; городские интеллектуальные игры «Азамат» и

«Самый умный»; городские конкурсы «Образованная молодёжь – основа независимого государства», мультимедийный фестиваль, интеллектуальные марафоны и др. Напутствуя выпускников школ, показавших высокие достижения в учебе, спорте и творчестве, Н.А.Назарбаев призвал их помнить о том, что «быть настоящим патриотом нельзя без знания истории родной земли, родного языка, своих корней».

Помимо традиционных предметных олимпиад, школьники принимают участие в разнообразных интеллектуальных конкурсах, что способствует углублению знаний учащихся по основам наук и реализации их интеллектуального потенциала. При этом стратегии обучения базируются на углубленном и ускоренном изучении различных дисциплин (математики, физики, иностранных языков и др.), научно-исследовательской и проектной деятельности, осуществляемой путём использования активных форм организации обучения. Учебные спецкурсы, кружки, факультативы, корректирующие, развивающие и интегративные программы, а также проблемное обучение, базирующееся на основе аналитического пересмотра имеющихся сведений, поиска новых смыслов и альтернативных интерпретаций научных феноменов и др. существенно повышают творческий потенциал и любознательность одаренных детей. В Республике функционирует Малая (детская) Академия наук, имеется целая сеть учебных заведений для одаренных детей, в т.ч. школы-интернаты с физико-математической специализацией, углубленным изучением казахского и английского языков, специализированные музыкальные школы-интернаты, художественные студии, а также есть многочисленные примеры интересных и творческих подходов различных педагогических коллективов к реализации идей и инноваций в работе с одаренными детьми в условиях гимназии.

В программе «Стратегии-2050» планируется к середине XXI века «добиться вхождения Казахстана в число 30 самых развитых государств мира» [5]. На системную основу в стране поставлен поиск талантливых детей, обучающихся по программам «Балапан», которая направлена на полный обхват детей дошкольным образованием и «Дарын», охватывающую работу 20 интеллектуальных школ для одаренных детей с углубленным изучением ряда дисциплин. В общей сложности с 1992 по 2010 год в рамках данной программы завершили обучение сотни молодых, талантливых казахстанцев.

Сегодня ставятся новые актуальные задачи по разработке современных программ и методик обучения с целью подтягивать общеобразовательные школы к уровню преподавания в Назарбаев-Интеллектуальных школах. «Выпускники школ должны знать казахский, русский и английский языки. Результатом обучения школьников должно стать овладение ими навыками критического мышления, самостоятельного поиска и глубокого анализа информации».

Б.У.Байтукова также подчёркивает, что «творчество определяется как развитие деятельности по инициативе самого ребенка, как «выход за пределы заданных требований», что обеспечивает создание подлинно творческого продукта, а творческий потенциал – основа для развития одаренности» [7]. В исследованиях Г.Ж.Акылбаевой раскрыт другой важный психологический аспект, связанный с проявлением повышенной чувствительности одаренных детей к возникающим проблемам [8]. Исходя из этого А.Б.Мукашева, А.В.Вишневская рассматривают «одарённость, как вид девиации, порождающей отклоняющееся поведение, что обусловлено гиперспособностями детей. [9].

В 2011 году в Казахстане вышел в свет первый выпуск энциклопедии «Одаренные дети — будущее Казахстана» - полноцветное издание большого формата представляющее подрастающее поколение граждан Казахстана, не просто как одаренных детей, но и как активно развивающихся в личностном плане. Это, приложение к уникальной общенациональной энциклопедии «Лучшие люди

Казахстана» представляет собой собрание ценного опыта успехов и достижений, который существуют, накапливаются, развиваются в Казахстане в настоящее время.

В современных школах Казахстана ныне возрождается тимуровское движение, действует программа «Атамекен», создаются отряды «Жасулан», проводятся операции «Ветеран живет рядом», «Милосердие», «Жасыл ел». Школьники учатся заботиться о ветеранах, своих родителях, о младших товарищах. Большое внимание уделяется формированию духовных и культурных ценностей, культурой народов, проживающих в Казахстане.

Для работы с творческой молодёжью создан специальный фонд Н.А.Назарбаева предоставляет именные студенческие стипендии, гранты на творческие проекты и поездки молодежи для участия в тематических мероприятиях, конкурсах, фестивалях. Каждый год определяется актуальная тематика и номинации Ярмарки в сфере образования, здравоохранения, а также поддержки социально незащищенных групп. Фонд проводит Ярмарки социальных идей и проектов с 2005 года. Это выставка и презентация идей некоммерческих организаций, среди которых выбираются лучшие проекты. Число победителей и размеры финансирования на реализацию проекта определяются конкурсной комиссией в зависимости от особенностей проекта. Ярмарка также является образовательной площадкой для представителей НПО и социальных предпринимателей. Ее участники посещают уникальные мастер-классы, тренинги, лекции и получают практические рекомендации по реализации своих идей. В конкурсную комиссию Ярмарки по отбору победителей входят представители негосударственных общественных организаций, коммерческих структур, СМИ и государственные деятели. Наиболее важными критериями для выбора проекта-победителя являются: актуальность и новаторские подходы к решению проблемы, её социальная значимость, использование современных инноваций, форм и методов; рациональность и ресурсные возможности.

В новой системе управления, как отмечает Президент Республики необходим приток свежих сил. «Главное, чтобы у молодых, приходящих к руководству страной, было чувство патриотизма, окрашенного истинной любовью к Отчизне, к ее народу, который должен стать движущей силой в строительстве благополучного, гордого, обладающего развитой экономикой и высокой культурой» [1].

В Послании Президента Республики казахстанскому народу - «Казахстан-2030», отмечалось, что стране необходимы «самостоятельно мыслящие, творческие, одаренные молодые люди. Казахстану крайне важно «наращивать интеллектуальный потенциал». Реализация этого социального заказа осуществляется сегодня в государственной программе развития образования Республики, намеченной на 2011-2020 годы. Она нацеливает на формирование креативного, интеллектуально и гармонично развитого гражданина уже в общеобразовательной школе.

Особо обращаясь к молодежи, Президент отметил, что предложенная им стратегия предполагает, что каждый гражданин Республики будет участвовать в её реализации как истинный патриот своей страны. «100 конкретных шагов» - это, прежде всего, план нации по вхождению в 30-ку развитых государств в новых исторических условиях, что поможет укрепить казахстанскую государственность. реализация национального проекта «Нұрлы Болашақ» по внедрению ценностей Мәңгілік Ел в действующие учебные программы школьного образования и информационное сопровождение и продвижение 5 институциональных реформ, а также идеи казахстанской идентичности в СМИ, Интернете, Масс-медиа нового поколения, а также в социальных сетях. В реализации другого масштабного проекта «Большая страна - Большая семья», создаст условия для формирования целостной гражданской общности и будет способствовать развитию туристской отрасли РК, созданием региональных культурно-туристских кластеров: «Астана - сердце Евразии», «Алматы - свободная

культурная зона Казахстана», «Единство природы и кочевой культуры», «Жемчужина Алтая», «Возрождение Великого шелкового пути», «Каспийские ворота».

Проведенная в этом году Всемирная выставка «EXPO-2017» убедительно показала огромный потенциал дальнейшего развития нашей Республики.

В настоящее время весьма значимы такие учебные дисциплины как «этика» «психология», «Самопознание», «Этнопсихология», для магистрантов введен спецкурс «Психолого-педагогическое наследие народов Средней Азии и Казахстана» способствующий осмыслению и возрождению многовековых этнических традиций в русле процессов демократизации общества независимого Казахстана.

Таким образом, можно сделать убедительный вывод о том, что именно политическая направленность идеологических программ, выдвигаемых Президентом Республики, усиливает демократизацию перемен в качественно обновленном обществе, ориентирующихся на формирование творческой активности подрастающего поколения на всех этапах развития. Создание в Республике сети Интеллектуальных школ и молодежных проектов нацеливает на реализацию потенциала молодежи в творчестве, науке, активной деятельности.

Список использованной литературы:

1. Назарбаев Н.А. План нации – Путь к казахстанской мечте» 6 января 2016.
2. Выготский Л.С. Соч. в 6-ти т. Т.1. – М.:Педагогика,1982.
3. Назарбаев Н.А. В потоке истории. Алматы: Атамура. 1999.
4. Чистов В.В. Психология в афоризмах и народных изречениях. В 4-х кн. Кн.4. – А.: Карат, 2001
5. Бартольд В.В. Книга моего деда Коркута.//Культура мусульманства. Т.6. – М.,1966.
6. Баласагунский Ю. Благодатное знание. М.: Наука, 1983.
7. Байтукова Б.У. Экспериментальное исследование творческой одаренности учащихся младших классов. /Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии, 2004 - №1. стр. 73-76.
8. Акылбаева Г.Ж. Особенности чувствительности к проблемам на подсознательном уровне. //Материалы конференции: «Человек в психологии: ориентиры исследований в новом столетии». – Караганда: КарГУ, 2001. С.9-14..
9. Мукашева А. Б., Вишневская А. В. Социально-педагогические проблемы одаренных детей в Республике Казахстан. // Педагогические науки, № 6 Социальная педагогика, 2011. С.24-29.
10. Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана. 100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ. – Астана, 2015.

Түйіндеме:

Мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар қаралды және осы бапта қазіргі жастардың сана-сезімін срепней жоғарғы мектебінде; өскелең ұрпақтың мен жастардың өткен халық шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал кемеңгерлік пен басалқаларды ойшылдардың атап өтілді.

В статье рассмотрены государственные программы и проекты, направленные на развитие активности и самосознания современной молодежи в процессе обучения и воспитания в срепней и высшей школе; подчеркнута влияние народной мудрости и наставлений мыслителей прошлого на развитие творческого потенциала подрастающего поколения и молодежи.

In article the state programs and projects aimed at the development of activity and consciousness of modern youth in the course of training and education at the secondary and High school are considered; influence of popular wisdom and manuals of thinkers of the past on development of creative potential of younger generation and youth is emphasized.

ЖАСТАРДЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ТІЛДІҢ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

Асылы Осман

Қазақстан Халықтары Ассамблеясының мүшесі

Биылғы жыл ерекше жыл, өйткені Қазақстан дамуында, тарихта ерекше бір орын алатын жыл. Өйткені бүгінгі тақырып Елбасымыздың «Болашаққа бағдар және рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында бұл ұлттық мүдеде баға жетпес дүние деген болатын. Сіздермен жүздестіріп отырған Қазақстан инженерлік – технологиялық университетінің басшыларына ерекше ризашылығымды білдіремін. Бір күн бар аптаға, апта бар жылға, жыл бар ғасырға татитындай дегендей тәуелсіздігіміздің 26 жылдығы шын мәнінде 26 ғасырға жететіндей болып тұрғаны мені ерекше қуантады.

Кезінде М. Жұмабаев жастарға қалай сенсе, бүгінде Елбасымыз сіздерге сеніп отыр. Дүниедегі ең керемет нәрсе ол ұлттың рухы, ұлттың жаны. Өзі дүниеде көзге көрінетін, көрінбейтін нәрсе бар. Осы күнге дейін құдайға шүкір еліміз өркениетті елу елдің қатарына қосылды, ендігі 30 елдің қатарына қосылу үшін рухани байлық, рухани дүниемізді жаңартып жаңғыртуымыз керек. Рухани дүние көзге көрінбегенімен сіздің рухани дүниенізді, жан дүниенізді ашып көрсете біледі. Дүниедегі ең таусылмайтын байлық ол тіл.

Тіл- ұлттың жаны, рухының үні. Тіл - ұлттың ең алтын қоймасының құнды дүниелерінің ішіндегі жиналған алтын қоймасы. Ұлттың ең құнды дүниесінің ішіндегі құндысын осы тіл көрсетеді. Өйткені тас мұқалып құм болады, темір тозады, адам өмірден озады, тарихты да, әдебиетті де мәдениетті де, салтыңызды да, әдет-ғұрпыңызды да ары қарай жалғастыратын тіл. Сондықтан да тіл ұлттың жаны деп босқа айтылмаған. А.Байтұрсынов тілі жоғалған ұлттың өзі жоғалады деген болатын. Сөздің, тілдің құдыреттілігін, киелілігін еш уақытта ұмытпаңдар. Қазақтың тілінің қаншалықты бай, қаншалықты қасиетті екендігін ұға білулерің керек. Біздің ата бабамыз сөзге тоқтаған, сөздің қадірін ерекше бағалаған, қазақтың тілінің байлығын ұға білген. Араб тілі басты тіл, парсы тілі тәтті тіл, түріктің тілі өнерлі тіл, бірақ сол өнерлі тілдің ішіндегі ең құндысы, ең шұрайлысы ең таза сақталғаны осы қазақтың тілі. А. Байтұрсынов кезінде: байтақ жерде бай тіл қазақтікі, менің қазағым соған ие болып, көрсете білуі керек деп айтқан болатын.

Үш тұғырлы тіл дегенде, қанша тіл білсеңіз сіз сонша ұлттың өкілісіз, қанша тіл білсеңіз сонша кез өзгеден биік тұрасыз. Елбасымыз бәсекеге қабілетті болу керек дейді. Бәсекеге немен қабілетті боласың? Біліміңмен сол біліміңді жеткізетін тіліңмен. Сол үш тұғырлы тілдің, ең басты өзегі ол мемлекеттің тілі. Өйткені әркімнің ана тілі бар, содан кейін мемлекеттік тілі бар. Әркімнің ана тілі өзінің ұлттық әдетін, ғұрпын, салтын сақтап отбасында бір-бірімен қарым- қатынас жасау үшін керек. Қазақтың ана-тілі бар, орыстың ана-тілі бар, шұршықтың ана-тілі бар. Қазаққа екі міндет жүктеледі, бір жағынан ана –тілі, екінші мемлекеттің тілі ретінде білуі керек. Қазақ мемлекеті болғандықтан қазақтың тілі, оның мемлекетінің тілі Қазақстанда тұратындарға ортақ болуы тиіс. Кезінде мен «Тіл ортақ болмай, қоғам топтаспайды» деген мақала жазғанмын. Қазақтың тілі киелі, киелі тіл жүрген жерде күйе жұқпайды. Мен кеудемді қағып мақтанып әр жерде айтатынымда сол. Ақынның өлеңі бар:

Өлді бәрі, өлмеген көмейдегі сөзбенен таңдайдағы тіл ғана
Ана деген сөзге тілі келмеген, ана болып жарытпайды қыз бала
Сүйем деген сөзге тілі келмеген, сүйікті болып жарытпайды ұл бала
Қандай философия!

Сондықтан да менің ұлдарым да, қыздарым да ана-тілін, әдетін, ғұрпын, салтын сақтай білуі керек. Бұрынғыға қарағанда қазақ тілінде іргерілеу бар, тіпті өзге ұлттың өкілдері үлкен-кіші, жастарының ынта-ықыласы мені қуантады. Бірақ негізгі ұйытқы менің қазағым, өзіміз болуымыз керек дегенді айтқым келеді.

Әлемдік бәсекеге қабілетті болуымыз үшін әлемдік білімді алуымыз керек, бірақ өзіміз шын мәніндегі ешкіммен салыстыруға келмейтін қазақтың ұлттық кодын сақтауымыз керек. Оның коды басқаша. Әрбір ұлттың өзінің коды, тілі, әдеті, ғұрпы, салты, тарихы болатын болса, қазақтың бойындағы адами адамгершілігін, қасиетін, мейірімділігін, қайырымдылығын ешбір ұлтпен салыстыра алмайсың. Осы қасиеттерді бойымызда сақтай білуіміз керек. Сонда ғана бәсекеге қабілетті бола аламыз.

Біздің рухани жаңғырудағы ең бір негізгі мақсатымыз ұлы көштен қалмау.

Кезінде А. Байтұрсынов қазақ тілінің негізін салып кеткен. А. Байтұрсынов 1929 жылы араб әліпбиінен қазақ әліпбиін латын әліпбиімен таңбалап, оны он жыл бойы пайдаланған. 40 - жылы кириллицяға өттік. 1919 жылы Лунашарский мен Ленин осы латын әріпін қолдануды жөн көрген. Түркі тілдес халықтары бірігіп кеткеннен кейін «жоқ латын емес кириллиця болуы керек» деп, Сталин қарсы шыққан.

Азаттық радиосынан орыстың ғалымы «рано или поздно Россия перейдет на латинский» дегенін естігенмін. Мен қазақ әліпбиін латын әліпбиіне көшіру дегенді мен онша ұқпаймын. Егер мен қазақша ұғатын болсам көшу деген соған ауды деген сөз. Ал мен «қазақ» деген сөзді сақтағанды жақсы көремін. Сонан кейін қазақ әліпбиін латын әліпбиімен таңбалау дегеніміз әлдеқайда ұғынықты, түсінікті. Қазақ тілін латын тіліне көшіреміз дейді. Қазақ тілі, қазақ әліпбиі қалпында қалады. Тек қана әлем пайдаланып жүрген латын әріпімен таңбалаймыз деп дұрыс ұғындыруымыз керек. Тек әріпті қана пайдаланамыз.

Қазақтың тілінің өзінің ерекшелігін, үнділігін, әуезділігін сақтай отырып, латын әріпімен таңбалау деген әлем көшінен қалмау. Барлық әліпбилер осы латын әліпбиінің негізінде жасалған. Ағылшын тілінің әліпбиінің өзі латын әліпбиінің негізінде жасалған. Ағылшын тілін пайдалануымыз, үйренуіміз - көштен қалмаудың әрекетін жасау деп түсінуіміз қажет. Сонымен қатар бүгінгі таңдағы латын әріпінің әлем пайдаланып жүргендігін еш уақытта ұмытпауымыз керек.

Жаһанданудан ешкім қашып құтыла алмайды. Бірақ мен жаһандануға «қазақ» болып барғанды жақсы көремін. Жастар дүниенің барлығы еңбекте, дүниенің барлығы бірлікте, дүниенің барлығы саналы түрде өркениетке жету жолын жасауда деп ұғыңыздар.

Қазақтың ата бабасынан келе жатқан бірігу ата баба өсиеті, бөліну заман қасіреті. Заман көшінен қалмай іргелі жылжиық. Сендердің еңбектерің жақсылап оқу, тәртіпті болу, оқу орнына, еліңе, жеріңе кір келтірмеу. Сәттілік тілеймін!

Пайдаланылған әдебиеттер:

Назарбаев Н. Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру мақаласы. Егемен Қазақстан. Жалпыұлттық республикалық газет. №70(29051), 12 сәуір, сәрсенбі 2017 ж.

Түйіндеме:

Ұлттық рух ұлттың жаны біздің қоғамымыздағы баға жетпес дүние. Мақалада рухани байлық пен рухани дүниені жаңғыртуда тәрбиенің зор рөл атқаратындығы көрсетіледі.

Национальная духовность национальное богатство нашего общества. В статье рассматривается духовное воспитание молодежи.

National spirituality is the national wealth of our society. The article deals with spiritual education of youth.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАҢҒЫРУЫ

**Абдисулейменова Р.Ш. п.ғ.к., доцент
КазИТУ, Алматы**

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деп айтқан еді.

«Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» деп латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін Жолдауында атап көрсетті.

Бұл ел ертеңі үшін болашаққа батыл қадам жасап, елімізді төрткүл дүниеге танытып келе жатқан Елбасының тағы бір маңызды бастамаларының бірі және дер кезінде қозғалған, ұлт тірегі-ана тіліміздің болашағы үшін жасалған ғылыми мәнді шара.

Ұлы Дала елінің тарихына көз жүгіртсек, бірінші тұғыры – жер, екіншісі – тіл, үшіншісі - мемлекет және оның тарихы болуы керектігі айқындалады. Ағартушы-педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей, «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл». Алаш қайраткерлері де латын әліпбиін жазу-сызуда қолданған. Латын әліпбиі әлемде кеңінен қолданылады. Латын әліпбиі б.з.б. VІІ ғасырда Римде грек және этрус әліпбиінің тармағы ретінде пайда болып, б.з. 1 ғасырда қалыптасты. Орта ғасырда латын әліпбиі Еуропаға тарады. Африка, Америка және Азия халықтары пайдаланды. Қазіргі латын әліпбиінде 25 әріп бар.

Жазу тарихында қазақ тілінің әліпби жүйесі бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізіп, ұлттық әліпби деңгейіне жеткен. Қазақ жазуы бірнеше рет өзгеріске ұшырады. Арысы – көне рун, берісі – араб, латын, кирилл.

1929 жылға дейін Қазақстанда Ахмет Байтұрсынұлының ұсынысымен араб графикасына негізделген «төте жазу» пайдаланылған. 1929-40 жылдар аралығында латын графикасына негізделген әліпби жазу жүйесі енгізіліп, 1940 жылдан бері кирилл графикасы әліпбиі қолданылып келеді.

Латын әліпбиі біздің жыл санауымыздан 800 жыл бұрыннан келе жатыр, яғни үш мың жылға жуық уақыттан бері бар. Жоғарыда аталған латын әліпбиі туралы дереккөздерді келтіре отырып, қазақ қоғамына, халқына латын әліпбиінің қаншалықты маңызды екенін аңғаруға болады.

Қазіргі қазақ тілін Ресей, Қытай, Монғолия және тағы да көршілес Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан елдері мекендеген қазақ жұрты пайдаланады. Ал Түркия, Германия, АҚШ т.б. батыс елдерінде қазақ диаспорасы латын жазуын пайдаланады. Латынға Түркия 1928 жылы көшсе, Өзбекстан, Әзірбайжан КСРО ыдырағаннан кейін

ауысты. Осылайша, қазақ тілінің әліпбиін өзгерту тарихы негізінен нақты саяси себептермен айқындалып келеді.

Еліміздің латын әліпбиіне көшу ұлтымыз үшін жасалған маңызды қадамдардың бірі. Осы орайда филология ғылымдарының докторы, профессор Әлімхан Жүнісбек былай дейді: «латын әліпбиіне көшудің қиыншылығы ... біздің қолданып жүрген әліпбиіміз қазақтың төл әліпбиі емес сондықтан түбегейлі реформа керек, ол реформа үш мәселені дыбыс, әліпби және емле ережені қамтиды».

Латын әліпбиіне көшу, сайып келгенде, ана тіліміздің болашағын ойлап, қолданыс аясының одан әрі кеңейе түсуіне мүмкіндік жасап, тіліміздің ішкі табиғатына әліпбиіміз арқылы жазудың айтуға жасап келе жатқан қиянатын болдырмай, қазақы айтылым (орфоэпия) мен жазылым (орфография) талаптарын жүйеге түсіру деп түсіну керек.

«Қазақ әліпбиінің латын графикасындағы нұсқасын дайындау бойынша әртүрлі сала мамандарынан, мекемелерден көптеген ұсыныстар болды. Мемлекеттік тілдің бірыңғай стандартты әліпбиінің нұсқасын таңдауда ең алдымен ғылыми принциптер негізге алынды. Соның нәтижесінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне, жалпы әліпби түзудің теориясы мен практикасына құрылған нұсқа таңдап алынды.

Латын әліпбиіне көшудің ең басты қажеттілігі неде?- дейтін болсақ Нұрсұлтан Назарбаев өз Жолдауында: «...ең бастысы — қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», — деген болатын. .

Шынында да, әліпби ауыстырудың саясатқа да, басқаға да қатысы жоқ, ең басты қажеттілігін тілдің өзі талап етіп отыр. Тілдің ішкі-сыртқы жағдайы қазіргі жазудың (орфография) айтылымға (орфоэпияға) кері әсер етіп, өзге тілден кірген сөздердің салмағы арта түсіп, кірме дыбыстардың төл сөздеріміздің фонетика-грамматикалық талаптарын бұза бастауы секілді түрлі жағдайлар әліпби өзгерту мәселесін алға тартты. Демек, әліпби өзгерту тек кирилл әріптерін латынмен алмастыру ғана емес, жазу саласында да реформа (қайта қарау) жасау қажеттігін талап етеді.

Қазіргі заман — жазу заманы. Адам жазу арқылы білім алады, жазу арқылы бір-бірімен байланыс жасап, жүрген-тұрғанын, жасаған жұмыстарын да жазып отырады, яғни хаттама, түрлі қатынас-іс қағаздары, компьютер, интернет, агент арқылы хабарласулар-бәрі де жазу арқылы жүзеге асады.

Қазіргі таңда латын әліпбиі үлкен беделге ие болып, қолданыс аясы да мүмкіндігі де зор екендігін танытты. Сондай-ақ, әріп таңбалау заңдылықтары әріптің дыбысты таңбалау, көру, оқу, жазу талаптарына сай келуін қажет етеді. Адамның жасы ұлғайған сайын немесе жарықтың әр түрлі түсуіне, қағаздың сапасына тәуелді болып т.б. көптеген жағдайларда көру қабілеті де кеми түсетін белгілі. Осындай саластырмалы жағдайда да латын әліпбиінің артықшылығы байқалады. Яғни латын әріптері «көру-қабылдау-тану» талаптарына сай. Жер бетінде дәрі-дәрмек атаулары, математика, физика, химия формулалары, көптеген терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер т.басқалар латын әліпбиімен байланысты екенін байқауға болады. Латын графикасын қолданатын барлық елдердің әліпбиіндегі әріп саны тілдегі фонемалар санынан әлде қайда аз болуы да оның жетістігі болып табылады.

Ғылыми қауым латын әліпбиіне көшкен түркі халықтарының жағдайына да жеке зерттеу жүргізіп келеді. Осы бағытта арнайы бағдарлама да бар. Латын әліпбиіне көшкен өзбек ағайындарда туындаған бір қиындық — өзбек мектебі латынша жазса, орыс мектептері бұрынғы кирилл жазуында қалды. Өзбек тіліндегі мектепке латын әріптерін меңгерген мұғалім, латынша шыққан оқулықтар, ал орыс мектебіне басқа кітап, басқа мұғалім керек болды. Орысша оқитындарға кітап қоры жеткілікті болса, өзбек мектебіндегі латынша оқитындарға ондай мүмкіндік жоқ, орыс әліпбиін танымайды. Сол сияқты латын әріптерімен шыққан басылымдардың таралуы да аз. Міне бізде де осындай қиындықтар туындауы мүмкін. Әрине, мұндай кемшілікті

уақытша қиындық қана деп білеміз. Қиындықтар болмайды емес, болады. Орта және үлкен буындағы адамдар латын әліпбиін бірден қабылдап, меңгеріп кетеді деу қиын. Әрі мектеп бағдарламаларындағы оқулықтарды да тез аудару мүмкіндігі шектеледі. Оған мамандар даярлау да уақыт еншісінде.

Бес мың жылдық тарихы бар Қытай мемлекеті өздерінің ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан тарихи мұрасын бір әліпбиден екіншісіне көшірудің мүмкін еместігінен өз иероглифтерінен айырылмай отыр. Бірақ Қытайда да латын әліпбиіне деген қызығушылық бар. Қытай 1949 жылы өз иероглифтерін латын әріптерінен транскрипциялады, соның арқасында қазір шетелдіктердің қытай тілін латын әріптері негізінде меңгеруі бұрынғыға қарағанда жеңілдей түскен. Ал жапон елінде ғылыми жұмыста және байланыс құралдарын пайдалануға ыңғайлы болуы үшін екінші әліпби ретінде латын жазуы қолданылады.

Латын әліпбиіне көшу – қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісі мен жеңісін әкелері сөзсіз. Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақ анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз. Сондықтан латын әліпбиіне көшу біз үшін, болашақ үшін әлдеқайда маңыздырақ.

Латынға көшкенімізде ұтатын тұстарымызды былайша жіктеп көрсетуге болады:

Ең алдымен, *тіл тазалығы мәселесі*, қазіргі әліпбиіміз бен жазуымыздағы халықтың өз еркімен қалап алмаған, кешегі бодандық жүйенің өктем саясатының әмірімен күшпен таңылған кейбір кірме әріптерден арылып, таза қазақ әліпбиі қалыптасады. Сондықтанда тіліміздегі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз.

Екіншіден, латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кірігуге тиімді жолдар ашылады. Қарапайым ғана мысал келтірер болсақ, қазір ұялы телефондарымыздың өзінде латын қарпінде жазу оңай, ал кириллицада қазақшаны тере алмай қиналып жататынымыз бар. Себебі, латын әліпбиінің базасы қалыптасқан, әрі ауқымы кең.

Үшіншіден, бүгінгі таңда кириллица жазуын әлемнің 12 мемлекеті ғана пайдаланады екен. Ал қалған мемлекеттердің көбі толықтай латын әліпбиіне көшкен. Түбі бір түркі дүниесі негізінен латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек. Ол-табиғи іс. Сондай-ақ бүгінде әлемнің әр түкпірінде 5 миллионға жуық қазақтар тұратынын ескерсек, солардың 80 пайызы латын әліпбиін қолданатын көрінеді. Демек, сол қандастарымызбен жақындаса түсеміз. Түсіне білген қоғам үшін мұның да маңызы зор екенін атап көрсеткіміз келеді.

Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу – қазақ халқы ертеде қолданған әліпбиіне қайта оралып, түркі және жаһандық әлеммен ықпалдасып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Елбасы мақаласы: Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru_a3016293
2. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы
\\ www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy

Түйіндеме

Мемлекеттік тілдің жаңғыруы бүгінгі күннің қажеттілігінен туындаған өзекті мәселе. Оны терең түсініп, байыппен қарай отырып жүзеге асыру қажет. Ұлт тірегі ана тіліміздің болашағы үшін жасалып отырған маңызды қадам.

Возрождение государственного языка одно из актуальных проблем современности. К этому вопросу необходимо подойти всесторонне. Поддержка нации - важный шаг вперед в отношении будущего нашего родного языка.

The revival of the state language is one of the pressing problems of our time. This issue must be approached comprehensively. Support for the nation is an important step forward in the future of our native language.

«МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ ЕЛІМІЗДІң ТҰТАСТЫҒЫНЫң ТҰҒЫРЫ

Шашаев Ә.К.

т.ғ.к., Жетекші ғылыми қызметкер
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және
этнология институты
Алматы қаласы

Талай ғасырлар аңсаған тәуелсіздігімізге жетіп, аз ғана уақытта жеткен жетістіктерімізді қортындылапта үлгердік. Ендігі мәселе, сол тәуелсіздігімізді ұстап қалу, бұл үшін бүкіл Қазақстандықтарды біріктіретін ортақ идеяға деген қажеттілік туындады. 2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан Республикасының Президенті «2050 – Қазақстандық жол: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» деген халыққа арнаған жолдауында Қазақстанның стратегиялық даму бағдарламасын жариялаған еді. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев кезекті халыққа жолдауын: «Бір жыл бұрын мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария еттім. Басты мақсат — Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол — «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті» - деп бастаған еді. Жолдау «Қазақстан 2050» стратегиясы бойынша 35 жыл ішінде – дүние жүзіндегі дамыған 30 елдің қатарына қосылудың негізгі құжаты саналып, «Мәңгілік Қазақстан» жобасы деп аталуы да әрбір отандасымыздың жүрегіне өз еліне деген мақтаныш сезімін ұялатып және оны орындау жолындағы сенімін нығайтты. «Мәңгілік Ел» қазақстандықтардың бірегей тарихи мақсаты мен мүдделерінің біріктірген идея десек қателеспейміз. Бұл идея қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мақсаты ғана емес, Тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық еңбегі мен тынымсыз шығармашылығының нәтижелері арқылы қол жеткен белес.

Тарихшы ғалымдар үшін «Мәңгілік ел» ұғымын тереңнен түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Тарихқа жүгінсек Ұлы түркілердің ат тұяғы жеткен жерлеріндегі көне түркілердің шашыла таралған ұрпағы құрған мемлекеттерінің ортақ бірлігін сақтау қиынның-қиыны болатын. Дүниенің төрт бұрышындағы қырық рулы елдің басын қосып, өздері солардың арасына сіңіп жоқ болып кетпес үшін тәуелсіздігінің діңгегі: жері(территориясы), тілі(сол тілдегі тарихи жады), рухы(мәдениеті мен діні) сақталуы тиіс еді. Міне дәл осы кезде бұлардың сақталу кепілі болатын ортақ идеяға деген сұраныс туындады.

Мәңгілік ел — түрік жұртының данасы, үш бірдей қағанға кеңесшісі болған атақты Тоныкөк негізін қалаған идея болатын. Тоныкөкте мемлекеттің тұрақты болуы

үшін билікті ұстап отырған қаған мен ақылгөй дананың бірауыздылығы, сөз бен істің ажырамауы, елдің тұтастығы үшін ынтымақтың, барлық күштердің ұйытқысы болу қажеттігі түп нысана ретінде айтылады. Түркі халқының елдігінен айырылып, қағансыз қалып, тағы да басқаларға бағынып, одан қайта көтеріле бастағаны, жаңа қаған отырғаннан кейін елдің басын біріктіру шаралары, яғни «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, түркі елі үшін қызыл қанын ағызып, қара терін төккені, күш-қуатын бергені» паш етіледі. Осының бәрі кейінгі ұрпаққа да үндеу ретінде айтылғаны көрінеді. Сонымен қатар, бұл жерде «Мәңгілік Ел» ұғымы, тәуелсіздік рухы, азаттық идеясы бір-бірімен үндесіп тұр. Күлтегін ескерткішіндегі мына жолдар: «Көктегі түркі тәңірісі, түркінің қасиетті жер-суы былай депті: Түркі халқы жоқ болмасын дейін, халық болсын дейін...» жоғарыда айтылғандарды айғақтап тұр.

Түркі бірлестігі туралы Л.Н. Гумилев: «Еуразия құрлығы үш рет біріктірілді. Алғашында оны Ұлы Түркі қағанатын құрған көне түріктер біріктірді. Түріктерден кейін Шыңғыс хан бастаған монғолдар, кейіннен Ресей өз қолына алды» — деп көрсеткен болатын[От Руси к России: 4, 382 б.]. Міне осылай, Л.Н. Гумилев еуразия құрлығының бірлігі, мәңгілігі туралы ойын көне түріктерден бастайды. Кезінде тәуелсіздікке жетудің бір құралы ретінде, Мұстафа Шоқай бастаған қазақ зиялылары «Тұтас Түркістан» идеясын ұсынған болатын.

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Түркі халықтары жұмылған жұдырықтай болып біріккен кезде геосаяси өмірге тең құқықты субъект ретінде ықпал ете алады, мәдени әлемдегі өзара қарым-қатынастарда қайдағы бір енжар, ынжық элемент ретінде емес, өзгелермен терезесі тең тұлға ретінде бой көрсете алады. Бұл бағыттағы алғашқы игі қадам ортаазиялық одақтың құрылуы болды. Оның шеңберінде біздің бәрімізге ортақ мәдени ұқсастығымызды жете сезіну арқылы деңгейіміздің көтеріле түсетіні сөзсіз» -деп түрік бірлігінің болашағын бағамдаған болатын. Бұлардың барлығын тұтастырып тұрған Мәңгілік ел идеясы десек те болады.

Тарих бір орында тұрмайды, талай апатты жағдайлардан, қиян кескі ұрыстар мен жаугершілік, отарлық қыспақтар және ашаршылық пен қуғын-сүргін нәтижесінде орын алған демографиялық күйзелістен ұлттық қасиетін жоғалтпай шыға алған қазақ халқы өз тәуелсіздігіне қол жеткізді. Ендігі жердегі міндет әлемдік өркениеттер төріндегі өз орнымызды табу. Бұған жетудің негізі баршаға ортақ Мәңгілік ел идеясы төңірегінде топтасу. Мәңгілік ел дегенді — мемлекеттің ғасырлар тоғысында, ірі державалар арасындағы бәсекелестікке төтеп беріп, өзіндік қорғаныс саясатын ұстану деп түсінуге болады.

Бұл туралы Н.Ә. Назарбаев: «Мәңгілік ел - ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз. Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арман тұрмысы бақуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Біз бұл армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік елдің іргесін қаладық. Мен қоғамда «қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек» деген сауалдың жиі талқыға түсіп жүргенін естіп жүрмін, біліп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар етіп ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол - мәңгілік ел идеясы. Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі мәңгілік елордамызды тұрғыздық. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ - мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы - Мәңгілік ел», - деген болатын.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы жаңа кезеңді - қалыптасқан мемлекеттің кезеңін бастан өткеруде, оның негізгі мазмұнында қазақстандық патриотизмнің де болуы аса қажет. Осы Мәңгілік ел идеясы аясында ұлт көшбасшысы жаңа қазақстандық патриотизмнің үлгісі мен қалыптасуы мәселесін нақты атап өтті. Қазіргі таңдағы

Қазақстандық патриотизмнің басты мақсаты – қоғамдық келісімді, бірлігіміз бен ынтымағымызды аса қымбат құндылықтар ретінде сақтау және нығайту. Оның негізгі іргесі – барша азаматтардың, ұлттардың және этностардың теңдігі мен әр бір азаматтың Отан алдындағы өз борышын сезінуі мен жауаптылығы.

Міне сондықтан да Қазақстанның 30 дамыған елдің қатарына қосылуы жолында жаңа қазақстандық патриотизм маңызды рөл атқаруы тиіс. «Қазақстан-2050» Стратегиясын қазіргі қазақстандық жас ұрпақ жүзеге асыруға мол үлес қосатыны анық. Мәңгілік ел идеясы қазақ халқының рухани және мәдени құндылықтарын жинақтай отырып, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруге негіз салады. Сонымен қатар республикадағы ұлтаралық және конфессияаралық қарым-қатынастардың тұрақтылығына да жол ашады.

Осы тұрғыдан алғанда, тарихшы-ғалымдар алдында «Мәңгілік Ел» идеясының жаһандық тұрғыда мәнін ашу міндеті тұр. «Мәңгілік Ел» идеясы барша Қазақстан азаматтарының тәуелсіздігіміздің тұғырын бекітуге бағытталған негіздік ұстанымына айналуға тиісті.

Н.Ә. Назарбаев өз тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтау арқылы «Мәңгілік ел» бола алатынымызды және бұл үшін алдымызда қандай міндеттер тұрғанын атап өткен еді. «Мен мәңгілік ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары, Қазақстан 2050 стратегиясының түпқазығы етіп алдым. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі оны ұстап тұру аса қиын екенін барлығымыз білеміз. Бұл әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан кешкен тарихи шындығы. Өзара алауыздықпен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жібергенін де білеміз. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама? Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуіміз керек. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – «Мәңгілік ел» біздің өзіміздің қолымызда. Ол үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек. Байлығымыз да, бақытымыз да болған мәңгілік тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек. «Қазақстан 2050» мәңгілік елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол. Осы жолдан айнымайық, сүйікті халқым! Әрбір күніміз мерекелі, әрбір ісіміз берекелі болсын. Дамуымыз жедел, келешегіміз кемел болсын. Жарқын іспен күллі әлемді таң қылып, Жасай берсін елдігіміз мәңгілік!», - деп аяқтады өз Жолдауын Мемлекет басшысы.

Қазір барлық дамыған елдерде жоғары сапалы білім беру жүйесі қалыптасқан. Болашақта осы Мәңгілік ел идеясын жүзеге асыратын, өз саласының жетік маманын дайындау үшін бізге ең бірінші кезекте ұлттық білім беру жүйесін жақсарту, жаңарту қажет.

Жалпы орта білім беру аясын жаңадан ашылып жатқан Назарбаев интеллектуалды мектептер деңгейіне жеткізу, оларды бітіріп шығушыларды қазақша, орысша, ағылшын тілдерінде еркін сөйлеуге үйрету міндеті де тұр. Үш тілді қатар меңгерген педагог-маманға деген сұраныс артуда. Яғни, болашақ педагог-мамандардың үш тілді меңгеруімен қатар, замауи жана жетістіктерді басшылыққа алып, ғылыми ортамен де байланыса отырып білім алуына толық жағдай жасалған.

Бұған Ел басшысының жолдауында жоғары оқу орындарында дәріс алып жатқан үлгерімі жоғары студенттерді қолдап отырудың тиімді жүйесін құру қажеттілігі баса аталып, сондай ақ 2016 жылдың 1 қаңтарынан оларға стипендия көлемін 25 пайызға өсіруге үкіметке тапсырма берілгендігі де тиімді әсерін тигізбек.

Ұстаздар қауымының мәртебесін артыру мен әлеуметтік жағынан қорғалуына Н.Ә. Назарбаев үнемі көңіл бөліп отырады, Үкіметке берген тапсырмасында: «жалақының 2015 жылдың 1 шілдесінен: денсаулық сақтау қызметкерлеріне 28 пайызға, білім беру қызметкерлеріне 29 пайызға, әлеуметтік қорғау саласы қызметкерлеріне 40 пайызға дейін артуын қамтамасыз ету», – дегені есімізде.

Тәуелсіз елдің еркін азаматы ретінде Мәңгілік ел идеясын ынтымағымыз бен бірлігіміздің ұйтқысы ретінде қабылдайтындығымызды нық сеніммен айта аламын

Түйіндеме:

Мақалада тарихи тұрғыдан, «Мәңгілік ел» ұғымын тереңнен түсіндіру мен тарихи негіздерін көрсету міндеттері арқылы мәні ашылады. Мәңгілік ел идеясының қазақ халқының рухани және мәдени құндылықтарын жинақтай отырып, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруге негіз салатындығы баяндалады.

В статье на фоне исторической ретроспективы раскрываются основные цели программы «Мәңгілік ел». Идея «Мәңгілік ел» освещается как кладезь духовного и культурного наследия казахского народа, также показано ее значение в патриотическом воспитании подрастающего поколения.

The article reveals the history of the concept «Mangilik Yel» through the prism of deep immersion in the history and finding its key objectives. Highlights the idea of "Mangilik Yel" as spiritual and cultural legacy of the Kazakh people, and its importance in upbringing the younger generation in the spirit of patriotism.

ПРОБЛЕМЫ ДУХОВНОЙ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВА В ПЕРЕХОДНОЙ ПЕРИОД

Сарымсаков А.

кандидат философских наук, доцент
Казахстанский инженерно-технологический университет

Духовная сфера - это область идеальных образований, которые включают в себя различные системы знаний и мировоззренческих идей, присущих конкретному культурно историческому единству или человечеству в целом. К объективной форме духовной сферы общества относятся научные, религиозные, нравственные и художественные ценности. В статье речь идет об особенностях модернизации в научной и экономической сферах общества в переходной период.

Переходной период науки – это этап перехода от старых, господствующих теории и концепции к новой, зарождающейся теории. Аналогично, страны с переходной экономикой – это страны осуществляющие переход от административно – командной системы к рыночной экономике, после распада советской системы. Как показывает историческая практика, процесс зарождения нового, т.е. выход за пределы старого всегда является антиномичным процессом. Ибо, объективный дух – это социальный код по которому воспроизводится существующая реальность, т.е. наличные научные и экономические деятельности. Разорвать этот циклически круг фундаментальная проблема. Это хорошо видно из анализа переходного периода становления квантовой теории в начале XX века.

Как известно, опосредующим звеном между старой, классической физикой и новой, квантовой физикой является модельный – переходный этап становления квантовой механики; ибо, фундаментальная теория квантовой механики из старых теории классической механики формально – логически не выводима. Точно также она индуктивно не выводима из новых эмпирических фактов.

Начиная с появления проблемы излучения абсолютно черного тела (конец XIX века) до появления матричной механики Гейзенберга (20 годы XX века) – это модельный этап развития квантовой механики. До тех пор пока не исчерпываются объяснительные и предсказательные возможности наличных теории физик никогда сразу не отказывается от старых теории. Поэтому когда в сферу исследовательской деятельности физика попадают новые объекты, вначале даже не встает вопрос о новой теории, о

принципиально новом научном языке; эти объекты первоначально осмысливаются на языке старых классических теории; т.е. на дискретном языке – частиц (Т) и сопряженном ему континуальном языке – волн (Т*). С изучения спектральных линии квантовых объектов, особенно с проблемы излучения абсолютно черного тела стал формироваться эмпирическая база новой квантовой теории, которая является объединением двух взаимодополнительных подмножеств ЭБ \cup ЭБ* эмпирических фактов о дискретных и волновых свойствах квантовых объектов. Как известно, переходной этап квантовой теории – это период становления серии модельных теории (МТ_i); где у каждой МТ_i есть соответствующая эмпирическая база ЭБ_i. Иначе говоря, модельные теории МТ₁, МТ₂,..., МТ_n (каждая из которых истинна только на определенном фрагменте ЭБ_i) – это «проекции» будущей фундаментальной теории ФТ квантовых объектов на неадекватном языке старых классических понятии. Искомая ФТ – это такая теория, которая в области ЭБ_i переходит в модельную теорию МТ_i, т.е. ФТ \perp — МТ_i.

Первым вариантом такой целостной теории, которая смогла с единых позиции объяснять и предсказывать все спектральные закономерности излучения и поглощения электромагнитных волн во всем диапазоне частот была гибридная модельная теория (ГМТ) Нильса Бора. Но здесь возникает антиномия устойчивости атома. Так, согласно классической электродинамике электрон вращаясь вокруг ядра с определенным центростремительным ускорением должен непрерывно излучать электромагнитную волну; и соответственно, за счет потери энергии электрона непрерывно должно сокращаться радиус его вращения до нуля, т.е. атом должен быть неустойчивым. Но вопреки законом классической электродинамики Н.Бор постулирует: электрон в стационарном состоянии не излучает. Излучение электромагнитной волны происходит только при переходе из одной стационарной орбиты в другое. Здесь явный парадокс, который был разрешен введением понятия корпускулярно-волнового дуализма. Первым вариантом разрешения проблемы корпускулярно-волнового дуализма был принцип де Бройля: с каждой микрочастицей с импульсом $\vec{p} = m\vec{V}$ связано волна с длиной волны $\lambda = \frac{h}{mV}$; поэтому когда электрон вращается по орбите радиуса r , то

вдоль этой орбиты длины $2\pi r$ должен укладываться целое число n волн длины λ , т.е. $2\pi r = n\lambda$. Тогда в стационарной орбите возникает стоячие волны, которые не должны излучать. С введением понятия корпускулярно- волнового дуализма поиск ФТ квантовых объектов стал более определенным, ограниченный проблемой сочетания (синтеза) этих противоположностей. Первый вариант синтеза привел к матричной механике Гейзенберга, а второй вариант- к волновой механике Шредингера.

В истории мировой цивилизации реализовались как социальные реальности две противоположные модели общества, в которых господствовали духовные ценности коллективизма (до XVII века во всем мире) или индивидуализма (капитализм- с XVII века). Социальные системы эволюционируют из менее совершенных, закрытых форм к более совершенным открытым, мобильным и универсальным формам. В коллективистских моделях общества исходят из принципа органической целостности. Так общество, как и Природа, органическая система в которой каждые элементы (индивиды, тела) выполняют определенные функции. Так, государство– это иерархия многообразных видов деятельности. Поэтому справедливость в античной духовной культуре, по Платону– это справедливое распределение этих видов деятельности согласно природе, сути людей, ибо по природе у каждого индивида своя комбинация, соотношение субстанции души и тела. Функции вещей, т.е. то ради чего эти вещи– это сфера сущности (понятия). Итак, единичная вещь– это тело, т.е. материя выполняющая эту функцию наиболее совершенно в составе более широкого целого; а вещь как субстрат– это материя. т.е. только возможность. Функция, активность (Н: мышление)

это деятельность особой субстанции – души. Душа– бестелесная и вечная субстанция; а тело– временное ее жилище. Платон открыл язык науки, т.е. мир понятий.

Интеллектуальная деятельность– это мыслительная деятельность с понятиями. А в средневековой духовной культуре Бог как абсолютная субстанция порождает посредством эманационного механизма формообразования все иерархические ступени Природы и социума; т.е. каждое бытие в мире находится в «естественном месте» по творению (судьба). Духовная картина Природы и социума до XVII века – это картина неоднородного космоса. Основным понятием в этой картине мира является «естественное место». Итак, для человека традиционной духовной культуры общей собственностью является их общины дом– государство, где каждый член общества выполняет определенную функцию, а также сфера вечных духовных истин –понятия – «орудие» интеллектуальной деятельности.

Переход от коллективистской, традиционно религиозной модели общества к рыночной экономике капитализма в Западной цивилизации была подготовлена эпохой Возрождения. Эпоха Возрождения в XV веке начинается с процесса секуляризации. Секуляризация-это процесс ограничения функции Бога, отделения религии от государства, который далее реализуется в духовной культуре эпохи Возрождения отождествлением Бога с Природой (Дж.Бруно). Природа-это Бог, т.е. причина самой себя (взаимодействие). Следовательно, в Новое время идея единого порождающего средневековья трансформируется в фундаментальную идею естествознания – взаимодействие. С XVII века, в связи со становлением капиталистических производственных отношений, в западном мире подготавливаются социально-экономическая предпосылка появления конкретных наук о природе. Отношение Д-Т-Д' (деньги- товар- деньги) уравнивает, отождествляет все виды деятельности и появляются идея равенства, однородности Космоса. Естественно-научным следствием этой концепции однородности Пространства является закон инерции Галилея (1-ый закон механики).

Поразительные экономические и научные успехи, достигнутые в динамично развивающихся странах можно объяснить только тем, что модель экономики и государства, которая формируется и совершенствуется в этих странах, начиная с XVII века, более адекватно соответствует к истинной синергетической природе социальной реальности. Действительно, начиная с XVII века, Западная цивилизация идет в направлении поиска наиболее совершенной формы динамически развивающегося общества открытого типа, основанный на принципах индивидуальной свободы и равенства возможности всех членов общества. На Востоке Япония вступила на этот путь с середины XIX века - в эпохе Мейдзи. И в этом направлении эти страны достигли наивысших высот в науке, технике и культуре. Это неоспоримый факт. Казахстан избрал это направление модернизации общества с конца XX века.

Стратегическая задача перед элитными вузами и университетами классического типа– это подготовка будущих профессионалов эпохи глобализации, глубоко владеющих основами фундаментальных наук. Это те науки, которые занимаются исследованием новых видов энергии и поиском технологий их опредмечивания в виде различных технических устройств, поскольку естественные энергетические ресурсы Земли - ограничены. Так по прогнозам экспертов мировой динамики «Римского клуба», около 2040-2050 г. на Земле начнется энергетический голод. Поэтому, начиная с конца XX века в ведущих странах мира идет прорыв в космос (как неограниченный источник новых видов энергии и материалов) и в микромир – на атомный и субъядерный мир.

Появляются новые виды технологий и деятельности как: нанотехнология, космическая технология; получение искусственных (физических, химических и биологических) материалов с заранее заданными свойствами и т.д. Но, к сожалению, в интеллектуальной сфере идет разрыв между современным уровнем развития мировой (т.е. “элитной”) культуры, накопленной человечеством за 2,5 тысячелетия своего

развития от начала античной и Древне – Восточных цивилизаций, и массовой традиционной культурой. А этот разрыв заполняются магическими, астрологическими и различными видами религиозных представлений. Этот факт был подчеркнут ещё в 70 годах XX века Р.Фейнманом в своих знаменитых лекциях по физике. Поэтому ощущается необходимость переориентации стиля мышления и деятельности будущих специалистов в русле формирования синергетического стиля мышления, основанного в умении оперировать с такими понятиями, как флуктуация, аттрактор, бифуркация, динамический хаос (1, 195).

В переходной эпохе самым оптимальным в политическом, идеологическом и экономическом отношениях являются гибридные модели и технологии. Так, в Китайской народной республике господствует государственная социалистическая идеология, синтезированный с конфуцианской коллективистской философией, а экономика развивается в гибридной форме –государственно управляемый капитализм; идея государственно управляемого капитализма была обоснована ещё в двадцатых годах XX века в статьях В.И. Ленина о новой экономической политике (НЭП).

Список использованной литературы:

1. Пригожин И., Стенгерс И. Порядок из хаоса. - М., 1986.

Түйіндеме

Мақалада қоғамдағы модернизация процессінің өтпелі кезеңдегі гибридік моделдердің ерекшелігі қарастырылған.

В статье рассмотрены проблемы модернизации в научной и экономической сферах общества в переходной период. Дан сравнительный анализ гибридных моделей переходного периода в науке и экономике.

The article considers the problems of hybrid models and technologies in the transition period of modernization of society.

ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ – ТҰЛҒАНЫҢ РУХАНИ КЕЛБЕТІНІҢ КӨРІНІСІ

Рыскелдиева Г.Д., Итемирова А.
Л.Б.Гончаров атындағы
Қазақ автомобиль-жол академиясы

Тарих – халықтың зердесі, ол содан қуат алып, болашаққа бағыт алады. Сондықтан да халық даналығы: «Өткенге көз жібермей, болашақты болжай алмайсың», – дейді. Тәуелсіздік алғанға дейін Қазақстан тарихы біртұтас КСРО тарихының құрамдас бір бөлігі ретінде ұғындырылып келеді. Шынайы тарихқа ден қоюды кешенді қалыптастырудың маңызы күннен күнге арта түсуде. Ғалымдар атап өткендей, жастардың тарихи санасын қалыптастыру олардың төл тарихына құрметпен қарауынан басталады.

Біздің Отанымыздың, тәуелсіз Қазақстанның тарихында болашақ ұрпағы үшін «ақ найзаның ұшы мен ақ білектің күшін» аямай, туған елі, жері үшін жанын шүберекке түйген ерлер аз болмаған.

Қазақ жерін біріктіруші Абылайдың өмір жолы, ерлік даңқы, ақылы мен айласы, қолбасшылық қабілеті бүкіл қазаққа аңыз болып тараған. Қазақтың бірде бір ханы оған

дейін де, Абылайдан кейін де шексіз билікке ие болып, халық құрметіне бөленген емес. Абылай хан парасаты – атамекені үшін күрескен барша қазақтың ұраны болды. Одан әріге көз жіберсек, Қасым көптеген шайқастарда ерлігімен көзге түскен батыр, тапқыр қолбасшы болды. Ол хандық құрған 1511-1523 жылдары қазақ қоғамы жоғары сатыға көтеріліп, ең қуатты мемлекетке айналды. Есім хан қазақ тарихында «Еңсегей бойлы Ер Есім», «Есім ханның ескі жолы» деген аттармен қалды. Ол 1598-1645 жылдар аралығында хандық құрды. Сол кездің өзінде Қазақ хандығы 300-400 мыңға жуық атты әскер шығарған. Есім сыртқы саясатта ғана емес, ішкі ел басқару ісінде де қайраткерлігін көрсетті. «Есім ханның ескі жолы» деп аталатын ережелер жинағы ХІХ-ХХ ғасырлардың ортасына дейін сақталып келді. Ал Жәңгір хан әскери шеберлігінің арқасында 600 қолымен Батыр қонтайшының 50 мың әскерін талқандайды. Осындай ерлігіне сүйсінген халық оны «Салқам Жәңгір» деп атап кеткен. Тәуке хан билік жүргізіп тұрған кезеңде мемлекеттік басқару жүйесіне қатысты көптеген өзгерістер енгізіліп, жаңа заңдар жасалды. Алғаш рет мемлекеттік мәселелерді шешетін хан кеңесін құрды. Хан кеңесіне барлық қазақ руларының билері мен әскербасыларын тартты. 1729 жылдың жаздың басында ұлы Аңырақай шайқасы өтті. Осы шайқаста қазақ халқы қалмақтың сағын сындырды, бағын қайтарды, жер бетінде қазақ жұртының халық болып қалуын шешті. Бүгінгі біздің Тәуелсіздігіміз сонау ұлы Аңырақайдан басталады.

Тарих беттерін таразылай берсек, қазақ жеріндегі әскердің тәуелсіздігімізге қосқан үлесінің шексіз екендігіне көзіміз жетеді. Арнайы жасақталмаса да, олардың бойында отаншылдық рух есіп тұрды. ХVІІІ-ХХ ғасырларда қазақ даласында Ресей отаршылдарына қарсы бірнеше ірі-ірі ұлт-азаттық қозғалыстары болды. Сырым Датұлының басқаруымен отаршылдыққа қарсы қозғалыс (1783-1797), Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының ұлт-азаттық қозғалысы (1836-1838), Кенесары Қасымұлының ұлт-азаттық көтерілісі (1837-1847), Жанқожа Нұрмұхамедұлының көтерілісі (1856-1857), Есет Көтібарұлының қозғалысы (1868-1869), Маңғыстаудағы шаруалар қозғалысы (1870). Аталған қозғалыстардың барлығы отарлық езгі мен қанауды жоюға бағытталды. Мұның ішінде, Ресейдің және көрші мемлекеттердің саясатына, Қазақстанның ішкі өміріне тигізген әсерімен, ұзаққа созылуы және ауқымдылығымен ерекшеленетін өз халқының тәуелсіздігі мен еркіндігі үшін күрескен Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс қазақ елінің тарихында маңызы зор, ең көрнекті оқиға болып табылады. Ұлт-азаттық қозғалыс көсемдері қазақ халқының жадында ұлт батырлары ретінде қалды.

Қазақ халқының жоңғарларға қарсы күресі, одан бертіндегі ұлт-азаттық көтерілісін алып қарасақ, батырлардың ешқайсысы кеңес дәуіріндегідей патриотизмге тәрбиелеудің ықпалына салынбаған, бірақ елін, жерін, Отанын қорғауда жанын аяп қалмаған.

Екінші Дүниежүзілік соғыста армия қатарына 1200 мың қазақстандық шақырылды. Олардың 497-сі кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. 410 мыңнан астам қазақстандық еліне оралмады. Бұл шығын ұзақ жылдар бойы елдің демографиялық жағдайына ықпал етті. Қазақстаннан майданға 1 млн. 200 мың жауынгер аттанды. Брест қорғанын К.Әбдірахманов, В.Лобанов, К.Иманқұлов, Ұ.Жұматов т.б. қорғады. Мәскеу үшін шайқаста қазақстандықтар даңққа бөленді. Алматыда жасақталған 316 атқыштар дивизиясы 8-панфиловшы гвардияшылар болып қайта құрылды. Мұнда аға лейтенант Б.Момышұлы басқарған батальон ерекше көзге түсті. Сондай-ақ осында Кеңес Одағының Батырлары Т.Тоқтаров, М.Ғабдуллин т.б. соғысты. Ленинград үшін шайқаста С.Баймағамбетов кеудесімен дзотты жауып, соғыс тарихында теңдесі жоқ ерлік жасады. Сталинград үшін шайқаста Н.Әбдіров, Қ.Спатаев т.б. қазақ жауынгерлері батыр атағын алды. Қазақстандықтар Курск түбіндегі, Беларусьтегі, Украинадағы шайқастарда ерлік көрсетті. Екінші Дүниежүзілік соғыстың соңғы нүктесін қойған, жеңімпаз әскердің жеңіс туын тұңғыш рет желбіреткен

қарапайым қазақ батыры Р.Қошқарбаев еді. Шығыстың қос шынары атанған Ә.Молдағұлова мен М.Мәметова өздері сұранып, соғысқа аттанады. Соғыста жасаған ерліктері мен қызға тән өжеттіктері арқасында Кеңес Одағының Батыры атанады. Осы батырларымыздың ерлігі болашақ ұрпақтың жүрегіне отаншылдық рухтың дәнін септі.

Өз елі емес өзге елде болып жатқан ұрыстарда қазақ әскерлері интернационалдық борышын өтеді. 1979-1989 жылдары Ауған елінде он жыл бойы ұрыс қимылдары жүрді. Деректерге қарасақ, Қазақстаннан 22 мың адам қатысып, оның 751-і қаза тапты, 21-і хабар ошарсыз кетті. Жылдар өткенімен жауынгерлеріміздің өшпес ерлігі ел есінде сақталуда. Еліміздің сол соғысқа қатысқан ұлдарын Отан алдындағы борыштарын адал атқарған азаматтар деп құрмет тұтамыз.

Тәуелсіз Қазақстан бүгінгі күні өз азаматтарының әскери қызмет атқаруының жағдайы мен тәртібін дербес анықтайды. Ерекше дайындықпен жасақталған Ұланға еліміздің тыныштығын күзету міндеті жүктеліп отыр. Аса үлкен жауапкершілік пен қырағылықты бойына сіңірген бүгінгі күннің сарбаздары өз міндеттерін абыроймен орындап жүр. Өркениетке ұмтылған таңда әскери міндетке қойылатын талап жоғары. Себебі Ұлан сарбаздары Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің бет-бейнесін әлемге танытады. Олар – дене күші жағынан мығым, Отан, халық алдында берген ант пен парыздарына адал жандар. Әскеріміздің өткені жоғарыда айтылған еселі жеңістер мен елеулі оқиғаларға толы болғандықтан болашағы баянды болатынына сеніміміз мол. Отан! Отан! Сен болмасаң не етер ем?

Мәңгілікке бақытсыз боп өтер ем.

Құс ұясыз, жыртқыш інсіз болмайды,

Отансыз жан өмірінде оңбайды,

Бәрінен де сол қайғы, – деген Мұқағали ойларында жан тебіренерлік сезім бар. Сондықтан адамзаттың асылы да, ардақтысы да, қысылғанда тірек сүйенері де, қуанғанда сүйсінері де туған жері – өз Отаны.

Міне, бүгін еліміз тәуелсіз мемлекет ретінде жаңа өмір салтына қызмет ете бастады. Ғасырлар бойғы арман, мақсаты орындалды, ата-баба алдындағы парызы өтелді. Дүниежүзілік ірі ұйымдарға мүшелікке қабылданды, экономикалық ерекше қарқынмен дамып келеді.

Тәуелсіздік... Аса қымбатымызға айналған бұл сөз сөнген мемлекетіміздің отын маздатып жандырды. Біз «Күншуақты Қазақстан» еліне айналып келеміз. Байқасаңыз, ғасырлар бойы бұл жер күн сәулесін бойына мол жинады. Ол да дайындық. Жүз отыз алты ұлт өкілдерінің жиналуы да кездейсоқ емес. Олар түбінде үлкен рухани туыстыққа, сыйластыққа жетеді. Құпия көп. Мысалы, Қазақстанның байрағының түсі көк. Оның үстіне сары түсті сурет салынған. Ал көк пен сарыны аралыстырса – жасыл түс беретіні белгілі. Жасыл түс – ол бүкіл жер бетінің жап-жасыл гүлденген аймаққа айналуы. Жаңа дәуірдегі Қазақстанды көзге елестетсек, сіз таңғаласыз, Асан қайғының іздеген Жерұйығы осы өзінің Отаны екен.

Түсіне білген адамға қазіргі Президентіміздің орны ерекше. Біріншіден, ол – біздің тұңғыш Президентіміз. Елді ең қиын да, шешуші тұста қиын кезеңнен алып шықты. Екіншіден, дүниежүзі алдында үлкен беделге ие болды. Ол бүгінгі күнді ғана ойлап қоймай, болашақта гүлденген Қазақстанды өркениетті елдер қатарына жеткізуді мақсат еткен адам. Еліміздің болашақтағы мақсат-мүддесі айқындалған «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасын ұсынды. Онда еліміз экономикасының алға басуының жеті қазығы – ұзақ мерзімді жеті бағытты іске асырудың жолдарын белгілеп берді. Еліміздің алдағы бағыт-бағдары айқын. Осы айтылған бағыттарды іске асыруда да Елбасы көп еңбек сіңіруде.

Ғарыш заңдылығы бойынша, қасірет – адам баласының оқытушысы, үйретушісі. Қасірет арқылы тазарады, рухани жетіледі. Халқымыз көрерін көріп болды, тазарды және өзінің ізгі қасиеттерін жоғалтпай мейірімділігін көрсетті. Соңғы желтоқсан

оқиғасында қыздар мен жігіттер өздерін құрбандыққа шалды. Олардың төгілген қаны – жай ғана қан емес, Қазақстанның маңдайына жазылып тұрған, төніп тұрған қауіп-қатер, қасіреттердің көпшілігін шайып әкетті. Сөйтіп, бейбітшілік пен әділеттілік өмірге жол ашты. Басқа республикаларда қантөгіс болып жатқанда біз осы жылдар ішінде бейбіт, бір қалыпты өмір сүрдік. Елбасымыздың көрегендік саясатының арқасында дүниежүзіне үлгілі мемлекеттердің бірі болып келеміз.

Ел тыныштығын күзеткен сарбаздардың арқасында біздің Отанымыз – бақыт құшағында. Бақытымыз баянды болуы үшін әрбір қазақстандықтың бойында «Отан» деп лүпіл қаққан жүрек, «Отан» деп сыбанған білек болу керек. Ең маңыздысы – отаншылдық рух. Рух деген не? Ол – адам баласы жан дүниесінің арқауы, отансүйгіш патриоттың жаны мен қаны. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Манаш Қозыбаев бұл туралы былай дейді: «Адам баласы жаратылғаннан бері 70 млрд. астам адам өмірге келді. Бірақ өркениет тарихында рухты халықтардың аты қалды, заты қалды. Рухты халық – жасампаз алып, тарих рухтың еңсесі биік, мол екенін ертедегі гректер, римдіктер, византийліктер, ежелгі ғұндар, түріктер, Шыңғыс хан дәуіріндегі мұңғылдар дәлелдеді». Рух туралы Гете: «Жаныңдағы жақсыңды жоғалтсаң – орны толар, арыңды жоғалтсаң – өңің солар, ал өрлігіңді жоғалтсаң – барыңды біржолата жояр» – дейді. Бүгінгі ұрпақ осы мәселеге көп көңіл бөлсе екен дейміз. Ол туған тілді құрметтеуден басталады. Біле білгенге қазақ ұлты ешбір ұлттан, қазақ тілі ешбір тілден кем емес. Тұнығы лайланған тілімізді мөлдіретіп болашаққа жеткізер де – біздерміз. Ахмет бабамыздың сөзімен айтсақ: «Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады», Елбасымыздың сөзімен айтсақ: «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін!». «... Отанына, халқына, туған жеріне деген сүйіспеншілігі болмаса, қазақстандық патриотизмді шын жүрегімен сезінбесе, онда темір қарудың ешқандай қауқары жоқ».

Қорыта айтқанда, бүгінгі таңда жастар бойында азаматтылық сияқты қасиеттерді қалыптастыру үшін олардың тарихи санасын ояту қажет. Сонда елдің келешегін ойлар азаматтардың көбейетініне сенеміз. Ұрпақтардың тарихи-мәдени сабақтастығын сақтау әр кезде де ұтымды жол санаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Тарихи тұлғалар. Алматы. Жазушы. 2000.
2. Б.И. Иманбекова. Тұлғаны тәрбиелеуде тәрбие субъектілерінің мүмкіндігін кіріктіру. Алматы. 2009.
3. Б. Қ. Игенбаева. Жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамытуға арналған құрал. Алматы. Дәуір. 2000

Түйіндеме

Мақалада ұлттық сананы жаңғырту арқылы тұлғаның рухани келбеті мен жас ұрпақты елжандылыққа тәрбиелеудің көрінісін қалыптастырудың маңызы жайында айтылған.

В статье рассматривается вопросы патриотического воспитания будущего поколения на фоне формирования развития исторического сознания личности.

In article is considered about unbringing the future generation to patriotism by by shaping the history consciousness to personalities.

ВОПРОСЫ ДУХОВНОГО РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ФИЛОСОФИИ (ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ АСПЕКТ)

Несипбаева Ж.Ж.

к.и.н., старший преподаватель,
Казахстанский инженерно
-технологический университет

Отечественная философия, ее духовные ценностные ориентиры всегда была актуальной и многогранной темой в казахстанской историографии.

Некоторые исследователи объективно считают что, казахская философия в широком смысле – это совокупность философских идей, образов, концепций, присутствующих во всем контексте отечественной культуры, начиная с ее возникновения до сего дня. Традиционная культура казахского общества имеет свои глубинные смыслы понимания мира и оценки человеческого бытия.. По способу передачи своего содержания культура имеет временной срез, обращаясь к ней и возвращая традиционную культуру, мы предоставляем ей роль собеседника в диалоге культур, и вопрошаем к ней в поиске первоначального смысла бытия человека в мире [1].

Официально в качестве новой дисциплины казахская философия берет свое начало в конце XX – начале XXI веков. Однако в советское время ее основоположниками, бесспорно, стали такие казахские мыслители как Ш. Уалиханов, А. Кунанбаев, Ы. Алтынсарин и мн. др. В ряд рассматриваемых этими учеными философских проблем стоит отнести политику права и философские рассуждения о государстве, обществе, значении человеческой личности, патриотическом и культурном воспитании казахского народа, идеи ненасилия и национального согласия. Акыны и жырау, политики и батыры, ханы и полководцы - все они на разных уровнях в силу своего таланта и ума мыслили и рассуждали о свойствах объективного мира, человеке и человеческих взаимоотношениях и внесли определенный вклад в философскую традицию народа. В философском знании нашли отражение богатейшие элементы национальных идей и способов их познания. Это составляет отличительную особенность казахской философии [2, с. 112].

Современная казахстанская философия, безусловно, базируется на идеях традиционной национальной культуры, отражая особенности культурно-исторического бытия казахского народа. Рассматриваемые ею вопросы уже изначально универсальны, они обращены к общечеловеческим вопросам. Исследуемые в казахской философии проблемы касаются этических проблем нравственности и морали самого человека, вопросов исторического развития философии истории, проблем социальной справедливости и идеального общества, прошлого, настоящего и будущего казахского народа и многих других актуальных проблем традиционного философского знания.

В то же время следует отметить, что сегодня отечественная философская мысль не замкнута в строго национальных рамках, она выходит далеко за ее пределы. Некоторые аспекты национальной философии направлены против однобокости познавательной деятельности человека, они рассматривают философию в контексте мирового интеграционного взаимодействия западной и восточной философской мысли. К числу таких исследователей следует отнести целый ряд казахстанских философов: О.А. Сегизбаев, М.С. Орынбеков, А.К. Касабек, А.Х. Касымжанов, А.Н. Нысанбаев, И.Е. Ергалиев, С. Акатай, М.С. Бурабаев, Г.Е. Есим, К.Ш. Нурланова, А. Тайжанов, Т.Х. Рыскалиев, Т.Х. Габитов, Г.Ж. Нурышева, С.Е. Нурмуратов. В своих работах

данные ученые изучают достижения и опыт мировой истории философии в целом, а также тюркского мира, в частности [1].

Многие исследователи современной философии уделяют огромное внимание антропологическим проблемам философии. В связи с этим хотелось бы обратить внимание на сборник материалов выпущенный Институтом философии и политологии КН МОН РК в 2011 г. [3]. Данный коллективный труд казахстанских философов представляет собой анализ исторических форм философской антропологии, критическое оснащение разнообразия подходов к проблеме человека в философии и истории культуры. Авторы рассматривают актуальные философские проблемы и связанные с ними новые данные касающиеся происхождения, сущности и перспектив развития человека, теоретические и практические импликации развития личности в духовном, психосоматическом и социальном аспектах. В книгу вошли работы таких казахстанских ученых-философов современности как Капышев А.Б., Колчигин С.Ю., Хамидов А.А., Нысынбаев А.Н.

В этом заключается своеобразие развития национальной философии, которая культивирует истинный патриотизм, любовь к отечеству и народу, почитание предков, стремление к лучшему будущему.

Список использованной литературы:

1. Заурбекова Л. Р., Коянбаева Г. Р. Казахская философия: история и методология вопроса // Материалы Круглого стола «Актуальные проблемы методологии социально-гуманитарного познания. - www.almau.edu.kz/kazakhskaya_filosofiya
2. Байдаров Е.У.. Философия: Учебное пособие для студентов экономических специальностей. – Алматы: ЕврАзИР, 2010. - 217 с.
3. Капышев А.Б., Колчигин С.Ю., Хамидов А.А. Философская антропология: от прошлого к будущему. – Алматы: Институт философии и политологии КН МОН РК, 2011. – 298 с.

Түйіндеме

Мақалада қазақ халқының қазіргі заманғы философиялық білім дамуының тарихнамалық мәселелері, философиялық ой, этникалық сана-сезімі, рухани құндылық бағдарлары отандық философия ерекшеліктері көрсетілді.

В статье рассмотрены историографические вопросы современного философского знания казахского народа, особенности развития философской мысли и этнического самосознания, духовные ценностные ориентиры отечественной философии.

The article considers the historical geographical issues of modern philosophical knowledge of the Kazakh people, features of the development of philosophical thought and ethnic identity, spiritual values of native philosophy.

OPENNESS OF CONSCIOUSNESS WHILE PRESERVING NATIONAL IDENTITY

Rabilova N. R.

SKR, Saryagash district, secondary school №89
named after L. Zholdasbekov.

One of the important conditions for spiritual modernization of our country is the openness of consciousness. The openness of consciousness is to be open to the best world achievements, inventions and discoveries. This is not possible without knowing English - the language of world technology, science, pearls of classical literature and finally the Internet.

The world is changing rapidly and against the backdrop of these changes, Kazakhstan is experiencing the beginning of a period of the third modernization - political, economic and spiritual. As our head N. Nazarbayev asserted in his article "A glance at the future: Modernization of public consciousness" - "The first condition for modernizing a new type is the preservation of its culture, its own nationality

This statement is mainly concerned with the sphere of education. The teaching of a foreign language should be based on materials of a national character. Having studied English, our youth should show the whole world Kazakh customs, culture and identity." "The special attitude to our native land, its culture, customs and traditions is the most important feature of patriotism, it is the basis of the cultural and genetic code that any nation makes a nation, rather than a collection of individuals," Elbasy noted in his above-mentioned article.

Below is an example of a lesson where learning English, children learn to value their own national values, history and state symbols.

Competition “KAZAKHSTAN IS MY MOTHERLAND”

The aims:

1. To enlarge the knowledge of the students on theme brushing up spoken English.
2. To develop students reading and writing habits and abilities.
3. To educate the feeling of international friendship and love our country.

Connection of the subjects: English, history, geography, Kazakh and music.

The type: competition

The method: question-answer

Visual aids: interactive board, pictures, flashcards

I. Introduction. Procedure of the lesson:

- a) Greeting
- b) To divide into 3 groups by strategy of “Jigsaw”
- c) Psychological training. To choose one figure among the different figures and to know about their characters.
- d) Let’s check up your home task. (The participants tell some words about themselves, about hobbies, favorite subjects).

II .The main part of the lesson: Today we gathered here to choose the best student of the school. Our intellectual game consists of 5 stages

The juries count the correct answers. Firstly, every participant has to introduce himself shortly.

The 1st round of our competition is **Baige**. You must answer the questions as quick as possible and who answers first will get 10 points. The pupils who gets less points than others will quit the game. Good luck!

Baiga’s questions.

1. Where is the Republic of Kazakhstan situated? -It is situated in the central Asia.
2. How many people are there in our country?-There are about 17 million.
3. What is the official language of the country?-Kazakh

4. Name the main rivers of the country. -The Ile, the Syrdarya, the Ural.
5. Name the biggest lake? -They are Balkash, Alakol, Sasikkol and Markakol.
6. Which holiday do people celebrate on the 16th of December? - Independence Day.
7. Who is the head of our country? - N. Nazarbayev
8. What bird is used in Kazakh national hunting? -An eagle

The 2nd round is Polyglot. Give the translation of these words into Kazakh and Russian.

1. Independence – тәуелсіздік-независимость.
2. Achievement– жетістік - достижение.
3. Prosperity – гүлдену - процветание.
4. Custom and traditions – әдет – ғұрып - обычай,традиция.
5. Anthem-әнұран-гимн.
6. The Solar system – қун жүйесі – солнечная система.
7. Population – халық – народ.
8. Environment – қоршаған орта – мир. окружение.
9. Agriculture – ауыл шаруашылығы – сельское хозяйство.
10. State – мемлекет – государство.

Presenter: Let’s count the points. We must say goodbye to the participants who has less points than others, two participants will leave our competition.

And now we begin our **3rd round** which is called “ **Doda**”. On the board you can see the questions about three subjects: geography, music, history. Choose the subject you like.

Geography.

- 20 points: How many lakes are there in Kazakhstan? (about 5,000)
 30 points: How many regions are there in Kazakhstan? (14)
 40 points: When did Kazakhstan become an Independent State? (1991.16.12)

History.

- 20 points: When is Kazakh New Year celebrated? (22 March)
 30 points: When was the first President of the Republic elected? (in 1991)
 40 points: When do people celebrate the day of Constitution? (30 August)

Music.

- 20 points: Name any Kazakh national instrument.
 30 points: Who is the author of the poem “Мен қазақпын”? (Ж.Молдағалиев)
 40 points: Who are the authors of the new anthem of the Republic of Kazakhstan? (N.Nazarbayev., J.Najmedinov.)

The 4th round is Kokpar. The task is to answer the questions as quickly as you can.

1. Is Kazakhstan a multinational state?
2. At what age do people vote in Kazakhstan? (18)
3. When is the Capital City Day? (6 July)
4. What was Abay Kunanbayev? (A poet, composer)
5. What chambers does Kazakhstan parliament consists of? (Senate and Majilis)
6. What is the state language of Kazakhstan? (Kazakh)
7. What is the highest mountain peak in Kazakhstan? (the Khan Tengri)
8. What is the symbol of freedom in Kazakhstan? (an eagle)
9. When was the Declaration of Independence proclaimed? (16 December 1991)
- 10.What month is Kazakh New Year celebrated? (in March)

The 5th round is Beket.

In this round one of you who gathered fewer points will choose one envelope.

There two letters in it .A&B .I’ll read you questions & all answers will start with the letter A&B.

Letter A

1. The name of the fruit.
2. The name of the month.
3. The capital of Kazakhstan.

4. The famous Kazakh writer.
5. The first letter of the alphabet.
6. What cannot we live without.
7. One of the Oceans

Letter B

1. The little child.
2. The room where we sleep.
3. An object in the classroom.
4. The antonym of the word “good”
5. The name of the fruit.
6. The capital of Germany
7. The name of school subject

Conclusion. Now it's time to tell the result of our competition. While our jury count your scores, you will sing a song. The members of the jury make a conclusion. Rewarding the best student. Saying thanks and goodbye.

I can say that I am looking forward to seeing our young children in love with their own nation. And if we get the tradition of coming from an ancient traditions, then propagandize the future generations. It is important for us each student bring up patriots of their Motherland. Remember that the future is in our hands.

References:

1. Method of English (The monthly magazine)
2. Krasny M. «An Agnostic`s»
3. Nazarbaev N. A. «A look at the future: spiritual modernization».
4. Goodey D., Goodey N. «Messages».

Түйіндеме

Мақалада шет тілін Қазақстан тарихы, географиясы және этнографиясы мен тығыз байланыста зерттеу мүмкіндігі қарастырылған.

Статья рассматривает перспективы изучения иностранного языка в тесной взаимосвязи с историей, географией и этнографией Казахстана.

In this article: Using the game methodology in foreign language lessons provides a quality education for pupils. The role of interactive lessons is great in improving education at schools. This technology allows you to greatly improve their knowledge of English and Kazakh history.

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ЖАСТАР – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Богатикова Е.
КазИТУ магистранты,
Ғылыми жетекші: п.ғ.к., доцент
Р.Ш. Абдисулейменова

Құрметті қонақтар, оқытушылар мен студенттер, республикалық конференцияға қатысушылар бәріңізге сәлем беруге рұқсат етіңіздер.

Бірінші кезекте Қазақстан Инженерлік-Технологиялық Университетінің магистранттары және студенттер қауымы атынан ұйымдастырушыларға алғысымды айтқым келеді.

Өздеріңіз білетіндей, Қазақстан өзінің егемендігі жылдарында әлеуметтік-экономикалық және өндірістік-технологиялық реформалары арқылы кемелділікке жетудің ұзақ және қиын жолымен жүріп келді. Әлемдік қауымдастық Қазақстанды экономикасы дамыған елдердің бірі деп мойындайды. 2011 жылғы VII Қысқы Азиада ойындары, биығы жылғы Алматыда өткен XXVIII Дүниежүзілік қысқы универсиада мен Астанада өткен «EXPO-2017» дүниежүзілік көрмесі сияқты ғаламдық маңызы бар іс-шараларды өткізуге деген сенім осының жарқын үлгісі болып табылады.

Міне биыл да, Мемлекет басшысы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» тақырыбындағы мақаласы мен «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік» деп аталатын Жолдауы арқылы жаңа міндеттерді алға қойды.

Мамандығым инженер - технолог болғандықтан, бізді техника, оның жабдықтарымен басқа тіршілік иелерінен тек сана арқылы ерекшеленетінімізді жақсы білемін. Данышпандардың бірі айтқандай өркениетті елде өмір сүру үшін, ол жерден кетудің немесе одан бетер - ол жерде төңкеріс жасаудың қажеті жоқ. Тек табиғатты қорғау, қоқыс тастамау, жаман сөз айтпау, жол ережесін бұзбау, салауатты өмір салтын ұстану, мәдениетті тану, тарихты оқу, қарттарды құрметтеу деген сияқты әр адам өз қолынан келетін жай ғана әрекеттерді жасасаңыз, Сіз өркениетті мемлекетте өмір сүріп жатқаныңызды байқамай да қаласыз.

Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады.

Елімізде білімге құштар жастарға жеке қабілетті дамытуға арналған көптеген бағдарламалар ұйымдастырылған. Тек оның ниеті мен ұмтылысы болса, ел ішінде ғана емес болашақ бағдарламасы арқылы шет елдерде де білім алуға болады.

Болашақ жобалаушы және технолог ретінде бүгінгі күні компьютерлік сауаттылықты арттыру жастар алдындағы ең маңызды мәселе екенін айтқым келеді. «3D модельдеуді» меңгеру кәсіптік деңгейді жоғарлатуда және келешекте биіктерден көрінуде жаңа мүмкіндіктер береді.

Бүгінгі таңда тілдерді меңгеру өте маңызды мәселелердің бірі. Бүкіл ғылыми, технологиялық және прогрессивті әлем ағылшын тілінде сөйлейді. Әлемдегі жетекші баспаларда жаңадан ашылған әлем жаңалықтары ағылшын тілінде жарияланады.

Қазақстан қоғамының ғылыми дамуын жалғастыру мақсатында латын жазбасын енгізу туралы шешім қабылданды. Бұл дүниежүзілік ғылым тілі болып саналатын ағылшын тілін өзіміздің ана тіліміз қазақ тіліне жақындата түседі.

Мен славян ұлтының тумасы бола тұрып өз тіліммен қатар ағылшын және қазақ тілдерін жете меңгердім. Көп тіл білу адамның мінезіне де, карьерасына да, өміріне де оң әсер етеді. Жаңашылдыққа, объективті, позитивті ойлауға жетелейді. Сіздерді де еркіндіктің, бостандықтың, бүкіл әлем бойынша жүріп-тұрудың кепілі болатын құрал - тілді үйренуге жастарды шақырамын.

Сонымен қатар, әрине, бізге мәдени ашықтығымызды сақтап қалу қажет. Қазақстан халқы әрқашан қонақжайлығымен танымал болғаны бекер емес. Қазақтың жаны қобыз бен домбыраның үні тараған байтақ еліміз сияқты, шексіз қазақ даласындай кең.

Бірақ кез-келген технологиялық үдерістің артықшылығы мен кемшіліктері бар, елдің экологиялық қорларын тиімсіз пайдалану сияқты. Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді.

Тек өткен ғасырдың ортасында, небәрі бірнеше жыл ішінде миллиондаған гектар даламыз аяусыз жыртылды. Бағзы замандардан бері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келген ұлттық прагматизм санаулы жылда адам танымастай өзгеріп, ас та төк

ысырапшылдыққа ұласты. Соның кесірінен, мыңдаған гектар миялы жерлеріміз экологиялық апат аймақтарына, Арал теңізі аңқасы кепкен қу медиен шөлге айналды.

Осының бәрі – жерге аса немқұрайлы қараудың ащы мысалы.

Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек.

Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердендікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді.

Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы.

Біз ел болашағы Қазақстан жастары жаһандандудың біздің өмірімізге ғана емес әлемдік мәдени үрдіске енуіне байланысты өзіміздің этникалық мәдени болмысымызды сақтап қалуымыз керек. Келесі ұрпаққа Абай, Мұхтар, Жамбыл сынды даналардың ғұлама сөздерін, Құрманғазы, Шәмші күй-әуендерін, ержүрек айбынды батырлары мен қолбасшылары Кабанбай батыр, Бөгенбай батыр, Бауыржан, Понфиловшылар тағы да басқа майталмандарды ұмыттырмай жадында сақтатып жеткізуіміз керек.

Адам аяғымен өз туған жеріне бітсе, оның көздері бүкіл әлемді бақылап тұру керек.

Біздің ішкі дауысымыз, дала дауысы, тарихымыздағы ұлы ғұламалардың дауысы мен технологиялық болашаққа деген көзқарас бізді дамыған, мықты, төл мәдениеті қалыптасқан мемлекетке алып келу үшін біз санамызды өмір сүрудің бүгінгі жағдайларында заманауи интеллектуалдық мұра желегінен өткізе отырып жаңғыртуымыз керек.

Мен магистрант ретінде барша қазақстандықтар, әсіресе жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін.

Пайдаланған әдебиеттер:

1.Б.И. Иманбекова. Тұлғаны тәрбиелеуде тәрбие субъектілерінің мүмкіндігін кіріктіру. Алматы. 2009.

2. Иманбаева С. Орыс халқының салт-дәстүрлері. //Ұлағат. – Алматы, 1996.

Түйіндеме

Президенттің жастардың алдына қойған мақсаты - бейбіт өмірде келелі мақсаттарға қол жеткізуде білім беру, салауатты өмір салтымен кәсіби жетістіктерге жету үшін тырысу.

Умение жить рационально с акцентом на достижение реальных целей, с акцентом на образование, здоровый образ жизни и профессиональный успех – это и есть цель поставленная Президентом нам – молодому поколению и мы должны постараться этому следовать.

Ability to live rationally with an emphasis on achieving real goals, with an emphasis on education, a healthy lifestyle and professional success - this is the goal set by the President to us - the younger generation and we must try to follow it.

АЛАШ ПАРТИЯСЫНЫҢ ӨМІРШЕҢ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ.

Әбідос Р. Ә.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің I курс студенті

Тарих, археология және этнология факультеті.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент

Қозғамбаева Г. Б.

Алматы қаласы

Біз, дүние жүзі мойындап, қадір тұтқан қос әулие Қожа Ахмет Йасауи мен Қорқыт баба, күллі қазақтардың басын, жерін қосып, Қазақ хандығының негізін қалаған Керей мен Жәнібек, ел бірлігі мен ынтымақтастығы үшін белін шешпей, ат үстінде елін қорғаған Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай батырлар, халықтың қайрат-жігерін үстеп дем берген орақ ауыз, от тілді шешендер Әйтеке, Төле, Қазыбек билер, ел мұқтажын жырлаған алдаспан ақындар Бұқар, Махамбет, Үмбетей, отаршылдыққа қарсы күрес бастаған қамал бұзар батырлар Есет, Кенесары, Жанқожа, ел тәуелсіздігі үшін күрескен алаш ардақтылары Әлихан, Ахмет, Мағжан, күллі қазақ мақтанышы, біртуар ұлы Мұстафа Шоқай сынды ата-бабаларымыздың ұрпақтары ретінде, біз Қазақстан халқы тәуелсіз мемлекетіміздің қол жеткізген табыстарын шын ниетімізбен бағалай отырып, тәуелсіздіктің тағылымды тарихын естен шығармай, оны қастерлеуге, көздің қарашығындай сақтауға мүдделіміз. Сонымен қатар, біз ұлтымыздың тарихын, мәдени құндылықтарын күндіз-түні тынбай жаза беруіміз керек.

Көшбасшымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты халықтан қызу қолдау тапқан кешегі тұғырнамасын ширек ғасырды артқа тастаған Тәуелсіз Қазақстанның жаһандану дәуіріндегі рухани кеңістігіміздің жаңа бастауы деп бағалауымыз керек. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бұл мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Онда ел Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас

Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі.

Қазақстан Республикасында қазіргі таңдағы ең өзекті мәселе бақытымыз баянды, тәуелсіздігіміз ғұмырлы болуына орай, тарихтан тағылым алған, ұлттық руханият қайнарынан қанып ішкен жас буын-жас ұрпақты тәрбиелеу мәңгілігіміздің мәңгілік мәселесі болып табылады. Бұл ретте тарих тағылымын санада жаңғырта отырып, ұрпақтар сабақтастығын қалпына келтіру үрдісі өзекті сипатқа ие. Ұрпақтар сабақтастығы ең бірінші кезекте кешегі «Алаш» ұранды ұлт зиялыларының қазақ мемлекеттігін қалпына келтірудегі тарихи ерен еңбегін бүгінгі отандық тәлім-тәрбие өзегіне айналдыру деп білеміз. Бізге отаншыл терең білімді зияткер жастар керек. Ал, олардың бойтұмар етіп ұстанар тұлғалары Алаш ұранды арыстар идеясы болса, туған отанымыз — Қазақстанның рухани және экономикалық өркендеуі жаңа сапалы өреге шығарына сенімдіміз.

Біздер үлгі-өнеге алатын алдыңғы толқын ағалардың кешегі тоталитарлық жүйе қысымындағы азаматтық ерліктері, елдік жолындағы қызметтері өшпес өнеге. Әлемдік империалистік мемлекеттердің қулық ойларын алыстан түсінген, зиялы қауым өкілдері қазақ халқын оқу оқып, білім іздеуге, өнер үйренуге бір сөзбен — көкірегі ояу, көзі ашық болуға шақырды. Ұлт зиялылары мұсылманшыл түркі жәдитшілігімен толық сабақтастық таба білді. Ойларын іске асыру үшін, жеке партия және оның өз органы —

газет, журналы болды. Әр партияның мүшелері, ұлт зиялылары пікірлері әр түрлі болғанымен, бәрінің алдына қойған көксеген ой — арманы мен мақсаты біреу-ақ — егеменді ел болып, тәуелсіздікке жету. Солардың ішінен айрықша көзге түскені Алаш партиясы болды. «Алаш» партиясы 1917 жылы 21–26 шілдеде Орынбор қаласында Жалпықазақтың съезінде құрылды. «Алаш мұрасы» сериясын жарыққа шығарушы авторлар ұжымы «Алаш» терминіне: «Алаш (ежелгі түрік сөзі — бауырластар, қандастар, туыстар) — көне заманда, түркі халықтары бөліне қоймаған қауым кезінде дүниеге келген ұғым.

Орта ғасырлық және одан ерте кезеңдегі деректерде қазақтың өз алдына ел болып хандық құрғанға дейінгі ежелгі тайпалардың ортақ атауы. «Алаш» сөзі қазақ атауының баламасы ретінде берілген. «Атамыз — Алаш, керегеміз — ағаш» деген қазақ халқы ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресінде ежелгі «Алаш» ұғымына қайта оралып, оны бостандық пен бірліктің ұраны етіп алды. Соның дәлелі ретінде «Алаш қозғалысы», «Алашорда», «Алаш» деген ұғымдарды атауға болады. «Алаш азаматы» деу қазақ халқының ауыз бірлігіне, елдің, жердің тұтастығына мегзейді», — деген анықтама береді(1). Ата-баба арманы үзілмей жеткен Алаш ұранды ел тұтқаларының дала даналарының елдік идеясын ХХ ғасыр басында Алаш қайраткерлері дамытты. Оның да өзіндік заңдылықтары бар, «Мәңгілік ел» идеясы қазақтың киелі жері Алтайда көтерілді. Алаштанудың негізін қалаушылардың бірі, ғалым Мәмбет Қойгелді: «Алаш идеясы бұл қазақ халқының күнделікті тыныс-тіршілігінен бастау алады» деп ой түйіп, Алаш идеясының қайнарын: «Алаш идеясы бұл белгілі бір топтың еркімен өмірге келе салған жасанды, сондықтан да өткінші құбылыс емес. Ол ұлтпен бірге өмір сүретін, ұлт өмірінен тамыр алған құндылықтар жиынтығы, яғни ол қазақ ұлтының түрлі тарихи кезеңдерде өмірлік мүддесін білдіріп отыратын манифест бағдарлама. Алаш идеясын өмірден біржола ығыстырып тастауға көп күш жұмсаған кеңестік билік өмірден кете салысымен Алаш идеясының қайта жаңғырып, жаңадан күш алуы оның өміршеңдік сипатын анықтайды» деген жолдардан тарихи сабақтастықтың үзілмегенін көреміз(2). Төлепберген Болатбек Алаш идеясын ХХ ғ. басында ту етіп ұстағандар мен жалғастырушылар хақында: «Мұқым Алашқа ұран болған Алаш идеясы — ақыл тоқтатқан аға буынның бастауымен ерте есейген жас ұрпақтың жалғастыруымен тағылымы бүгінге сабақ боларлық салмақты да жасампаз идея», — деп ой қорытады(3).

Әлихан Бөкейханов орыс газеттеріне қазақтарды жоюды мақсат еткен патша үкіметіне ашық түрде мақалалар жазса, Міржақып Дулатұлы «Оян, қазақ!» деп ұран салады. Ал, Ахмет Байтұрсынұлы өз кезегінде халықтың санасына әсер ету үшін маса болып ызындайды. Бұл үшеуі, әсіресе, сөз өнерін халықтың санасын оятудың, қоғам көшін алға бастаудың бірден-бір күшті құралы деп санаған ағартушылық жағынан үндес. Ахмет Байтұрсынұлы 1911 жылы «Айқап» журналының № 2 санында жарияланған «Қазақ өкпесі» деген мақаласында “Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты” дей келіп, ел мен елді, ұлт пен ұлтты теңгеретін ғылым, өнер екенін айтып, оқуға, ағартушылыққа ден қояды. Міржақып Дулатұлы «...әр халықтың күші өнер болса, ол өнерге біз – қазақтар да ортақ болсақ керек. Сол үшін мұсылманша ғылымдар оқып, дінімізді танып, надандардың көзін, көңілін ашып, мұнымен әрекеттік пайдамызды табайық! ...Екінші, дүниемізде қажетті ақымызды алып, жерімізді, малымызды сақтау үшін, орысша оқып өнерлі болалық» деп өнер тауып, ел болудың жолы орыс тіліне, орыс тіліндегі ғылымға, сөз өнеріне байланысты екенін айтқан. Ал Әлихан Бөкейханов болса, қазақты Ресейден бөлуді мақсат етпеген, керісінше, Ресеймен біріге отырып, қазақ халқының ғылыми-экономикалық, саяси тұрғыдан өсіп-өркендеуіне қол жеткізуді ойлады.(8) Бұдан біз үш арысымыз қараңғылық пен надандықтың шырмауында отырған халқына білім мен мәдениет керек екенін ұғып, елдің тұрмысын, мәдениетін, білімін көтеруді мақсат тұтқанын білеміз.

К.Нүрпейісов "Алашқа" әдеттегі таптық партияға ауысу" кезеңін бастан кешірген өтпелі жалпыұлттық саяси ұйым" деген баға берді(6,7). Т.Кәкішев "Алаш" құрылған 1917 жылы шілде айында оның нағыз саяси партияға тән қабылданған жарғысы мен бағдарламасы болмағандығын, ресми басқару органдарының сайланбағанын айта келіп, оны шын мәніндегі саяси партия ретінде қалыптасып үлгермеген ұйым деп бағалады.

М.Қойгелдиев пен Т.Омарбеков "Алаш" қайраткерлерінің негізгі мақсаттары қазақ елін отарлық езгіден азат ету және қазақ қоғамын ортағасырлық мешеуліктен өркениетті әлеуметтік-экономикалық, мәдени даму жолына алып шығу болғандықтан, "Алаш" партиясын "Ұлттық-демократиялық партия" деп атады.

М.Қойгелдиевтің тұжырымы бойынша — "сол тарихи кезеңде қазақ қоғамына терең дағдарыстан өркениетті жолға шығу үшін, тарихи тәжірибе көрсеткендей, большевиктер ұсынған жол анағұрлым тиімді және азабы кем еді. Себебі алаштық интеллигенция ұсынған жол қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін революциялық әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды эволюциялық жолмен, басқа өркениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі жетілдіре түсуді көздеді.(1)

Қазіргі таным тарихында кеңестік саясатқа ұлттық тұрғыдан баға берген академик Манаш Қозыбаев "Кеңестік Орталық пен большевизм жүргізген геноцид-отаршылдық шыңы болды"(4) десе, кешегі КСРО-ның құлауы туралы академик Тұяқбай Рысбеков "КСРО-ның құлауы заңды құбылыс. Өйткені оны қорғайтын қоғамы орнатылмаған болатын"(5), деп ой қорытуы негізсіз еместі. Осы орайда ұлт зиялыларын зерттеп жүрген белгілі тарихшы Мәмбет Қойгелдиевтің "Алаш өкілдерінің осы аралықтағы ұстанған позициясы мен көздеген мақсаты біреу, ол мақсат қазақ қоғамын ояту, халқын, жұртын тәуелсіздікке үндеу болатын"(1) деген тұжырымы да орынды.

«Алаш» партиясы – ұлттық мүдде үшін құрылған партия. Оның негізін қалаған ұлт зиялыларының мақсаты бір арнада тоғысып, бір-бірімен үндестік тапқан. Сондықтан олардың бастаған ісі өз жемісін берді. «Алаш» партиясының құрылуына себепкер болған Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы сынды дара тұлғаларымыздың өздерінің басына қауіп төнгенін біле тұра осыншама істі қолға алғандары бір жағынан ерлік болса, екіншіден, ұлтын шын сүйгендіктен деп білемін. Халқы үшін жанын құрбан еткен ардақтыларымызды құрметтеу, олардың өмірін зерделеу, істерін жалғастыру – ұлтым деп жүрегі соққан әрбір қазақ азаматының міндеті.

Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер:

1. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы: Көмекші оқу құралы. — Алматы: Санат, 1995. - 368 б.
2. Алаш. Алашорда. Энциклопедия / Құраст. Ғ.Әнес, С.Смағұлова. — Алматы: Арыс, 2009. — 28,29-б.
3. Төлепберген Б. Мәңгі жас Алаш идеясы: Публицистикалық зерттеулер мен мақалалар. — Алматы: Алматы баспа үйі, 2008. — 304 б.
4. Қозыбаев М. Ата тарихы туралы сыр. —А., 1993. — 41 б.
5. Рысбеков Т. Алашорда.//Орал өңірі. № 244. 1997. — 3 б.
6. Нүрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. — 22 б.
7. Нүрпейісов К. Алаш қозғалысы. —305 б.
8. Қойгелдиев М. Әлихан Бөкейханов. Шығармалар. А.Қазақстан,1994. — 86 б

Түйіндеме

Ұлттық мүдде үшін құрылған «Алаш» партиясының негізін қалаған ұлт зиялыларының бір арнада тоғысқан арман-мақсаттары бір-бірімен үндесіп, бастаған істерінің жемісін берді. Сол ардақтыларымызды құрметтеу, олардың өмірін зерделеп, істерін жалғастыру әр жас азаматтың міндеті екендігін көрсетеді.

В статье рассмотрены пути возобновления политической и духовной работы лозунгов Алаша на основе преемственности жизнеспособных идей партии Алаш, созданной в советское время в начале XX века представителями духовного возрождения казахского народа. Идея Алаша, поднятая на национальном уровне, была определена как законное продолжение борьбы под руководством Аблай-хана и его славного внука Кенесара-хана, который сыграл роль в формировании суверенитета, независимости и целостности страны.

The article deals with the ways in which the political and spiritual work of the Alash nationalist ideals in the history of renewal in historical consciousness has been restored in the historical consciousness, based on the continuity of the viable ideas of the Alash Party, created in the Soviet era in spiritual revival in the early twentieth century. The Alash idea, raised to the national level, was defined as the legitimate continuation of the struggle led by Abylai Khan and his glorious grandson, Kenesary Khan, who built the country's sovereignty, independence and integrity.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ КӨРІНІСТЕРІ

Калкабаева Т. А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің І курс студенті
Тарих, археология және этнология факультеті

Ғылыми жетекші: т.ғ.к., доцент

Қозғамбаева Г. Б.

Алматы қаласы

Рухани жаңғыру – бұл қазақ елінің кемелдеп дамуының бір көрінісі, болашақта табысты ел болуымыздың кепілі, елбасымыздың елге серпін берер бастамасы. Аталмыш бағдарлама еліміздің нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Қарап отырсам «Рухани жаңғыру» бағдарламасында ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айрылып қалмай, ұлттық құндылықтарымызды әлемдік құндылықтармен үйлестіру жолдары басты назарға қойылған. Елбасымыз айтқандай: «Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Мен жыл басындағы халыққа Жолдауымда Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғанын жарияладым. Рухани жаңғыру тек бүгін басталатын жұмыс емес. Біз Тәуелсіздік кезеңінде бұл бағытта бірнеше ауқымды іс атқардық.» Яғни, елбасымыз Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, біртұтас ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөлісті.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында тарихтың өткеніне көз жүгіртіп, жаңа тарихи кезеңдерге жан-жақты баға бере отырып, рухани жаңғыру арқылы болашаққа деген өзінің парасатты пікірлері мен көзқарасын білдірді. «Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр... Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы», -деп ел келешегіне үміт артады.

Елбасымыз рухани жаңғырудың 6 бағытын айқындап көрсеткен еді. Осы орайда біз рухани жаңғыру көріністерін Әлихан Бөкейханов сынды Алаш қайраткерлерінің еңбектерінен кездестіре аламыз.

Белгілі тарихшы Қойгелдиев Мәмбет Құлжабайұлы: "Әлихан Нұрмұхамедұлының, ол бастаған буын ұстанымындағы бүгінгі қазақ қоғамы үшін ең басты құндылық деп нені айтамыз? Басқаша айтқанда, бүгінгі қазақ Алаш деп езіле еске алғанда оның санасында не тұрады? Ол, әрине, алаштық зиялылардың қазақ қоғамына байланысты реформаторлық ұстанымы, қазақ қоғамында заман сұранысына лайық түбегейлі өзгерістер жүргізу әрекеті еді. Яғни, XX ғасырдың басындағы алаштық ұлттық зиялылар буыны – ұлт тарихындағы алғашқы реформаторлар буыны болатын. "

Әлихан алты алашын ру-руға не жүзге, бай не кедейге, білімді не надан, текті не қарадан деп жік-жікке бөлген емес. Ол қазақты бір ұлт деп көргісі келді, соған жетеледі. Қазақтың мәдени қайта өрлеуі мен ұлттық бірегейлігінің идеологиясы, ұраны, туы ретінде Әлихан ұсынған «Алаш» идеясы зор нәтижеге, жеңіске жеткізді. Бұл идея оның ойында көптен бері жүрді. Мысалға, «Қазақтар» очеркінде ол «Алаш - миф болса дағы қазақтың ортақ атасы» деп жазса, 1913 жылы «Қазақ» газетінде: «Шыңғыс хан бүкіл мемлекетін төрт баласына бөліп бергенде, Дешті Қыпшақты, Сібірдің күнбатыс жағын, осы күнгі Сарыарқаны, Еділ-Жайық өлкесін үлкен баласы Жошыға беріп еді. Ол күнде Жошы ұлысына қараған алты рулы ел бар еді. Сол алты рудың һәр қайсысына бөлек Шыңғыс алты ұран береді: һәр руға өзіне бөлек таңба, ағаш, қос береді. Сол күнде бүкіл Жошы ұлысының ұраны «Алаш» болыпты. Жошы ұлысында алты ру болғандықтан «алты алаш» болады. «Алаш» деген сөздің лұғат мағынасы: «отан кісісі» («отечественник») деген сөз болады деген еді.

Әлихан қара басының қамын ойлаған жоқ, туған халқының қамын ойлап, белін бекем байлап, ел үшін еңбек ету жолына түсті. Жазушы, ғалым Тұрсын Жұртбай Әлихан Бөкейхановтың үш түрлі мінезін ерекше атап өтуге болады дейді. - Біріншісі оның турашылдығы. Екіншісі болмысынан алдына келген жанның мысын басатын өзгеше жаратылыс иесі екендігі. Бұл жайлы Әлкей Марғұлан, Қалижан Бекхожин, Ғалым Ахмедов, Мариям Мұқанова, Валентина Николаевна Әуезова естеліктерінде ашық жазған. Тіпті тұтқындауға келген Мәскеудің үлкен лауазымды тергеушілерінің өзі тұтқындайтын кезде артық мінез көрсете алмаған.

Әлихан Бөкейхановтың саяси көзқарасының қалыптасуына ықпал еткен бірнеше факторларды атап өтуге болады. Яғни, жастайынан ауыл молдасынан хат танып Абай және қазақ ақын-жыраулар мектебінің ықпалы, сонымен қатар есейе келе еркіндік пен теңдікті жоғары бағалаған ортада өсуі ұлтжанды қайраткер болып қалыптасуына тікелей ықпал етті деп білемін. XIX ғасырдың соңында Ресей империясының шет аймақтарының өзі саясаттан тыс қалған жоқ. XIX ғасырдың 80-жылдары Ә.Бөкейханов ірі саяси орталықтардың бірі Омбы қаласындағы техникалық училищеде оқыды. Шын саясатты түсініп, оның қыр-сырына үңілуге Санкт-Петербургтегі орман-техникалық институтында оқып жүрген жылдары мүмкін болды. Себебі студенттік жылдарында ол қызу айтыстарға қатысып, өз ойын айқын бейнелеуге машықтанды. «Казахи о русских до 1917 года» кітабында Әлихан Нұрмұхамедұлын «Во время разгара споров о

марксизме очень энергично отстаивал тезисы экономического материализма»-деп көрсетеді.

Жас Әлиханнның ұстанған позициясы негізінен демократиялық еркіндікті, пікір бостандығына негізделген барынша либералды ұстаным болатын. Оны мына жайттан байқауымызға болады, яғни жалпы қазақ съезін шақыруға байланысты өз пікірін айтып бірнеше мақала жариялауы. Оны мен солын таразыға салып, Ә.Бөкейхан жалпы ұлттық дәрежеде съезд өткізуге жағдай туып тұрғанын айтты. А.Байтұрсынов пен Ж.Сейдалиннің «қазақ тілі хукіметтің құлағына тимей жатыр, хукімет қазақтың мұңын білмей жатыр» деген пікіріне қарсы шығып «Олай ойлау қате. Керегін қазақтың өзі қандай білсе, хукімет һәм сондай біледі, қазақтың тілегін хукімет бермей тұрса, білмегеннен емес, беруші мен алушының есебі тура келмегеннен..» деген еді. Семипалатинский листок газетінің 1905 жылы 5 маусымдағы санында Ә.Бөкейханның жеке кәсіби ерекшелігіне былайша баға берген болатын.

«XX ғасырдың басындағы басқа қазақ қаламгерлеріне қарағанда Ә.Бөкейхановтың бір ерекшелігі оның арнаулы еуропалық білімі бар, эрудициясы мол, мәселені ерекше кең қоя алады, дүниежүзілік тарихтан мысал алуға жүйрік, ұлттық мәселені Ресей империясы көлеміндегі жағдайлармен сабақтастыра қарайды. Кез-келген патша хукіметінің чиновнігімен, генерал-губернаторымен, шовинист депутаттарымен, кеудемсоқ кейбір қазақ оқығандарымен тең дәрежеде сөйлесе алады. Бұл тұжырымымызды Ә.Бөкейханның «Үшінші Дума һәм қазақ», «Төртінші Дума һәм қазақ» мақалаларынан толықтай аңғаруға болады» деп сипаттаған болатын.

Рухани жаңғырудың «прагматизм» бағытының көріністері «Бұрынғыдан қалған жақсы мұра» шығармасында бейнеленген. Шығармаға тоқталмас бұрын, жалпы прагматизм деген не екенін айқындап алу шарт. «Прагматизм» бұл – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Шығармада қазақ халқының бір жақсы мұрасы «жылу» делінген. Бір нәрседен зиян тауып қалғандарға беретін осы жақсы әдеттің қашан шыққаны белгісіз. Осы күнде өзгеріп кетті, қазақ халқының не әдеті өзгермеді? Қазақ халқының бір көңілді көтеретін әдеті – қонақ күтуі де жылдан жылға бұрынғыдай болмай барады. Бұрын қонақтарды таңдамай қалдырады екен, тек жолаушымен болса. Осы күнде қонақтарды таңдап сыйлайды. Жақсыларды, күміс ер тоқымдыларды, бөлек атшы алып жүргендерді қондырады. Бұрынғы уақытта жолаушы кез-келген үйге түсуші еді. Үй иесі кедей болса да тамақ тауып беруге, сол қайдан ұрлап алса да, сыйлап, содан соі иесіне төлеп береді екен. «Жылу» да мейлінше жөнсіз болып кетті. Бұрын зиян көріп қалғандарға көмекті ықыластарымен береді екен: қулық-зұлымдықы ойламай. Жақындарын аяғаннан осылары мейлінше жақсы әдет еді. Осы күнде көмек бергізген пара берушідей болып кетті. Аталарыңнан қалған жол-көмекті солай берсін деді ме, аталарыңның жолы осылайма!? Сендерге не айтайын: тек аталарыңа тие берсін! Бірақ, халықты сол сияқты қор қыласыңдар!-, деген ойымен ұлттық сананың қаңырап бара жатқандығы жайлы күйіне айтады. Прагматизм бағыты осы негізде ерекше көрініс береді.

Білімнің салтанат құруы бөлімі ұлт кеменгерінің «Білім күші» еңбегінде: «Өткен дүние соғысында білім жеңді. Мұны көре тұра енді біліммен соғысқа білгіштер тағы қару іздеді. «Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?» дейтін қазақ. Бәрінен білім жүйрік.

Бұрын болмаған алысқа бастан асырып ататын зеңбірек шығарды... Білімге жақсы да, жаман да жоқ. Білім алмас қанжар. Кім қолына алса, соның қолы, салып қалса, жақсы-жаманды айырмай басты алып түседі. «Адам баласы-хайуанның ең ант атқаны» деген Достоевскийдің сөзін Европа дәлелдеді білем» деген еді.

Бұдан бір ғасыр бұрын ел мүддесін, халық болашағын көксеген ұлт көсемі, ұлы қайраткер Әлихан Бөкейхановтың бағдары бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның өркениетті

елдер санатына құлаш ұрған дәуірінде шешімін табуда десек, жаза баспағанымыз. Оған кепіл бүгінгі таңда жүзеге асырылып жатқан Рухани жаңғыру, Ұлт Жоспары, Бес институттық реформа, оларды орындаудағы 100 нақты қадам. Осының негізінде тәуелсіз Қазақстан дамыған 30 елдің қатарына қосылуға нақтылы пәрменділік жасап, Әлихан Бөкейхановтың, Алаш қайраткерлерінің ұлы бағдарын жүзеге асыруға кепілдік ететініне бүгінгі ұрпақ толық сенімді.

Өткен ғасыр басындағы ұлттық экономиканың тетіктерін Алаш зиялылары қалады, алайда қазіргі Қазақстан сол Алаш арыстарының еңбектерін іс жүзінде кәдеге толығымен жаратқан жоқ. Бүгін болар, бүгін болмаса ертең, түбінде біздің Әлихан Бөкейханның әлемдік тұлға екенін өз мемлекетінің билік жүйесінен бастап барлығы еріксіз мойындайтын болады.

Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер:

1. Бөкейханов Ә. Қырғыздар. Таңдамалы шығармалары. Алматы, -1996. -68б.
2. Бөкейханов Ә. Шығармалар. -Алматы:Қазақстан, - 1994. - 270б.
3. “Алаш” партиясының программасының жобасы //Қазақ. 1917, №251
4. Әлихан Бөкейхан «Таңдамалы» шығармалар жинағы «Білім күші» 262бет
5. Әлихан Бөкейханов Шығармаларының IX томдығы II том. 15-29 беттер.
6. Әлихан Бөкейханов шығармалары.Қазақ газетіндегі мақалалар жиынтығы 178бет
7. Т.Жұртбай. Ұлт тұтастығының ұйтқылары немесе Әлихан Бөкейханов және біртұтас Алаш идеясы //Ақиқат. 2012. № 5.

Түйіндеме

Ә.Бөкейхановтың арнаулы еуропалық білімі бар, эрудициясы мол, мәселені ерекше кең қоя алады, дүниежүзілік тарихтан мысал алуға жүйрік бола отырып, ұлттық мәселені Ресей империясы көлеміндегі жағдайлармен сабақтастыра қарады. Ел мүддесін, халық болашағын көксеген ұлт көсемі, ұлы қайраткер Әлихан Бөкейхановтың бағдарын жүзеге асыруға кепілдік ететініне бүгінгі ұрпақтың толық сенімділігі көрсетілді.

В статье исследована деятельность Алихан Бөкейханова в начале XX века как продолжателя борьбы за суверинитет казахского народа и основателя национальной государственной идеи в период становления отечественной истории. Также в работе показаны основы духовного возрождения казахского народа в контексте трудов Алихана Бөкейханова.

The article says that at the beginning of the 20th century Alikhan Bөkeikhan was the continuation of the struggle for the sovereignty of the Kazakh people and the founder of the national state idea in the era of modern history. Describes the manifestations of «Spiritual Revival» in the writings of Alikhan Bөkeikhan.

XVIII-XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ АУЫЗША ТАРИХТЫҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕН

Құрманалина Н.Н.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы

Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері,
PhD доктор

Қазіргі таңда Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың өзі рухани жаңғыру үдерісінің тетіктерін іске қосуға ынталы болып, мемлекет деңгейіндегі шаралар басталып та кетті. Отандық тарихтағы рухани жаңғырудың мәні қазақ этносының өткеніндегі өзекті мәселелеріне бүгінгі заман талаптарына сай ғылыми тұрғыда сапалы зерттеу жүргізу болып саналады. Сол себепті XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақстанның қазақ халқының тарихи жадында сақталу мәселелерінің маңыздылығы елімізде қазіргі кезде қалыптасып отырған тарихи жағдайға байланысты. Тәуелсіздікке қол жеткізген тұстан бастап тарих ғылымының дамуында серпінді өзгерістер орын алды. Осыған орай, методологиялық және зерттеу әдістерінің әр алуандығы, олардың кеңеюі, жетіле түсуі тарих ғылымының саласында тың зерттеулер жүргізуге өз септігін тигізуде.

Заманауи тарихи зерттеу жұмыстарын жүргізуде, соның ішінде деректанулық зерттеулерді жасау барысында пәнаралық синтез әдістерін қолданудың маңыздылығы артып отыр. Мәселен, бұл туралы Қ.Ш. Әлімғазинотан отандық тарих ғылымының өзге гуманитарлық және де жаратылыстану білімдерімен өзара пәнаралық қатынасқа түсуі міндетін шешудегі екі бағытта: тарихи материалдарды жаңа кеңістікте қайта түйсінуге және тарихи талдау үшін басқа ғылым құрылғыларын тәжірибеде қолданумен түсіндіруге болатынын өз жұмысында орынды атап өткен [1, с. 357].

Ал профессор Б. Кенжебаев: «Тарих пен ауыз әдебиеті бір-біріне жәрдемші, бірін-бірі толықтырушы. Халықтың ауыз әдебиетін дұрыс, терең ұғыну үшін оның тарихы қандай қажет болса, тарихын дұрыс, жете, толық білу үшін ауыз әдебиеті де сондай қажет», - деп жазды [2, б. 138]. Бұл тұста тарих пен ауыз әдебиетін зерттеумен тікелей айналысатын әдебиет ғылымының өзара байланысы басым екендігіне орынды назар салынған.

Деректанушы Қ. Атабаев ауыз әдебиетіне баға бергенде фольклордың әр түрлі тарихи дерек көздері арасында қазақ халқының өткен өмірін бейнелеу жағынан теңдесі жоқ деректер тобын құрайтынын алға тартқан [3, б. 93]. Өйткені олардың ешбірі себепсіз дүниеге келмеген, белгілі бір туынды нақты бір оқиға немесе қоғамдық құбылыс негізінде пайда болып отырады. Ал бұл шығармаларды зерттеумен негізінен филологтар, әдебиетшілер айналысатыны белгілі. Сондықтан тарихтың өзге ғылымдармен қатар әдебиетпен өзара қатынасы тығыз екендігі даусыз, әсіресе дерек ретінде фольклормен жұмыс жасайтын тарихшылар, деректанушылар үшін.

Жоғарыдағы ғалымдар тарапынан айтылған ой-пікірлер зерттеу мәселесінің өзектілігіне нақты дәлел бола алады. Сондықтан пәнаралық зерттеу әдісіне басымдық бере отырып, ауызша тарих деректерінің қазақ тарихын зерттеудегі өзіндік мазмұнына назар салып, оның ғылыми-тарихи әлеуетін көрсете білу маңызды. Әсіресе XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ этносының өткені туралы сыр шертетін, қазақ халқының тарихи жадында сақталған туындылардың орны ерекше болып табылады. Өйткені еліміздің тарихи дамуы бойынша әкімшілік құжаттар секілді өзге жазба материалдарға тарихи зерттеулердегі дәстүрлі әрі құнды дерек көзі түрінде басымдық көп беріліп келді. Ал ауызша тарихтың ерекше төл дерек ретінде қолданылу мәселелері лайықты дәрежеде әлі шешілмегенін айтуға болады.

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы қазақ жазба шежіресі дәстүрінің жазбаша-библиографиялық нысанға көшуі М. Ж. Көбеев, Ш. Құдайбердиев, Н. Наушабаев, Қ. Халид, М. Тынышбаев, Ә. Бөкейханов сияқты ғалымдардың

шығармашылық қызметі арқасында жүзеге асты деп көрсетуге болады. Жоғарыда есімдері аталып, еңбектері еленген ғалымдар өз еркімен қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, жариялау, зерттеу ісімен айналысты. Ал кеңес үкіметі орнаған тұстан бастап өлкені зерттей түсу мақсатында ғылыми ұйымдар құрылып, ендігі жерде зерттеушілер осы мекеме арқылы жұмыстарын жалғастыра түсті. 1934-1935 жж. Орал облысының Жәнібек, Орда аудандарына, Павлодар облысының Баянауыл ауданына экспедиция, 1939 ж. Гурьев экспедициясы, 1940 ж. Арал экспедициясы жасалды. 1946 ж. Қазақ ССР Ғылым академиясы құрылғаннан бастап Тіл және әдебиет институты Көкшетау, Қостанай, Ақмола, Таулы Алтай, Зайсан жерлеріне экспедиция ұйымдастырылды. 1950 ж. бастап Тіл және әдебиет институты, 1961 ж. бастап М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мәскеу, Ленинград, Қазан, Орынбор, Омбы, Томск, Уфа қалаларындағы архивтер мен қолжазба қорларында ғылыми жұмыстар жасады. Нәтижесінде фольклор үлгілері жинастырылды [4, б. 5-7]. Олардың арасында XVIII-XIX ғғ. тарихы бойынша қазақ халқының көзқарасын білдіретін ел жадынан шыққан туындылар да қамтылған.

Ауызша тарих шығармаларының тарихилығы мәселелерін зерттеуде де әдебиетші ғалымдарымыз өз үлестерін қосты. Мысалы, Ж. Тілеповтың «Қазақ поэзиясының тарихилығы (XVIII-XIX ғасырлар материалдары негізінде)» атты еңбегі XVIII-XIX ғасырлардың бас кезіндегі қазақ ақын-жыраулары мұрасындағы белгілі тарихи оқиғалар көрінісін саралауға арнаған. Еңбекте Бұқар, Үмбетей, Ақтамберді, Шал, Мұсабай, Махамбет, Абай, Мұрат, Шортанбай, Нарманбет, М. Көпеев, Ы. Шөреков, Ғ. Қараш т.б. сөз зергерлері шығармаларындағы қазақ жасақтарының халық тәуелсіздігі үшін жат жұрттық басқыншылармен күресі, көшпенділік мәселелері, Қазақстанның Ресейге қосылу себептері, патша үкіметінің отаршылдық саясаты, отарлық және феодалдық қанауға қарсы ұлт-азаттық көтерілістері соны да нақты әдеби, тарихи деректер негізінде талданады [5].

Фольклорды халқымыздың асыл мұрасы ретінде жинау, жүйелеу және жариялау істерімен өз заманында Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, В. Радлов, Г. Потанин, Ә. Диваев т.б. айналысты. Фольклор жинау ісі кеңестік кезеңде де жалғастырылды. Нәтижесінде ҚР ҰҒА Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қоры мен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының текстология және қолжазба бөлімінде фольклордың мол қоры жинақталды. Соған байланысты аталған институт жанынан 1989 ж. қазақ қолжазбаларының ғылыми орталығы құрылды.

Кеңес үкіметі жылдарында М. Әуезов, Р. Бердібаев, М. Ғабдуллин, В. Жирмунский, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, С. Қасқабасов, Ә. Марғұлан, С. Мұқанов, Н. Смирнова, С. Сейфуллин, Л. Соболев, Е. Тұрсынов, Б. Уахатов, Е. Ысмайлов т.б. өз еңбектерінде фольклорды дерек көздері ретінде қарастыруға және пайдалануға мүмкіндік беретін әр түрлі деректанулық ойлар айтты [2, б. 139, 142]. Есімі аталған ғалымдардың зерттеу тақырыбына қатысты қосқан үлестерін жекелей қарастыру орынды. Кеңестік кезеңде де әдеби мұраны зерттеу жөніндегі еңбектерді Ә. Марғұлан, Х. Сүйіншалиев, Ә. Жолдасбеков, М. Мағауин сынды т.б. зерттеушілер жазды. Қазақ ауыз әдебиетін жинап бастыруда және қазақ фольклористикасын дамытуда М. Әуезов, С. Мұқанов, Ә. Марғұлан, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, Е. Ысмайылов, М. Ғабдуллин, М. Сильченко, Н. Смирнова сияқты ғалымдардың да еңбектері үлкен [6, б. 7-11].

Қазақ тарихын қазіргі күні дәстүрлі ауызша тарих негізінде зерттеп жүргендердің қатарында Р. Айтбаева, М. Алпысбес, Г.С. Жүгенбаева, М. Қойгелдиев, М. Мағауин, С. Мұқанов, А. Сейдімбек сияқты авторларды атауға болады.

Ауызша тарихтың әлеуетін жақсы бағамдап көрсетіп жүрген тарихшы-ғалымдарымыз бар. Олардың сөзімен келтірсек: «Қазақ – өте бай тарих айту дәстүрі бар ел. Көшпелі өмір салты басымдық алған қоғамда тарих айту дәстүрі белгілі дәрежеде отырықшы елдердегі мұрағат пен кітапхана міндетін атқарды. Халықтың рухани құндылықтары ұрпақтан-ұрпаққа осы негізде және арнада жетіп, ұласып отырды» [7, б.

4]. Бұдан қазақ этносының, әсіресе XVIII-XIX ғғ. тарихи жады шығармаларын деректанулық талдаудың маңыздылығы, ол туындылардың көтеретін жүгінің ауырлығы айқан көрініп тұр. Ал бұл шығармалардың хатқа түсіп, бүгінгі күнге дейін жетуіне төңкеріске дейінгі зерттеушілердің еңбегі сіңді. Сондай-ақ халық ауыз үлгілерінің негізгі қатарының жинақталуы кеңестік заман кезінде де жүргізілді. Қазіргі күнде де ауызша тарих туындыларын жинақтау, жариялау және зерттеу жұмыстары жалғасып келеді. Ендігі кезекте бар дүниемізге, әсіресе зерттеу жүргізуді күшейте түсу қажет.

Жалпы, тарихи тұлғаларға, өзекті оқиғаларға байланысты шығармалардың алғашқы үлгілерінен бастап ауызша тарап, бүгінгі ұрпаққа әр түрлі қалыпта жеткендіктен, оларды жинау, жүйелеу, жариялау, әсіресе тарихи тұрғыда зерттеу үдерісінде күрделі мәселелер баршылық. Дегенмен империя және Кеңес одағы құрамында болған кезеңмен салыстырғанда бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жағдайында ол істерді жүзеге асыруға мүмкіншіліктер мол. Әйтсе де қазірдің өзінде ауызша тарих деректері, әсіресе XVIII-XIX ғғ. қазақ тарихымен айналысатын тарихшы зерттеушілердің еңбектерінде толығымен қамтылып, зерттеу назарына ілігуіне көңіл толмайды. Оның үстіне XVIII-XIX ғғ. қалыптасқан төл деректерімізді тек тарих ғылымында ғана емес, сондай-ақ деректану, тарихнама, фольклористика, яғни әдебиетшілер мен тіл мамандары, этнографтардың да зерттеу объектісі ретінде жан-жақты қарастырылуы өте маңызды. Сондықтан бұндай мәселелер болашақта әлі өз зерттеушілерін күтеді

Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер:

1. Алимгазинов К.Ш. Электронные источники по современной истории Казахстана: методология и методика анализа. – Алматы: ИП «Веретельный», 2011. – 390 с.
2. Атабаев Қ.М., Тасилова Н.А., Толамисов А.Ф. Деректану пәнін оқыту методикасы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2011. – 301 б.
3. Атабаев Қ. Деректану. Екінші басылым. – Алматы: «Қазақ университеті», 2007. – 272 б.
4. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. – Алматы: «Ғылым», 1981. – Т. 3. – 220 б.
5. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. – Алматы: «Ғылым», 1975. – Т. 1. – 352 б.
6. Айтылған тарих: оқу құралы / Қойгелдиев М.Қ., Нұртазина Н.Д., Жангуттин Б.О. т.б. – Алматы: Қаратау КБ, Дәстүр, 2015. – 240 б.
7. Қазақ фольклорының тарихилығы. – Алматы: «Ғылым», 1993. – 328 б.

Түйіндеме

Мақала XVIII-XIX ғғ. оқиғаларын халық жады бойынша зерттеу мәселелеріне арналған. Халықтың тарихи жадын зерттеудегі кейбір тарихнамалық аспектілер қарастырылады. Автор ауызша тарихтың тарих, деректану, тарихнама, фольклористика және этнография сияқты ғылым салаларының объектісі ретінде зерттелу әлеуетіне көңіл аударады.

Статья посвящена вопросам изучения народной памяти по событиям XVIII-XIX вв. Рассматриваются некоторые историографические моменты исследования исторической памяти народа. Автор уделяет внимание потенциалу устной истории как объекта исследования исторической науки, источниковедения, историографии, фольклористики и этнографии.

Article is devoted to questions of studying of national memory about events of the 18-19th centuries. Some historiographical moments of a research of historical memory of the people are considered. Author pays attention to a potential of oral history as a subject of a research for historical science, source study, historiography, folklore studies and ethnography.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ - ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТАРИХИ НЕГІЗІ

Алдыбекова М. К.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
тарих, археология және этнология факультетінің
3-курс студенті
Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Н.А. Тасилова.

Елбасымыз жыл басында халыққа арнаған жолдауында Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғанын жариялаған еді. 12 сәуірде «Егемен Қазақстан» газетінде Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жарық көрді. Елбасының бағдарламалық мақаласы – бұл, ең әуелі ХХІ ғасырда шынайы өмірде ұлттық сананы айқындайтын және қоғамдық сананы өзгерту жолдарының жалпы бағыттарын белгілейтін дүниетанымдық-идеологиялық мақала. Оның мақсаты ойды жинақтау, өзіңді өзгерту және өзгеріп отырған жағдайларға қарай бейімделе отырып, жаңа дәуірдің ұсынып отырған нәрселерінің ішінен ең жақсысын алу. Қазақстанның экономикалық және саяси жаңару үдерістерінен табысты өту үшін, мықты және жауапты адамдардан құралған біртұтас ұлт болып қалыптасу.

Сонымен бірге мемлекет басшысы қазақтың ежелгі «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» қағидасын мықтап ұстануға шақырады: «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек».

Мақаласында Президент жалпы қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағыттарын бөлім көрсетеді. Жалпы Мақала кіріспеден, «ХХ ғасырдағы ұлттық сана туралы», «Таяу жылдардағы міндеттер» атты екі негізгі тараудан және қорытындыдан тұрады.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының өзегі – ұлттық сана, ұлттық рух болып табылады. Елбасымыздың мақаласындағы «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді.

Ұлттық сана-сезім, ұлттық патриотизм әр адамды, әр халықты ұлттық ойлау қабілеті, ұлттық әдет-ғұрып, ұлттық салт-дәстүр қоршауында сақтайтын негізгі рухани байлық. Ал сол ұлттық сананың негізі – тарихи таным, тарихи сана-сезім болып табылады. Тарих-тәрбиеші, ұлттың бағдаршамы, жол сілтеушісі. Бағдары жоқ ел де, оның азаматтары да тарих айдынында компассыз жүргендермен тең. Өз заманында Ә.Бөкейханов: «Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынан өзі де жоғалуға бейім тұрады... Дүниеде өзге жұрттар қатарында қор болмайын, тұқымым құрып қалмасын деген халық өзінің шежіресін имани дәрежесінде ұғып білуге тиіс болады» деп жазып қалдырған. Сондықтан да Ә.Бөкейханов бастаған Алаш азаматтары қазақ болмысын айқындайтын рухани құндылықтарға ерекше көңіл бөліп, ұлт тарихын, ұлттық сананы қалыптастыратын, бір ізге түсіретін істерге ерекше назар аударды. Алайда, Кеңес өкіметі ұстанған саясат Алаш азаматтарының бұл ойын

жүзеге асыртпады. Өйткені, ол кездегі ұстаным бойынша, аз халықтардың мемлекет субъектісі ретінде өз тарихтары болмайды, ол тек үлкен тарихтың объектісі ретінде түсіндірілді. Кеңестік қоғам өткен тарихты жоққа шығарған, өзінің дәстүрлі мәдениетін, рухани адамгершілік құндылықтарын жол жиегіне лақтырып тастап, оларды «іргелі жақсы қоғамға қарай» жүру жолында мүлдем керексіз жүк ретінде ұмытып, жаңа қоғам құруға тырысқан тәрбиенің қасіретті тағылымын ұсынды. Ескіні жою арқылы жаңаны орнату идеясының өзі- бұл өзін-өзі күйретуге жеткізетін идея, өйткені жою бұл болашаққа апарар жолды әрқашан да жауып тастайды. Ш. Айтматов сипаттаған мәңгүрттік феномені кеңестік Қазақстанға тән құбылысқа айналғандығының терең мәні бар. Мәңгүрттіктен құтылу үшін өткеннің оң тәжірибесін меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар келешек ұрпақты тәрбиелеуді тарихтың қайғылы тәлімдерінен де сабақ алу қажет. Осыған орай Елбасымыздың мақаласында «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай.

Бірақ, ұлттық кодымды сақтаймын деп бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни, болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан-анық.

Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» деп айтуы осы ойымызбен астасады

Ал ұлттық рух дегенді М.Қозыбаевтың «Өркениет және ұлт» Атты еңбегіне сүйеніп айтар болсақ: «Рух деген не? Рух–Ахмет Байтұрсыновтың анықтамасы бойынша, халықтың жаны. Аруақ, Шоқанның айтуы бойынша, ата-баба рухы. Рух–туған жер, туған ел, ана тілі, ата тарихы, ұлт менталитеті ұғымдарымен, түйіндеп айтқанда, Отанмен тағдырлас. Рух жан қара басын күйттемейді, ол ел, Отан, халық, ұлт деп толғанады. «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тауып, бар қалан», — деген девизбен өмір кешеді. «Жүктің ауырын нар көтереді, қазаның ауырын ел көтереді», — дейді халық. Оған мен қосар едім: «Отанның ауыр ісін рухы мықты ердің ері көтереді». Рухты ердің алды-жарық, рухты елдің еңсесі-биік, есесі мол. Сондықтан, қазақ ұлының рухты болғанын, қызының қылықты болғанын тілейді. Ұлы рухты болса — сүйікті, қызы қылықты болса — бақытты. Рухты жан–Азамат–Адам, рухсызы – тұғырсызы – надан».

Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» деген жан-жақты айтылған ойды жақсы біліп, оны ойға да, бойға да сіңіру керек. Міне, осы бір мақаладағы келелі сөздер біздің ұлтымыздың бірегейлікті сақтау арқылы, озық мәдениеті мен өркениеті дамыған мемлекеттермен иық тірестіруге жол ашады.

Ойымызды қорытындылайтын болсақ, Елбасының соңғы мақаласы Қазақстанда үлкен бір рухани сілкініс туғызды. Аталмыш құжат тәуелсіздікті жаңартқандай болып, қаншама рухани сұрақтарға жауап алды. Президентіміздің атап өткен басты қағидасы – Қазақстан мәдениетін әлемге таныту болып табылады. Елбасы осы мақаласы арқылы халықтың ұлттық санасын оята түсу, ұлтжандылықты дамыту, социализм дәуірінің бір сәтіндегі рухани өмірге деген «қалдық» принциптерден үзілді – кесілді бас тарту, қазақ халқының тілін мемлекеттік дәрежеге сөз жүзінде емес, іс жүзінде көтеру, парасаттылықты, имандылықты насихаттау, бірақ діни дүмшелікке халықты ұрындырмау, жаңалыққа бастау, қоғам дамуының үлкен белесіне қайта оралу жоқтығын есте сақтау; ; қазақ халқының қанына сіңген мейірімділік, бауырмалдық, ұлтаралық татулық, қонақжайлық, өнерсүйгіштік сияқты ата – баба мұрасынан айырылып қалмауға шақырады. Расында да, мұның бәрі сөз жүзінде ғана емес, іс

жүзінде де іске асу керек деп ойлаймын. Дәстүрлер халықтың идеологиясының негізі болып табылады. Ендеше, қазақтың ғасырлар бойы жинақтаған жақсы дәстүрлерін сақтау керек. Оны жаңарта отырып, негізін бекіту қажет.

Осы орайда мақаланы мақала ғана деп шектелмей, мазмұны терең, ауқымы өте кең, ұлт руханиятын ХХІ ғасыр биігіне көтеретін рухани жаңғыру бағдарламасы деуге болады. Себебі мемлекет басшысы ХХІ ғасырдағы жаңа ұлттың, жаңа қазақтың феноменін анықтап беріп отыр. Әрі осы жаңа дәуірдегі ұлттың рухани жаңғыру жолының алты бағдарын ұсынған.

Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер:

1. Елбасы мақаласы: Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru_a3016293
2. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы \\ www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy

Түйіндеме

Елбасымыздың мақаласындағы «Ұлттық жаңғыру» деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіретінін айтады.

В статье рассмтривается духовное обновление национального самосознания в контексте стратегической программы Президента.

The article discusses the spiritual renewal of national self-consciousness in the context of the President's strategic program.

ЕЛБАСЫНЫҢ «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚАЛАСЫНДАҒЫ «ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ» ЖОБАСЫНА БҮГІНГІ ЖАСТАРДЫҢ КӨЗҚАРАСЫ

Зұлхарнайұлы Ш.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,

Тарих, археология және этнология факультетінің

3-курс студенті.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., профессор Э.Д. Телеуова

Біз Елбасымыздың мақаласындағы «Таяу жылдардағы міндеттердің» бірі ретінде гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» атты жобасы бізге, жас буын өкілдеріне арналғаны сөзсіз.

«Ел ертеңі – білімді жастар» демекші қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білім иесі жастарды қалыптастыру мақсатында әлемдегі ең үздік 100 оқулықты шетел тілдерінен қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік тудырып отыр. Жарқын болашақтың негізін қалаушы болашақтың тізгінін ұстар біздер - жастар терең білім алып, санамызды жаңғыртуда жан-жақты ізденіске құмар болып, дүниетанымымызды кеңейтуіміз қажет. Бұл мақсатта рухани өркендеуге ден қойып әлемнің үздік кітаптарымен танысып, қажетті жағын бойымызға сіңіру арқылы заманауи, әрі бәсекеге қабілетті жастардың буынын қалыптастыра аламыз. Бұл жастардың ұлттық рухани жаңғырудағы әлемнің

үздік гуманитарлық бағыттағы кітаптарын қазақ тілінде оқуы арқылы ғылымның соңғы жетістіктерімен ана тілінде танысып, терең түсіне алады.

Қазіргі қоғамның негізін қалаушы жастар ретінде біз дүниетанымдық түсінік пен рухани құндылықтардың сапалы деңгейде жасампаздық ой-санаға негізделуінің қажеттігін түсінуіміз қажет! Қоғамдық сананы қалыптастыратын гуманитарлық ғылымдардың ізденістеріне деген сұранысты арттыру қажет. Гуманитарлық білімді - жеке тұлғаны сомдаумен қатар, өз ортасында сыни да, дивергентті ойлауға қабілеттілікті қалыптастыратын фактор ретінде қараған жөн. Адамның болмысы ізденіске тәуелді. Олай болса осы ізденіс әлемді мойындатқан шығармаларды танып білуден, оның тұжырымдарының ой-өріске ықпал етуіне мүмкіндік туғызу қажет. Абайдың дүниетанымы шығыс пен батыстың философиясын танып білу арқылы қалыптасып, оны өз заманының ғұламасы жасады, ал Абайдың қара сөздерінің аудармасы Ватиканға дейін жеткен болатын.

Қазіргі жастар әлемдік білім алу тәжірибесін өздеріне тиімді қолдануы тиіс. Осы бағытта қажетті әдебиеттердің қазақ тілінде қолжетімділігі өте маңызды. Жалпы қазақ тіліне аударылатын кітаптар қоғамдық және гуманитарлық білім негізінде тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бағытында жарық көрмек. Бұл оқулықтардың басым көпшілігі бұрын-соңды қазақ тіліне, тіпті орыс тіліне аударылмаған жаңа басылымдар. Атап айтқанда, Алан Барнардтың “Антропология теориясындағы тарих және теория”, Джордж Ритцердің «Қазіргі әлеуметтану теориясы», Скотт А. Снелл мен Шад С. Морристің “Адам ресурстарын басқару”, Реми Хестің философияға арналған кітаптары, тағы басқалар бар. Карен Армстронгтың тікелей аударғанда “Құдай тарихы”(A History of God: The 4,000-Year Quest of Judaism, Christianity and Islam) кітабы қоғамның діни сауаттылығын ашып, діннің ғылыми тұрғыда зерттелуін терең әрі қарапайым түрде түсіндіреді. Кітапта адамзаттың 4000 жыл бойы рухани азықты және Құдайды, сонымен бірге шынайы сенімді іздеуі көрсетілген. Кітап туралы көптеген пікірлерге қарасақ кітапқа керемет жақсы баға берілген және кітаптың қарапайым әрі түсінікті екенін көрсетеді. Монотеистік діндер иудаизм, христиан және ислам діні тарихымен бірге діни философия туралы айтылады. Кітап жалпы оқырманға, дінге және сенімге қызығушыларға, рухани ізденістегі адамдарға арналған. Үздік 100 оқулыққа кіретін кітаптар АҚШ, Еуропа елдеріндегі беделді Гарвард, Колумбия, Принстон, Кембридж, Оксфорд сынды үздік білім сапасына ие университеттер арасында да мойындалып, студенттерге оқытылып отыр. Оқулықтардың ЖОО-ғы Болондық үрдіс бойынша оқыту процессіне де айтарлықтай тиімді жақтары бар.

Елбасы бағдарламасындағы 100 жаңа оқулықтардың тап осы гуманитарлық бағыттағы кітаптар арасынан таңдалуы да ерекше назар аударарлық жайт. Мақаланың кіріспесінде айтылғандай саяси және экономикалық реформаға аяқ баспас бұрын халықтың мықты ұлттық санасын жаңғыртуымыз қажет. Осы орайда түрлі гуманитарлық бағыттағы әлемнің үздік кітаптары рухани байи түсуге, ғылымға деген құлшынысты арттыруға және жастарымыздың көзі ашық, көкірегі ояу білімді азамат болуына көп септігін тигізеді.

Жастар қазақ тіліндегі әлемнің үздік 100 жаңа оқулықтарымен білім алу арқылы мынадай тиімді мүмкіндіктерге ие болады:

- біріншіден, ғылымдағы қазақ тілінің потенциалы жоғарылап, студенттер тікелей түпнұсқа оқулықты ғылыми қазақ тілінде оқи алады. Бұл оқулықтың мән-мағынасын терең түсінуге мүмкіндік береді.

- екіншіден, әлемнің үздік гуманитарлық бағыттағы кітаптарының аударылуы нәтижесінде жастар сапалы және заман талабына сай білім алу мүмкіндігіне ие болады. Алдағы уақытта аталмыш ең озық кітаптарды оқыған жас азаматтар білім-ғылымы дамыған шет елдердегі ешбір жастардан кем болмайды.

- үшіншіден, жастар болашақ маман ретінде әлемнің үздік оқулықтары негізінде кәсіби біліктілігін жетілдіре түседі. ЖОО қабырғасында білім алып жатқан болашақ жас мамандарға бұл оқулықтар ғылыми сапасы мен кәсібилігі жағынан құнды болары сөзсіз.

- төртіншіден, оқулықтардың 2018 жылдан бастап латын әліпбиінде жарық көруі жастардың латын әліпбиінде оқу үрдісін жеделдетеді. Елбасы мақаласындағы тағы бір міндеттердің бірі латын әліпбиіне көшу туралы шешім таяу арада қабылданған болатын. Ал, бұл оқулықтар жастардың ғылыми қазақ тілінде латын әліпбиі арқылы оқи алуына мүмкіндік береді.

Рухани жаңғыру аясындағы қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулықтарды Ұлттық аударма бюросы мен ЖОО-ның білікті мамандарының арқасында 2018-2019 жылдары оқу үрдісіне пайдалана аламыз. Сонымен қатар, 100 жаңа оқулықтар туралы мәлеметтерді “100kitap.kz” және “kitap.kz” сайттарынан біле аламыз.

“Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулықтар” қатарына бүгінгі тарих ғылымының жаңа парадигмаларына негізделген жаңа әлеуметтік тарих, тарихи жады, ментальді тарих, альтернативті тарих, тарихи антропология мен археологиялық зерттеулерді аударуға ұсыныс жасалды.

Қорытындылай келе, жастар Елбасымыздың рухани жаңғыру аясындағы “Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық” жобасының жүзеге асырылуын қолдайды және оған жауапкершілікпен қарайды! Яғни, болашақта жастардың саяси белсенді, білімді, мәдениетті, төзімді, діни сауатты, өз құқықтары мен бостандықтарын білетін, қоғамды сыйлап, Отанын құрметтейтін нағыз азамат болуына тек біз ғана емес әлем үздік деп таныған кітаптардың қазақ тіліне аударылуы жастарға өзінің зор көмегін берері сөзсіз!

Түйіндеме

«Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасының жүзеге асырылуын жастардың қолдайтындығы айтылады.

Взгляд современной молодежи на проект «100 книг на казахском языке»

The view of modern youth on the project "100 books in the Kazakh language"

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – БОЛАШАҚТЫҢ БАҒДАРЫ

Едигеева З.

№ 128-мектеп

8 сынып оқушысы

«...Уақыт қарқыны зымыран. Күні кеше өткен сияқты уақиғалар бүгінде тарих беттеріне айналып та үлгірді. Бұл жаңа мемлекет пен жаңа қоғамның дүниеге келуінің азапты толғаққа толы, сонымен бірге ғаламат сәті еді. Сол сәт әлі аяқталған жоқ, бірақ ең қиын белестерден аса білдік. Ең қиын жылдар әл қазір артымызда қалды, сондықтан да мен еліміздің еңсесі биіктей беретініне сенемін.» (Н.Назарбаев)

Дүниеде барлық адам, барлық халық тәуелсіздік пен бостандықты, теңдікті аңсайтыны анық. Сол жолдағы тынымсыз күрес әлемнің кей түкпірінде әлі де жалғасып жатыр. Тәуелсіздік ұғымының терең астарын тарих қойнауынан, ата-бабамыздың өткенінен, оның санғасырлық арманынан іздегеніміз абзал. Елбасы Н.Назарбаев айтқандай, «Қазақстанның бүгіні мен болашағы – халқымыздың ынтымақ-бірлігінде, ырыс-құтты тірлігінде» [1]. Сол бірліктің арқасында еліміз экономикалық даму мен әлеуметтік жаңару, жаңғырудың даңғыл жолына түсті. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы Жолдауда қозғалған бағыттарды кеңінен тарқатып, мемлекеттік идеологияны анықтайтын, көпке түсінікті, рухани жаңғыртуға бағытталған құжат деп білемін. Мақаланы оқи отырып, оның әрбір сөйлемінде бүгінгіміз бен болашағы жарқын Қазақстанға апаратын нақты жоспар, мақсат көрсетілгендігін түсіндім.

Елімізде әлеуметтік-экономикалық, саяси реформалар жақсы жүзеге асуда. Ал бұл мақаладағы рухани өрлеу, рухани жаңғыруды біздің дамуымыздың ең басты тұғырларының бірі деп есептеймін. Әр халық, әр мемлекет ғасырлар бедерінде рухани жаңғырып, жаңарып отырады. Ал рухани жаңғыру мен жаңаруда білім берудің рөлі зор. Біз өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді сақтай, ескере отырып, әлемде болып жатқан жаңалықтарды қабылдай білуіміз керек. Бірнеше тілді білген адам ештеңеден ұтылмайды. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» дейді ұлы Мұхтар Әуезов. Әрбір білімгер өз жері мен оның байлығының иесі болу үшін жаңа технологияларды меңгеріп, жаңаша өмір сүруге үйренудің жолдарын білуге тиіс. Егер қоғамның даму кілті білімді адамдардың жаңаша қызмет атқаруын керек ететін болса, сол жаңашыл адамдарды, болашақ қоғам мүшелеріне білім мен тәрбие беруді жүзеге асыратын мамандар дайындайтын біздің білім беру ұйымдары Елбасы көздеген бағыттарға лайықты болуы тиіс.

Ең бастысы, білім беруге қойылып отырған жаңа талаптарды орындауда көптеген жұмыстар жүргізіліп, жастардың үш тілде білім алуына, жаңа технологияларды білім беру жүйесіне енгізуде өңірімізде келелі жұмыстар атқарылуда. Ұлт жоспарын орындауда әр саланың өзіндік үлесі болса, ұзтаздар қауымы қосатын үлес – жас ұрпақты жаңа қоғам мүшесі етіп білім мен тәрбие беруді жаңаша құру, оны осы Елбасымыз көрсетіп отырған талаптарға сай орындау деп білемін. Рухани жаңғыруды сипаттау және патриоттық сананы ынталандыратын ұлттық құндылықтарды жаңғырту; Білім алушылардың бойында ұлттық сананы ояту, жас ұрпақ санасына, туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рухты сіңіру[1].

Президенттің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» деп аталатын мақаласын әлденеше рет оқып, мұқият танысып шықтым. Маған ең алдымен ой салғаны және ұнағаны – мақаладағы «рухани жаңғыру» деген сөздің қолданылуы болды. Әдетте, елімізде экономикалық жаңғыру жиі айтылады. Қазақстан басшысының таяуда халыққа арнаған Жолдауындағы үшінші жаңғыруда еліміздің алдағы уақытта қай бағытта дамуы және қандай іс-шараларды жүзеге асыруыз қажеттігі жан-жақты бағдарланғаны белгілі. Елбасы мақаласында еліміз тұрғындарын рухани жаңғыру арқылы болашаққа бағдар жасауға талпынуға бағыт-бағдар сілтейді. Рухани жаңғыру – еліміз үшін маңызы зор үлкен жаңалық [1].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру мақаласы // Егемен Қазақстан. Жалпыұлттық республикалық газет. №70 (29051), 12 сәуір, сәрсенбі 2017 ж.

ҰЛТТЫҚ САНАНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ – ЖАСТАР КЕЛЕШЕГІНІҢ КӨКЖИЕГІ

Касенова Т.К., Меделбек А.

«Физика» кафедрасының оқытушысы, магистр,
М.Х. Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік Университеті
Тараз қаласы

Мен президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» деген мақаласын бар ынтамен оқып шықтым. Елбасының бұл мақаласында қазіргі Қазақстанның басты рухани құндылықтары айқын көрініс тапқан. Мақалада біздің еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз, бұқаралық санамызды қалай өзгерту керектігін Елбасымыз тайға таңба басқандай даралап, саралап түсіндіріп берді. Табысқа жетудің негізгі кілті ол – құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен жоғары биікке қоятын ұлт қана жететіндігін айтты. Бұл мақала ғана емес, мазмұны терең, ауқымы өте кең, ұлт руханиятын ХХІ ғасыр биігіне көтеретін рухани жаңғыру бағдарламасы. Елбасы елдің бүгінгі мен болашағы туралы ой толқындарын -қуатты сезім ағысымен жүректен өткізе отырып толғана, тебірене сыр шерткенде, таңқалмау мүмкін емес. Мен оның отанымызға, елімізге, ұлттық құндылықтарымызға деген сүйіспеншілігіне сүйсіндім. Ұлттық болмыс пен бірегейлікті сақтай отырып, сананы жаңғырту және білімділікке ұмтылу - Елбасы мақаласының өн бойына алтын арқау болып өрілген. Тәуелсіздіктің нығайып, дамыған елге айналуымыз үшін Қазақстандықтар алға батыл қадам жасаумен қатар, жоғары технологияларды меңгеріп, озық стратегиялармен жарақтандыру маңызды рөл атқарады. Елбасымыз жаңа дәуірдегі ұлттың рухани жаңғыру жолының алты бағдарын ұсынған.

1. Бәсекеге қабілеттілік;
2. Прагматизм;
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау;
4. Білімнің салтанат құруы;
6. Сананың ашықтығы.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғырудың» барынша мән беріп, берік байлам етіп алуға тиісті тұстары мыналар:

Біріншіден, «ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды». Бұл «ұлттық бірегейлікті сақтау» тарауында айтылған. Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Қазіргі кезде, «ұлттық мәдениет» дегеннен гөрі «Көпұлтты Қазақстан халықтарының мәдениеті» деген термин қолданылуда. Алайда бұл термин елімізде өмір сүріп жатқан диаспора өкілдерінің дәстүрін, тілін, әлеуметтік тұрмысын толық қамтамасыз еткенімен, «Жаңа замандағы жаңа Қазақстанның» мәдениетін толық қамтамасыз ете алмайды.

Екінші, білім болғанда ұлттық рухани құндылыққа негізделген білім. Қазіргі уақытта жеке тұлға ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттық аймақтың немесе жаһандақ нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан әрбір Қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болу керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуын сөзсіз қажетті

алғышарттардың санатында. Әлемдік бәсекеге қабілеттілік ұлтымыздың экономикада ғана емес, рухани әлемде де озық болуын қажет етері сөзсіз. Бәсекеге қабілетті болу үшін білімді болумен қатар, дұрыс тәрбие алу керек. Тәрбиесіз білім – сусыз диірмен. Сондықтан тәрбие мен білімді қатар жүргізуіміз қажет.

Әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілетті мамандар дайындау – Мұхаммед Хайдар Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің негізгі бағыты болып табылады. Университеттің отандық және халықаралық өлшемдерге сәйкес келетін, бәсекеге қабілетті, жаңаша ойлайтын және отансүйгіштік бағытта тәрбиеленген мамандарды дайындауды, Жамбыл өңірінің экономикалық өрлеуіне ықпал жасайтын және өсіп-өркендеуін қамтамасыз ететін миссиясын жүзеге асыруда, ТарМУ-да білім беру үдерісін кең ауқымда жаңалауға және әлемдік білім беру кеңістігіне табысты кіргізуге мүмкіндік береді. Университеттің жұмыс берушілермен ынтымақтастықтың сапалық көрсеткіштері – бітірушілерді жұмысқа орналастыру шараларын жоспарлау, іс – тәжірибелерді ұйымдастыру, жұмыс беруші кәсіпорында сауалнама жүргізу. Университет әзірлеген сауалнама бос орындар жәрмеңкесі кезінде жыл сайын жүргізіліп тұрады. Студенттердің команда болып жұмыс істей алатындығы іс – әрекеттің жеке түрлерінде көрінеді. Бұған семинар сабақтарда шығып сөйлеу, іскерлік ойындар мен практикалық сабақтарға қатысу, шығармашылық жобаларды құрастыру, түрлі қоғамдық іс – шараларды: дөңгелек үстел, дебат, кездесу, концерттерді ұйымдастыру мен қоғамдық бірлестіктерде ерікті міндеттерді орындау, қызығушылығы ортақ клубтарда мүше болу т.б. жатады.

Тәрбие жұмысы студенттерді қоғамдық белсенді өмірге, ғылыми және шығармашылық жұмыстарға, спорттық көпшілік түрлеріне қатыстыру арқылы қаржылай қолдаудың ыңғайлы жүйесін пайдалана отырып, университет бюджетінен қаржыландырады. Жоғары көрсеткіштерге жеткен студенттер үшін оқу ақысына 25-100% жеңілдіктер қарастырылған.

Университет студенттерінің қоғамдық мамандықтар факультетінде шығармашылықпен кәсіби түрде тегін дайындалып, қосымша қоғамдық мамандық туралы сертификат алу мүмкіндіктері бар.

Университеттің техникалық жағынан жабдықталуы студенттерді оқытуда ең соңғы үлгідегі құралдарды пайдалануға және бәсекелестікке бейім маман даярлауға мүмкіндік береді. Университеттің кітапханасынан мол ақпарат алуға болады. Ғылыми кітапхана университеттің 9 оқу ғимаратында және 2 жатақханасында орналасқан. Ғылыми кітапханасының жалпы көлемі 4410 м2, барлық кітап қоры 1600000 дана, ағымдық басылымдар 94000 данадан асады. Кітапхана Индиана университетімен қарым-қатынас жасайды, әрі осы университет қаржысына Америкадан оқыту бағдарламалары мен оқулықтардың сирек кездесетін даналары алынады. Кітапханада автоматтандыру бөлімі жұмыс жасайды, электронды каталогтан мәліметтер қорын табуға болады, электронды оқулықтардың, шет ел әдебиеттерінің және диссертация залы бар. ТарМУ кітапханасы Сорос қорының «Кітапханаларды қолдау», «Мегажоба-Пушкин кітапханалары», Еуразия қоры гранттары мен бағдарламаларының бірнеше дүркін жеңімпазы болд

Үздік ғылыми жұмысқа республикалық конкурстарда және Қазақстан республикасының Тұңғыш Президенті өткізетін конкурстарда жеңіске жеткен студенттерге университет қаражатынан қаржылай сыйақы беріледі. Сонымен қатар, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен белсенді айналысатын, ҒЗЖ нақты нәтижелері бар және үлгерім GPA орташа балы 3,5 балдан кем емес болған жағдайда, ол студентке «Зерттеуші студент» біліктілігі беріледі. Олардың ғылыми-зерттеу ісін ынталандыру үшін бір айлық стипендия мөлшерінде сыйақы беру университет тәжірибесінде қолданылады.

Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші

орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді.

Үшіншіден, көптен күтіп жүрген латын қарпіне көшу, жазуымызды қалыптастыруға байланысты айтылған мәселесі орынды көтерілді деп ойлаймын. Мемлекетіміздің түптің түбінде латын әліпбиіне көшетіні анық. Қазақ халқының тарихында үш рет әліпби ауыстырылды. Бір кездегі қаншама жыл қолданып келген араб қарпінен кириллицаға ауыстырған тұста қазақ халқы мыңдаған тарихи, әдеби құжаттардан қол үзіп қалды. Бұл – халықтың тарихи жадын бұзу мақсатындағы отаршыл жүйенің ойлап тапқан шаруасы болатын, дәл қазіргі уақытта да әліпби ауыстыру мәселесі күн тәртібінде тұр. Мемлекет басшысы 2012 жылы желтоқсан айында жария еткен «Қазақстан – 2050» стратегиясында «2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін» мәлімдеген болатын. Сондықтан бұл мақаласында Үкіметке нақты тапсырма бере отырып, қай уақытта, қалай латын қарпіне өтетінімізді айтып отыр.

2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кірісетіндігімізді айтты. Яғни, 2025 жылға қарай іс қағаздары, мерзімді баспасөз, оқулықтар, бәрі де латын әліпбиімен басылады деген сөз. Бұл қоғамдық ғылымдар үшін міндеттелетін үлкен жауапкершілік артып отыр. Елбасы биылғы жылдың соңына дейін қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау жөнінде, 2 жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізілетіні айтылған, Еліміз дамуында маңызы орасан зор мұндай жаңалықтың тек қазақстандықтарды ғана емес, жұмыр бетіндегі 18 миллион мұсылман қауымын орасан зор қуанышқа бөлейтіні ақиқат. Өйткені, кириллицадан латын әліпбиіне көшу әлемнің түкпір – түкпірінде өмір сүріп жатқан барша мұсылмандарды барынша жақындастыра түседі. Сондықтан да латын әліпбиіне көшудің маңызы мен мәні айрықша. Осыған орай «соңғы жүз жылда кирилл қарпіне жазылған әдеби мұраларымыздан ажырап қалмаймыз ба?» - дейтін алаңдаушылықтар болуы заңды. Бұл проблеманы болдырмау үшін мектеп қабырғасындағы оқушылар, білім ордаларын аяқтайтын түлектер жаңадан енгізгелі отырған латын әліпбиін де, кириллицаны да қатар алып жүру қажет. Өскелең ұрпақ мектеп бағдарламасында екі қаріппен де сауат ашып, оқып, жаза алатын деңгейде болғаны маңызды деп ойлаймын. Өйткені кириллицада қазақ мәдениетінің айнасы боларлық әдебиеті жасалды. XX ғасыр қазақ әдебиетінің алтын ғасыры болғана анық.

Елбасы жаңа тұрпатты жаңғыртудың басты шарты – ұлттық кодты сақтау екенін баса айтып, онсыз жаңғыру – құр жаңғырық. Мақалада айтылған ойлардың тереңдігінен Елбасының тарихты терең білетіндігі, сонау түркі халқының көне жазуынан бастап барлығын ой елегінен өткізе айтқаны байқалады. Расында, халқымыз небір аласапыран замандарда көп қиындық көрді. Араб жазуынан латынға, латыннан кириллицаға көшіп жүре тұра халқымыз білімге ұмтылысының арқасында ешбір халықтан қалыс қалған жоқ. Бұл біздің жоғарғы мәдениетімізді аңғартса керек.

«Рухани жаңғыруда» сананың ашықтығы мен кәсіпке адалдық, білімге ұмтылыс та айтылды. Шындықтың шамы дарияның астында да жанады. Шын жүрекке тұсау жоқ; қай істе де ашықтық пен адалдық керек. Абайдың «Адалдыққа ешнәрсе жетпейді» деп айтқан сөзі бар. Біздің елімізге, жерімізге деген адалдығымыз, ұлтымызға деген сүйіспеншілігіміз арта беруі керек, Ешқашан да ақша құмауымыз, елдің имандылығын, татулығын, бірлігін ту етуіміз қажет. Құдайға шүкір, дамыған 50 елдің қатарына қосылдық, енді біздің алдымызда дамыған 30 елдің қатарына қосылу мақсаты тұр. Ол үшін бірлік, білім мен еңбек қажет.

Түйіндеме:

Бұл мақалада Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдаған «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» атты мақаласы туралы айтылған. Мақалада біздің университетіміздің негізгі бағыты бәсекеге қабілетті мамандар дайындайтыны туралы жазылған.

Эта статья посвящена стратегической программе нашего Президента народу Казахстана «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар». В статье особое внимание уделяется тому, что основным направлением нашего университета является подготовка конкурентоспособных специалистов.

This article is devoted to the article “Ruhani zhangyru: Bolashak Bagdar” by the President to the people of Kazakhstan. The article mentions that the main direction of our university is the preparation of competitive specialists.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – БОЛАШАҚТЫҢ КЕПШІ

Махашева Н.С.

Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы
«С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің Медициналық –
Әлеуметтік колледжі» ЖШС – і
Ақтөбе қ.

«Құттылықтың негізі – білік»
Махмұт Қашқари

Жаңғыру, даму режимі. Бұл режимде қоғамның саяси жүйесі үздіксіз кемелденіп отырады, онда жаңғыру тенденциясы басым болады. Ол жеткілікті түрде белсенді жаңғыруларды қабылдайды, уақыттың саяси талаптарына сай жаңаруға талпынады. Саяси практиканың қызмет етуінің бұл режимі компоненттері саяси белсенділікті, саяси қатынастар субъектілерінің белсенділігін қамтамасыз ететін, сондай-ақ қоғамдық өмірдің барлық негізгі тенденцияларының жүзеге асу мүмкіндігі заңды тұрғыда болатын жоғары дамыған демократиялық-саяси мәдениет жағдайында ғана мүмкін болады. Мемлекеттік билік құрушы құрылымдары қажетті әлеуметтік-саяси заңдық мүмкіндіктерге, аса жоғары заңдылыққа және саяси тұрақтылық жағдайын қамтамасыз етуге бағытталған әсер ету құралдары мен әдістері арсеналына ие.

Жаңғыру мен даму режимі саяси жүйенің тек жай ғана қайта құрылуын емес, оның жаңғыру мен даму элементтерін ендіре отырып қайта құрылуын білдіреді. Нәтижесінде қоғамның саяси мәдениетінің өсуі, саяси қажеттіліктерге оның бара-барлығы, әрекеттердің тиімділігі көтеріледі.

Үстіміздегі жылғы 31 қаңтарда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында айқындалған басымдық аясында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты көлемді бағдарламасын ұсынды. Аталған бағдарламаның басты мазмұны - елімізде жүзеге асырылып жатырған саяси және экономикалық реформалар рухани жаңғырумен ұштасуы тиіс. Осы орайда, Нұрсұлтан Назарбаев XXI ғасырдағы ұлттық сананың қалыптасу үрдістерін атап өтіп, батыс елдерінде орын алған рухани дағдарыстың себептерін белгілеп берді. Бүгінгі күні әлемде қалыптасқан күрделі ахуал кезеңінде алдымызға қойылған басты міндеттердің бірі - ұлттық кодымызды сақтай отырып, әр қазақстандықтың санасын жаңғырту мақсатында бірнеше басымдықтарды іске асыру.

Мемлекет басшысы аталмыш жаңғырудың негізгі қызметімен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталады: «Жаңғыру атаулы

бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды». Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш.

Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытына жеке-жеке тоқталады. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, Президент жаңғырудың алты бағытын белгілейді:

1. *Бәсекеге қабілеттілік;*
2. *Прагматизм;*
3. *Ұлттық бірегейлікті сақтау;*
4. *Білімнің салтанат құруы;*
5. *Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;*
6. *Сананың ашықтығы.*

Аталмыш бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадайқажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады... Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғы шарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», – деп ашып көрсетеді. Бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада, білім, ғылымда, технологияда, яғни барлық салада болуы тиіс. Бәсеке болған жерде әрбір тұлға өзінің ең сапалы қызмет түрін ұсынады. Білім мен тәрбиесі ғажайып түрде үндескен, ұлттық идеологиясы темірқазығына айналған табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиістіміз.

Мен Елбасының осы сөздерін толық қолдай отырып, рухани мәдениеттің дамуы үшін тағылымды ұлттық тәрбиенің қайнарынан сусындап, биік адами құндылықтардың кемелдену барысында әрбір маман иесі кәсіби қызметін жоғары деңгейде жүзеге асыруы қажеттілігін түсінемін.

Ұлттық жаңғыру дегеніміз – ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. «Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын

кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді», - дейді Елбасы Н.Ә.Назарбаев. Сондықтан рухани жаңғыру үдерісін дер кезінде қабылданған оң шешім деп танимыз. Осы рухани жаңғырудың жүзеге асырылуын біз және сіз болып, «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» бірлікте орындауымыз аса қажет. Бәсекеге қабілетті, әлемдік деңгейде танылған әрі дамыған рухани кемел ел болу – Елбасының асыл арманы. Ендеше, мемлекет басшысының жастарға соны серпін, тың бастама ұсынуы келешекке қамданудың әрекеті деп түсінеміз.

Елбасы аталмыш тұғырнамасында білім, ғылымға ерекше басымдық беріп отыр. «Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі», – деген Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Мәңгілік ел» болуға қадам басқан Тәуелсіз Қазақстанның ендігі жаһандану алдында ұлт ретінде жойылып кетпеуі үшін ұлттық кодын сақтаған, терең білімді, бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген ақыл-ойы кемел тұлға болуына маңыз береді. Осы бағдарда ол бабалар ұлағатымен астасып жатқан зерделі ойы мен парасатты пайымын білдіреді: «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды. Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар». Осылайша мақалада айтылған әрбір ойдың астарында терең мазмұн мен зерделі пікір жатыр.

«Таяу жылдардағы міндеттер» деген екінші бөлімінде алдағы уақытта жүзеге асырылатын нақты жобалар көрсетілген. Мұнда айтылған қазақ тілін біртіндеп латын алфавитіне көшіру – заман талабы. Латын қарпіне көшу туралы Елбасы өзінің мақаласында «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процестерінің ерекшеліктеріне байланысты» деп атап көрсетті. Бұл әлемдік ғылым саласын игеру үшін жасалып жатқан оқу бағдарламасына сәйкес, бүкіл әлем қарым-қатынас жасайтын ағылшын тілін жастарымыздың тезірек игеруіне мүмкіндік жасайды. Сол үшін қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы жүзеге асырылмақшы.

Жалпыұлттық патриотизм ұғымын кеңейтуге бағытталған «Туған жер» бағдарламасы туралы Елбасы өзінің мақаласында жан-жақты түсініктер берген. Бұл бағдарламаның халқымызға жаңа рух, жаңа серпін беретіні анық. Бұл бағдарламаның аясына тарихымыз да, руханиятымыз да кіріп кетеді. Соның нәтижесінде, болашақта елін, жерін, халқын сүюге қазақша тәрбиеленген нағыз қазақстандық жаңа буын пайда болады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзімен айтқанда «Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол - әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу». Осыған байланысты мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін біз, Елбасы ұсынған рухани жаңғыру идеясын жүзеге асырылуына белсене атсалысуымыз қажет.,

«Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанаты,

Мен жастарға сенемін!»деп өршіл ақын Мағжан Жұмабаев болашаққа, жастарға үлкен сенім артты емес пе?

Ақынның өлеңінде келтірілген көркем сөздеріне лайық болатынымызға сенемін. Тәуелсіздік жарияланғаннан бері, еліміз көптеген елеулі табыстарға жетті. Бүгінгі бейбітте, шуақты күндерді бағалай отырып, жаңа биіктерге ұмтылу - жастардың маңызды бағыты болуы тиіс. Тәуелсіздік – бұл бүгінгі өмір ғана емес, сонымен қатар ертеңгі өміріміз. Тәуелсіз болу – өз тағдырына жауап беру деген сөз. Тәуелсіздік -

арман! Жер бетінде қанша ұлт болса, сонша арман бар. Сол арманға біздің қазақ халқы жетті.

Түйіндеме:

Рухани жаңғыру-болашақтың кепілі» атты мақалада Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасындағы алты маңызды қадамы мен міндеттердің еліміздің болашаққа жасап берген құтты қадамы екенін түсіндіріледі.

В данной статье рассматриваются значение важнейших шагов реализации программы Президента.

This article discusses the importance of the most important steps in the implementation of the President's program.

ҚАЗАҚ ЖЕРІНІҢ ТҮТАСТЫҒЫ ҮШІН КҮРЕСКЕН ТҮЛҒАЛАРДЫҢ САЯСИ ҚЫЗМЕТІ (XX ҒАСЫРДЫҢ 20 Ж.Ж.)

Сапарали С.

эл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
тарих, археология және этнология
факультетінің 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Л.М.Хасанаева

Қазан революциясын және Қазақ мемлекеттігін кеңестік негізде құруды қабылдамаған Алаш қайраткерлерінің ұлттық мемлекеттік туралы идеялары мен саяси қызметі кеңес өкіметі тарапынан қарсылыққа ұшырағаны мұның нақты дәлелі бола алды. Солай болса да саяси жағдайда алдыңғы қатарлы қайраткерлердің ұлттық мүдде жолындағы жүргізген саяси күресін кеңес дәуірінде де жалғастырды. Олар кеңес өкіметіне қызмет ете отырып, ол өкіметті жергілікті халықтың билігіне айналдыруға тырысты.

Қазан төңкерісінің қарсаңында қазақ-қырғыз халықтарының Сырдария, Жетісу, Ферғана, Самарқанд және Закаспий облыстарында қоныстанған үлкен бөлігі Түркістан өлкесінің құрамында еді. Жаңадан құрылған өкімет- Түркістан Халық Комиссарлар Кеңесі жергілікті халықтардың мүддесімен снаспады, елде шиеленіскен ұлт мәселесін шешуге тырыспады. Ұлт мәселесіне байланысты Г.Сафаров «Колониальная революция» (Опыт Туркестана) атты еңбегінде өз ойын былай білдірді: «Төңкерістің алғашқы күндерінде-ақ, Түркістандағы кеңес өкіметі темір жол бойындағы ат төбеліндей ғана орыс жұмысшыларының өкіметі ретінде орнады. Түркістандағы пролетариат диктатурасының бірден-бір иесі тек қана орыс бола алады деген көзқарас бұл жерде әлі күнге дейін бел алып тұр Түркістанда еуропалықтар мен мұсылмандар арасындағы ұлттық теңсіздік аттаған сайын барлық нәрседе байқалады»/1/.

Түркістан Республикасы Кеңестерінің 1919 жылы наурыз айында болып өткен төтенше VII съезінде ұлт мәселесіне қатысты сөйлеген сөзінде төтенше комиссар П.А.Кобозев былай деді: «...автономияның мәні тұрғысында алғанда мұнда тұрғындардың 95 проценті мұсылмандар, бірақ өкімет орындарындағы көпшілік орыстар болып табылады» және де Түркістан Республикасы Кеңестері Орталық Атқару Комитетінің РКФСР- дағы өкілетті өкілі У.Шакиров 1919 жылы жазда РКФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссарының орынбасары С.С.Пестковскийге жазған хатында: Түркістанның қазіргі үкіметі өзінің қыртхалықтарына қарсы жасаған қылмысты іс-

әрекеттерінің нәтижесінде оларды толық қайыршылыққа ұшыратты және бұрын- соңды естіп білмеген 60 проценттік қырылуға жеткізді/2/- деп көрсетті.

Демек жергілікті жерде қалыптасқан саяси жағдайға байланысты халықтардың ұлттық мүддесін қорғайтын саяси-мемлекеттік құрылым құру қажет болғаны, әділетті әрекет болғаныны еді.

XX ғасырдың 20-30 жылдарында Қазақстан мен Орта Азия халықтарының тарихында аса зор тұлға болған саяси қайраткерлердің бірі Т.Рысқұлов болатын. Ол жиырмасыншы жылдары Түрік халықтарының саяси тәуелсіздігі үшін күрес жүргізді. Т.Рысқұловтың Түркістан Республикасындағы қызметі негізінен Түрік идеясының өмірге келген және оның өз идеясын жүзеге асыру жолында ымырасыз күрескен кезеңі болып табылады.

«Шығыс халықтары коммунистік ұйымдарының I съезі қабылдап, РКП(б) VII съезі бекіткен шешімге сәйкес, 1919 жылы 14-31 наурыз аралығында Ташкент қаласында өткен ТКП II конференциясы ТКП ОК жанынан Мұсылман Бюросын құру туралы шешім қабылдады. Оған төраға болып Т.Рысқұлов сайланды» /3/.

Мұсылман бюросы-бұл Түркістан өлкесіндегі РКП(б) мұсылман ұйымдарының белсенді жоғарғы басқару органы болды. Осы аралықта Түркістан Республикасының барлық облыстары, уездері мен қалаларында Мұсбюроның жергілікті ұйымдары құрылды. Мұсбюроның қызметін ұйымдастырумен қатар Т.Рысқұлов Түркістан Республикасының қоғамдық-саяси, әлеуметтік- экономикалық, мәдени-тұрмыстық мәселелерін шешумен айналысты.

Т.Рысқұлов ұлт бостандығы, өзін-өзі билеу мәселесін табандылықпен қорғай отырып, жергілікті мұсылман халықтары арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар олардың өкілдерін саяси қызметке, жаңа жағдайда ел басқаруға тарту ісмен айналысты. Мұсбюро Түркістан Компартиясының мұсылман мүшелерін біріктірген секция 1919 жылдың соңына қарай біртіндеп мемлекеттік құрылымға айнала бастады. Ұлт өкілдерінің мемлекеттік құрлыста үлес салмағы арта түсті.

Түріккомиссияның негізгі міндеті-Түркістанда коммунизм принциптерін орнықтыру болатын, олар жергілікті халықтардың өмір сүру жағдайларының ерекшеліктерімен санаспай, Орталық Ресейде жүргізіліп жатқан коммунистік шараларды Түркістан халқына зорлап енгізуге тырысты. Ұлт мәселесінде жергілікті ұлт өкілдерінің өзін-өзі билеуіне сенім көрсетілмеді.

Осындай жағдайда Т.Рысқұлов басқарған Мұсбюро Түркістан Республикасы жергілікті халықтарының егемендігін жүзеге асыру үшін, тұрғындардың негізгі басым бөлігі түркі тілдес халықтар болуына орай Түрік халықтарының Республикасы атты ұлттық мемлекет құруға бекінді. Осы уақытта Т.Рысқұлов «Түрік идеясын» қарастырып, оны нақтылы түрде жүзеге асыру үшін күресті.

1920 жылы маусымда Т. Рысқұлов түрік халықтарының саяси тәуелсіздігін талап етті. 1920 жылы 16 маусымда В.И.Лениннің коммунистік Интернационалдың II конгресіне арналған «Ұлт және отар мәселелері жөніндегі тезистердің бастапқы нобайына» /4/ байланысты Башқұрт, Татар және Қырғыз (Қазақ) республикаларының ұлт қайраткерлері өз ұсыныстары мен ескертпелерін негізге ала отырып В.И.Ленинге хат жолдайды.

Оған, Түркістан Республикасынан Т.Рысқұлов пен Н.Ходжаев, Қазақстаннан А.Байтұрсынов пен Ә.Ермеков, Башқұртстаннан З.Валидов пен Х.Юмағұлов қол қойғаны хаттың түп-нұсқасында сақталып қалған. Т.Рысқұлов бастап қол қойған осы құжатта ұлт қайраткерлері: бүкіл осы қасірет бір ғана жағдайда: егер Ресейдің шығысында құрылған осы қуыршақ республикалардың бұратана еңбекшілеріне партиялық, шаруашылық және әскери ұйым салаларында өз инициативасын танытуға мүмкіндік жасалатын болса ғана шешіле алады. Көмек қажет, бірақ зорлық-зомбылық болмасын/5/- дейді.

Т.Рысқұловтың 1920 жылы көтерген бұл мәселелері Алаш қайраткерлері мен М.Шоқайдың талабымен үндесіп жатыр деп айтуға да болады. Ол Түркістанда саяси-мемлекеттік егеменді республика құрып, Республиканың жеке негізгі заңы-конституциясын жасауды көздеді.

Сонымен қатар, мемлекеттегі барлық заңдар Конституцияның негізінде қабылданады деді. Жергілікті ұлт өкілдеріне сенім көрсетіп, билік тұтқасын жергілікті халыққа беруді, тәуелсіздікті қорғайтын ұлттық қарулы күштерді қалыптастыруды, ұлттық мамандар дайындауды ұсынған болатын. Орталық өкімет орындары Т.Рысқұловтың мұндай ұсыныстарынан "Буржуазиялық-ұлтшылдықты" көріп оны жүзеге асыртпай тастады. Өзінің ұлт мәселесі жөніндегі көзқарасын РКП(б) Орталық Комитетіне өткізе алмаған Т.Рысқұлов Ташкентке келісімен 1920 жылы 22 шілдеде барлық қызметінен бас тартады. Орталық пен оның эмиссарлық органы болған Түріккомиссия Түркістан Республикасын тікелей өздері басқаруға көшеді. Т.Рысқұловтың саяси қызметіне «ұлтшылды», «пантүрікшілдік», «рысқұловшылдық» деген айыптар тағылып, оның көзқарастары мен ұсыныстары бұрмаланып сынға алынды.

Сонымен қатар мұрғат қорларында сақталған құжаттар бойынша "РКФСР Орынбор губерниясының жобасы" бойынша жасалған баяндамада қарстырылған мәселе бойынша Орынбор губерниясының шекарасының жаңа жобасы бойынша Ақтөбе губерниясының Ақбұлақ, Сазды, Астрахань, Ново-Алексевка, Луначарский, Ащысай, Илек, Маркут уездері мен Қостанай губерниясының Антоновка, Жетіқара, Адамовск т.б уездері енгізілуі тиіс болды. Омск уезіне байланысты Айтиевтің баяндамасында «Омбы уезі жөніндегі Сібір төрағасы белгілеген шекаралар КССР-дің территориялық принцип негізінде құрылған шекара белгілеуді өрескел бұзып отыр» /6/- деп көрсетеді.

Қазақ зиялылары осы бағыттағаны ұлттық біртұтас мемлекет жасауға мүмкіндік тудыратын жол деп бағалады. Сондықтан да, Қазақстан мен Түркістан Республикаларының арасында келісімге, бір байламға келу үшін алғашарттар жасала бастады. 1917 жылдың аяғы мен 1918 жылдың басындағы мемлекеттілік мәселесі жаңарған тарихи жағдайда қайта қозғала бастады. Осы уақытқа дейін терең де, жүйелі зерттелмей келген осы күрделі процесс туралы мағлұматтарды іздестіріп зерттеу болашақта тарихшылардың міндет борышы болып саналады.

Сол кезеңдегі мұрағат құжаттарымен қатар, баспасөз беттерінде жарияланған мақалаларда құнды дерек бола алады. Мысалы Сұлтанбек Қожановтың "Қырғыз-қазақ бірлігі һәм саясатшылдық" атты мақаласында: "1920 жылы Әулиеатада болып өткен қырғыз-қазақ кедейлерінің сиезі бірлі-жарым бірігу мәселесін қарап өтіп, екі жақтағы қырғыз-қазақ халқының түпкілікті бірлесуін һәм бірігетінін ескеріп екі жақтың хукіметіне билеу һәм қырғыз-қазақ шаруасына тиісті шаруа істері бір жәнімен жүргізілсін; Түркістан қырғыз-қазақтары Қазақстанға қосылсын, бірақ жер реформасы жүргізілейін деп тұрғанда, алаң болмас үшін қосылу уақыты ашылып айтылмасын һәм оны шешу Қазақстан кіндік атқару комитетінің жалпы жиналысының қаулысы бойынша қайтадан жарыққа шығып отыр»/7/-деп, қазақтың басын қосу талабы мәселесі алға қойылды.

Шындығында да, Әулиеатада басталған бұл мәселені 1922 жылы ақпан айының аяғында ашылған Қазақстан Орталық атқару комитетінің жалпы жиналысында Сейтқали Мендешов күн тәртібіне кіргізіп, екі облыстың Қазақстанға қосылуын кезекті мәселенің қажеттісі деп дәлелдеді. Бұл мәселенің қиындығы мол шаруа екендігін жақсы сезінген Сұлтанбек Қожанов өзінің "Қырғыз-қазақ бірлігі" мақаласында бұл мәселені жан-жақты пысықтай түседі. " Сөзді ұзаққа сілтеп, жұртты түгелімен қырғыз-қазақ екі облыс түпкілікті Қазақстанмен қосылуы керек пе, керек емес пе деп отырудың орны жоқ. Қырғыз-қазақ халқы бірігіп, бір республика болып, Русия федерациясына басқа ұлт мемлекеттері қатарында кіруі тиіс екеніне тұрмыс-

тіршілігі жағынан да, мәдениеті жағынан да, тіл жағынан да, нарық жағынан да болса дәлел көп. Бұған ешкім дауласып, есеңгіреудің орны жоқ,"/8/- деген пікірінің шын мәніндегі мазалаған мәселесі: Қашан бірігу керек? Қайтіп бірігу керек?

Сол кездегі қазақ зиялы қауымын мазалаған нақты мәселенің өзектілерінің бірі. Жер-су мәселесі және саясат еді. Себебі сол кезеңде Қазақстандағы отаршылдық құйтыртқы сипат алып қазақтарды қанау, қырып-жою насихатта бүркемеленіп ерекше тәсілдер жасала бастаған еді. Бұл туралы кезінде қазақтың ұлы күрескері Мұстафа Шоқай көрегендікпен дәлелдеп көрсетумен болды.

20-30 жылдары Түркістанда кеңестік билік іске асырған жер-су реформасы, мемлекеттік аппаратты жергіліктендіру және тағы басқа мәселелер сияқты ауқымды әлеуметтік-экономикалық тәжірибелерді сыни тұрғыдан талдауда Мұстафа Шоқай мен оның басылымдарының ең белсенді роль атқарғандығын мойындау тарихи шындыққа сәйкес келмек екендігін тарихшы М.Қойгелдиев өз еңбектерінде көрсетеді. Мұның өзі Қазақстан тарихында тың көзқарас ретінде жаңаша зерттеу бағыттарына негіз болса керек.

1925 жылы 10 маусымдағы Қазақ өлкелік партия комитеті Бюросының шешімімен И.Сталин мен РКП(б) ОК нұсқауы басшылыққа алынды, Губерниялық комитеттерге ұлттық баспасөзге басшылық және онда ұлттық партияда жоқ зиялыларды пайдалану тәртібі туралы хаттар жолданды. Жергілікті партия ұйымдарына жергілікті баспасөзге басшылық бойынша үгіт-насихат бөлімдерінің қызметін күшейту тапсырылды.

Осы әрекеттердің салдарынан зиялылардың ең тәжірибелі және патриоттық рухтағы тобын белсенді қоғамдық-саяси қызметтен ығыстыру, оларды саналы түрде халықты қарсы қою және, партиялық және мемлекеттік биліктің жоғары сатысына тек орталықтың нұсқауларына сәйкес қызмет етуге дайын екендіктерін немесе іштей келіскендерді ғана тарту бағыты күшейе түсті. Бұл қазақ халқының тарихи жолынан адастырудың жаңа кезеңі болды. Бұған дейін жалпыұлттық, жалпыдемократиялық мүдделерді білдірген зиялылар енді бұл құқықты орталық органдардың ұстанымын өз ұстанымы етіп қабылдаған партиялық, номенклатуралық зиялыларға берілді. Республика тағдыры үшін нақ осы бір сын сағатында бірінші басшы болып Ф.И.Голощекин тағайындалды.

Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болып Ф.Голощекиннің тағайындалуы кездейсоқ құбылыс емес еді. Ол өзіне бірін-бірі жоққа шығаратын екі принципті: халықтардың жеке бөліну және орталықтандырылған мемлекет идеясын ұстана отырып, ұлттық мәселені сталиндік тұрғыдан түсінудің жоғары үлгісін көрсетті. Құрылып жатқан біртұтас мемлекеттіліктің барлық талаптарына сай Қазақстанның бірінші басшысының алдына республикада орталықтың тілегін жедел мүлтіксіз орындауға бейім мемлекеттік аппаратты құру міндеті қойылды.

Голощекин өзінің сөйлеген сөздерінде топтық күресті ауыздықтау қажеттігі туралы айтқанымен, іс жүзінде оны қоздырып отырды, ал оның нәтижесін біріншіден өз пайдасына жарату және орталыққа қарсы патриоттық күштердің ұстанымын әлсірету үшін; екіншіден, өз кезінде Т.Рысқұлов атап өткеніндей, кез-келген өзіндік сынға қысым және партия ұйымдарымен жұртшылықтың назарын саясаттағы көптеген қателердің түп тамырының ашылуынан аулақтату үшін пайдаланды.

Осындай пікірдің дұрыстығын тарихи деректер де айғақтайды. Голощекин Қазақстанның бірінші басшысы лауазымына келген бірінші күннен бастап кеткенге дейін ұлттық зиялыларға, бірінші кезекте оның бетке ұстар өкілдеріне қарсы жұмыстың осы әдісіне сүйене отырып, күрес жүргізді.

1928 жылы қыркүйекте Қызылордаға келгенде Голощекин өзінің Қазақ өлкелік партия комитетінің басшысы болып тағайындалғандығына қарсы топ бар, оны сол кездегі республика партия ұйымының екінші хатшысы С.Қожанов басқарады және оған "Еңбекші қазақтың" бас редакторы С.Сәдуақасов пен ҚазЦИК-тің төрағасы Ж.Мыңбаев кіреді-мыс деген қауесетті таратады. Ал іс жүзінде ұлттық зиялылардың ішінде

жақтырмағандар болғанмен, ешқандай да Голощекинге қарсы топ болған жоқ, еді. Мұндай қауесетті тарату оған, ең алдымен, республика басшылығындағы аса ықпалды және қабілетті қайраткерлерді қудалау үшін қажет болды: осы тәсілмен әсіресе отаршылдыққа қарсы күресті шынайы жақтаушы, 1921-1923 жылдары Түркістандағы жер-су реформасы кезінде кеңінен танылған халық алдында беделі зор Сұлтанбек Қожановқа қарсы жала жабу тәсілі қолданғаны айқын болды.

Кейін Мәскеуге Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы ретінде келген Ф.Голощекин С.Қожановты атқарып отырған қызметінен босатқызып, оны Мәскеуге Орталық Комитеттің қарамағына жіберткізеді. Оның орнына Ежов келіп, Мәскеуге жұмысқа ауысқанға дейін бірінші хатшысының бас кеңесшісі болды. С.Қожановтың өзі мұндай ауыстырулардың астарында не жатқандығын жақсы түсінді. Бұл сол кезеңде республикадағы ұлтшылдық пиғылдағы қайраткерлермен күресте қолданылған әдістердің бірі еді.

Тарихи әділеттілік тұрғысынан қарастырсақ: біріншіден, зиялылардың ұғымында жарияланған Қазақ автономиясының басқа ұлт өкілінің бірінші басшысы болып тағайындалуымен ешбір қисынға келмейді, екіншіден, осы тағайындалу өктем тәртіпке тән әдістермен, атап айтқанда, орталықта келісімсіз және жергілікті жердегі көзбояушылық, демократиялық талқысыз жасалды.

Талқылауды қорытындылай келе, Голощекин шешендерді партия саясатына қарсы екендіктері туралы айыптады, ал Елек мәселесіне тоқтай отыра, мынан атап өтті: "Егер жекелеген мәселелер бойынша, мысалы, Оренбург губерниясының бөлінуіне және т.б. мәселелері сіздерді қанағаттандырмаса, онда мұның Қазақстанның көзқарасы тұрғысынан да маңызды. КСРО мүддесі тұрғысынан шешілетінді естеріңізге саламын..." /9/.

Түркістан мен Қазақстан республикаларының ішкі мүмкіндіктерін жан-жақты саралаған қазақ зиялылары Орта Азияны межелеу тұсында қазақ халқы қандай жағдайда қолайлы жолды таба алады деген сауалға жауап іздестірді. Бірінші кезекте астананы Орынбордан қалың қазақтың ортасына көшіру қажеттігі қозғалды. Себебі "мемлекет астананың жұртшылығына сүйеніп істемесе, бас хүкіметтің ісі оңбайды" - деп білдірді /10/.

Астана туралы мәселенің негізінде үміткер қалалар қатарында Ақтөбе, Ақмола, Ақмешіт, Әулиеата, Семей, Шымкент қалалары аталған еді. Қорытындысында Орталық Атқару Комитеті астананы Орынбордан Ақмешітке көшіруге қаулы қабылдады.

Астананы көшіру ісіне С.Қожановтың өзі тікелей басшылық жасады. 1925 жылы сәуір айында Қазақ Орталық атқару Комитетінің кезектен тыс V съезі өткізілді. Съездің негізгі күн тәртібіне Қазақстан үшін сол уақытта аса маңызды болып отырған мәселенің біріншісі, қырғыз деген атауды алып тастау бұдан кейінгі құжаттарда тек қазақ деп жазуды, екіншіден, астананың Ақмешіт деген атын өзгертіп, қаланы Қызылорда деп атауды ұсынды.

Сонымен Қазақстан мемлекетінің территориясы, шекарасы және астанасы айқындалып, бодандық қыспақта халқы қырылып-жойылып ауыр азапты бастан өткізсе де, өз билігі өзінде болмаса да тарихи тұрғыдан аса зор жеңіске қол жетті. Ол біртұтас территориясы белгіленген шекарасы нақтыланған, астанасы бар республика атын заңды түрде алған ел санатында аталатын болды. Мұның өзі XX ғасыр басындағы М.Шоқай, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Б.Қаратаевтар бастаған қазақ зиялыларының жүргізген күрестерінің нәтижесі болса, Кеңес өкіметі орнаған уақыттан бастан Т.Рысқұлов, С.Садуақасов, С.Қожанов, Ж.Мыңбаевтардың атқарған қызметтерінің де нәтижесі болды. Қазіргі тәуелсіз Қазақстан Республикасы мемлекеттігінің іргетасы, осылай XX ғасырдың басында қаланды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Сафаров Г. Колониальная революция (Опыт Туркестана). - Алматы: Жалын, 1996. - 96 с.
2. ҚР ПМ. 140 қор, 1 тізбе, 9 іс, 30 парақ.
3. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. Алматы: Ататек, 1995 212 б.
4. Известия ТуркЦИКа, 1920, 24 март
5. ҚР ПМ 140 қор, 1 тізбе, 9 іс. 30 парақ.
6. Известия ТуркЦИКа, 1920, 24 март
7. Ақ жол, 1922, 12 қыркүйек
8. Ақ жол 1924, 14 қараша
9. Қоңыратбаев О. Тұрар Рысқұлов саяси және мемлекеттік қызметі. Алматы, 1994 369б.
10. ӨР ОММ. 17 қор, 1 тізбе, 277 іс, 81 парақ.

Түйіндеме

Өз билігі өзінде болмаса да тарихи тұрғыдан аса зор жеңіске қол жеткізген Қазақ елінің тұтастығы сөз болады.

В статье рассматриваются вопросы целостности казахского народа и объединение казахских земель в советский период.

The article deals with the integrity of the Kazakh people and the unification of Kazakh lands in the Soviet period.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАҢА 100 ЕСІМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТАРИХИ АСПЕКТІЛЕРІ

Совет А.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
тарих, археология және этнология
факультетінің 4 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Л.М. Хасанаева

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Онда ел Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, бұл жаңғыру – аталған қос реформаның өзегі, алтын қазығы іспеттес. Бұл туралы Елбасы да айтып өткен болатын. Себебі, тәу етер Тәуелсіздікке қол жеткізгенімізге ширек ғасырдан астам уақыт болғанымен, Біртұтас Ұлт ретінде қалыптасуымыз – көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың төккен тері мен еткен еңбегінің нәтижесі. Ал, ондай азаматтардың ұлтқа үлгі, елге елеулі болуы – заман

һәм уақыт талабы. Міне, осы ретте Көшбасшымыз ұсынған «100 жаңа есім» жобасы – Отандастарымыздың жігерін жандандырып, рухын асқақтатары сөзсіз.

Еліміздің еңсе көтеріп, егемендік алуына елеулі үлес қосқан тұлғалар аз емес. Қазіргі қазақ қоғамы ата-бабаларын, олардың тарихымен қатар арамызда жүрген, қазақ тарихында қалатын замандастарымен де таныс болғаны абзал. Бұл бастаманы елбасы өз мақаласында атап өткені белгілі, онда ұлт мақтанышы бұрынғы өткен ата-бабаларымыз, дана билеріміз бен жазушы, жырауларымыз, ел үшін аянбай еңбек еткен асыл тұлғалармен қатар, бүгінде ерең еңбегі ерекшеленіп жүрген азаматтар екені де айтылған. Тарихқа белгілі тұлғаларымызды еске алып, кесенелерін жаңартып, кейбірінің атына көше, алаңдар беріп жатсақ, Қазақстан тарихын жақсы жағынан жасауда өз үлестерін қосып жүрген замандас тұлғаларды қалай ұлықтай аламыз. Осы орайда, осы мақсатпен «100 жаңа есім» жобасы жарық көрген болатын. «Тәуелсіздіктің 26 жылдығына келе жатырмыз, осы 26 жыл ішінде елге танылған, мақтауға тұрарлық, сыртқа шығарып көрсететіндей, ең үздік 100 есімді анықтау керек»/1/.

Біз көп жыл бойы өз жолымен жүріп, өз дәстүрін сақтай алмаған, үстем мәдениеттердің ықпалында кетіп, өзге мемлекеттің құрамында болған жұртпыз. Жалпы рухани жаңғыру біз үшін өзіміздің озық ұлттық дәстүрлерімізге бет бұрып, төл арнамызға – қазақтың өзіндік ұлттық даму жолына түсуі деп білемін.

Енді рухани жаңғыру кезінде ең алдымен біз елін, жерін, халқын шын сүйетін ұрпақ, қалың қауым тәрбиелейміз десек, әуелі тарихи санамыз жаңғыруы керек. Қазақтың ертеңгі ұрпағы ең әуелі осы елдің, осы кең байтақ жерді қалай иеленгенін, бұған қанша қан төгіліп, қанша тер сіңгенін, мұндай ұланғайыр даланы біздің ата-бабаларымыз қалай сақтап қалғанын, бұл даланы бізге өсіп-өну үшін аманаттап кеткенін, осы дархан даланың әр қарыс жері үшін батырларымыздың, хандарымыз бен билеріміздің қасық қаны қалғанша қалай күрескенін бүгінгі ұрпақ білуі керек. Сонда ғана тарихын тану арқылы біздің ұрпақтың бойында қазақ екенін мақтан тұтатын, “мен намысын тапталпаған ержүрек, батыр ұлттан тараған ұрпақ екенмін ғой” деген түсінік қалыптасқан, елі мен жерін сүйетін шын мәніндегі отаншыл, ұлтшыл, патриот ұрпақ өсіп-өнеді деп ойлаймын. /2/

«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы – Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен, еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілдерінің тарихы. Жобада нақты адамдардың нақты тағдырлары мен өмірбаяндары арқылы бүгінгі, заманауи Қазақстанның келбеті көрініс табады. Біз «Жаныңда жүр жақсы адам» деген сөздің байыбына бара бермейміз. Шын мәнінде, Тәуелсіздік дәуірінде өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен озып шыққан қаншама замандастарымыз бар. Олардың жүріп өткен жолдары – кез келген статистикадан артық көрсеткіш». Рас! Жоғарыда талант сөзіне қатысты ерекше тоқталып өтуіміздің ендігі себебі де осы болсын. Еңбек, білім, өнер сынды үкілеген үш ұғымның қасаң қалып пен шектеулі шекарадан әлдеқайда ауқымы кең екені бесенеден белгілі. Ал, осы үшеуін ту етіп, ортасынан оза шыққан азаматтардың жүріп өткен жолы расымен де құрметке ие. Бұлай дейтініміз, арман мен мақсат тоғысқан тұста ғана ұлы істер жасалады. Биікке ұмтылудың өзі бармақтай баққа бергісіз таудай талапты қажет етеді. Өмір атты бәйгеде, өнер атты өлкеде, білім атты теңізде сүрінбеу де, түңілмеу де мүмкін емес. Бәріміз дерлік сүріндік, бәріміз дерлік жеңілістің ащы дәмін таттық. Мәселе онда емес, мәселе – сол сүріндікті жығылысқа айналдырмай, жігер жанып, қайрат шыңдап, мақсатыңа апарар жолға қайта түсе білу, аяққа тұра білуде. Сондықтан, жетістікке жетудің өзі – ұлы жеңіске жетумен пара-пар. Бар мен жоқты түгендеп қана қойып, түбегейлі шешім шығара алмайтын, адам жанын, атқарған ауқымды ісін, тартқан азабы мен жеткен ғажабын ашып айта білмейтін санаға сарсаң болған статистикадан гөрі, шынайылықты, нақты жетістік ту еткен бұл жоба – сонысымен де құнды. Міне, Елбасының туған халқына үлгі етпегі де осы ма деп топшылаймын.

Осы мақсаттарға қол жеткізудің тиімді тетігін де Елбасы өзі ұсынды. Жаңа жобаның қандай мәселелерді шеше білу керектігін де ескерусіз қалдырмады. Бұл біріншіден – ақылымен, қолымен, дарынымен заманауи Қазақстанды жасап жатқан нақты адамдарды қоғамға таныту. Екінші мәселе – оларға ақпараттық қолдау жасап, танымал етудің жаңа мультимедиалық алаңын қалыптастыру. Соңғысы – «100 жаңа есім» жобасының өңірлік нұсқасын жасау. /3/

«Қазақстандағы 100 жаңа есім» – бұл шындығында да бұрын-соңды болмаған жоба. Ол еліміздің дамуына үлес қосқан адамдарды кеңінен насихаттауға мүмкіндік береді. Бірақ оларды іріктеу барысында біржақты қарамай, азаматтың тұлғалық қабілетіне де баса назар аударатын боламыз. Тұлғаның бойында іскерлік, адамгершілік, білім, мәдениет деген ұғымдар болуы міндетті. Оның жүрегінде осындай қасиеттер болғанда ғана ол басқаларға үлгі бола алады. 100 жаңа есімді қалыптастыруда, ең алдымен, қазақ жері мен ұлтының тәуелсіздігі үшін күрескен азаматтарды ұмыт қалдырмауымыз керек. Осы жоба аясында, 100 есімді қалыптастырудың тарихи тамырына үңілу маңыздылығын ескеруіміз керек. Отан сүйгіштік пен ерліктің нағыз бейнесі ретінде Алаш арыстарының 100 жылдығын кең ауқымда атап өтілуін, олардың тарихын жаңа көзқараспен қайта жандандыру қажет. Алаш Әлихан, Ахмет, Міржақыптан ғана құралған емес, ондағы дүйім жұртқа танылмаған ақтаңдақтар есімін жаңғырту қазіргі жастар үшін міндет. Ескінің ерлігін айта отырып, олардың ізін басар 100 жаңа тұлғаны қалыптастыру жеңіл болмақ.

Президент сөз соңында «Ел-жұрт ұлтымыздың алтын қорына енетін тұлғаларды білуге тиіс» деген еді. Сондықтан, алтын қорда аттары аталып, түстері түстелетін таңдаулылар қатарында жерлестеріміздің де есімі ойып тұрып орын аларына сенімдімін. Ел ертеңіне енжарлық танытпайтын есіл азаматтарымыз тарихи жобаның тұғырынан көріне білсін деп тілейік. /4/

Қазақстанның жаңа заманғы келбетін қалыптастыруға ұмтылған тұлғалардан өнеге алған жастар да өзін жетістік жолында, елге еңбек сіңіру мақсатында өмірін сарп ететін болады. Елі үшін, жері үшін қандай да бір сауапты іс сіңіріп кетуге ұмтылады. Әрбір адамның мақсаты бұл туған елі мен кіндік қаны тамған атамекеніне еңбек сіңіру, бұл өмірге келуінің де басты миссиясы екендігін сезіне алуы қажет. «100 жаңа есім» бағдарламасы жас ұрпақ үшін бағдар болады. Жасына, жынысына, ұлтына және діни сеніміне қарамастан, осы адамдардың жетістіктерінің тарихы өмірге деген парасатты және ақиқат көзқарастың призмасына айналады. Патриот ұрпақты тәрбиелеуде «100 жаңа есім» жобасы үлкен рөл атқаратыны анық.

Пайдаланылған деректер тізімі:

1. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы 12 сәуір 2017 «Айқын» газеті. 2017ж. 14 сәуір
2. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы 12 сәуір 2017
3. «Егемен Қазақстан» 2017 ж. 14 сәуір.

Түйіндеме

В статье рассматриваются аспекты духовного обновления и формирования 100 новых казахстанских имен.

In the article aspects of spiritual renewal and formation of 100 new Kazakhstan names are considered.

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ "БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ" БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚАЛАСЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Жақсылықова А. С.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
тарих, археология және этнология факультетінің
3-курс студенті
Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Н.А. Тасилова

Ата-бабаларымыздың тарихи тәжірибесін (түркі мемлекеттерінің тарихынан, XX ғасырдың басындағы ұлт көшбасшылары реформаларының жобасы) зерделеу, шынайы өмірді, прагматизм мен динамизмді насихаттау, дұрыс ойластырылған реформалар арқылы қоғамдық санадағы артта қалумен күресу және дамудың эволюциялық моделін қалыптастыруға мүмкіндік туындайды.

Ежелгі түркілер мен қазақтардың тарихи мұрасы рухани код, өзіндік мәдени идентификация, қасиетті орындар, туған жерге деген құрмет ретінде ұлттық метақұндылықтар Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" бағдарламалық мақаласында негізге айналып отыр. Осы тұрғыдан алып қарастырғанда Мәңгі Ел, Алаш идеясы Президентіміздің Рухани жаңғыру бағдарламасымен сабақтасып жатқаны сөзсіз.

12-сәуірде «Егемен Қазақстан» газетінде ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жолдауы жарық көреді. Бағдарламаның мәтінімен таныса отырып «Дамудың жаңа кезеңінде алдымен ұлттық болмысымыз бен құндылығымыз, тарихымыз мен мәдениетіміз сақталуы керек»-, деген идеяның басты назарға алынғандығын көру қиын емес.

Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы; Ұлттық бірегейлікті сақтау; Ұлттық сана туралы; Прагматизм деген бағдарламаның тақырыпшаларында кеңестік биліктің жүргізген саясатының сақталған көріністерінен құтылу идеялары көтеріледі. Осы бағдарламадағы мына мәтіннен көре аламыз:

«Әрбір жұрт тарихтан өзінше тағылым алады, бұл – әркімнің өз еркіндегі шаруа. Біреуге өзінің көзқарасынды еріксіз таңуға ешқашан болмайды. Бізге тарих туралы өздерінің субъективті пайымдарын тықпалауға да ешкімнің қақысы жоқ. Өткен XX ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы, зобалаң да зұлмат ғасыр болды:

Біріншіден, ұлттық дамудың көнеден жалғасып келе жатқан өзімізге ғана тән жолы біржола күйретіліп, қоғамдық құрылымның бізге жат үлгісі еріксіз таңылды.

Екіншіден, ұлтымызға адам айтқысыз демографиялық соққы жасалды. Оның жарасы бір ғасырдан бері әлі жазылмай келеді.

Үшіншіден, қазақтың тілі мен мәдениеті құрдымға кете жаздады.

Төртіншіден, еліміздің көптеген өңірлері экологиялық апат аймақтарына айналды.

Қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес.

Бағзы замандардан бері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келген ұлттық прагматизм санаулы жылда адам танымастай өзгеріп, ас та төк ысырапшылдыққа ұласты.

Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек. Прагматизм – өзінің ұлттық және жеке байлығынды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағынды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз».

Міне, бұл жоғарыда көрсетілген бағдарламадағы тұжырымдардың түпкілікті мәніне жетіп, түсіну үшін оны тарихпен бацланыстыра отырып көрсетуге болады.

Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, қазақ халқының тағдыры бірнеше кезенді басынан кешірді. Соның ішіндегі ең елеулісі Ресей Империясының отаршылдық саясатымен байланысты болды. Ал бұл фактор өз кезегінде туындап жатқан тарихи жадымыз бен орныққан тарихи санамыздың бұрмалануына ықпалын тигізбей қоймады. Осы себептерге байланысты біз маригиналды санаға ауысқан халықпыз(маригиналды-өз қалыптасқан ортасы мен санасына, мәдениетіне сыртқы фактордың әсер етуі арқылы әртүрлі әлеуметтік топтар мен мәдени типтердің арасында қалуы). Бұл құбылыс халқымыздың ұлттық санасына, дүниетанымы мен өзіндік тарихи тәжірибесіне әсерін тигізді:

Біріншіден, Мекемтас Мырзахметовтың пікіріне сәйкес қазақ өзінің моно тілді табиғатынан миссионерлік бағыттағы орыстандыру саясаты нәтижесінде тіл жағынан ыдырап, шала қазақ, ада қазақ, таза қазақ деген үш классқа бөлініп, моно тілдің болмысын бұзып алды. Расымен де, тарихи тәжірибе факторының бірі бұл-тіл, ал оның өзгеріске ұшырауы ұлттық жад пен тарихи санаға тікелей әсер ететіні анық. Әрине, бұл Ресейдің империя болғалы жүргізіп келе жатқан миссионерлік кертартпа саясатына тікелей байланысты құбылыс екені тарихи шындық. Осы орайда Халел Досмұхамедұлының «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» атты еңбегіне тоқталғым келіп отыр. Себебі ол мынадай бір тұжырымын айтқан болатын: « Әдебиет тілінің қаруы- баспа мен мектеп. Баспа мен мектепте қолданылған тіл ақырында елге сіңбей қоймайды». Бұл тұжырымның ақиқаттылық дәрежесін Кеңес үкіметінің жүргізген саясатынан-ақ байқауға болады. Бұл тарихи оқиға қазіргі таңдағы тіл мәселесінің шиеленісуіне ықпалын тигізген. Оны қалпына келтіру тікелей рухани жаңғырумен байланысты екені айдан анық.

Екіншіден, «Ресейдің отаршылдық миссионерлік саясатын толассыз жүргізуі себепті, біртұтас қазақтың бір жазу таңбасын қолдану орнына үш түрлі жазу таңбасы орнаған болатын, қытай қазақтары арап жазу таңбасын, Еуропа, Түркия қазақтары латын жазу таңбасын, Қазақстандық қазақтар өз еркінен тыс кеңес билігі зорлықпен ендірген орыс жазу таңбасын қолдануы себепті, біртұтас монотілді қазақтар бірін бірі оқи алмай, рухани байланысын үзуге мәжбүр болып келеді», - дейді Мекемтас Мырзахметов. Бұған Империяның халқымыздың рухани тұтастығын бұзуы себеп болып отыр, яғни жоғарыда аталған тіл мәселесіне енді жазу мәселесі де қосылды. Алайда бұны да қалпына келтірудің жолдары Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» бағдарламасында тікілей орын алған, әсіресе латын қарпіне көшу туралы шешім осы мәселені шешудің маңызды қадамының бірі болып табылады.

Үшіншіден, қазақ халқы VIII ғасырдан бастап ислам дінін қабылдап, оның Әбу Қанафи мәсхабын ұстанып, өзінің бірқалыпты дәстүрлі дініне айналып, соған ұйып өмір сүріп жатты. Бұл қалыпты өзгертіп қазақтарды шоқындырып, орыстандыру саясатын орыс миссионер ғалымдары профессорлар Ильминский, Алекторов, Остроумовтар жүзеге асыруға бел шеше кірісіп басшылық етті.

Кеңестік билік атеистік дүниетанымды ұстануы себепті, патшалық биліктің шоқындыру саясатын алып тастап, орыстандыру саясатына біржолата мықтап кірісті. Мақсаты, халықты өз ұстанған дінінен бездіріп, тіпті өзінің «Құдайсыздар» ұйымын ашып, халықты дінсіздендіру саясатына жан сала араласты. Бұл жолда алға қойған мақсатына жетті де. Оның көріністерін біз әлі күнге дейін көре аламыз. Қазіргі таңдағы діннің бұрмалана қолданылуы, өз қандастарымыздың арасында басқа дінге еңген немесе мүлдем діннен безгендердің болуы осының дәлелі. Бұндай шиеленіскен мәселенің алдын алу үшін Президентіміз арнайы «Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы» атты бөлімді арнаған. Онда Н.Ә.Назарбаев діни қақтығыстар, экстремизм, сепаратизм т.б. құбылыстарының барлығы революцияның сақталған көрінісі дей келе, олардан бас тартуға, алдын алуға шақырған.

Міне, жоғарыда атап көрсетілген негізгі мәселелердің бұрмалануы біздің тарихи тәжірибемізге әсерін тигізгені айдан анық .

Әр халықтың тарихи тәжірибесі оның тарихын қалыптастыратын ерекшелік формасы. Себебі, барлық халықтың ғасырлар бойы жинақталып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырылатын өзіндік тәжірибесі болады және соның көрінісі тарихында да байқалады. Ел басымыздың көтеріп отырған жолдауының «Рухани жаңғыру» деп аталуының өзі осы мәселелерді шешуге, бұрынғы тарихи тәжірибемізді қалпына келтіруге жасалған қадам болып отыр деп есептеймін.

Қазіргі біздің қоғамда өз ойларын ашық, нақты білдіріп, халықты бастай алатындай «Интеллигенция» өкілдері аз. Бұған да Империяның жүргізген саясаты елеулі дәрежеде ықпалын тигізген еді. Әсіресе, Алаш қайраткерлерінің идеяларын халыққа жат, ұлтшыл деп айыптап, оларға «шина» жалғауын қосып келемеждеп, жасаған тұжырымдары мен еңбектерін қаралап, қуғын-сүргінге ұшыратып тастады. Нәтижесінде елде қорқыныш сезімінің сарқыншақтары сақталып, тіпті өз көзқарастарынан айнып, кеңес идеологиясының негізінде зерттеулер жүргізіп, тарихты бұрмалай бастады. Қазір сол интеллигенция өкілдерінің халыққа қызмет ететін кезі келді. Алдымен солар «рухани жаңғырудың» мәнін халыққа түсіндіріп, оны жүзеге асыруға алғашқы қадамдарын жасау қажет.

Бүгінде әлемдік жаһандану үрдісі, көптеген ұлттарды тамырымен жұтып жіберетін вирус тәрізді дейтін болсақ, сол вирусқа қарсы тұратын бірден-бір вакцина - ол рухани дүниемізді қайта жаңғырту. Ұлттық құндылықтар - ол халқымыздың иммунитеті. Кез келген вирусты иммунитеті күшті ағза жеңе алады. Сондықтан да, ұлттық кодымызды сақтап, генетикалық тұрғыда біздің жасушаларымызда сақталып қалған қазақ халқының жастарына біздің тарихи тамырымыз тереңде екенін, салт-дәстүріміз өміршең, талай қиындықтарға төтеп бере алатындай бай рухани дүниетанымымызды негіздеп, ұлттық рухы күшті, иманы берік, тілі мен діні бір азаматтарды тәрбиелеп, жаңа форматтағы білімді игере алсақ, онда халқымыздың бүгінгі жаһандану кезеңінде ұлттық құндылықтарын сақтап, халық болып жұтылып кетпей, керісінше рухани жаңғырып, жоғары белестерді бағындыратын Мәңгі Елге айналарымыз анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Елбасы мақаласы: Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.
http://www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru_a3016293
2. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы
www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy

Түйіндеме

ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы арқау болады.

В статье рассматриваются материалы программной статьи Н.А. Назарбаева «Взгляд в будущее: духовная модернизация».

In the article the materials of the program article N.A.Nazarbayev "A view in the future: spiritual modernization" are considered.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ТӘРБИЕ ҚЫЗМЕТІ ШЕҢБЕРІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ДАМУЫНЫҢ КЕЙБІР ТҰСТАРЫ

Рысалдиева А.Е.

халықаралық құқық магистрі
2-курс докторанты

Рухани және адамгершілік құндылықтар тұлғаның басзистік сипаттамасы болып табылады.

Рухани-адамгершілік құндылықтар дегеніміз – адамның ішкі жан-дүниесінің даму жағдайын көрсететін, адамдық деңгейін ашатын, сипаттайтын оның тұрақтылығы мен жетілу деңгейін, қоғамдық мәнін айқындайтын жеке тұлғаның ішкі мәнді құрылымдық элементі болып табылады.

С.Э. Қыпшақбаеваның пікірінше, білім беру жүйесіндегі адамгершілік тәрбиесінің қазіргі кездегі жағдайына орай 2 түрлі сипатты белгілеуге болады:

- 1) адамгершілік тәрбиесінің мақсаты мен міндетін қайта қарастыру;
- 2) адамгершілік тәрбиесінің мазмұнын белгілеу және оны саналы меңгеруін қарастыру [1].

Рухани және адамгершілік құндылықтар нәтижесінде тұлғаның негізін құрайды.

Рухани тәрбие – адамның тумысынан пайда болып, ғұмыр бойына жалғасатын үздіксіз үрдісі. Қазақстанның білім беру жүйесінің басым бағыттарының бірі болып жастардың рухани-адамгершілік дамуы болып табылады.

Студенттің рухани-адамгершілік дамуы студенттің тұлғалық потенциалын кәсіби даярлау кезінде кешенді дамуы қамтамасыз етіледі. Шын мәнінде білімнің өзі жеке дара рухани-адамгершілік тәрбиенің жоғары деңгейіне кепілдік бермейді. Білім беру жүйесінде адамгершілік тәрбиенің басты критерийлері болып келесілер табылады: білім деңгейі және мораль нормасының орындалу қажеттілігіне сенім, тұлғаның моралдық қасиеттерінің қалыптасуы, өмірдің әр түрлі жағдайларында өзін-өзі ұстау дағдысы мен қабілеті. Жалпы алғанда, тұлғаның адамгершілік мәдениеті деңгейі ретінде анықтауға болады. Студент жастардың рухани-адамгершілігі дамуының ерекшелігіне білімнің ғылыми-кәсіби және рухани-адамгершілік мазмұнының интеграциялануы, қазіргі заманғы өмірдің өзекті мәселелері бойынша жүйелі рухани ағартушылық, рухани қауіпсіздік дағдысын дамыту және жастардың адамгершілік, кәсіби және өмірлік ұстанымдарын қалыптастыруға жәрдемдесу жатады.

Студенттің рухани-адамгершілік дамуына келесі факторлар тобы әсер етеді: табиғи (немесе биологиялық), әлеуметтік-мәдени, педагогикалық және рухани. Ортамен өзара әрекеттесуінде жастар қажетті рухани тәжірибе жинақтайды. Сондай-ақ, тұлғаның рухани-адамгершілік дамуына әлеуметтік жағдайлар, биологиялық факторлар, алайда осылардың ішінде маңызды орынды педагогикалық, тұлғаға бағытталған фактор алады.

ЖОО-ндағы студенттердің рухани-адамгершілік дамуына аудиториядан тыс шаралар маңызды рөл атқарады. Оларға конкурстар (жыл студенті немесе студенттік тобы, жатақханадағы ең таза бөлме және т.б.) ардагерлермен кездесу, көңілді тапқырлар клубы, балалар үйіне бару тағы сол сияқтылар жатады.

Демек, жастардың рухани-адамгершілік дамуының студенттің өзіне ол өмірдегі әлеуметтік мәселелерге бетпе бет кездескен жағдайда өзекті бола бастайды.

Өкінішке орай, бүгінгі таңда В.В. Люциктің пайымдауынша, білім беру мекемелері тұлғаны артық рационализациялау және интеллектуализациялауға әкеп соғатын білім беруге көбірек бағытталған, ол өз кезегінде нәтижесі тұлғаны рухани-адамгершілік құлдырауына апаратын эстетикалық циклдегі пәндердің рөлін азайтуға және оқу жоспарынан ысырып тастауға дейін әкеп соғады [2].

Демек, әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық даму қарқындаған сайын адамдардың, әсіресе жастардың рухани-адамгершілік дамуын да естен шығармаған абзал.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қыпшақбаева С.Ә. Оқушыларды адамгершілік қасиеттерін өзіндік қалыптастыруға баулу // *Культура, образование и наука во благо общества: Мат. II межд. Науч.-практ. конф. (22 декабря 2015 г.)* – Алматы: Университет «Туран», 2015. С.164-167.

2. Люцик В.В. О роли образования в современном информационном мире // материалы МНПК от 2013 года

Түйіндеме:

Аталмыш мақала жоғары оқу орындарының тәрбие қызметі шеңберінде студенттердің рухани-адамгершілік дамуының кейбір тұстарын қарастырады. Мақаланың авторлары жастардың рухани-адамгершілік дамуы білім беру жүйесінің мәселесіне айналып отырғанын жеткізді.

Данная статья рассматривает некоторые аспекты духовно-нравственного развития студентов в рамках воспитательной деятельности вузов. Авторы статьи рассказали о том, что проблема духовно-нравственного развития студентов становится проблемой системы образования.

This article considers some aspects of spiritual and moral development of students within educational activity of higher education institutions. Authors of article told that the problem of spiritual and moral development of students becomes a problem of the education system.

ҚОҒАМДА ЖАСТАР АРАСЫНДА ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ РӨЛІ

Сәкен Б. Ж. КазИТУ колледжі

Құқықтану мамандығының

3-курс студенті

Ғылыми жетекші: **Рысалдиева А.Е.**

Қазіргі таңда мемлекетіміздің тұрақты даму үдерісіндегі шарттардың бірі жас ұрпақтың әлеуметтік бағытталуы және азаматтық қалыптасуы үшін ұйымдастырушылық, әлеуметтік-экономикалық және құқықтық жағдайлар жасау және оларды нығайту болып табылады. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты жеткілікті нормативтік-құқықтық базамен қамтамасыз етілген. Қазақстан Республикасында мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы бекітіліп, 2004 жылы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заң қабылданды. Аталған Заңға сәйкес 14 жастан 29 жасқа дейінгі адамдарды жастар деп атау қабылданған. Бұл жастағы адамдар тобы еліміздегі тұрғындар санының 29,5% (4 728 543 адам) құрайды. Білім беруді

дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасында, Қазақстан Республикасын дамытудың 2020 жылға дейінгі даму стратегиясында, басқа да маңызды стратегиялық құжаттарда жастар саясатына арнайы бөлім арналған. Білім және ғылым министрлігінің құрылымында, аталған саладағы бейіндік мемлекеттік орган болып табылатын Жастар саясаты департаменті жұмыс істеуде. Республикалық және өңірлік деңгейде жастар саясатын іске асыруда соңғы үш жыл ішінде республикалық және жергілікті бюджет есебінен бұл мақсатқа 4,5 млрд. теңгеден астам қаражат бөлінді.

ҚР жастары арасында некеге тұрудың орта жасы ЕО мемлекеттерімен (27,3 жас) шамалас, яғни 1999 жылы 25,9 жас болса, 2009 жылы 26,8 жасты құраған. Бұл мәселені біріншіден, жастар арасындағы құндылықтардың батыстық сипатта өзгеруімен, екіншіден әлеуметтік-экономикалық себептермен түсіндіруге болады. Бүгінгі таңда жастардың еңбекпен қамтамасыз етілуі 93% жуықтап (60% жуығы өзін-өзі жұмыспен қамтушылар), жұмыссыздық деңгейі 5,2% құрайды. Қылмыстық жауапкершілікке тартылғандардың (сотты болғандар) құрамы бойынша 14-29 жас аралығындағылардың үлес салмағы-45,4% құрайды. Осындай проблемалар қысқа және ұзақ мерзімде жастардың барлық санаттары келешекте өзіндік белсенді азаматтық санасын тәрбиелеуге, олардың қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге белсене қатысуына бағытталған жастардың қоғамдық маңызды бастамаларын тиімді қызмет ететін мемлекеттік органдармен қорғау жүйесін қалыптастыруды қажет етеді. Жастардың тұрақты әлеуметтік-экономикалық жағдайы – оның дамуының, жастар ортасындағы қылмыстың төмендеуінің кепілі, сондай-ақ, құқықтық санасы мен мәдениетінің ең басты көрсеткіші.

Құқықтық сана – мемлекетке ұйымдасқан қоғамның құқықтық өмірі (табиғаты) органикалық құрамның бөлігі және негізі болып табылады. Ғ.С.Сапарғалиев пен А.С. Ибраеваның пайымдауынша, құқықтық сана дегеніміз – адамдардың қолданыстағы немесе тілекке сай келетін құқыққа қандай қатыстылығын көрсететін сезімдерінің, сезінулерінің, түйсіктерінің, пайымдарының, идеялары мен көзқарастарының жиынтығы. Сондай-ақ, құқықтық сана Қазақстан Республикасы азаматтарының қолданыстағы заңдарға, оларды қолдануға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына және қалаулы құқыққа, басқа да құқықтық құбылыстарға құқық сезімдерінің, көзқарастарының, пікірлерінің, бағаларының жүйесі [1].

Демек, құқықтық сана құқыққа қатысты ойлар, сезім, көңіл күй, көзқарастардың жиынтығы болып табылады. Ол дегеніміз, құқық туралы көрініс, яғни құқықтық түсінушілік, құқық рөліне көзқарастар, адам құқықтары туралы ойлар, оның басқа адамдардың, мемлекет және қоғамның алдындағы жауапкершілігі. Қоғамның құқықтық санасы қоғамның тұтастығын сақтауды қамтамасыз ететін адамдардың қатынастарын әділ реттеуге бағытталған. Жастардың қазіргі құқықтық санасы мемлекеттің ішінде және халықаралық деңгейде саяси санамен тығыз байланыста әрекет етеді, бұл заңи және философиялық әдебиетте «саяси-құқықтық сана» деген ұғымды қолдану үшін негіз болып табылады. Мемлекет саясатының маңызды бастамасы, оның институттары, саяси құқық және азаматтардың бостандығы, саяси санамен тығыз байланысты құқықтық сананың бірден-бір көрінісі ретінде құқықтық актілерде, конституцияда бекітілген.

Құқықтық сана – құқық нормаларының нақты және толығымен іске асырылуының ең басты шарты. Құқықтық нормаларының талаптары тікелей азаматтарға қойылады. Бұл талаптарда олардың саналы түрдегі ерікті әрекеттері арқылы орындалады. Яғни жастардың құқықтық санасының деңгейі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым құқық нормаларының ережелері нақты орындалады.

Жоғарыда атап өтілгендей, құқықтық сана саяси мазмұнға, сипатқа ие болады. Мемлекеттегі саяси үрдістер мен бағыттар әрқашанда құқықтық санаға өзінің әсерін тигізеді. Заңның өзі қоғамда жүргізіліп отырған саясатқа тәуелді.

Сондай-ақ, Құқықтық нақтылықты, құқықтың және құқық жүйесінің дамуына ықпал ететін факторларды ерекше түрде тану құқықтық сана болып табылады. Моральмен, дінмен, өнермен, ғылыммен қатар, құқықтық сана қоғамдық сананың нысаны болып саналады, оның өмір шындығын көрсететін өзіне тән ерекше объектісі бар.

Сайып келгенде, құқықтық сана дегеніміз - адамдардың қолданылып жүрген және тілек ететін құқыққа көзқарасын білдіретін түсініктер мен сезімдердің, бағалар мен мақсаттардың жиынтығы. Мысалы, жастардың жаңа заңға мақұлдау немесе жақтырмау, нормативтік құқықтық актінің жобасы жөнінде пайымдау және т.б. түріндегі әсері. Құқықтық сананың мәні оның бағалаушылық сипатында. Қолданылып жүрген заң нормаларын нақты қоғамдық қатынастармен және әлеуметтік топтардың мүдделерімен арақатынасын белгілей отырып, құқықтық сана құқықтың мүмкіндігінше қандай болуға тиіс екендігін анықтайды. Құқықтық сана өзінің сабақтастығымен, мәдени-тарихи мазмұнымен ерекшеленеді. Құқық туралы көзқарастар, түсініктер, идеялар мен теориялар ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Әртүрлі мәдени-тарихи қоғамдастықтың құқық туралы, реттеу әдістері мен жауапкершілік түрлері туралы түсініктері әртүрлі болады. Мысалы, Солтүстік Америкада АҚШ-тың негізін қалаушылардың қоғамның құқықтық санасын демократияға, бостандық пен гүлденуге қалай ілгерілеткені мәлім.

Құқықтық сананың құрылымына тоқталатын болсақ, ол құқықтық психология және құқықтық идеологиядан тұрады. Құқықтық психология болып жатқан оқиғалар мен құбылыстардан қызбалықпен, тіпті есі кете терең әсер алуға қабілетті адамға тән психикамен байланысты. Ол құқықтық санада көбінесе стихиялы түрде, құқыққа және құқықтық шындыққа көзқарас бейнелетін сезім, көңіл-күйі, сүйкімділік пен сүйкімсіздік, реніш түрінде қалыптасады. Мәселен, бұл жасалған қылмыс жөнінде ашынушылық және оның құрбанына жаны ашушылық, әділ сот үкіміне қанағаттану сезімі; қылмыстық жазадан қорқу немесе Конституцияны құрметтеу болуы мүмкін. Құқықтық сезімдер, көңіл-күй көп жағдайда әлеуметтік ортаның, жеке адамның тікелей араласатын ортасының ықпалының әсерімен қалыптасатынын ескеру керек. Көптеген зерттеулер нәтижесі бойынша жастардың белгілі бір ортада болғанда, өзі басқа адамдармен байланыс жасамаған кездегіге қарағанда, көбінесе мүлде өзгеше сезініп, ойлап, әрекет жасайтыны белгілі болған. Сондықтан жастардың құқықтық санасының деңгейі мен ерекшеліктерін анықтау үшін оның отбасының, ұжымының, бейресми араласатын топтарының және тиісті әлеуметтік жіктерінің әлеуметтік-құнды бағдарын білу қажет. Қылмыстық, қылмыстық атқару, әкімшілік, сондай-ақ азаматтық құқықта сол заңдарға қоғамдық құқықтық сана арқылы және оны мақұлдауымен адамдардың әдет-ғұрпымен сенгізілген кінәден арылу туралы, зиянды жуып-шаюу туралы, моральдық нұқсанның орнын толтыру туралы ережелер кездесетіні анық. Құқықтық санадағы дәнекер элемент- жеке адамның өз әрекеттерінің заңдылығын өзінің бағалауы. Өздерінің ниетін, мотивтері мен қылықтарын сын көзбен және дер кезінде бағалай білу оның адам мінез-құлқындағы реттеушілік, алдын алушылық, немесе, керісінше, белсендірушілік рөлін айқындайды. Өзін-өзі бағалау өзінің заңды әрекеттеріне қанағаттану немесе істелген істері үшін ұялу, өкіну сезімінен көрінуі мүмкін.

Құқық теориясында құқықтық сана өзара байланысты үш міндетке: танымдық, бағалаушылық, реттеушілік міндеттерге бөлінеді. Танымдық міндет құқықтық шындық құбылыстарын субъектінің құқықтағы мәнділігі мен тиістілігі туралы түсініктері тұрғысынан ой елегінен өткізуден тұрады. Құқық өз нормаларына сәйкес мінез-құлыққа оң көзқараста болады. Алайда егер жеке адам заңды бұзбаса, құқық нормаларын жазалаудан қорыққандықтан немесе өзінің комформизмі салдарынан, яғни жұрттың бәрі сияқты істеймін принципі бойынша бұзбайтын болса, бұл әлі де оның қажетті құқықтық мәдениеті бар екендігі білдірмейді. Сол сияқты жеке адамның немесе топтың кез-келген құқықтық белсенділігін құқықтық мәдениетке жатқызуға болмайды. Заңдарды білуге және оларды өздері қызмет етіп жүрген мақсаттарға зиян келетіндей

етіп пайдалануға болады. Өмірде құқықтарды, сөз бостандығын қоғам мүдделеріне нұқсан келтіре отырып, қиянат жасау да сирек кездеспейді. Керісінше, заңсыз әдістермен ізгі мақсаттарға жетуге тырысатын кездер де болады. Демек, әлеуметтік-құқықтық оң белсенділік қана жеке адамның немесе ұжымның жеткілікті құқықтық мәдениетінің компоненті деп танылуы мүмкін. Осы орайда келесі автордың құқықтық мәдениетке берген анықтамасына тоқталып өткеніміз жөн.

Д.А. Булгаковтың пайымдауынша, тұлғаның құқықтық мәдениеті – бұл құқықты білу және түсіну, соған сәйкес әрекет ету [2]. Құқықтық мәдениеттің жақсы дамуының негізгі шарттары: халықтың рухани сана сезімін дамыту; мемлекеттік биліктің үш бағыттағы жұмысын жақсарту; заңдылықты, құқықтық тәртіпті орнату, мәдениеттің жетістіктерін қорғау; құқықтық мемлекет қалыптастыру.

Қорытындалай келе, қазақ халқы ежелден ұрпақ тәрбиесіне баса назар аударып, перзентін бесіктен бастап адамгершілік пен имандалаққа баулыған. Сондықтан кешегі ұрпақ қандай қиыншылықты бастан өткерсе де, ана сүтімен, әке өнегесімен бойларына сіңген тәрбие-тәлімін жоғалтқан емес. «Бұл – біздің ұрпағымыз» деп аға буын өкілдері мақтан тұтатын жастарымыздың тазалығы мен талғамы сай болып, мәдениеттіліктің үлгісін көрсете білсе, нұр үстіне нұр болар еді. Қоғамдық орындарда ізеттілік көрсету, үлкенді сыйлау, кішіге құрмет көрсету – біздің ұлттық мәдениетімізге тән құндылықтар. Сондықтан мәдениетті, кішіпейіл халықтың кемел келешегі екенімізді естен шығармағанымыз абзал. Көрсен көзің тоятын қазақтың ерімдей жас қыз-жігіттері бойларындағы имандылық қасиеттерін жоғалтпаса дейміз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Сапарғалиев Ғ.С., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2007. – 171 б.
2. Булгакова Д.А. Мемлекет және құқық теориясы. Оқу құралы. - Алматы: Заң әдебиеті. 2006. –96 б.

Түйіндеме

Үлкенді сыйлау, кішіге құрмет көрсету – біздің ұлттық мәдениетімізге тән құндылықтар екенін жастарға ұғындыру мәселесі көтеріледі.

В статье рассматривается воспитание молодежи и привитие культуры и правового сознания в обществе.

В статье рассматривается воспитание молодежи и привитие культуры и правового сознания в обществе.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ - ЕЛ ЕРТЕҢІНІҢ КЕПІЛІ

Ұлықпан А.

ҚазИТУ, Агрохимия мамандығы

Жетекші: Тойбаева Қ.А

Алматы қаласы

Біз өткеннің ұлағатын, ұлттық болмысымызды, мәдени құндылықтарымызды бағалай отырып қана болашақты бағамдай аламыз. Әрине тек біз үшін ғана емес, кез-келген халық үшін өзіндік сана мәселесі әр уақытта өзекті. Тек заман қойған талапқа

сай өзіндік кейі болмаса көштен кейін қалдыруы әбден мүмкін. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар, Рухани жаңғыру» атты мақаласының түп мәні де осы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек, ол әрбір қазақстандықтың санасында сілкініс жасауға негіз болар, негізгі құжат. Озық 30 елдің қатарына қосылу үшін, қос өзгерісті қатар өткеріп жатырмыз. Саясаттыда экономиканыда жаңа жаһандық сын-қатерлерге қарсы тұрарлықтай қауқарлы етеміз деген есеп бар. Ал мінез-құлқы қас-қағымда құбылғыш қазіргідей әбігер әлемде мұндай жоспарды орындау жойқын күшті керек қылары бесенеден белгілі. Сондықтан әлгіндей күліп келіп күңіреніп кететін кісілікпен күреспесек, жаңғырудың құр жаңғырыққа айналуы оп-онай. Демек,әрбір азамат адамдығынан айрылмай, кіндік қаны тамған жерінің, құлындай құлдандап өскен қырының қадірін білсе құбағұп. Ел басымыздың мақаласы өте маңызды жазба. Себебі осы уақытқа дейін қазақ елі экономика құрығында кетіп, рухани саланы, әлеуметтік салаларды 2 кезекке қойды. Сондықтан ендігі кезекте ел руханиятын көтеріп, қоғам санасына мол көңіл бөлгеніміз жөн.

Жаңа тұрпаттағы жаңғырудың ұйытқысы ұлттық код. Бірақ оны атамнан қалған асыл еді деп сүрлеп қойсақ сүйкімі кетер. Сол себепті заманның талабына қарай түрлендіріп, қайта түлетсек, жоғымыз түгенделер.Ел басымыз осылайша ой толғап, әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртар алты бағытты анықтап берді:

- 1) Бәсекелік қабілетті арттыру
- 2) Популистік идеологияны ығыстырып , прагматизмді ұран етіп ұстану
- 3) Болмыс-бітімнен алалықты алыстатып,ұлттық бірігейлікті сақтау
- 4) Құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік санау
- 5) Эволюциялық даму қағидасын әр азаматтың дербес бағдарына айналдыруы
- 6) Санадағы ашықтық, яғни түндікті жауып алып жатуды қою.

Ал енді бұл аталғандарды бұлтартпай орындау үшін, қандай қарекеттер жасалмақ.

Рухани жаңғыру- реформалармен біте қайнасып жатыр. Бұл қоғамға аса қажет дүние. Технологиялық жаңарумен қатар, адамның сана сезімін сілкіндіруге мемлекет мән бермек.Елбасымыз ұлттық сана біліммен бәсеке, ұлттық бірігейлікті сақтау қағидаттарына терең үңілді.Н.Ә.Назарбаев: «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығына емес, адамдардың бәсекелестік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуын сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында». Ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, өткеннің кейбір кертартпа тұстарынан арылу керектігін елбасы мақаладан басып айтады, сана сезімнің көкжиегін кеңейтуге үндейді, заман көшіне ілесе отырып атадан қалған бай мұраны бүгінгімен ұштастыру,оны түгендеуді көздейді . Елдің ендігі мұраты рухани құндылықтарды, ұлттың кодын сақтап қалу. Н.Ә.Назарбаев: «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі- ұлттық код,ұлттық мәдениет сақталмаса,ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі-алға басу үшін ұлттың дамуна кедергі болатын өткеннің кеттартпа тұстарынан бас тарту керек».Елбасымыз ұлт келешегін кемел ететін рухани құндылықтарға терең бойлады, оның өзегінде идеологиялық мәселелерде жатыр тәрбие, білім, патриотизм. Ел мүддесін көксеген, көкейкесті түйіпкілдер зиялы қауымды тебіrentпей қоймады.

Кез-келген нәрсеге бейім болудың алғышартты-білім.Ол бүгінгінің басты қажеттілігі. Дүниетанымы кең адам ғана бәсекеге төтеп бермек. Өскелен ұрпақты әуелі білімге құштар болуға үндеудің сыры осында. Н.Ә.Назарбаев: «Біз білімге бөлінетін бюджет шығыстарының үлесі жөнінен әлемдегі ең алдыңғы қатарлы елдердің санатына қосылып отырмыз. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екендігін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдылық беретін межелердің қатарында білім

әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді». Елбасымыз ой толғауында білімге айтарлықтай басымдылық берді. Жақсы адам, білікті маман тәрбиелеу ел игілігі үшін. Елбасымыз алдағы он жылдың ұраны прогматизм болады деп болжам жасады. Ол дегенің уақытты үнемді пайдаланып, болашағыңды жоспарлауға биімдену, ұстамдылық, қарапайымдылық сияқты қанға сіңген қасиеттерді қайта түлету.

Тарих, мәдениет, салт-дәстүр қайта түлемек, ол үшін мемлекет басшысы бірнеше бастама көтеріп, нақты жобалар ұсынды. Соның бірі қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру. Латын әліпбиіне толық көшу 2025 жылға межелеген. Бұл үрдіс тыңғылықты дайындықты қажет етеді, демек қазірден қамдану керек. Н.Ә. Назарбаев: «2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керек. 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтар дайындауға кірісуіміз қажет. Алдағы 2 жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізілуі қажет»

Ұлтты ұйыстаратын тағы бір ұсыныс - туған жер бағдарламасы. Ол жалпы ұлттық патриотизмнің өзегіне айналмақ. Ұлы даланың әрбір тауы мен тасы, өзені мен көлі тарихтан сыр шертеді. Әр жер атаулының төркіні туралы аңыз әңгімелер көп. Жас ұрпақ соны біліп өсуі тиіс.

Бұған қоса алдағы кезеңде гуманитарлық ғылымдады жандандыру көзделуде. Тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, мәдениеттану мен психология, филология ғылымдары бойынша толық қанды білім беруге ерекше көңіл бөлінетін болады. Алдағы жылдары гуманитарлы бағыттар бойынша әлемнің ең жақсы 100 оқулығы қазақ тіліне аударылмақ, сөйтіп жастарға таңдаулы үлгілер негізінде білім алуға мүмкіндік жасалады. Н.Ә. Назарбаев: «2018-2019 оқу жылының өзінде студенттерді осы оқулықтармен оқыта бастауға тиіспіз. Ол үшін қазіргі аудармамен айналысатын құрылымдар негізінде мемлекеттік емес Ұлттық аударма бюросын құру қажет. Ол Үкіметтің тапсырысы бойынша 2017 жылдың жазынан тиісті жұмыстарға кірісе бергені жөн»

Ұлт руханиятын топтастыратын тағы бір жоба. Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары, жат идеологияға төтеп беруге олардың алар орны айрықша. Ұлттық бірегейлігімізді осы құндылықтарда екенін ұмытпаған абзал. Н.Ә. Назарбаев: «Біз ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын дербес орны бар ұлт боламыз десек; «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға тиіспіз. Әлем бізді қара алтынмен немесе сыртқы саясаттағы ірі бастамамызбен ғана емес, мәдени жетістіктерімізбен де тануы керек».

Қазақтың мәдениеті де, руханияты да өте бай. Көне шаһарлар, кесенелер, қорғандар, ескерткіштермен жәдігерлер жетіп артылады. Айдай әлемге көрсетер рухани мұра көп, халқымыз тарихи тұлғалардан кем емес, дегенмен заманныңда келбетіне көш бастайтын майталмандар бар. Бүгінгі күннің белсенділерін елге таныту мақсатында Қазақстандағы 100 жаңа есім жобасы жүзеге аспақ. Бұл бастамалардың демі жастар үшін. Демек мақаланың өскелең ұрпаққа берері көп.

Бұл бастамаларда білімді ұрпақ өсірудің алға шарттары бар. Замани, интеллектуалды һәм рухани көшбасшылар тәрбиелеу, үздік отыздыққа қадам басу үшін керек. Таяудағы 10 жылда өмір салты түбегейлі өзгереді, оған дайын болған абзал дейді елбасы. Сондықтан ашық болу, дамыған елдердің жетістіктерін қабылдай білу керек, бұл табыстың кілті, озық зерденің көрсеткіші. Дамудың діңгегі рухани байлықтардан басталары хақ, демек рухани жаңғыру заман талабы.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы

http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
https://www.youtube.com/watch?v=hYnigRs_Iff

Түйіндеме:

Автор в своей статье анализирует статью Президента РК «О духовном обновлении будущего» и выражает свою точку зрения. В статье показана преемственность и глобальное духовное обновление казахстанского общества и каждого казахстанца. Автор считает что мы должны модернизировать духовный мир.

The President's article "Looking into the Future: Modernizing Public Consciousness" is an example for further development of our country. And this development is in the shoulders of young generations

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: МЕНІҢ ТУҒАН ЖЕРІМДЕГІ КИЕЛІ ЖЕРЛЕР МЕН АТАУЛАР

Тастанова Н.
ҚазҰАУ-нің I курс студенті
Ғылыми жетекшісі, қауымдастырылған
профессор Ахантаева А.Ж
Алматы қаласы

«Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын. Оның ауқымы ізінше оп-оңай кеңейіп, «Туған елге» ұласады. Мәселен, «Ауылым – әнім» атты әнді айтқанда, «Туған жерін сүйе алмаған, сүйе алар ма туған елін», - деп шырқайтын едік қой. Бажайлап қарасақ, бұл – мағынасы өте терең сөздер. Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегіннің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі», - деп [1], мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, өзімнің туып өскен Жамбыл облысындағы тарихы терең киелі жерлер Жуалы мен Аса, Билікөл өзендерін зерттеп баяндағанды жөн көрдім. Президентіміз Н. Назарбаевтың Рухани жаңғыру бағдарламасында атап кеткендей әр адам өзінің туған жерінің тарихын білуі керек.

Аса – Жамбыл облысы Талас, Сарысу, Жамбыл аудандарының жерімен өтетін өзен, Таластың сол саласы. Ұзындығы 253 км, су жиналатын алабы 6670 км² Аса Қаратаудың оңтүстік-шығыс беткейінен басталатын Теріс және Күркіреу өзендерінің қосылуынан құралады

Арнасы жоғарғы ағысында тар, тік жарлы, орта ағысында Билікөл, Ақкөл көлдері арқылы ағып өтеді. Кей жылдары Талас өзеніне құяр жерінде құмға сіңіп кетеді. Жылдық орташа су ағымы 10,4 м³/с. Желтоқсанның басында суы қатып, ақпанның аяғында мұзы ериді. Аса өзенінің қызылша плантациялары мен бау-бақша, егінді суғаруда маңызы зор. [2]

Оның кішігірім 30-ға жуық саласы бар. Жуалы ауданының жерінде ол Шақпақ, Теріс, Ақсай, Көксай, Күркіреу су өзендері қосылған соң Аса өзені аталады. Асаның, әсіресе, Күркіреу су өзенімен қосылған тұсы таулы аңғармен өтеді, ағысы өте жылдам.

Қаратөбе ауылдық округі маңында "Айырма" аталып, "Үлкен Аса" және "Кіші Аса" болып екіге бөлінеді. Өрнек ауылдық округі маңында екеуі бір арнаға қосылып "Құйған" атанады. Билікөл ауылы маңында тоғыз тарауға бөлініп, "Тоғызтарау" аталады. Сонымен қатар одан Қуат каналы бөлініп ағып өтеді. Жамбыл ауданының жерінде Аса өзені Ақкөл ауылының шығыс жағынан ағып өтеді.

Өзеннің "Аса" деп аталуына байланысты ел аузында мынандай аңыз айтылады: "Тараздың жас батыры Қарахан ғашық болған Айша бибі сұлу сүйгеніне келе жатқан жолында, осы өзеннің жағасында Айшаны улы жылан шағып өлтіреді. Қос ғашық арманына жете алмай, қыз өзеннен аса алмай көз жұмады. Сондықтан жұрт өзенді "Аса алмаған" деп атап, кейіннен "Аса" атап кеткен дейді.

Ал, енді Геродоттың дерегі бойынша, қазақ даласын мекендеген сақ тайпасының ең үлкені Асы "Ассақтар" атымен байланысты. Асылар батысында Кіші Қаратау арқылы шектелсе, шығысында Талас, Шу, Іле, Тарбағатай мен Алтай аралығына дейін мекендеген, негізгі ата-мекені Жетісу болған. Тарихшы У. Шалекенов Асылардың Тұйық, Жайсан, Шатырқұл кен орындарын игергенін жазса, Ә. Марғұлан Асылардың Сарыарқадағы көптеген мәдени ескерткіштерін ашып берді. "Ассақтар, яғни асы тайпасы б.д.д. 5-6 ғасырда құрылған Ұлы жүз отанының бірі болып, Үйсін мемлекетінің құрамына енген. Б.д.д. 2-ғасырда грек-бактриялықтарды тас-талқан етіп жеңген Үйсін мемлекетінің Асы, Арыс тайпаларының жасақталған жауынгерлер еді" - деп жазады Ю.Зуев.

Қысқасы, Аса өзенінің тарихы осы аймақты мекендеген Сақ тайпасының атымен аталғаны даусыз. Бүгінде Жамбыл ауданының орталығы, темір жол бекеті, бірқатар елді мекендер осы Асы тайпасының атымен аталады.[3]

Жамбыл облысының көрнекті жерлердің бірі-Аса өзені ағып өтетін Билікөл көлі туралы шолу жасап өтсем.

Билікөл - Шу-Талас алабындағы көл. Жамбыл облысы Тараз қаласының солтүстік-батысында 70 км жерде, Қаратаудың солтүстік беткейіндегі тектоникалық ойыста орналасқан. Абсолюттік биіктігі 438 м.

Аумағы 85 км², ұзындығы 18 км, ені 7,5 км-ге дейін, ең терең жері 8м. Жауын-шашын мол жылдары су көлемі 182 млн. м³-ге жетеді. Суы тұщы. Билікөлге Аса өзені шығыс жағынан құйып, солтүстігінен ағып шығады.

Жайпақ құм жағалауында қоға аралас қамыс өседі. Көлде сазан, шабақ, табан балық, ақ амур, майшабақ, т.б. бар. Көл суын төңіректегі шаруашылықтар егіс суаруға пайдаланады. Көлдің тағы бір ерекшелігі-оның «8» санына ұқсайтынында. Жоғарыдан, яғни шамамен 10 км биіктіктен қарасаңыз, ұқсайтынын көресіз. [4]

Менің атам осы жерде өскен. Билікөлдің тарихы туралы әңгіме-аңыздар айтып отыратын. Есімде қалғаны, Билікөлде үңгірлер бар. Сол үңгірлерде баяғы жоңғар шапқыншылығы кезінде адамдар тығылып, өмір сүрген. Бай-дәулетті адамдар бастарына күн туғанда, қиын-қыстау заманында сол үңгірлерге өз дүниелерін тығып кететін болған.

Қазақ елінің мақтаныштары Бауыржан Момышұлы, Тұрар Рысқұлов туып өскен, айта берсе тағылым болар тарих, үлгі болар ел азаматы көп Жуалы өңірі туралы айтып кетейін.

Жуалы - Мыңбұлақ аты орта ғасыр тарихында, саяхатшылар мен жиһангерлердің жазбаларында жиі айтылады. Ұлы Жібек жолының алтын арқауында жатқан Жуалы жері талай тарихшылар мен саяхатшыларды да қызықтырған. Мәселен, 846-847 жылдары Жуалыда болған араб саяхатшысы Убейдаллаһ ибн Хордабек күнделігінде өңір туралы былай жазыпты: «Испиджабтан (Сайрам) Будухкетке келдік, одан Тамтаджға (Түлкібас), одан Абарджаджға (Мұнарлы төбе) 4 фарсах жол жүріп Жувикет арқылы Таразға жеттік» десе, 1246 жылы Шыңғыс ханның шапқыншылығынан кейін Ұлы Жібек жолының сүрлеуімен жүрген римдік Плано Карпини деген саяхатшы

мынандай жазба қалдырған: «Бұл жерде біз қираған, талан-таражға түскен көп қақпалы сарайлары бар сансыз қалалар мен қаңыраған бос көптеген елді мекендерді таптық».

Осы деректерден-ақ осы өңірдің мәдениеті мен экономикасының шамшырағы болған бекіністер мен қала-қорғандар көп орын тепкенін, халқын Шыңғыс хан аяусыз қырғанын аңғаруға болады. Жуалы жері шапқыншылық кезінде жаудан қорғанар берік камал болған. Жеріне қарай оны қорғайтын даңқты ұлдары да шашақты найзаны қолға алып, қорамсаққа қол салып, туған жерін, елін қорғаған. Осы өңірді Қойкелді, Ақша, Құлан, Рысбек, Тілеуке, Қожық, Құттық, Онбай, Бердіқожа, Байдәулет, Есіркеп, Тоғанас, Бармақ, Садыбай, Шоқан, тағы да басқа батырлар мен дуалы ауыз бабалар мекен еткен, табандары тиген.

Бүгінгі күні батырлар ұрпағы – қазақтың төлқұжатына айналған аталары – Тұрар Рысқұловтың, Бауыржан Момышұлының, Шерхан Мұртазаның мәңгілік өсиеттерін ұран етіп, тәуелсіз Қазақстанның көк байрағы биік желбіреуі үшін еңбек етіп, ұрпақ тәрбиелеуде. Күйік пен Шақпақ асуларының арасында, Теріс өзенінің Шақпақ, Ақсай, Көксай, Бақаты, Боралдай саласы мен батысқа қарай ағатын Қошқарата өзендерінің жағасында, таулардың баурайында егін салып, мал өсіруде. Өзін жуалылықпын деп есептейтін Шыңғыс Айтматов 1969 жылы «Правда» газетінде туған жері туралы былай толғады: «Аңызға айналған Ақ бидай өлкесі – Жуалы өңірі менің санамда мәңгілік қалып қойды. Өмірдің шартарапқа сүйреген жолы мені Жуалыдан бірте-бірте алыстата берді. Одан алыстаған сайын, Ақ бидай өлкесіне деген сағынышым күшейді.

Орақ науқанын сағынған кезде есіме сол өлке түседі. Алыс жерлер мен теңіздерді басып өтіп, бөтен елдерге сапар шеккенде де бүкіл Орталық Азияға әйгілі қазақ әні «Ақ бидай» әуені ерекше елітіп, қуантады. Сол ән осы Ақ бидай өлкесі – Жуалыда туған ғой деп ойлаймын...». Қалай айтсақ та, жазсақ та Жуалы ақ бидайымен де, батырларымен де, мың бұлағымен, сұлу табиғатымен де, тарихымен де қазақ еліне ертеден-ақ белгілі болған.

Табиғаты адам әрекетімен бұзылмаған Ақсу-Жабағылы қорығы 1926 жылы қазақтың біртуар ұлы Тұрар Рысқұловтың бастамасымен құрылған. Орман маманы Тұрар Рысқұлов табиғаттың қасиеті мен таңғажайыптарын өте жақсы білген. Табиғатты аялау, оның заңдылықтарын өмірмен байланыстыра білу, ғажайыптарынан сабақ алу Тұрардай сұңқардың өмірлік ұстанымы болғанын оның шығармаларынан байқауға болады. Сондықтан да туған жердің керім табиғаты мен аң-құсын сақтап қалу үшін сол бір қиын қыстау кезде қорықты құру аса қажет екендігін дәлелдей біліп, жеңіске жеткен. Қорық Жамбыл облысының Жуалы және Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас, Төле би, Бәйдібек аудандарының жерін алып жатыр. Ол 1100 метр биіктіктен басталып, 4236 метр болатын Сайрам шыңына дейін созылған тау қыраттарында орын тепкен. ...Сақиналы болған ақтамақ қарлығаш бірден көкке көтерілді. Бостандық деген қандай ғажап! Қараңызшы, қараңызшы, қанатын талмай қағады... Әуелеген құсты өзіне табындырған, саясына аялдатқан, алыс сапар алдында қуат берген Жуалы жерінің тартылыс күші ғажап!!![5]

«Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс», -деп[6] Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сөзімен сөзімді қорытындыласам.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», Егемен Қазақстан 2017ж 12 сәуір
2. Қазақ энциклопедиясы I том
3. Жамбыл облысының топномикалық атауларының анықтамалығы

4. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл II том
5. Егемен Қазақстан 2016 жыл 29 сәуір /Жуалы ауданының құрметті азаматы-Мақұлбек Рысдәулет/ «Жуалы-Мыңбұлақ»
6. Назарбаев Н.Ә «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», Егемен Қазақстан 2017ж 12 сәуір

Түйіндеме:

В этой статье рассматриваются истории и легенды священных мест: реки Ассы, озера Билаколь и региона Джуала.

In this article, the stories and legends of the sacred sites are considered: the Assy river, Bilakol lake and the Djula region.

ЕЛІМІЗДІ ДАМУДАҒЫ БАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР

Балтабаева А.С.

ҚазИТУ колледжі студенті

Ғылыми жетекшісі: Маемгенова А.Д

Бұған дейін еліміз жаңа тәуелсіз мемлекетті құру арқылы Бірінші жаңғыруды жүзеге асырды. Содан кейін «Қазақстан–2030» Стратегиясын қабылдады және Астананы салды. Нәтижесінде еліміз әлемнің дамыған 50 елінің қатарына кірді. Бүгінгі таңда Қазақстанның Үшінші жаңғыруын іске асыру аясында саяси реформа, экономикалық өсімнің жаңа моделін құру және рухани жаңғыру сияқты үш жаңғыру үдерісі жүзеге асырылатын болады. Бұл орайда, ең әуелі, жалпыұлттық құндылықтарды тереңдету негізінде түбірлі өзгерістерді қажет етіп отырған осы саланың бүгінгі жай-күйін атауға болады. Экономикаға келетін болсақ, Қазақстан нарықтық экономиканың көрнекті үлгілерінің бірі болып табылады. Мысалы, бүгінде Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Үкімет Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше көптеген елдердің ІЖӨ-нің 15%-ы деңгейі көлеміндегі мемлекеттің экономикаға қатысуын азайту бойынша жұмыс жүргізуде. Мемлекеттің экономикаға қатысу үлесін есепке алғанда, мемлекеттің бақылауындағы және жанама бақылауындағы ұйымдардың ІЖӨ-ге шаққандағы жалпы қосымша құнының (ЖҚҚ) арақатынасы ескеріледі. 2014-2015 жылдардың қорытындылары бойынша ЖҚҚ-ның ІЖӨ-ге арақатынасы 21,1% және 19,1%-ды құрады. Мемлекеттің экономикадағы қатысуын қысқарту мыналар арқылы қамтамасыз етіледі:

– мемлекеттік меншікті жекешелендіру және квазимемлекеттік сектордағы активтерді іске асыру;

- ұлттық холдингтерді трансформациялау;

2016-2020 жылдарға арналған жекешелендірудің кешенді жоспарында 780 ұйымды, оның ішінде мемлекеттік меншіктегі 64 барынша ірі компанияларды, атап айтсақ, «Самрұқ-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры, «Бәйтерек», «ҚазАгро» акционерлік қоғамдары, «Самрұқ-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының құрамына кіретін 171 еншілес және тәуелді ұйымдарды, сондай-ақ, жекешелендірудің, мемлекет-жеке меншік бағынышты әріптестікті және тарату нәтижесінде бәсекелестік ортаға берілген 545 кәсіпорынды іске асыру қарастырылған.

Қабылданған шаралар мемлекеттің экономикаға қатысуын елеулі қысқартады және елімізде жеке бастамалардың белсенділігін арттырады.

Рухани-мәдени салаға қатысты әзірге мұндай өзгерісті айта алмаймыз. Әрине, аталған саланы тұтастай нарыққа беру жөнінде әңгіме қозғалып отырған жоқ. Басты мақсат мемлекеттің және азаматтық қоғамның өзара іс-қимылының негізінде барша руханиятты жаңғырту болып табылады. Бұл орайда, елімізде 2014 жылдан бері қазақстандықтардың жоғары руханилығы мен мәдени ментальдығының бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға бағытталған Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасы іске асырылуда. Мәдениет руханияттың іргесі ажырағысыз құрылымы екені аян. Ал, кейінгі жылдары мәдениеттің ең негізгі өзегі рухани салада түбірлі жаңғырулар жүргізілген жоқ.

Елбасының бағдарламалық мақаласы – бұл, ең әуелі ХХІ ғасырда шынайы өмірде ұлттық сананы айқындайтын және қоғамдық сананы өзгерту жолдарының жалпы бағыттарын белгілейтін дүниетанымдық-идеологиялық мақала. Оның мақсаты күшті әрі жауапты адамдардың Біртұтас ұлтын құру болып табылады. Мақала кіріспеден, «ХХ ғасырдағы ұлттық сана туралы», «Таяу жылдардағы міндеттер» атты екі негізгі тараудан және қорытындыдан тұрады.

Ең әуелі, ел Президенті тарапынан бүгінгі таңда адамзат қоғамы жинақтаған аса зор өркениет тәжірибесіне зерделі талдау жасау бойынша қыруар жұмыс жүргізілгенін көруге болады.

Мемлекет басшысының жоғары рухани дамуға қатысты сөзі дүниетанымдық саладағы жаңғыру бойынша қолданылған жаңаша ұғым. «жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, Президент жаңғырудың 6 бағытын белгілейді:

1. Бәсекеге қабілеттілік;
2. Прагматизм;
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау;
4. Білімнің салтанат құруы;
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;
6. Сананың ашықтығы.

Бұл бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. Олардың әрқайсысына егжей-тегжейлі тоқталу мақаланың басты міндеті емес екенін ескеріп, біз Екінші және Үшінші жаңғырулар – «Прагматизм» және «Ұлттық бірегейлікті сақтауға» назар аударсақ.

Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «әуелі экономика, содан кейін саясат» атты әйгілі принципі баршаға таныс. Біздің ойымызша, оның сабақтаса дамуы қоғамдық сананы жаңғыртуда айқын көрінеді. Әлемнің жетекші елдерін табысқа жеткізген нақты прагматизм игілікке қол жеткізудің әмбебап кілті болып саналады. Дәл осының арқасында қоғамдық-экономикалық формация ретінде капитализм құрдымға кеткен социализмді біржолата жеңді.

Мақалада біздің ұлттық кодымыздағы прагматизмнің бар екендігіне дәлме-дәл негіздеме беріледі. Ұлы даладағы қатаң табиғи жағдайлар мен шөлейтті жерлердегі тіршілікпен байланысқан көшпенділік дәстүрі ата-бабаларымыздың бойына табиғатпен үндескен өмір салтын, яғни прагматизмді қалыптастырды. Өткен ғасырлардағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына талдау жасай отырып, Елбасы радикалдық идеологияның заманы мүлдем келмеске кеткенінін тұжырымдайды. Сол себепті, біздің болашаққа жасалатын ұранымыз реализм және прагматизм болмақ.

«Ұлттық бірегейлікті сақтау» атты екінші бағытқа қатысты тоқталсақ, Президент дамудың әмбебап үлгісі болмайтынын нақты жеткізіп, тек ұлттық модельді ғана алға тартады. Бұл тұжырым қазіргі заманғы дәуірдегі ұлт құрылысында аса маңызды болып табылады. Ортақ тіл, мәдениет, тарих – бұлар барлық заманда да қуатты мемлекеттің іргетасы екеніне ешкім дау туғызбаса керек. Бұл бағытта ең әуелі ұлттық рухты атап көрсеткіміз келеді. Бұл жерде біз Мемлекет басшысының «Тарих толқынында» атты келелі монографиясын парақтай отырып, тарихқа қысқаша шолу жасап көрсек. Біздің рухани бастауларымыз қазіргі Қазақстанның аумағында біздің дәуірімізге дейінгі

екінші мыңжылдықта өмір сүрген ежелгі арийлерден басталады. Содан кейін саясат сахнасына бірінші мыңжылдықта билік құрған жауынгер сақтар шығады. Бұдан соң ұлы ғұндар дәуіріне кезек беріліп, олар түркілер билігіне дейінгі б.д.д. IV ғасырда өмір сүрді. Одан кейінгі заманда орын алған тарихи оқиғалар еліміздің ақпараттық-мәдени кеңістігінде кең түрде көрініс тапты. Сондықтан, оларды қайта санамалап жатудың қажеті жоқ деп ойлаймыз. Генезистің және біздің ұлттық рухымыздың қалыптасуы мен дамуына екіпін берген осындай ортақ құрамдастар бар. Айтылғандарды түйіндейтін болсақ, Мемлекет басшысының ұлттық рух туралы ұсынған тезисі Ұлы Дала елін дамытудың басты қозғаушы күшіне айналады.

Екінші тарау «Таяу жылдардағы міндеттерге» келсек, бұл іс-қимыл жоспары бірінші кезекте Қазақстанның алдағы ұзақ жылдардағы дамуын айқындайтын стратегиялық сипатқа ие.

Осы тараудағы нақты жобалардың қатарында келесі екеуіне жан-жақты тоқталуды жөн көрдік.

Бірінші жоба – бұл қазақ жазуының латын әліпбиіне кезең-кезеңмен көшіру мәселесі. Бұл мәселені өткен аптада бірқатар сарапшылар кең түрде талқылады. Пікір қайталауларға жол бермеу үшін біз тек келесі мәселерді ғана атап өткіміз келеді.

Біріншіден, Мемлекет басшысы латын әліпбиіне көшуді тек бүгін ғана қозғап отырған жоқ, оны 2012 жылы жариялады.

Екіншіден, Қазақстанның дамуында латын әліпбиі арқылы дамудың 11 жылдық тарихи тәжірибесі қалыптасқан (1929 – 1940 жж.).

Үшіншіден, бір тілдің жалпыадамзаттық немесе былайша айтқанда, «франк лингвасы» бойынша дамуы бұл заңды әрі тарихи құбылыс. Орта ғасырларда арабтар барлық батыс еуропалықтарды осылай атады. Шын мәнінде, сол кезеңдерде франклік билік ерекше салтанат құрды. Бұдан кейін француздардың билікке келу кезеңі басталды. Соған орай, барлығы роман тілінде сөйлей бастады. Ал, содан соң бүкіл Жер шарында отар елдері орналасқан Ұлыбританияның билеу кезеңіне ойысты. Бүгінде тарихтың жазуымен бүкіл өркениетті әлем, бірқатар бағалаулар бойынша 1,5 млрд адам осы тілде сөйлейді, өмір сүреді және дамуда.

Біз назар аударып отырған екінші жоба «Қазақстанның рухани жәдігерлері». Мәдениет саласы материалдық және рухани құндылықтардан тұратыны өздеріңізге мәлім. Өкінішке қарай, бұған дейін елімізде киелі құндылықтарға деген тұжырымды көзқарас болған жоқ. Сондықтан, ел Президентінің бастамасы бойынша қолға алынған жоба ұлттық бірегейліктің маңызды рухани тірегі болып табылады.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында жаңа тарихи кезеңге тән қатерлер мен тәуекелдерге жан-жақты баға бере отырып, рухани жаңғыру арқылы болашаққа деген өзінің терең көзқарасын білдірді. Жаңару арқылы жарқын болашаққа жетейік!

Қорытынды

Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек.

Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр.

Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс.

Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр.

Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін.

Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Әлеуметтік — экономикалық жаңғырту — Қазақстан дамуының басты бағыты».
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғырту».

Түйіндеме

Мақалада Қазақстанның дамыған 30 мемлекеттер қатарына қосылуындағы маңызды мәселелер талқыланған.

В статье рассматриваются важные вопросы присоединения Казахстана к 30 развитым странам мира.

The article examines the issues of accession Kazakhstan to 30 developed countries of the world.

МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ

Рысқалиева А.

Студентка 1 курса РЭТ

Научный руководитель: преподаватель КазИТУ

Косова Р.С.

Обновления в политической и экономической сферах требуют формирования новой модели сознания и мышления. В унисон народной мудрости, которая гласит: «заманыңа қарап бөркіңді сайла», означает «занять место в передовой группе, сохраняя прежнюю модель сознания и мышления, невозможно». Все шесть направлений духовной модернизации общественного сознания, обозначенные Главой государства в программной статье – конкурентоспособность нации, прагматизм, сохранение национальной идентичности, культ знания, эволюционное развитие Казахстана и открытость сознания, определяют ориентиры развития культурной политики Казахстана.

Традиции – это ядро нации. Сегодня наша страна, как и все народы мира, оказалась в открытой мультимедийной медиасфере, что позволило беспрепятственному «инфицированию» общественного сознания чуждыми информационными кодами. Наиболее уязвимой в этом плане оказалась сфера межэтнических и межконфессиональных отношений. Как известно, народные обряды и обычаи нашего народа с элементами доисламских верований органично вплетены и представлены в снятом виде и в теснейшем единстве с доминантными мусульманскими принципами в духе народной культуры. Однако наблюдается противопоставление новой «праведной» религиозности предшествующему духовно-религиозному опыту, что напрямую создает угрозу национальной безопасности и культурной идентичности нашей страны.

В условиях мультикультурного Казахстана меры по поддержанию межконфессионального равновесия должны носить комплексный характер, постоянно

корректироваться и совершенствоваться, быть чувствительными к изменяющимся условиям. Именно такой характер носит программа духовного обновления нации, представленная в программной статье. Хотя модернизация полагает изменения в национальном сознании, отличительной чертой программы модернизации общественного сознания, предложенной нашим президентом, является приверженность национальному коду, сохранению своей культуры, внутреннего ядра национального «Я».

В программной статье президентом указаны конкретные пути и решения в повышении национального духа в XXI веке. Это сохранение культурной идентичности посредством диалектического отрицания, а точнее, отказа «от ряда архаических и не вписывающихся в глобальный мир привычек и пристрастий» (стереотипов) и как указывает далее президент, сохранение того ценного, что является условием нашего дальнейшего развития, «наши национальные традиции и обычаи, язык и музыка, литература и свадебные обряды, – одним словом, национальный дух, должны вечно оставаться с нами». Это культ знания, развитие нового качественного образования, использующего современные технологии и опыт развитых стран, а также мотивация молодежи на образование как фундаментальный фактор конкурентоспособности и успеха в будущем.

Это открытость сознания посредством изучения английского языка, русского языка, способность осуществлять коммуникации и работать в глобальном мире, готовность к принятию технологических прорывов. Большое внимание в рамках развития духовной культуры отводится патриотическому воспитанию. Казахстанский патриотизм является новой парадигмой государственной политики и идеологии нашей страны. Он относится к основополагающим принципам нашего государства.

Каким должен быть сегодня тот, кто называет себя настоящим казахстанцем? Это образованный, креативный, конкурентоспособный, открытый мировым инновациям лидер, беззаветно любящий и испытывающий гордость за свою Родину. Лидер – деятельность которого направлена на созидание. Хотелось бы особо остановиться на роли, которую президент возлагает на гуманитарные кафедры вузов в процессах модернизации общественного сознания, в формировании нового поколения казахстанцев.

Да новая модернизация не должна, как прежде, высокомерно смотреть на исторический опыт и традиции. Наоборот, она должна сделать лучшие традиции предпосылкой, важным условием успеха модернизации. Без опоры на национально-культурные корни модернизация повиснет в воздухе. Я же хочу, чтобы она твердо стояла на земле. А это значит, что история и национальные традиции должны быть обязательно учтены. Важнейшая миссия духовной модернизации заключается и в примирении различных полюсов национального сознания. Любому казахстанцу, как и нации в целом, необходимо обладать набором качеств, достойных XXI века. И среди безусловных предпосылок этого выступают такие факторы, как компьютерная грамотность, знание иностранных языков, культурная открытость.

На протяжении столетий наши предки сохранили уникальный экологически правильный уклад жизни, сохраняя среду обитания, ресурсы земли, очень прагматично и экономно расходуя ее ресурсы. И только за несколько лет в середине прошлого века нерациональное использование ресурсов привело к исчезновению Аральского моря, превращению тысяч гектаров плодородных земель в зоны экологического бедствия. И это пример крайне непрагматичного отношения к окружающей среде. Так прежний национальный прагматизм обратился в расточительность. Век радикальных идеологий прошел. Нужны ясные, понятные и устремленные в будущее установки. Такой установкой может быть ориентация на достижение конкретных целей с расчетом своих возможностей и пределов как человеком, так и нацией в целом. Время не

останавливается, а значит модернизация, как и сама история,- продолжающийся процесс. На новом разломе эпох у Казахстана есть уникальный исторический шанс через обновление и новые идеи самим построить свое лучшее будущее.

Первое условие модернизации нового типа – это сохранение своей культуры, собственного национального кода. Без этого модернизация превратится в пустой звук. Но это не значит консервацию всего в национальном самосознании – и того, что дает нам уверенность в будущем, и того, что ведет нас назад. Само понятие духовной модернизации предполагает изменения в национальном сознании. Стремление к образованию всегда было характерно для нас. Технологическая революция ведет к тому, что ближайшие десятилетия половина существующих профессий исчезнет. Такой скорости изменения профессионального облика экономики не знала ни одна эпоха. И мы вступили в эту эпоху. В таких условиях успешно жить сможет только высокообразованный человек, который может относительно легко менять профессию именно благодаря высокому уровню образования. Каждый студент должен понимать, что образование - самый фундаментальный фактор успеха в будущем. В системе приоритетов молодёжи образование должно стоять первым номером. Если в системе ценностей, образованность станет главной целью, то нацию ждет успех.

Түйіндеме

ҚР Президентінің «Болашаққа бағдар — рухани жаңғыру» атты бағдарламасын зерделеп, автор өз көзқарасын білдірді. Мақалада саяси реформа мен ғаламдық жаңғыру бағдарламасын қазақстандық қоғамды және әр қазақстандықты рухани жаңғыру арқылы жалғастырады делінген. Автор рухани дүниені қайта жаңғыртуға тиістіміз деп есептейді.

Изучив программу Президента РК «Духовное модернизация будущего», автор в своей статье рассматривает преемственность политических реформ и переход к глобальному духовному обновлению казахстанского общества и каждого казахстанца. Автор считает, что мы должны модернизировать духовное наследие.

Having studied the program of the President of the Republic of Kazakhstan "Spiritual Modernization of the Future", the author in his article talks about continuity through political reform to the global spiritual renewal of Kazakhstan society and every Kazakhstani. The author believes that we must modernize the spiritual heritage.

ЖАСТАРДЫҢ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ИДЕЯСЫН ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ

Нургазаева А.Б
ҚазИТУ-дің аға оқытушысы

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында республикалық жастар акциясы бастау алды. Республика көлемінде өткізіліп жатқан бұл шараның негізгі мақсаты Елбасы мақаласын жастар арасында кеңінен насихаттау болып табылады. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында бүгінде жоғары оқу орындарында жүргізіліп жатқан тәрбие мәселесіне көп көңіл бөлінуде. Республикамыздың тукпір-түкпірінде білім алып жатқан студент жастарды қолдау мақсатында аталған бағдарлама негізінде көптеген іс шаралар өткізілуде. Айта кетер болсақ, «Туған жер», «Жаңа 100 есім» және «Жаңында жүр

жақсы адам», «Рухани қазына» тағы да басқа атаулы бағдарламалар аясында студент жастардың арасында насихаттау және түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Осындай студент жастар арасында жүргізіліп жатқан іс-шаралар жастар бойындағы патриоттық сезімді одан әрі нығайтады және олардың бойындағы белсенділігін арттырады.

Сапалы білімді ұлттық тәрбие арқылы бойына сіңірген ұрпақ қана өз елін жанымен де, жүрегімен де қорғайды деген қасиетті қағиданы берік ұстану арқылы биік шындарды бағындыруға болады. Қазіргі таңда еліміздің жоғары және орта оқу орындары білікті маман даярлау орталығына айналып республикаға қажетті мамандарды толығымен қамтамасыз ете алады. Студенттердің сандық және сапалық жетілуі оқу мен тәрбие жұмыстарын байланыстыра жетілдіріп отырудың негізінде болды. Ұлы ойшыл философ әл-Фараби айтқандай: «Адамға ең бірінші білім емес тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деген екен. Кәсіби маман даярлау ісінің маңызды тірегі тәрбие жұмысы.

Студенттердің тәрбие жұмысына баса назар аударылуы қажет, факультет басшылары олардың әлеуметтік тұрмыстық жағдайларына үнемі көңіл бөліп отырғаны дұрыс болар еді. Студенттер арасында қазіргі таңда тәрбие жұмысын жүргізуде қол жеткізген жетістіктері үшін тәлімдік маңызы зор іс шаралардың ұйымдастыру ісін жоққа шығаруға болмайды. Студенттер арасында патриоттық жұмыс жоғары деңгейде жүргізілді, олардың бойындағы отанға деген ыстық сезімді, сүйіспеншілікті оята білді. [1]. Кез-келген нәрсеге бейім болудың алғышартты-білім. Ол бүгінгінің басты қажеттілігі. Дүниетанымы кең адам ғана бәсекеге төтеп бермек. Өскелен ұрпақты әуелі білімге құштар болуға үндеудің сыры осында. Н.Ә. Назарбаев: «Біз білімге бөлінетін бюджет шығыстарының үлесі жөнінен әлемдегі ең алдыңғы қатарлы елдердің санатына қосылып отырмыз. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екендігін әркім терең түсінуі керек.

Жастарымыз басымдылық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Бұған қоса алдағы кезеңде гуманитарлық ғылымдады жандандыру көзделуде. Тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, мәдениеттану мен психология, филология ғылымдары бойынша толық қанды білім беруге ерекше көңіл бөлінетін болады. Алдағы жылдары гуманитарлы бағыттар бойынша әлемнің ең жақсы 100 оқулығы қазақ тіліне аударылмақ, сөйтіп жастарға таңдаулы үлгілер негізінде білім алуға мүмкіндік жасалады. Н.Ә. Назарбаев: «2018-2019 оқу жылының өзінде студенттерді осы оқулықтармен оқыта бастауға тиіспіз. Ол үшін қазіргі аудармамен айналысатын құрылымдар негізінде мемлекеттік емес Ұлттық аударма бюросын құру қажет. Салауатты өмір салтын қолдап, спортпен айналысып үлкен жоғары нәтижелерге жеткен студенттер аз болған жоқ.

Студенттер арасында әр түрлі спорттық жарыстар, спортакиадалар, конкурстық байқаулар, диспуттық және әдеби кештер өткізіліп отырды. Мысалы, мен мақаламда республикамыздағы жоғары оқу орындарында тарихшы мамандар даярлау жұмысына байланысты мәліметтер келтірдім. Студенттердің дипломдық жұмыстарының тақырыптары ұлт азаттық көтерілістер, ұлы отан соғысы кезіндегі қазақстандықтардың ерлігі ұжымдастыру, ашаршылық және т.б. Тарих факультетінің бітірушілерінің мемлекеттік емтихан төрағалығына Алматы қаласынан тарих ғылымының докторлары, профессорлар арнайы шақырылып отырылды. Кәсіби тарихшы педагогтарды заман талабына сай білікті маман етіп баулып өсіруде педагогикалық тәжірбиенің алатын орны ерекше. Факультет декандары педагогикалық практиканы дұрыс өткізілуіне ерекше мән беріп бұл жұмысты жауапты, педагогикалық тәжірбиесі көп оқытушыға жүктеді. Институт қабырғасынан алған білімдерін тарихшы студенттер мектептерде оқушылар алдында көрсетуге мүмкіндік алды. Олар мектептерде оқушылармен бірге тарихи үйірмелер ұйымдастырып, көрнекі тақырыптық құралдар кесте, таблица, схема, альбом және буклеттер жасады.

Оқушылардың жас еркешелігіне қарай олардың тарих пәніне деген қызығушылығын арттыру, әр бір оқушының қабілетін ашу жұмысы арқылы студенттер көп жұмыс атқарды.

Мектеп оқушыларымен жұмыс істей отырып олар тәжірбиелік сабақты әр түрлі ойындар арқылы өткізуге тырысты. Өз пәнін терең білетін және педагогикалық қабілетін меңгерген адам ғана шебер мұғалім бола алады. Ондай деңгейге жету үшін өз кәсібін терең түсіну үшін үнемі білімді көтеріп жетілдіріп отыруы қажет . ал енді факультет оқытушыларының қызметіне келер болсақ олар өз әріптестерінің ашық дәріс, семинар сабақтарына қатысып олардың дайындық деңгейін тақырыпты студентке жеткізу әдіс тәсілдерін , дәрісті оқу барысында тақырыптың қай кезенін қызықты жеткізуі немесе кемшілігі туралы, деректік мұрағаттық материалдарды пайдалану және тарихнамалық шолу жасау туралы өз ойларын ашық кафедраның кезекті отырысында ашық талқыға салып оқытушыларға ашық кеңестер беріп отырды. Факультеттің ғылыми мәжілістерінде тарихшы студенттерге сабақ беру әдісін заман талабына жетілдіру , сабақтың сапасымен тәрбиелік маңызын арттыру мәселелері ортаға салынып әркім өз ойын айтуға мүмкіндік алды. Қандай әдіс тәсіл оқытушыдан асқан ізеттілікті , имандылықты , шеберлікті талап етеді.

Оқытушылардың білімін жетілдіру жыл сайын жүргізіліп отырылды олар арнайы Алматы қаласына жіберіліп әль- Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде жоғары біліктілікті жетілдіру курстарында өз білімдерін жетілдіріп қолдарына сертификаттар алып отырды. Жоғары оқу басшылары қызмет атқаратын оқытушылар құрамының жыл сайын докторантураға арнайы жолдама арқылы жіберіп отырады. Педагогикалық институт басшылары әр оқу жылы сайын оқытушыларды Ресейдің орталық қалаларындағы және Алматы қаласының жоғары оқу орындарындағы докторантураға арнайы жолдамамен жіберіп отырды. Докторантураны ойдағыдай аяқтағаннан кейін олар облыс орталықтарындағы педагогикалық институттардың тарих факультеттерінде өз жұмыстарын жалғастырып болашақ тарихшы педагогтарды дайындауға ат салысып өз үлестерін қосып отырады.

Әр бір кафедра оқытушысы оқытушылық қызмет пен қатар ғылыми зерттеу жұмыстарымен де шұғылданды. Өздерінің ғылыми диссертациялық тақырыптарын бекітіп, ғылыми жетекшілерімен тығыз байланыста жұмыс істеді. Жазғы демалыстарында Алматы қаласындағы мұрағаттарда және орталық кітапханаларда жұмыс істеді. Ғылыми ізденушілер үшін әр уақыт өте бағалы болып есептелінді, сондықтанда олар өз уақыттарын есептеп жұмсап, материалдар жинап ғылыми мақала жазумен шұғылданды. Өздерінің қажырлы еңбектерінің арқасында олар ғылыми мақалар жазып диссертацияларын жазып бітіріп алдын ала қорғауға кафедра оқытушыларына ұсынып жатты. Облыс орталықтарындағы педагогикалық инстиуттардың тарих факультеттері еліміздегі білікті тарихшы педагогтарды даярлауда қосқан үлестері зор екендігін ешкім жоққа шығара алмайды. Осындай маңызды бастаманың қазіргі уақытта көтерілгені өте орынды. Осы бағытта атқарылар шаралар ғылыми және көпшілік басылымдарда жарияланып туруы қажет. Рухани жаңғыру – еліміз үшін маңызы зор үлкен жаңалық. [2].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Егемен Қазақстан. 2017. 16 сәуір
2. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы//http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy

Түйіндеме:

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» тақырыбындағы мақаласы мен «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік» деп аталатын Жолдауы арқылы жаңа міндеттерді алға қойды.

Эта статья посвящена стратегической программе нашего Президента народу Казахстана «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар». В статье особое внимание уделяется тому, что основным направлением университета является подготовка конкурентоспособных специалистов.

This article is devoted to the article “Ruhani zhangyru: Bolashakka Bagdar” by the President to the people of Kazakhstan. The article mentions that the main direction of our university is the preparation of competitive specialists.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АСТРОНОМИЯЛЫҚ ІЛІМ-БІЛІМДЕРІ

Қатият Қ.

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

Тарих, археология және этнология факультеті «Археология және этнология»

мамандығының 3 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы **Б.Ш. Солтиева**

Қазақ халқының ертеден-ақ аспан әлемі туралы іліміне қосқан үлесі зор. Қазақ халқы өз тұрмыс-тіршілігіндегі әр айдың ерекшелігіне, онда туатын жұлдыздарға байланысты ауа-райының құбылуына айрықша мән беріп, аспан шырақтарына көшпелі ел өміріне байланысты ат қойған. Табиғат құбылысының тосын жағдайларынан халқымыздың өмір сүру тәсілін, мал бағу кәсібі мен диханшылық өмірін байланыстырған. Олар осы жинақталған білім жүйесінің негізінде күнтізбе жасап, жұлдызды аспан туралы астрономиялық түсініктер мен ілімдер жинаған. Жылдың әр айлары мен тоқсанында болатын ауа-райындағы және табиғат өзгерістері мен құбылыстарын назарында ұстап, ұдайы қадағалап, уақыт мөлшерін есептеп, ауа-райын алдын-ала болжайтын және хабарлайтын есепшілер болған. Аспан құбылыстарының қайталану заңдылықтарын бақылау нәтижесінде уақытты есептеудің әр түрлі жүйесін игерген.

Халықтың аспан әлемі туралы түсінігінде көкте 12 ай, оның қарсысында 12 жұлдыз орналасып, «Айдың Үркер ұлы, Шолпан қызы, Тауыс болмай қатпайды жердің мұзы» саналған. Қазақтар әр адамның жұлдызы бар болатынына және адамның өмірінің ұзақтығы сол жұлдызының аспанда тұруымен өлшенетініне сенген. Сондықтан жұлдыздың ағуын адамның өліміне әкелетін себепке теңестіріп, аққан жұлдызды көзі шалса, «жұлдызым жоғарыда» деп тәңірден өмір тілейтін болған. Бақытты адамдарға «жұлдызы жанған», «жұлдызы жарық» адам деп сипаттаған [1].

Барлық қазақ халқына белгілі шоқжұлдыздарға: Темір қазық (Полярлық жұлдыз), Жеті қарақшы (Үлкен Аю), Шолпан, Үркер, Таразы, Ақ боз ат, Көк боз ат жатады. [2, с. 12]

Аңыздарға тоқталатын болсақ, «Ақ боз ат» пен «Көк боз ат» – жіп арқылы жоғалып, жіптің ұшы Темірқазық жұлдызына келіп байланады және ол аттарды күзетші күзетеді. Жетіқарақшы осы аттарды ұрлау үшін түн бойы аңдиды, алайда қарақшылардың арам ойы іске аспай қалады. Солай әр түн сайын қайталананып отырған. [2, с.13]

Бұл аңыз – аспан әлеміне сиған көшпелі өмірдің бір жұрнағы. Полярлық жұлдыз және оны айналып жүрген «Ақ боз ат» және «Көк боз ат» Темірқазықты айналып жүрген адасқан жылқыларға ұқсайды. Ал жетіқарақшы болса, ұры-қарыларға ұқсайды: барлық түнде ояу болады да, күндіз жоғалып кетеді. Дәл сол кезде басқа адал жұлдыздар түн бойы ұйықтап, көкжиектен төмен орналасса, Жетіқарақшы түн бойы ұйықтамайды, әрі көкжиектен тыс шықпайды.

Айдан кейінгі елеулісі осы «Жетіқарақшы» шоқжұлдызы. Жетіқарқшы көкжиекке батпайтын жұлдыз, ол тек бір тәулікте Темірқазықты бір айналып шығады. Ол жеті жұлдыздан тұрады. Сол жетеудің төртеуі ожаудың басы сияктанып, ал қалған үшеуі оның сабы сияқты болып келеді. Жетіқарақшы шоқжұлдызы бастапқыда жеті ұры болған екен. Күндіз ұрлық істеп, кешке күнәларын кешуді тәңірден сұрап жалбарынғандықтан жұлдыздарға айналған делінеді. Аңыз бойынша бұл жұлдыз Жетіқарақшының рухы, олар өлген соң жеті жұлдызға айналған. Тағы бір аңызда Жетіқарақшы ұрлаған Үркердің қызы болғандықтан, Үркер Жетіқарақшыдан қызын ұрламаққа жақындайды. Жеті қарақшының тұтқасында екі жұлдыз орналасқан. Қазақ түсінігі бойынша, әлсіз жарқыраған жұлдыз – Үркердің қызы болса, жарық жұлдыз – Жетіқарақшыдағы ең жас қарақшы жігіттердің бірі. Жалпы үркерге қарап халық түннің қайсысы уақыт, жылдың қай мезгілі екенін анықтай алатын болған. Сондықтан да халық арасында Жетіқарақшыны таныған жеті түнде адаспас дейді, яғни елді күзетіп, халықты жыртқыш андардан, жын-шайтандардан қорғап, қорып тұрады деп түсінген [3, 78-80 бб.].

Жеті қарақшы қазақтарда сағат қызметін атқарған, яғни оның қозғалуын сағат тілінің қозғалуы ретінде пайдаланған. Күз мезгілінде түн ұзақ болады, соған байланысты қойлар өз бағыттарын осы Жетіқарақшыға қарап өзгерткен.

Темірқазық жұлдызы бір орыннан мызғымайтындықтан, қазақтарда бұл жұлдыз жолсерік қызметін атқаратын болған. Ежелгі заманнан бері Темірқазық жұлдызына қарап құбыланы тапқан, сондықтан да, осы жұлдызды қазақтардың құбыласы деп түсінген. Дана халқымыз айшылық алыс жерлерге сапарға шыққанда және шөлді жерлерде саяхаттаған кезінде де осы жұлдызға қарап, баратын бағытын анықтаған. Темірқазық түнгі аспанның шырқау биігі – жоғарғы нүктесінде орналасқан. Кейде Солтүстік жарты шардың осынау орталық жұлдызын «Алтын Қазық», - деп те атайды. Оған Тәңір өзінің аттарын байлайды. Темірқазықтың қасындағы қос жарық жұлдыз – Тәңірдің ақбоз тұлпарлары. Темірқазық жұлдызымен жүрген кезде ол үнемі жолаушының сол жақ бетінде жүруі қажет.

Қазақ халқында өте маңызды рольді атқарған – Шолпан жұлдызы. Оны әуендерде де шырқаған, талай тарихи оқиғаларға да арқау болған. Сүйікті адамды Күнмен, Аймен, Шолпанмен теңеген. Күн мен Айдан кейінгі өзінің нұр шапағын шашып, жарқырайтын жұлдыз – Шолпан жұлдызы.

Шолпан күн шыққан уақытта (қойларды жайылымға шығарарда) немесе күннің батуы кезінде (олар жайылымнан шыққан кезде) көрінеді. Сол себептен де ол Шолпан жұлдызы деген атқа ие болған. Көшпелілердің жайлауға бет алуы немесе жайлаудан оралуы осы Шолпан жұлдызына байланысты болған. Көшпелілер ұйқыға жатар алдында өзара келісіп, Шолпанның шығуымен бірге жолға шыққан. Сол себептен де «Шолпан туа жүк арту керек» деген қанатты сөз халық санасында берік орныққан.

Егер Шолпан кешкілік уақытта, ымырт жабылар кезде батыс бағыттан көрінсе, оны «Тұл қатын» деп атаған. Қыз мезгілінде кешкілік уақытта әдетте аяз күшейе бастайды. Аязбен бірге, қараңғылық түскен мезетте Шолпан батыстан жарқырап көрінетін болған. Қатал аяз және онымен бірлескен жарқырай көрінген Шолпан адамдардың ашу-ызасын тудырғандықтан, «Тұл қатын» деген атауға ие болған. Кешке жақын «Тұл қатын» батыстан көрінетін болса, күндіз «Шолпан» жарқырап, шапағын шашып, шығыстан көрінетін болған. Бұл көрініс Шолпан жұлдызының шығуы мен батуын меңзейді[2, с.15].

Күн жүйесінің алыбы – Меркурий, қазақтарда «Есек-қырған» деген кездейсоқ әрі қисынсыз атауға ие болған. Ол түннің кез келген уақытында, оңтүстіктен, батыстан және шығыстан да көрінеді. Сондықтанда оны Шолпан жұлдызымен жиі шатастыратын болған. Ол жөнінде халық санасында мынадай аңыз сақталған: Қысқы мезгілде есек артылған күймелі керуен жолға шығады. Бір маңда аяңдап, келесі күні Шолпанның шығуымен көш басын жалғастырамыз деген шешімге келеді. Кезекші Меркурийдің тууын Шолпан жұлдызы деп ойлап, барлық жолаушыларды шырт ұйқысынан оятады. Керуен сол мезетте жол тартады, алайда есектер жеткілікті деңгейде тынығып, азықтана алмай қалады. Оған қосымша ретінде ұйытқыған аңызак жел соғып, боран тұрады. Жол таба алмай айдала түнімен адасқан керуеншілердің алдымен жүк артқан есектері, артынан өздері суықтан үсіп өліпті. Міне, содан бері сол түні туған жұлдыз – «Есекқырған», ал жыл мезгілі – «Бесқонақ» деп қайтыс болған бес адамның санымен аталып кеткен екен.

Қазақ елі «Сириус» шоғыр жұлдыздарын «Сүмбіле» деп атайды. Сүмбіле жұлдызы - Үлкен төбет шоқжұлдызының құрамындағы ең жарық, ақшыл түсті алып жұлдыз. Қазақстан жерінде Сүмбіле жұлдызы күзді күні туады. Солтүстік аспан жарты шарынан Сүмбіле жұлдызын табу үшін Таразы шоқжұлдызынан көкжиекке қарай ойша түзу сызық жүргізсек жетіп жатыр. Сүмбіле басқа жұлдыздарға карағанда түстік көкжиекке ең жақын, көзге өткірлеу көрінетін, жарқыраған жұлдыз. Сүмбіле – малшы, егінші қауымының түсінігінде шығыстан туғанда өзімен бірге суықты ала туатын, батқанда суықты жамбасына ала жататын жұлдыз. «Сүмбіле туар сүмпиіп, ат семіреп құнтыйып» деген мақалдың мән-мағынасына үңілер болсақ, сүмбіленің тууымен жаздың кету уақытын білген, ауа-райы қоңыр салқын тартып, жылқылардың мазасын қашыратын шыбын-шіркейлер, жәндіктер біртедеп жоғала бастайды. Осы кезеңде жылқы малы қонданып, әденіп, жүндері жұмсақ, нәзік болып, семіре бастайды. Дана халқымыз Таразы туса, таң суық болады, ал Сүмбіле туса, су суық болады деп жорамалдаған [2, с.17].

Үркер жұлдызы жыл мезгілін анықтауға үлкен септігін тигізген. Егер кешкілік уақытта Үркер көкжиекке жақын орналасса (батыста), көктем келгендігінің белгісі. Үркер жерге түспей, жер қызбайтын болған. Қазақ халқының айтуы бойынша, мамыр айының басында Үркер кешкі уақытта батыс көкжиектен өте жақын көрінеді.

Шілдеде үркер таңмен бірге туады. «Үркер туса- ақ таң суый бастайды», «Үркер туа су жер бетіне шығады», «Үркер туды сорпа ас болады» деген сөздер халық санасында орныққан. Ал егер «Үркер төбеге келсе, қыстың нағыз ортасы» дегенді білдірген.

Қазақтар «Орион» шоғыр жұлдыздарына ерекше көңіл бөліп, оны әр алуан «Арқар жұлдыз», «Үш арқар», «Таразы», «Шідер жұлдыз» деп те атаған. Бірақ бұл шоқжұлдызды қазақтардың көпшілігі Таразы дейді, «Таразы» парсының «таразық» (өлшеуіш) сөзінен шыққан. Таразыны Қазақстанның кейбір облыстары Шідер жұлдызы деп те атайды. Бұл шоқжұлдыз ромбы сияқты. Шідер Үркерден 20 күн бұрын батып, 20 күннен соң шығады, яғни әр жылы ол 80 күн көрінбейді. Шілде айының аяғына қарай Таразы жұлдызының тууы жаздың өтіп, қатты ыстықтың қайтқанын байқауға болады. Тамыз айының ортасында ауа райы салқын тартып, қою бұлт пайда болып, алғашқы күздің нышаны біліне бастайды. Жаз айларында оңтүстік-шығыстан Таразы жұлдызының тууына қарап шілденің аяқталып қалғанын, ыстықтың қайта бастайтынын белгілейді. Қазақ есепшілері бұл жұлдыздың шығуына қарап: «Таразы туса – таң салқын, бидай, тары піседі» деп тұжырымдаған. Осы кезеңді таразының тууы деп атайды [4, 22-23 б.].

Күн мен Ай жөнінде мынадай аңыз бар: Бір кездері Күн мен Ай бірінен-бірі өткен сұлу әйелдер болған. Олар бір-бірінің сұлулығын көре алмай, бір күні Күн Айдың бетін бүлдіреді, сол себептен де әлі күнге Айдың бетінде қара дақтар қалып қойған.

Жаңа Айға тағзым ету, әйел болса Айға қарап баласының бетінен сүйіп, екі қолын қуыстырып тағзым еткен, жалбарынып бата қылған ырымдар, әсіресе ұлғайған адамдар арасында көптеп кездесетін болған. Ай көрдік, аман көрдік, Ат басындай гауһар көрдік. Келер Ай, келер жылдан аман сақта, - деп қазақтар әрбір жаңа Айға бата қылып, бала-шағаларына, малына, халыққа амандық тілеген болатын [3, 30 б.].

Ежелгі халықтардың қайсысы болса да астрономиялық білімдерін Күннен бастаған. Өйткені жердегі тіршілік күннен байланысты. Бұл түсінік бойынша қазақтардың «Көктен береді, жерден иеді» деген мақалы бар [5, 12 б.].

Егер Жұлдыз шақшиып туса, күн аяз болады.

Егер де Шолпан күз мезгілінде таңда көрінсе, онда қыс жеңіл болады деп меңзеген, ал егер күз мезгілінде Шолпан кешке қарай көрінсе (Тұл қатын), онда қыс қатал болады деп ұғынған.

Күн батқанда бұлыңғыр тартса, жел күтілетіндігін білдіреді, ал қыста – боран болады деп күтіледі.

Қорыта келгенде, қазақ халқы табиғат құбылыстарын бақылай отырып, көпжылдық тәжірибелерін қорытып, ауа-райын болжап астрономиялық түсініктері мен білімдерін жинап, күн мен айдың қозғалысын, көптеген жұлдыздардың туатын және бататын кездерін жақсы білген. Жазба күнтізбесі болмаса да, жыл он екі айды өзінше зерттеп, өз ойларына түйген қазақ халықтары он екі ай ішіндегі әртүрлі амалдарды атадан балаға мирас қып, сабақтай білген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. //Егемен Қазақстан. – 2005. – 8 шілде.
2. Абишев Х. Элементы Астрономии и погода в устном народном творчестве казахов. Издательство Академии наук Казахской ССР. - Алма-Ата, 1949.
3. Нұрғалымова Г. Қазақ халқының күнтізбесі. Қазақтың Мәдениет және Өнертану ғылыми-зерттеу институты. - Алматы, 2002. -104б.
4. Әбішев Х. Аспан сыры. - Алматы, 2009.
5. Исаков М. Қазақтың байырғы календары. - Алматы, 1960.

Түйіндеме:

В статье рассматриваются астрономические познания народа, связанные с временами года и сменой дня и ночи.

The article deals with the astronomical knowledge of the people related to the seasons and the change of day and night.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҮЙЛЕНУГЕ ҚАТЫСТЫ ӘДЕТ- ҒҰРЫПТАРЫНЫҢ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ (салыстырмалы-этнографиялық зерттеу)

Жұмағалиева Ж.

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Тарих, археология және этнология факультеті «Археология және этнология»
мамандығының 3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы **Б.Ш. Солтиева**

Отбасы-қоғамның бір бөлшегі. Үйлену өз алдына отау тігіп, түтін түтету ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан тарихи салт, құбылыс. Қазақ халқында «бірінші байлық-денсаулық, екінші байлық-ақжаулық, үшінші байлық-он саулық» деген үш тармақты, бір бүтін аталы сөздің бар екені баршамызға мәлім. Мұны өмір пәлсапасы деуге де болады.

Мұндағы «ақ жаулық» деген әйел мағынасындағы сөз екендігі түсінікті. Халықтың өсіп өнетін жанұясы - жас жұбайлардың шаңырағы. Қыз бен жігітке бас қосып үйленуі сырт қарағанда олардың жеке өз істері сияқты көрінгенімен бұл бүкіл халық мүддесімен, оның болашағымен ұштасып жатқан қоғам өмірінің кезектес құбылысы екені айқын. Сондықтан да, ежелден ата-аналарымыз балаларын кезінде үйлендіріп, жақсы келін түсіруді мұрат тұтып, мұны тікелей өз қолдарына алып отырған.

«Тең теңімен, тезек қабымен» дегендей екі халықта өзіне тең, жақсы да, сыйлы отбасылармен құдаласып, әрі қарай туыстық қатынасын нығайтып отырған. Қай халықта болмасын құдалық өткізу әдет-ғұрпында ерекше орны бар дәстүр.

Қазақ халқында да, орыс халқында да үйлену тойы жалшы жіберуден басталады. Келін түсіру салты маңызды болғандықтан құдаласа отырып, «қыз көріп» немесе «жар таңдайды». Ертеден келе жатқан дәстүрдің бірі - «Жаушы жіберу», яғни ол қыз айттыруға баратын өкіл. Ол жөн-жосықты білгіш, сөзге шешен, әзіл-қалжыңға жүйрік адам болуы керек. М. Қашқаридің айтуынша «Жаушы сөзі – Савчы-ұлы тәңірі жіберген елші» деген сөздің мағынасын білдіреді. Жаушы астына ақ боз ат мініп, жеңіл киініп, шалбарының бір балағын етегінің қонышына тығып, екінші балағын сыртына шығарып киген. Ол «сапар сәтті болсын» деген ырым. Сонымен қатар, жаушының сырт бейнесіненің ерекшеленуі оның құда түсуге ниетте екенін де көрсетеді. Жаушы қай үйде бойжеткен, тәрбиелі, инабатты, ибалы қыз бар екенін естісе сол үйге барып, қыздың әке-шешесімен сөйлесіп, келісіп, бойжеткенге құда түсіп қайтады [1,153 б.]. Орыс халқында қалыңдықтың ата-анасының келісімін беруге септігін тигізеді деген ұғыммен сан алуан магиялық іс-әрекеттер жасалды. Мәселен, Қазан губерниясының орыс селенияларында қыздың үйіне кірмес бұрын құдағи келісімен өзін үш рет айналдыратын болған, бұл құдалық сәтті өтуіне әсер етеді деген сенімнен туса керек. Перм губерниясында құда үйге кірер алдында өкшесімен босағаны үш рет ұратын болған. Ә.Т. Төлеубаевтың көзқарасы бойынша, осындай іс-әрекеттер бұл отбасындағы қалыптасқан әдетті "өзгерту", "бұзу" үшін келгендігін білдіретін ғұрып, – делінген [2, 15 б.]. Негізінен орыс халқында да, қазақ халқында да екі жастың қосылуы ата-аналарының келісімімен жүрген.

Қазақ халқында жігіттің әке-шешесіне қай қыз ұнаса соған құда түсетін болған. Қызды көруге келген жігіттің әкесіне қыздың шешесі: «қызды кім айттырмайды, қымызды кім ішпейді», «қызымның ұнағаны рас болса, белгі тастап кет» дейді. Жігіт әкесі үйдің төріне қамшысын іліп, «құдалықтың басы осы болсын» деп бір жорға ат байлап кететін болған. Ал жігіт шешесі ұнатқан қызына сыйға тарт деп жасап берген үкілі тақия сырға, сақиналарын жігіт бойжеткен қызға беріп кетеді. Осы жоралғылардан кейін ол үйдің қызы – «басы бос емес, үкі таққан қыз» атанады [3,19 б.]. Ал орыс халқында жігіт әкесі құда түспестен бұрын қалыңдықты өзі барып көреді. Келген адамның қызына құда түсіп келгенін жігіт әкесінің ісінен айқын аңғаруға болады. Жігіт әкесі кіре берістегі пешке қарама-қарсы бетін беріп отырады. Мұны «қызыл бұрыш» деп атайды. «Қызыл бұрыш» үйдегі киелі орын болып саналады. Жігіт әкесі өзімен бірге нан мен тұз және т.б. тағамдарды ала келеді. Қыз әкесі келген құдаларға ризалығын білдірсе, болашақ құда әкелген тағамдарын қалыңдық туыстарына ауыз тигізіп, сыйлайды. Орыс халқының сыйлау рәсімінде нан мен тұз негізгі орын алады [4, с.122].

Одан кейінгі рәсім, қыз үйіне құдаласуға құдалар аттанады. Қазақ халқында бойжеткенге сырға салып, құда түскен. Қазақ халқында құда күту рәсімі үлкен той болып есептеледі. Құданың хабарлауы бойынша құдалық сөйлесіп, қалың мал жөнінен келісуге жігіттің әкесі бастаған 7-8 адам жанына – сөзшең, әңгімешіл, домбырашы, әнші-жыршы, ақын, палуан, жігіттерді ертіп, құданың ауылына келеді. Құда арнайы ақ үй тігіп, қой немесе тай сойдырып, құдаларды тік тұрып күтіп алады [1,155 б.]. Ал, орыс халқында

құдаласуға жігіт әкесі барамайды. «у нас женишок, у вас невеста, нельзя ли свести в одно место?» немесе «У вас есть цветок, а у нас есть садовник. Вот нельзя ли нам этот цветочек перевести в наш садовник?!» - деп тұспалдап сөйлеп, келген жұмыстарын айтады. Құдалыққа келген құдаларды сыйлап, құрметтейді.

Күйеу жігіт және құдалар келе жатқанда арқан керу, суға сүйреу, су шашу т.б ырымдар жасалынады. Күйеу жігітпен ере келген жігіт анасы мен кіндік әкесі осы ырымдардың төлемін төлеуге тиіс. Бұндай әзілдер қазақ халқында да кездеседі. Құдалар келе жатқанда арқан керу, құдаларға балшық, ұн жағу, күштеп барып еркектердің басына әйелдің жаулығын кигізу сияқты әзілдер жасалынады[4, с.218].

«Сыйға-сый, сыраға-бал» демекші, ендігі кесекте жігіт жағы құдаларын «есік-төр көріп қайтындар» деп, қарсы тойға шақырады. Сол секілді орыс халқында да болашақ құдаға есік көрсету рәсімі бар. Бірақ бұл рәсім жігіт әкесі қалыңдықты ұнатқаннан кейін, қызы баратын болашақ күйеудің үй-тұрмысын көруге барады. Қыз әкесіне болашақ күйеу баласының тұрмыс- тіршілігі ұнаған болса, құдаласу рәсімінің келісімі жүріп, құда дастарханынан дәм тартады. Егер ұнамаса, қыз әкесі дастарханнан дәм татпай аттанып кетеді[5, 96 б.].

Қазақ халқындағы келесі той «ұрын келу» тойы. Күйеуді қымбат кәделермен, жанына әнші, күйші, сері жігіттерді ертіп қалыңдықтың ауылына жібереді. Сол секілді орыс халқында, жігіт ұрын келген күні қыз әкесі мен күйеу жігіт икон алдында қолдарын айқастыра отырып шырақ жағып, құдайға сыйнады. Ал, қалыңдық болса, шырақты бас орамалымен өшіруі керек. Осы күні қайын апасы сыйға әкелген орамалды қалыңдықтың басына тағады. Мұны «фата» деп атайды. Осы сәнмен қалыңдық той күніне дейін жүреді. Орыс халқының салтындағы жігіттің қыз үйіне ұрын келуін «запоруки» деп атайды. Күйеу жігіттің алғаш қалыңдығын көруге келуін орыс халқында қазақ халқы секілді ағайын-туған, ауыл болып тойлайды. Қызды көргеннен кейін қалыңдық пен күйеу жігітті алдын ала жайылған тонның немесе ішіктің үстіне тұрғызады [7,с.214]. Ал қазақтарда осыған ұқсас ғұрып қалыңдықты жігіттің үйіне апарғаннан кейін орындалады. Келін түскен күні кешке оны жігіт әкесі үйіне шақырады, сол жерге қалыңдыққа арнап қойдың шикі терісін төсеп қояды, қалыңдық сәлем берген соң оны теріге отырғызады. Бұл - келіннің мінезі осы терідей жұмсақ болсын дегенді білдіреді. Орыстардың да жас жұбайларды тон немесе ішіктің үстіне тұрғызуы осындай мағынаны меңзесе керек.

Күйеу жігіт қалыңдықты алып кетуге келгенде қазақтарда да, орыстарда да әр түрлі салт-жоралғылар орындалды. Мәселен, қазақтарда ауылға бір шақырымдай қалғанда, қыздың жеңелері дәм салынған табақпен күйеу жігіттің алдынан шығып күтіп алған. Қымыз құйып беріп отырған әйел қолын жеңіне тығып алып, жігіт ыдысты ала бергенде тартып қалады. Осылайша үш рет қайталайды. Үшінші мәртеде ғана ыдысты ұстатады. Бұл үшін жігіт “аяқ жүгіртер” кәдесін береді. Жігітке қызды көрсету үшін де әйелдер жігіттен кәде алады. Мәселен, жігіттің қалыңдығына бара жатқан жолында бір кемпір көлденеңінен сұлап жатады. Бұған “кемпір өлді” кәдесін береді. Ол тұрып бірге жүреді. Одан соң бір әйел күйеу алдына көлденең бақан тастайды. Бақанды аттап өту жаман ырымға саналғандықтан [6, с.65], оны жолдан алып тастауға “бақан тастар” кәдесін алады.

Сол сияқты орыстарда да қалыңдықты алып кетуге келген күйеу жігіттің жолын деревня адамдары шығып, әр түрлі жоралғылар арқылы жолын бөгейтін болған. Мысалы, үйдің қақпаларын жауып тастап, жолына арқан тартатын болған. Қалыңдықтың үйінің жанында күйеу жігіт пен құдаларды қыздың дос қыздары қарсы алады, олар қақпаны жауып алып, үйге кіргізбейді. Күйеу жігіт жолдасы қалыңдықтың дос қыздарымен сөйлесіп, жақсылап кәдесін берген соң ғана, қыздар жолды ашып, үйге кіргізеді[8, с.135].

Күйеу жігіт қыз үйіне некелесуге келерде көптеген салт-дәстүрлерді орындауы қажет. Күйеу жігіт қайын жұртының рұқсатынсыз аулаға кірмейді. Күйеу жолдас қыз әкешесінен келісім алуға барады. Келісімнің белгісі ретінде қалыңдық орамал, қыз ата анасы нан мен тұз жібереді. Ал, есік алдынан қалыңдық құрбылары қарсы алады. Құрбылары күйеу жігітті қалыңдыққа жібермей, төлемін талап етеді. Қыздар риза

болғанда ғана қалыңдықты күйеу жігітке жібереді. Осы тойдың үстінде қыздың туыстары өздерінің сыйлықтарын береді. Қалыңдық сыйлықтарды алған сайын иіліп сәлем жасайды. Кейін берілген сыйлықтарға қарап, қыз жасауын бағалайды. Жиналған жасауға күйеу жігіттің туған-туыстары көрімдік береді. Қазақ халқында да, жасау-жігіт жағынан келген қалың мал мөлшерімен қарайлас, ұзатылған қызға берілетін мал мүлік. Сонымен бірге қызды алып кетуге келген құдаларды қыздың үйі бірден үйіне кіргізбейді. Құда-құдағилар құданың үйіне кірерде, әйелдердің бірі үйге кіргізбей тоқтатады. Құдалар ырымдарын берген соң әлгі әйел оларға есік ашып, кіруге рұқсат береді. Мұны «табалдырық аттар» дейді. Сол күні барлық жастар қыз үйіне жиналып, ойын-сауық жасайды. Бұдан кейін қыз әке-шешсі туыстарымен қоштасып сыңсу айтады.

Бұндай қоштасу орыс халқында да кездеседі. Бірақ қыз үйінен кетпес бұрын бірнеше күн алдында құрбы-құрдастарымен бірге орындалады. Бұған мысал, Псков губерниясында қыз бала құрбыларымен қосылып «мұңлы» өлеңдер айтып, өзінің жақын арада аулынан ұзайтындығын білдіріп, ауыл аралап шығатын болған. Сонымен бірге, Владимир губерниясындағы қыздар үй алдына шығып, өзінің қолында еркіндік болмайтындығын жоқтап, қайғылы өлеңдер айтатын болған. Бұған ауыл әйелдері қосылып, бірге шырқайтын болған[с.7, 182].

Орыс халқы салты бойынша қалыңдықтың қоштасу әні бір жұма бойы айтылар болса, ал қазақ халқында қыз үйінен аттанарда, шығып бара жатқанда ата-анасымен, туған-туыстарымен қоштасып, көңіл шерін өлең-жырмен ақтарады. Орыс халқында жігіт ұрын келіп кеткеннен бір жұмадан кейін некелесу немесе үйлену тойы болады. Үйлену тойы қазақ халқында да, орыс халқында да, күйеу жігіттің үйінде болады. Орыс халқы мен қазақ халқы да үйге кірерде жастарды шашумен қарсы алады. Шашылған шашудың мол болуын, келешекте ырыс береке құт мол болсын деп, шашудай бала-шағалары көп болады деп жақсылыққа жориды. Шашуды ақ бата, тілектерін айтып жүріп шашады[9,132 б].

Содан соң орыс халқында есік алдына от жағып, оттан қалыңдықпен күйеу жігітті өткізеді. Бұндай дәстүр қазақ халқында да кездеседі. Мысалы, келін алғаш табалдырық аттағаннан кейін отқа май құяды. Май құйылған отқа алақанын қыздырып алып, келіннің бетін сипайды. Бұл келіннің жүзі жылы, өзімізге ыстық болсын дегені [6,с.162].

Келін келген соң ауыл келіншектері келіннің бет-жүзін үлкендерге көрсетпей, бетін орамалмен жауып қайын атасының үйіне кіргізеді. Бұл рәсім «беташар» болмайынша сақталады. Сол секілді орыс халқында неке қиылған соң үйге кірген келіннің беті орамалмен жабылады. Қазақ халқы секілді той «беташармен» басталады[10, с.27]. Әдетте жігіттің әкесі немесе күйеудің туыстарының бірі қолына нан немесе бәліш ұстап, кей жерлерде көсеумен келіннің бетіндегі орамалды көтеріп, бетін ашты. Орыс халқында екі жас елдің көзінше тамақ ішпеуі керек. Оларға жекелеп береді. Тамақ арқылы оларға көз тиюі мүмкін деп жорыған. Сол сияқты қазақтарда «өлі-тірі» деп аталатын арнайы сойылған малдың етінен қалыңдық пен күйеу жігіттің жеуіне тиым салынды. Орыс халқында жас келін тойдан кейін келіншек киімін киіп, салттары бойынша жаңа түскен келіншек басына орамал салып, шашын көрсетпеуі тиіс. Қазақ халқында да қыз ұзатылып, келін болып түскенде беташар болғаннан кейін ежелері басынан сәукелесін шешіп, ақ орамал салған. Дәстүр бойынша келіншектің шашы орамалдан көрінбеуі тиіс.

Қорыта келе, орыс халқының да, қазақ халқының да, салтында жас келінге аса құрметпен қараған. Үйлену арқылы келешек ұрпақ ел жалғасын табады. Отбасы бар жерде, өмір бар, жылу-береке бар. Ата-бабалардың ғасырлар бойы ұстанған салт-дәстүрлері жас жұбайлардың көсегесін көгертіп, ұрпақ өсіруіне, сөйтіп ұлттың тұтастығын сақтауға себепші болып, негізін қалайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚалиевС., ОразбаевМ., СмайыловаМ. Қазақ халқының салт-дәстүрлері.- Алматы, «Рауан», 1994.
2. Жүнісов А. Бабалар дәстүрі: қазақтың байырғы тұрмыс-салт ғұрыптары. - Алматы: Өнер, 1992.
3. ОспанұлыЕ. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. -А.,2009
4. Балашов Д.М., Марченко Ю. И., Калмыкова Н. И. Русская свадьба. - М.: Современник, 1985.
5. ИманбаеваС. Орыс халқының салт-дәстүрлері. //Ұлағат. – Алматы, 1996.
6. Соколова А.Л. Традиции русской народной свадьбы. - М., 2014. -292 с.
7. Тохтабаева Ш.Ж. Функция казахской традиционной одежды // Известия НАН РК. Серия обществ. наук. - 1994. - № 16.
8. Русские: семейный и общественный быт. - М., 1989.
9. Сейіт Кенжеахметұлы. Қазақ халқының салт-дәстүрлері.-Алматы,2004.
10. Обычай казахов Семипалатинской области // Русский вестник. - 1878. - № 9.

Түйіндеме

Ата-бабалардың ғасырлар бойы ұстанған салт-дәстүрлері жас жұбайлардың ұрпақ өсіруіне, ұлттың тұтастығын сақтауға себепші болуын негізге алады.

Сходство свадебных обрядов русского и казахского народов (сравнительно-этнографическое исследование)

The similarity of the wedding rituals of the Russian and Kazakh peoples (comparative ethnographic research)

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ОЮ-ӨРНЕГІ

Немцова Д. К.

Алматы қаласы Бостандық ауданы №189
жалпы білім беретін коммуналдық мемлекеттік мекеме
9 «А» сынып оқушысы

Бұл тақырыпты алған мақсатым - қазақ ұлттық ою-өрнегін тереңірек зерттеу, осы тақырып бойынша алған білімдерімді дамыту, кеңейту, нығайту жүзеге асыру, болашақ мамандығымда пайдалану.

Мен кішкентай кезімде әжемнің, нағашы әжемнің үйінде /олар Нукус қаласында тұратын/ көрпешелерді, алашаларды көргенде әрқашан сұрақ қоятынмын:

«Ою деген не? Олар қалай жасалады? Олар неден жасалады? Неге түрлі түсті болады? Олар неге былай аталады?»

Кейін, мектепке келгенде осы да, өзгеше де сұрақтарға жауап алатын болдым. Нақтырақ айтқанда, ою үлгілерін қағаздан қию амалдарын еңбек, бейнелеу өнері, қазақ тілі пәндерінде көрдім, үйрендім, түсіндім.

Қазақ тілі пәні бойынша, арнайы курс сабақтарында қазақ халқының ою-өрнектің жасалу жолдарымен таныстық. Әуелі, ең қарапайым ою үлгілерімен таныстық, оларды қалай қиюды үйрендік. Сабақтан сабаққа оюларымыз күрделене берді. Бірінші қиған оюлар сапасыз, формасыз түрде келетін. Кейде мүлдем

шықпайтын кездер де болған. Қашан сәтті шыққанша, қайта-қайта қиып, оюдан жалықпайтынмын. Кітапша жасадым.

Бұл сабақтар маған өте ұнайтын, қызықтыратын. Осы сабақтардан соң қалтама әрқашан түрлі-түсті қағазды, қайшыны салып жүретін болдым. Бос уақытым болғанда қағазды бүктеп жіберіп ою үлгісін шығарып, сол сәтте қиып бере алатынмын.

Оюға ең ыңғайлы материал – қағаз. Себебі ол бүктеп, қаттауға қиындық туғызбайды.

Сабақтан сабаққа ою-өрнектері, қағаздың бүктелуі күрделене берді.

Нәтижеде негізгі болып келген «мүйіз» элементтен өзгеше, жаңа ою-өрнек үлгісі шыға келді. Осы өрнектерді ромб, шаршы, бес бұрыш, алты бұрыш, жеті бұрыш, сегіз бұрыш, тоғыз бұрыш ішіндегі үлгіні ойып үйрендік.

Осы үлгілерді матаға салып қидық, қоржын, дорба, жастық үлгілерін жасап үйрендік. (1, 2, 3 сурет)

Келесі деңгейде мен халықтың қолөнері мен ою-өрнегін зерттеген ғалымдардың еңбектерімен таныстым.

Қазақтың ұлттық ою-өрнектері мен оның атаулары көп. Ғылымдар әзірше 200-дей түрін ғана анықтады. Мен солардың халық арасында көп тараған мүйіз тектес ою-өрнектерді сөз етпекпін.

Ою-өрнектердің бұл тобын қазақ халқының ою-өрнектерінің төркіні деуге болады. Өйткені барлық жаңа буындар осының негізінде жасалып, тек атаулары өзгеріп отырған. Мысалы, қошқар, арқар мүйіз, сынық мүйіз, өркеш мүйіз, төртқұлақ, түйе табан, сыңар өкше, қос алқа, құс қанаты, қаз табан т.б. ою-өрнектердің негізгі арқауы.

Қазақ оюларының мазмұны мал өсіру мен аңшылықты, жер-су, көшіп-қону көріністерін, күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі заттардың сыртқы бейнесін аңғартады және бәрінде де мүйіз оюы үнемі араласып отырады.

Ою деген сөзбен өрнек деген сөздің мағынасы бір. Бұл сөздің ұғымында бір нәрсені ойып, кесіп алып жасалған немесе екі затты оя кесіп қияластырып жасау, бір нәрсенің бетіне ойып бедер түсіру деген мағына жатады.

Оюдың әрбір элементінде, көркем өрісі мен құрылымында терең мағына, үлкен мән бар. Оларды қалай болса, солай қияластыра салғаннан тамаша ою шықпайды. Әр ою композициясы белгілі бір мақсатқа, мағына, мазмұнға құрылады. Қыздардың киіміне салынатын ою бір басқа да, жігіттер шапанының жиегін көркемдейтін ою одан өзгеше. Ұзатылатын қызға арналып басылған текемет, сырылған сырмақ, тігілген көрпе түрлері, олардың бояулары да өзгеше болып келеді.

Бұл іс басталғаннан бері 100 жылдан астам уақыт өтті. Бұл іс ең алдымен біздің отанымыздың ғалымдары, олармен қатар Батыс Еуропа мен Америка ғалымдары да кезінде қызыға кірісті. 19 ғасыр басынан бастап – ақ халықтың қолөнері туралы байыптапты зерттеулер мен кітап шығарылды. Мысалы: Австриялық ғалым В. Куррердің «Бояу және бояушылық өнері жайында», Ф.Т.Куглердің «Кеңестік ғалым». С.А. Давыдовтың, С.В.Ивановтың, Ә.Масановтың, Ә.Марғұлан және тағы басқаларының зерттеу материалдарын айтса да жеткілікті.

Өрнек атауларын түгел камтап оларды әрқайсысына түсінік беру мүмкін емес. Сондықтан қазақтың ұлттық өрнек, оюларының ең басты мәнері, ең көп түрі және неше түрлі мәнер жасауда ең жиі қолданылатын “мүйіз” өрнектеріне ғана айрықша тоқталып өтейік.

“Мүйіз” өрнектерінің түрлері мен атаулары өте көп. Мүйіз өрнектері кейде өте ұсақ, кейде өте ірі болып келеді. Ұсақ түрлері зергерлік кестешілік, ағаш, сүйек, мүйіз сияқты нәзік істерде қолданылса, ірі түрлері сырмақ, текемет, ши орауы, алаша, кілем, терме, сондай-ақ архитектуралық сәулеттеу жұмыстарында қолданылады.

Бұл жұмысты атқару үшін мен Алматыдағы ескі ғимараттарды зерттеп, олардың салу, ою-өрнекпен әшекейлену туралы мәліметтерді жинақтадым.

«Мүйіз» өрнегімен әшекейленген ескі ғимараттардың бірі- Қазақ ССР Ғылым академиясы.

Бұл ғимараттың ішкі тіректерінің төбемен жалғасқан жеріне, яғни жоғарғы басына салынған. Оның авторы, әйгілі халық шебері Рақым Сәрсембин . Ол қазақ өрнектерін дамыту, түрлендіру жолында 60 жыл үзбей еңбек еткен. Өнер иесі Рақым Сәрсембиннің жасаған 700-ге тарта әр алуан әдемі шығармалары бар. Олар Ғылым академиясы мен Суретшілер одағының қорына қабылданған. “Сіздің осы өнеріңіз не нәрсені болжап, қандай ойдың негізінде жасалды және осы өрнекте сюжет бар ма? Бар болса, ол нені көрсетіп тұр?” – деп сұрағанда Рақым Сәрсембин былай деді:

“Қандай өрнек болса да, ол адам ойының жемісі ғой. Олай болса, сюжетсіз, мағынасыз ой бола ма? Өрнек те, сурет те белгілі бір ойдан туады. Осыған байланысты шебер де әр түрлі қырымен танылады. Көркем өрнектің басты мақсаты әшекей жасап, әдемі түр беру. Мысалы, Ғылым академиясы үйіндегі өрнектің мәнері кәдімгі қазақтың “мүйіз”, деп атайтын өте көне өрнегінен алынған.(4, 5 сурет)

Осы зерттеу жұмысымда атап өтетін тағы бір өрнек- Кавказ өрнегі. Әжемнің әжесі түрік болғандықтан бұл өрнектің қазақ халқының арасында тараған тарихы мені қызықтырды.

“Кавказ” өрнегінің туған жері Кавказ тауын мекендеген елдер болса керек, содан барып басқа халықтарға тарап, “кавказ білезік”, “кавказ жүзік”, “кавказ өрнегі” деген мәнер түрлері шыққан. Мұхтар Әуезов: “Абай... айдаудан қашқан кавказдық бір зергерді ұзақ сақтап, елдің зергерлерін жиып, әлгі қашқыннан күміске қарала жүргізуді үйреттіреді. Сонда Абай нақысқа қазақтың өз оюларын салғызып үлгі таратады” дейді. Сөйтіп “кавказдау” деген ұғымның омындай өнер алмасудың нәтижесінде туғандығын дәлелдейді.

“Кавказ” өрнегімен жасалған қазақ қолөнерінің үлгілері туралы Мұхамед-Салық Бабажанов деген кісі 1830 жылы Н. Небольсинге жазған хатында: “Мархұм Жәңгір хан Фатима деген ханымы сырқат болғандықтан оны Пятигорскідегі ыстық суға емдеуге апарды. Ханның қасына ерген 70 адам нөкері сол жақтағы черкеш шеберлері жасаған ат-тұрман, қару-жарақтарға өте қызығып келді. Хан сол жолы бір черкешті семьясымен өз ордасына (Бөкей ордасына) алып келіп, қарала күміс (кавказ) өнерін қазақ шеберлеріне үйретуге қосты”, - дейді.

Бұл туралы қазақ ғылымы Э.А. Масанов: “Қалай да болса кавказ өрнегін Орта Азия шеберлері VIII-XIV ғасырларда білгені анық”, - деп жасады.

Бұрын табиғатта жиі кездесетін және сол күйінде пайдалануға жарай беретін ақ, сары, көк, қызыл және қара топырақтар, түрлі түсті жосалар (сары, көк, қызыл) ағашты, теріне, қайысты бояуға жұмсалған. Сол сияқты малдың қанын, қара бауырынан, көк бауырынан да бояу ретінде пайдаланған. Көк текенің бүрі, мойыл, долана, қарақат, бүлдірген, итмұрын және тағы басқа да осылар тәрізді түрлі жемістердің шырыны да дояр тұрған бояу десе болғандай еді.

Болашақта менің бір арманым бар. Ол – жиһаз дизайнері болу. Қазіргі заманға сай ыңғайлы да, сәнді де, сапалы да үй жиһаздарын шығарғым келеді. Әрине, осы жаңа дизайнмен жасалған жиһаздарда ерекше орын алатын әшекейлерге – қазақ ұлттық өрнегі жатады, әсіресе «мүйіз» элементі.

Мен, біздің Президентіміз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, халқымның тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1.Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. - Алматы: 1987[<https://stud.kz/referat/show/42599>]

2.Өмірбекова М.Ш. Ою-өрнектің қолданылуы. - Алматы: 1995. - [<https://stud.kz/referat/show/40904>]

- 3.Қазақ совет энциклопедиясы. - Алматы: 199. -
[<https://stud.kz/referat/show/40904>]
- 4.Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. - Алматы: 1995. -
[<https://stud.kz/referat/show/54244>]
- 5.Нурланова Қ. Қазақ ою-өрнегі// Мәдениет және тұрмысы. - 1972 № 2. -
[<https://library.wksu.kz/dmdocuments.pdf>]
- 6.Әбдіғаббарова Ұ.М. Қазақтың ұлттық оюөрнектері. - Алматы: 1999. -
[<http://old.e-history.kz/media/upload/1467/2015/01/29/pdf>]
- 7.Ибраева К. Казахский орнамент. - Алматы: 1994. -
[http://portal.kazntu.kz/files/publicate/2014-07-08-elbib_18.pdf]
- 8.Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. - Алматы:
1977[http://irbis.vkgu.kz/isapi/irbis64r_91/cgiirbis_64.exe]
- 9.Байжігітов Б.К. Өнер тарихы мен теориясы. - Алматы: 1999. -
[<http://elibrary.kz/databases/statia/detail.phpID=117353>]
10. Сапар Төленбаев. ОЮ. - Алматы. 1989. - [<https://search.rsl.ru/ru/record/01008755913>].

Түйіндеме:

Қазақ халқынның ою-өрнегін зерттеу жұмысы өте маңызды да, қызықты да іс. Бұл мақалада сіздерді осы жұмыспен шұғылдануға шақырамын, өкінбейсіздер. Бұл сала қазақ өнерінің толығымен зерттелмеген салалардың бірі. Қолдарыңызға қағаз бен қайшыны алыңыз да, іске сәт дейміз.

Данная научная работа выполнена в рамках научного общества учащихся при МАН. Теоретический материал подкреплён практической, исследовательской деятельностью учащихся 9-го класса. При выполнении работы использовался метод глубокого сравнительного анализа различных видов казахского орнамента и их связь с жизнью.

This science project is executed in frame of scientific society by the pupils Lower Academy of Science. Theoretical material is reinforced by the practical, research activity of the pupils 9th form. By the executing of the project was used method profoundly comparative analysis different kinds of Kazakh`s patterns and their connection with life.

ЖАСЫЛ» ЭНЕРГИЯ КЕЛЕШЕГІ

Ермаханова М. А.

Эмили медициналық орталық, т.ғ.к.

Біздің әлем энергиямен сіңірілген. Энергия бізге жарық пен жылу береді. Біздің планетада энергияның негізгі көздері пайдалы қазбалар болып табылады.

Адам ежелден өз қажеттілігін қанағаттандыру үшін, өмірін жақсарту мен өзінің жайлылығы үшін табиғи игіліктерді пайдаланған. Адамзат табиғи ресурстарды энергия көзі ретінде пайдаланды. Мұндай ресурстар: мұнай, газ, көмір және т.б.

Қазіргі уақытта – жаңа технологиялар кезінде біз, баламалы энергия көздеріне қатты мұқтажбыз. Өркениет игілігіне қанағаттану үшін, бізге тек пайдалы энергия көздері жеткіліксіз.

Біз білетіндей, пайдалы қазбалар қолданылатын ресурстарға жатады, сол себепті, оларды алу үшін көп уақыт кетеді. Сондықтан жаңартылған ресурстарды

пайдалану жоспарда бірінші кезекте тұр. Бұл сұрақ біздің мемлекетімізде де, сондай-ақ, басқа мемлекеттерде де өзекті мәселе болып табылады, әсіресе, дамушы елдерде.

Қазіргі әлемде баламалы қуат көздері өнеркәсіпті ауқымды энергиямен жабдықтау үшін ғана емес, жеке меншік секторларда да проблемаларды шешу үшін кеңінен пайдаланылады. Технологиялардың сарқылмайтын ресурстардан энергия алуы – алыс аудандарда энергияға тәуелді емес үйлерді істеп тұрған объектілерде салып, проблемаларды шешуге мүмкіндік береді. Баламалы энергия – болашақ энергиясы!

Жоғарыда аталған әрбір сарқылмайтын ресурстарды толығырақ, жеке-жеке қарастырайық. Ең бірінші, күн энергиясынан бастайық. Күн энергиясы біздің планетаның өмір сүру көзі болып табылады. Күн жер беті мен атмосфераны жылытады. Күн сәулесінің арқасында жел соғады, табиғатта су айналымы жүзеге асып, теңіздер мен мұхиттар қызады, өсімдіктер көбейіп, жануарларға қоректенетін жем пайда болады. Дәл осы күн сәулесінің арқасында Жер бетінде пайдалы қазбалардың басқа да түрлері өмір сүреді.

Күн энергиясы жылуға немесе суыққа, қозғаушы күш және электр қуатына байланысты өзгеруі мүмкін.

Әлемнің көптеген елдерінде ғимараттардың атыры мен қабырғалары түсетін күн энергиясының мөлшері, сол үйдегі тұрғындардың жылдық энергияны тұтынуынан әлдеқайда артық. Жылу мен күн сәулесін пайдалану – барлық нысандардан өзімізге қажетті энергияны алудың таза, қарапайым және табиғи тәсілі.

Күн коллекторларының көмегімен тұрғын үйлер мен коммерциялық ғимараттарды жылытуға болады немесе оларды ыстық сумен қамтамасыз етеді. Параболитикалық рефлекторлармен шоғырланған күн сәулесін жылу алу үшін қолданады (жылу температурасы Цельсия бойынша бірнеше мың градусқа дейін). Оны жылыну үшін немесе электр энергиясын өндіру үшін пайдалануға болады. Сонымен қатар, Күн энергиясын өндірудің басқа бір тәсілі – фотоэлектрлік технологиясы арқылы. Фотоэлектрлік элементтер құрылғысы – күн радиациясын тікелей электр арқылы түрлендіреді.

Күн элементтері өте сенімді. Орнатқаннан кейін олар іс жүзінде ешқандай күтімді қажет етпестен жылдар бойы қызметін көрсетіп, жұмысын атқара алады.

Күннің энергетикалық туындысы жел болып табылады. Ол біздің планетаның бетіне біркелкі жылытуды қалыптастырады. Адамзат бүкіл тарих бойы жел энергиясын пайдаланды. Жел теңізде жүзу үшін, желкен қайықтарды үрлеу мақсатында пайдаланылды, желдік диірмендер жел қозғалысы арқылы жүргізілді. Әлемнің барлық бөліктерінде жел энергиясы әрқашан сұраныста болып, қолжетімді энергия көзі болып қала береді. Бұл энергияның қолданыста болуы, ол қоршаған ортаға ешқандай экологиялық қиындықтар туындатпайды, түзілетін радиоактивті қалдықтарды және т.б. заттарды атмосфераға әкелмейді. Энергияны қажет ететін күрделі инфрақұрылымды үлкен электр станцияларымен салыстырғанда, бұл энергия қысқа мерзімде және аз мөлшердегі шығынмен құрылыс пен қуат көздеріне енгізілуі мүмкін. Сондықтан бұл энергияны пайдалану дамушы елдердің жоспарында бар.

Күн энергиясы мен жел энергиясынан басқа, үлкен қызығушылық туғызатын су энергиясы. Адамдардың өз мақсаттары үшін алғаш пайдалана бастаған энергиясы, бәлкім, осы су энергиясы болар. Мысал ретінде, алғашқы өзен диірмендерін еске түсірейік. Олардың сол уақыттағы жұмыс істеу принципі қарапайым әрі мінсіз: қозғалыстағы су ағыны доңғалақты айналдыра отырып, судың механикалық жұмыс дөңгелектерінде кинетикалық энергия құрады. Мәні бойынша қазіргі заманғы барлық су электр станциялары дәл солай жұмыс істейді. Бір маңызды қосымша толықтыруымен: бұдан әрі механикалық энергия электр энергиясына өзгертіледі.

Егер су энергиясы тақырыбын біздің мемлекетте қозғайтын болсақ, міндетті түрде ескеретін мынадай мәселелер бар:

Қазақстан Республикасының үлкен таулы өзендерінің нақты энергопотенциалдық әлеуеті.

1. ГЭС тау-кен деривациондық құбырлар мен САУ қысқы дебиту жүктеме схемаларының тиімділігі.

2. Өртүрлі жоғары рентабельды ГЭС қуатын пайдалану мүмкіндігі.

3. Осы проблема бойынша Қазақстан Республикасы оның үлкен гидропотенциалының бар болуымен, мамандардың және энергия көздерінің жаңартылған бағдарламасы бойынша әлемнің 50 - дамыған елдер қатарына кіре алады.

Қазіргі уақытта Қазақстанның қуат өндіруші құрылымындағы ГЭС-нің үлесі шамамен 12,3% - ды құрайды. Бұл көрсеткіш экономикалық дамыған елдерден едәуір артта қалып отыр. Сонымен қатар, өндіруші қуаттардың 68%- ы электр станцияларында 30 жылдан астам уақыт жұмыс істеді.

Барлық ақпаратты біріктіре отырып, біз «Жасыл» энергияның – тек біздің еліміздің ғана емес, бүкіл планетаның болашағының кілті деген тұжырымға келеміз.

Бұл энергия экологиялық артықшылықтарымен қатар, елеулі экономикалық пайдаға да ие. Атап айтқанда, Қазақстанның энергодефициттық шалғай аудандарында ЖЭК электр энергиясын өндіру және пайдалану үшін қолданыстағы желілік энергия оны жаңартылатын энергетиканың шешуші факторы ретінде жеткізуді экономикалық жағынан ақтап алады.

Жобаның атауы өзі айтып тұр. Және бұл тақырып кездейсоқ таңдалмаған. Жақын болашақта ол энергияның перспективті әдістерін тікелей қолдануды, сондай-ақ, енгізуді жүзеге асырады деп қарастырылуда. Бұл тұрақты даму үшін қажетті шарт болып табылады. Сондай-ақ, «Болашақ энергиясының» алдына қойған мақсаты энергия ресурстарының адамзаттың ажырамас бөлігі екендігіне қоғамның назарын аударту.

Үш ай бойы (10 маусымнан 2017 жылдың 10 қыркүйегіне дейін) «ЭКСПО - 2017» 100 -ге жуық қатысушы елдерді және 10 халықаралық ұйымдарды қабылдады. 2017 жылы өткен бүкіләлемдік мамандандырылған көрмеде қатысушы елдерге жаңартылған энергия көздерін пайдаланудың келешегі мен жетістіктері, олардың артықшылықтары, экологиялық тазалығы мен төмен құны және қоршаған ортаға зиянсыздығы көрсетіліп, талқыланды. Қазақстан үшін «ЭКСПО - 2017» маңызды оқиға болды: бұрын-соңды Орталық Азия аймағы мен ТМД елдерінде мұндай ауқымды халықаралық көрме өткен емес.

Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жиналыс өткізді, талқыланған тақырыбы: ЭКСПО-2017. Ұлт көшбасшысы, бұл халықаралық көрменің дамуымызға серпін беретінін және жаңа жоғары технологияларды игеруімізге ықпал ететінін атап өтті. Бұл көрме әрбір қазақстандықтың өміріндегі маңызды шара.

Қорыта келгенде айтқымыз келгені, Астана ЭКСПО-2017 көрмесі бізге денсаулық пен қоршаған ортаны қорғау міндеттерін ғана емес, сонымен қатар, энергия көздеріне жалпы, жаһандық көзқараспен қарап, экономикалық және әлеуметтік проблемаларды дамытуды жеделдетуге мүмкіндік береді. Осы міндеттер мен проблемалардың табысты шешімі көптеген факторларға байланысты, соның ішінде, әрине, біздің әрқайсымыздың жеке қатысуымызға да.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Тихонов А. В., Тюхов И. И., Юферев Л. Ю., Шахраманьян М. А. Технология жаңартылатын (күн) энергетика. // Мультимедиялық оқу-әдістемелік кешені физика пәні бойынша біліктілігін арттыру үшін педагогикалық құрамның мәскеулік мекемелер жалпы білім беру – Мәскеу. – 1998. - С. 19-20

2. ЭКСПО-2017 – жаһандық жоба Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың//Роза Аманова, "Казахстанская правда" газеті–2014ж.
3. Родионов В. Г. Энергетика проблемалары осы мүмкіндіктері мен болашағы – Мәскеу . – 2012. – С. 8
4. Қазіргі заманғы жаратылыстану концепциялары: Оқулық жоғары оқу орындары үшін. – М.: Академиялық Жоба, 2000. Изд. 2-е, испр. және доп

Түйіндеме:

Мақалада «Жасыл» энергия тақырыбы қозғалды. Мұнда осы энергияның барлық артықшылықтары сипатталған. Біздің едімізде де бұл тақырып кеңінен қозғалуда. Астанада әрбір қазақстандықтың өміріндегі маңызды оқиғалардың бірі болатын ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесі өтті.

Статья посвящена «зеленой» энергии. Здесь перечислены все преимущества этой энергии. Вопрос о ее использовании очень актуален и в нашей стране. В Астане прошло очень значимое событие для казахстанцев --международная выставка ЭКСПО-2017.

The article is devoted to "green" energy. Here are listed all the benefits of this energy. The question of its use is very relevant in our country.

A very significant event for Kazakhstan was held in Astana - the international exhibition EXPO-2017.

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» – ТАБЫСТЫ ЕЛ БОЛУЫМЫЗДЫҢ КЕПІЛІ

Маукебаева А. Ж.

«Қарағанды техника-құрылыс
колледжі» КММ

Қазақ тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы
Қарағанды қ.

Мәңгілік Ел боламыз деп отырмыз жуырда,
Мәңгілік Ел белгісі – желбіреген Туыңда!
Еркін жүрген еліңде, аспаныңда, жеріңде,
Еркін ұшқан құсыңда, еркін аққан суыңда!

Отан ... Бұл сөз – әрбір перзенттің көкірегін кернеген, мақтанышпен айтатын сөзі. Менің Отаным – Қазақстан. Қазақстан – байтақ ел.

Осы сөзді естігенде көз алдымызға жазық дала, кілемдей өрнектелген көк шалғын, айдын көлде қиқулаған аққу қаз, үйіріле тусаған отар – отар қой, құлын – тайы ойнақтаған үйір – үйір жылқы, жібектей толқыған ақ селеу, қоңыраулатқан бозторғай үні елестейді. Әрбір адам үшін туған жерде ыстық, қадірлі, қымбат ештеңе жоқ. Болуы да мүмкін емес. Сондықтан байтақ еліміздің болашағы әр азаматтың қолында.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің "Тарих толқынында" атты кітабында: "Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекетімізді ұзақ уақытқа меңзеп тұрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Ал оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр", деген болатын. Енді міне "Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ" атты Қазақстан халқына Жолдауында ежелгі ата-бабаларымыз-түркілердің Мәңгілік ел идеясын-Қазақ елінің ұлттық идеясы ретінде жарияланып отыр. Елім дейтін, жерім дейтін, елінің, жерінің қамын ойлайтын әрбір

қазақ үшін, ой-арманын астастырып үлгерген әрбір қазақстандық үшін Президент Н.Ә.Назарбаевтың бұл жолғы сөзі ең алдымен ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманын-әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану арманын, тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу арманын ақиқатқа айналдырғанымызды атап айтумен, болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсатқа жетелейтін идеяны-Мәңгілік Ел идеясын Қазақ елінің ұлттық Идеясы деп жариялауымен айрықша, бөлекше бағалы.

Сонымен қатар, елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Онда ел Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айрықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі.

«Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады... Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», – деп ашып көрсетеді.

Ұлттық жаңғыру дегеніміз – ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. «Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді», - дейді Н.Ә.Назарбаев. Сондықтан рухани жаңғыру үдерісін дер кезінде қабылданған оң шешім деп танимыз. Осы рухани жаңғырудың жүзеге асырылуын біз және сіз болып, «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» бірлікте орындауымыз аса қажет. Бәсекеге қабілетті, әлемдік деңгейде танылған әрі дамыған рухани кемел ел болу – Елбасының асыл арманы. Ендеше, мемлекет басшысының жастарға соны серпін, тың бастама ұсынуы келешекке қамданудың әрекеті деп түсінеміз.

Тәуелсіз еліміздің болашағы – жастарымыздың интеллектуалды көрсеткіштері олардың тек білім деңгейімен ғана емес, сонымен бірге олардың ұлттық тәрбиесімен, рухани жаңғыруымен де тікелей байланысты. Ұлттық кодтың өзегін сақтай отырып, болашаққа қадам басуымыз қажет. Білім – рухани жаңғырудың басты алғышарты. Өйткені, ой жүйесі терең, алыстан пайымдап, тереңнен тамырланған дүниетанымы кең адам ғана бәсекеге төтеп береді деген ауқымды ұғымды білдіреді.

Қазақстан жастары, яғни мектеп оқушылары-болашаққа деген үкілі үмітіміздің тірегі. Сондықтан бүгінгі ұрпақты тәрбие мен біліммен қаруландыру, мұғалімдердің басты мақсаттардың бірі. Мен кішкентай кезімнен бастап еліме қызмет етемін, қоғамға пайдамды тигіземін деп, мұғалім болуды армандадым. Міне, қазіргі кезде қоғам маған өмірдің ең бағалы, асыл қазынанды – өз баласын сеніп отыр. Әр күнде сабаққа дайындалған кезімде бар күшімді салып, баланың өміріне балта шаппауым керек деген

ой есімде жүреді. Мен оқытып жүрген бүлдіршіндердің болашағы менің қолымда, себебі мен оқытқан ақыл мен білім негізінде балалардың болашағы құрылмақ. Менің қызметім өте жауапты әрі қызықты.

Бірінші сыныптан бастап мен оқушыларымды адамгершілікке, отансүйгіштікке бауылып, қазақ еліміздің елжанды азаматтарын тәрбиелеймін. Тәрбиемен қатар замануи технологиялармен қадам басып сапалы білім берудемін. Оқушыларымның жетістіктерін көргенде жаным тыныштық тапқандай, себебі ертең бүлдіршіндерім, көк байрағын желбіретіп тұрған еліміздің болашағына өз үлестерің қосады. Егер бүгінгі ұрпақ сапалы білім алып, оны саналы қолдана алса, онда Қазақстанымыздың болашағы жарқын болатынына сенемін.

Қазіргі ұрпаққа сапалы білімді меңгерту үшін жаңа педагогикалық технологияларды қолдану қажетті болып тұр. Заман өзгеріп, балалардың ой – өрістерін өзгертуде. Сондықтан оқыту процессін де заманға сай түрлендіру қажетті. Қазіргі ұрпақтың озат ойлары мен кемел білімдері-елімізді биік шыңдарда көрінетін тың мақсаттарға апаратын күдіретті күш.

Оқу жылдың барысында мектебімізде мемлекеттік мерекелер: Президент күні, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні, Қазақстан Республикасының Конституция күні, Астана күні мейрамдары кезінде міндетті түрде сынып сағаттары және сыныптан тыс іс – шаралар өткізіледі. Сонымен қатар: Қарттар күні, Наурыз мейрамы, Жаңа жыл ертеңгіліктері, 8 наурыз, Бірлік күні, Отан қорғаушылар күні мейрамдарына арнап міндетті түрде іс –шаралар ұйымдастырылады. Осы жұмыстар балаларды өз Отанын құрметтеуге, мақтан тұтуға, бірлікке ұмтылуға үйретеді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында тарихтың өткеніне көз жүгіртіп, жаңа тарихи кезеңдерге жан-жақты баға бере отырып, рухани жаңғыру арқылы болашаққа деген өзінің парасатты пікірлері мен көзқарасын білдірді. «Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр... Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы», -деп ел келешегіне үміт артады.

Ендеше, рухани жаңару арқылы әлем мойындар табысты ел болып, жарқын болашаққа деген сенім мен үмітті үндестіре отырып, баршамыз бірлік туы астында бақытқа бірге жетейік!

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында» кітабы

Түйіндеме:

«Духовная модернизация- залог процветания нашей страны»

"Spiritual modernization is the guarantee of prosperity for our country"

«НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ЖАСТАР ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОРНЫ

Чаяхметова М.М.,
гуманитарлық ғылымдар магистрі,
ҚАЗИТУ-дың аға оқытушысы,

"Еркін елде өскен ұрпақтың рухы әрдайым биік болуы тиіс. Жастары жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса – ол елдің еңсесі де биік болады. Өршіл, намысшыл жас отаншыл, патриот келеді, халқына, өз ұлтына адал қызмет етуге ұмтылады".
Н.Ә.Назарбаев.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Мықты ұлт дегеніміз – мемлекеттің дамуы мен өркендеуіне үлес қосуға дайын тұратын жауапты азаматтар. Жастарды отаншылдықтың арқауына айналатын осынау құндылықтарды қастерлейтіндей етіп тәрбиелеу әрқашанда Қазақстанның табысқа жетуі мен өркендеуінің кепілі болмақ» деп атап көрсеткен. Ия, жастар - елдің болашағы, болашаққа сенім арту — жеңісті де жемісті келешектің көрінісі. Жастар – мемлекетіміздің қуатты тірегі. Біз неге оларды сарқылмас күш пен қайраттың нышанына теңейміз? Себебі, бойындағы күш-жігер, жүрегіндегі жалындаған жаны, еліне, жеріне деген пәк сүйіспеншілігі, сол елдің ертеңі, яғни болашағы. Осы ретте Нұр Отан нақты нәтиженің партиясы екенін айта отырып, оның бағдарламаларының жастар тәрбиесіндегі ерекше орнын сөз етпекшімін.

Қазақстан инженерлік-технологиялық университеті Нұр Отан партиясы бағдарламаларын іске асыруда ауқымды еңбек етіп келеді. Партияның жобалары:

1. «Ардагерлерді ардақтайық».

Мақсаты: Ұрпақтар сабақтастығы мен диалог алаңын қамтамасыз ету, қоғамда ынтымақ, патриотизм, қарт адамдарға және дәстүрге деген құрметті күшейту.

Міндеттер:

1. Мақсатты топқа мемлекеттік қызметтің көрсетілуінне партиялық бақылауды қамтамасыз ету.
2. Аға ұрпаққа медициналық және тұрмыстық қызмет көрсетудің мобильдік түрлерінің дамуына ықпал ету.
3. Аға ұрпақты әлеуметтік қолдауға бағытталған әлеуметтік маңызды бастамалар мен бағдарламаларды анықтау, дәріптеу және жүзеге асыруға ықпал ету.
4. Аға ұрпақтың әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасау.
5. Қарттарға көмектесетін еріктілер қозғалысына қолдау көрсету.
6. Әлеуметтік қолдау мәселелері бойынша аға ұрпақ азаматтарын ақпараттандыру.
7. Қоғамда аға ұрпаққа құрметпен қарауды, Ұлы Отан соғысына қатысушылардың жауынгерлік және еңбек ерліктерін мақтаныш тұту сезімдерін қалыптастыру.

Бұл жоба бойынша университетіміздің Жастар ісі жөніндегі комитеті құрамындағы студенттер жыл сайын қалалық Қарттар үйіне барып, концерттік бағдарламаларын ұйымдастырып, ынтымақ, патриотизм, ардагерлерге, қарт адамдарға деген құрметті күшейтіп келеді.

2. «Бақытты балалық шақ» жобасы

Мақсаттары

Мемлекеттік және салалық бағдарламалардың тиімділігіне мониторинг жүргізу; балалар үйлерінің тәрбиеленушілер мен түлектерін, сондай-ақ кәмелетке толмаған балалары бар аз қамсыздандырылған және жайсыз отбасыларын әлеуметтік бейімдеу және практикалық көмек көрсету жұмыстарына жұртшылықты тарту.

Міндеттері

1. Отбасының және отбасылық тәрбиенің маңыздылығы туралы қоғамдық пікірін, сондай-ақ азаматтардың өз балаларынан бас тарту әрекеттерін қоғамның қабылдамауын қалыптастыру.
2. Мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғамның балалар үйлерінің тәрбиеленушілері

мен түлектеріне, сондай-ақ кәмелет жасқа толмаған балалары бар аз қамсыздандырылған отбасыларына көмек көрсетуге бағытталған күш-жігерлерін шоғырландыру.

3. Аз қамсыздандырылған және жайсыз отбасыларына, сондай-ақ балалар үйлерінің түлектеріне психологиялық және құқықтық көмекті көрсету;

4. Партиялық қоғамдастық пен бизнес-қауымдастықты өткізіліп жатқан жұмысқа тарту, ортақтастық сезімді қалыптастыру,

5. Профильді мемлекеттік және салалық бағдарламаларды орындау тиімділігіне қоғамдық бақылауды ұйымдастыру.

«Жетім көрсең жебей жүр» дейді қазақта. Қамсыз, мұңсыз, қызықпен өткен сол бір балалық шағы тағдыр тәлкегіне ұшырап, балдай тәтті шағында батпандай ауыр мұң арқалап, жанары жаутаңдаған жәудіркөздер сол бақытты сезініп жүргені шамалы. «Бақытты балалық шақ» партиялық жоба аясында Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінің студенттері Жастар Ұйымдары Комитетінің "Қамқор" клубының ұйытқы болуымен "№ 1 балалар үйінде" қонақта болды. Шараның басты мақсаты балалар үйі тәрбиеленушілеріне қамқорлық көрсетіп, қуаныш сыйлау, отансүйгіштікке және патриотизмге тәрбиелеу. №1 және №2 балалар үйінің қосылуына орай ҚазИТУ-дың өнерлі жастары «Бір үйдің баласындай...» атты концерттік бағдарламасын ұсынды. Балалар қосыла ән салып, би биледі. Қызықты ойындар ойнап түрлі сыйлықтар алған балалардың көңілдері көтеріңкі болды. Концерт соңы «Бір үйдің баласындай...» хорымен аяқталды. ҚазИТУ студенттері атынан балалар үйіне ЖҰК "Қамқор" клубының жетекшілері сыйлықтарын табыс етті.

3. «Сыбайлас жемқорлықсыз ел» жобасы

Жоба төмендегідей бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) **Азаматтардың жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын қалыптастыру.**

2) **Жемқорлыққа қарсы тәрбиені күшейту.**

3) **Жемқорлыққа қарсы алаңды кеңейту.**

Осы жоба аясында ҚазИТУ студенттері 2017 ж. 12-сәуірде Алматы қаласы жастарының басын қосқан «Жастар – жемқорлықтан тыс университеттерді қолдайды!» атты студенттік форумға қатысты. Форумның мақсаты: сыбайлас жемқорлыққа қарсы студенттердің қызығушылығын арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін көтеру болды. Форумға Алматы қаласы бойынша мемлекеттік және жемқорлыққа қарсы агенттіктің департамент басшылығы, Алматы қаласы жастар саясаты мәселесі жөніндегі басқарма басшылығы, Алматы қаласы ЖОО ректорлары мен проректорлары және студенттер қатысты. Форум барысында эстрада жұлдыздары өнер көрсетті.

Сондай-ақ, 2017 жылдың 28-сәуір айында ҚазИТУ оқытушыларының қатысуымен, Алматы қаласының мемлекеттік істер бойынша қызметі және жемқорлыққа қарсы күрес Департаментімен бірге Алматы «Парасат» кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен, «Нұр Отан» партиясының қатысуымен «Жемқорлыққа қарсы күресте жастар ұйымының ролі» атты дөңгелек үстел өтті. Аталмыш шараға Алматы қаласының жоғары оқу орындары мен колледждерінен оқытушылар, студенттер қатысты.

Жемқорлыққа қарсы күрес іс – шаралар барысында университет студенттері флешмоб ұйымдастырып отырады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес- ел дамуына қосқан үлес!» ҚазИТУ жастары да сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрып, осы арқылы мемлекетіміздің өркендеуіне өз үлестерін қоспақ.

Мемлекет басшысы өзінің халыққа Жолдауында: «Жемқорлық - жай құқық бұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді сетінетеді және ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер болып саналады. Біздің түпкі мақсатымыз - жемқорлықты құбылыс ретінде жою үшін жемқорлыққа қарсы заңнамаларды жетілдіру

арқылы жемқорлықпен күресті қатаң күшейту», - деп мәлімдегені есте. Ендеше, мұндай жекеге «Нұр Отан» партиясының іс-қимыл бағдарламасы да өз септігін тигізери хақ.

4. «Жастар – Отанға!» жобасы

Жобаның мақсаты

жастар арасында жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, рухани-адамгершілік құндылықтарды түсіндіру және ұлықтау.

Бағыттары

1. Жастар арасында қоғамдық-рухани құндылықтарды дәріптеу және жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру бойынша жастардың ірі үкіметтік емес ұйымдарымен өзара іс-әрекеті.
2. Жастарды қоғамдық қызметке тарту және еріктілер институтын қолдау.
3. «Өзін-өзі жұмыспен қамтушы жастарға атаулы көмек көрсету.

Жобаның негізгі мақсаты мен бағыттарын жүзеге асыру мақсатында университетіміздің жас мамандары мен студенттері бірнеше іс-шараларға белсенді қатысып келеді. Соның ішінде спорттық жарыстарға қатысып, белсенділік танытуда алдына жан салар емес.

Қазақтың әйгілі жазушысы, әдеби сыншы Ғабит Мүсірепов атамыз айтқандай: «Мен жастарға: «Алдарыңда таудай талап тұр. Өмір заңғарлары үнемі биікке шығарады. Оған жету үшін талмай ізденіңдер!»- дер едім. Жастарға тоғышарлық, бойкүйездік дертінен аулақ, сергек, сезімтал болған жарасады», - деп жастарға жаңа серпін, мықты рух қалдырғаны белгілі. Әрбір студентті бәсекеге қабілетті, өмірде өзін-өзі дамытуға бейім, үздіксіз білім жүйесінде білгілі бір құндылыққа жетелейтін Қазақстан азаматы ретінде, олардың өсуіне ықпал ететіндей деңгейге жеткізуге тиіспіз. Халық еңбек өмірдің қайнар бұлағы деп бағалайды. Адамның жеке басын қалыптастыруда еңбектің мазмұнына берілген халықтық баға әр дәуірде өмір сүрген ұлы ойшылдардың еңбек жөнінде қалдырған ғибраттары, кейінгі ұрпақ үлгі-өнеге алатын ой-пікірлермен үндестігі ғажап құбылыс. Студенттерді адал еңбекке, оқу-өнерге ұмтылу, талапты, жігерлі, кішіпейіл болуға баулу – біздің басты міндетіміз.

Әрбір халықтың мәдени-рухани қазынасы жас ұрпаққа білім беріп, оларды тәрбиелеуде орасан зор тағылымдық маңызы болатынын заманында ғұламалар жақсы түсінген. Осы орайда студенттерімізге тәрбие мен білімді бірге сіңіріп, болашағына нық сеніммен қарауға ықпал етеміз деп ойлаймын.

5. «Ұлы дала елі» жобасы

Жобаның мақсаты

Қазақстан халқының рухани-мәдени құндылықтарын сақтау және молайту, қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру арқылы отан сүйгіштікті нығайту, бірлікті және қоғамдық-саяси тұрақтылықты, этноконфессиялық келісімді сақтау.

Міндеттері

- елімізде және шетелдерде Қазақстанның «Ұлы дала елі» ретіндегі имиджін қалыптастыру бойынша жұмыстарды үйлестіру;
- Еуразиялық кеңістіктегі көшпелі мәдениет мұрагері ретінде қазақ мәдениетінің ұлттық брэндін қалыптастыру және оны халықаралық деңгейде ілгерілету;
- ұлттық құндылықтарды сақтап, одан әрі дамыту үшін қолайлы жағдай жасау;
- ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған іс-шараларға мемлекеттік органдарды және бизнес қауымдастықтарын тарту;
- жастарды қазақстандық отан сүйгіштік рухында, жоғары әлеуметтік-мәдени және моралды-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру бағытында тәрбиелеу.

Елбасы Н.Назарбаев: «Біз тарихымыздың жаңа шамын жақтық, сондықтан бүгін және мәңгілік Қазақстанымыз – Ұлы дала елі, бұл Ұлы жаңғырған дала елі, біздің Отанымыздың көп этникалық халқының бесігі. Сүйікті Отанымыздың халықтық атауы осы - Ұлы дала елі», - деді. Және «Мәңгілік Ел» - ол біздің жалпықазақстандық

үйіміздің ұлттық идеясы, біздің ата-бабаларымыздың арманы...». Осы ретте ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін бірнеше мәдени іс-шаралар жүргізіліп жатыр. Соның дәлелі, «Нұр Отан» партиясы Бостандық аудандық филиалы ұйымдастыруымен өткен Наурыз мерекесіне ректор Н.М. Темірбеков бастаған ҚазИТУ ұжымы ұйымдасқан түрде қатысты. Наурыз мерекесіне жиналғандар 30-ға жуық мекемелердің жетістік көрмелерін тамашалады. Сахнада ән айтылып, күй шертіліп, би биленді. Бостандық ауданының әкімі Б.Н. Торғаев ҚазИТУ көрмесін тамашалап, ұжымға жетістік тіледі.

2017 жылдың 3-мамырында ҚазИТУ-да 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мен 9 мамыр – Жеңіс күніне арналған «Ұлы Дала елінің ұланымын» атты патриоттық іс-шара өтті. Мерекелік шараға тыл ардагерлері, еңбек ардагерлері, қонақтар мен оқытушылар, студенттер қатысты. ҚазИТУ студенттерінің арасында әскери-патриоттық сапта жүру байқауы өткізілді. Бұл шара студенттерімізге жаңа серпіліс беріп, оларды туған жерінің, яғни Ұлы дала елінің нағыз патриоты болуға тәрбиелейді.

«Бағдарлама неге «Туған жер» деп аталады? Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі» - деп Елбасы Н.Әбішұлы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында тайға таңба басқандай айтқан болатын.

Қорыта келгенде, Тәуелсіздігімізге қол жеткізіп, өркениеттілікке құлаш сермеп отырған бүгінгі таңдағы адамгершілігі мол, салауатты ұрпақ тәрбиелеуде ең алдымен халықтық тәрбиенің, содан кейін білім беріп отырған ұстаздардың алатын орны ерекше. Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында ұлттық тәрбиеге айрықша мән берілуде. «Жастар-біздің болашағымыз» дейтін болсақ, сол жастарымызды ұлтын сүйетін ұлтжанды, Отанын сүйетін патриот, жоғары адамгершілік иесі, ұлттық рухы биік парасатты азамат етіп тәрбиелеу үшін оларға ұлттық тәрбие қажет екенін өмірдің өзі-ақ көрсетіп отыр. Ендеше, еліміздің ертеңі – жас ұрпақ.

Қазіргі таңда қоғам алдына қойылып отырған басты міндеттердің ең бір өзектісі - бүкіл білім жүйесін түбегейлі жаңартып, дүниежүзілік деңгейге сәйкес келетін, жастарға сапалы білім беруге жағдай жасайтын және олардың үйлесімді дамуына, жеке бастың тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған. Сондықтан жігерлі жастарды тәрбиелеп, білімнің тың белесіне қанат бітіріп, Егемен еліміздің болашағына мықты тұлғаны даярлауымыз керек. Ол үшін ұлттық рухты дарыта білгеніміз абзал. Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» деген. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, халқына адал, саналы, салиқалы азамат тәрбиелеу – қазіргі таңның өзекті тақырыбы болмақ. Елім, туған жерім деп жүрегі елжіреген, көгімізде қалқып ұшқан қырандай өр мінезді, еңселі жастардың қасиетті туымызды мәңгілік желбірететініне сеніміміз мол!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә. Назарбаев Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру, 2017ж
2. Қазақстан – 2021: Бірлік. Тұрақтылық. Жасампаздық. «Нұр Отан» партиясының сайлауалды бағдарламасы. Астана, 2016. 24-бет.
3. old.nurotan.kz/kz/content/zhastar-otanga
4. old.nurotan.kz/kz/content/uly-dala-eli?page=1

Түйіндеме

Мақалада Нұр Отан партиясы бағдарламаларының жастар тәрбиесіндегі орны кеңінен қарастырылған. Бес түрлі бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері мысалдармен көрсетілген. Еліміздің ертеңі, болашағы – жастар тәрбиесі мен білімі жайлы айтылған. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы жастар мәселесі, туған жер, салт-дәстүрлер сабақтастығы сөзге тиек етілген.

В статье рассмотрены место и роль программы партии «Нур Отан» в воспитании молодежи. Показаны 5 направлений программы вместе с примерами. Рассказано о будущем нашего народа – о воспитании и образовании. В статье Президента «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» поднимаются проблемы молодежи, преемственность и взаимосвязь традиций.

The article considers the place and role of the programme of the party "Nur Otan" in the education of youth. 5 shows the directions of the goals and objectives of the programme together with examples. Learn about the future of our nation about education. The article of the President "look into the future: the modernization of public consciousness" raises the problem of the youth, the succession and interrelation of traditions.

РУХЫ КҮШТІ ТҰЛҒА- РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ НЕГІЗІ

Шегебаева Ж.Ө.,

ҚазИТУ Биотехнология мамандығының 3- курс студенті

Ғылыми жетекшісі:

филос.ғ.к., доцент **Сарсенбекова Г.А.**

Әр заманның ұрпаққа қояр өз талабы, өз міндеті бар. Ел мәдениетінің, мемлекеттің жүйелі түрде дамуы ұрпақтың уақыт талабына икемделуінсіз жүзеге асқан емес. Ұлттың тарихи санасының қалыптасу негіздерінің өзінде уақыт талабына бейімделу, мәдени ортаны қалыптастыруға деген ұмтылысы жатыр. Елбасымыздың Рухани жаңғыру идеясы атамекенмен ұлттың бір болуын, үнемі ұрпақ пен туған жердің байланысуын, адам мен табиғаттың тұтастығын негіздейді. Рухани жаңғыру ұлттық болмыстың негізінде мемлекет өмірінде қалыптасатын интеллектуалдық өріс. Қоғамда интеллектуалдық ой өріс болу үшін ұрпақ болмысы мінсіз болуы қажет. Мінсіз ұрпақ қалыптастыру жолында ең алдымен жастар, біздер ұлттық тәрбиемізбен сусындап, өнегелігімізді көрсете білу керекпіз.

Ұлт көшбасшысы биылғы жолдауында «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес адамдардың бәсекелік қабілетімен айқындалады» деген еді. Бұл құрметті студенттер бірінші кезекте біздер жастардың рухани жаңғыру негізінде бәсекелік қабілеттігімізді көрсетумен сипатталады.

Олай болса, басты мақсат- ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани- мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып, ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу. Ол үшін біз не істей аламыз? Ол үшін болашақ маманның: ұлттық сана сезімін қалыптастырып, туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілігін, ұлттық рухын дамыту, ана тілі мен дінін, өнерін, салт-дәстүрін қастерлеу, рухани және мәдени құндылықтарымызды сақтауға баулу қажетпіз.

Ел ұлағатты ұрпағымен күшті мемлекет болмақ демекші, еліміздің ертеңі жастардың бойына сіңірген құндылықтарымен тығыз байланысты. Ал жастардың бойына құндылықтарымызды дәріптеуші қоғам. Қоғамдағы жастар арасындағы өзгелермен араласуға тығыз тәуелді қызмет ететін жастардың тану кезеңін жатқызуға болады. Жастардың осы жастық шақты тану кезеңінде де бір- бірімен қарым-қатынастың арасында адам өзінің де өзгенің де құндылығын түсіне алады. Сондай- ақ

жастар арасында сұхбаттасу және пікір алмасу мәдениетін үйрену мүмкіндігі кез-келген жасқа үлкен артықшылық емес деп ойлаймын.

Меніңше әрбір қоғам мүшесі мемлекетінен не аламын емес керісінше не бере аламын деген санамен өмір сүруі қажет. Себебі, студент жастар қоғамдағы жаңашыл идеяны қуаттап, Қоғамдағы рухани- мәдени құндылықтарды дамытуда ерекше орын алады. Қазіргі кезеңде жоғарғы оқу орнында білім берудің жаңашылдық бағытына сай, студенттердің құндылық бағыттарын тереңдетіп, шығармашылық дербестігін қалыптастыру- кәсіптік білім берудің басты мақсаты деп танымын. Өйткені, қай елдің болмасын өсіп өркендеуі, әлемдік ортада алдыңғы шептен орын алуы оның ұлттық білім беружүйесінің жаңа сипаты- жаңа оқыту технологияларын, оқу ақпараттарын, ұтымды қолдану, шығармашылық оқыту түрлерін кеңінен пайдаланумен тығыз байланысты өрбитіні ақиқат. Мысалы, интернет жүйесі 1969 жылы пайда болып, қоғамға енгенде оны ең жас пайдаланушылар жасы 20-25 жастан асқан, ересек адамдар болса, қазіргі таңда интернетке 5-6 жастағы бала да әуес. Әрине, бәрін бірдей пайдалы деу артықтау шығар, сананы улап та жататыны бар. Бұл ақпараттық технологияның тым кеңінен қанат жаюының да салдары болар. Алайда осындай құбылыстар орын алған қоғамымызда ұстанатын тек екі қағида бар: бірі- жан-дүниенің рухани тазалығы болса, екіншісі- сананың сергектігі. Біріншісіне жүрек, екіншісіне ақыл керек. Осыларды ұғып білуге қайрат керек. Алайда, бір мәселе туындайды. Интеллекцияның басым бөлігі орналасқан облыс орталығында жастардың белсенділігі жоғары да, ауылдағы азаматтар қоғамдық мәселелерден алшақ қалып жүр.

Мемлекет халықтың ортақ үйі, сол үйді күтіп баптайтын, рухын сақтайтын, қорғайтын адам мемлекеттен, қоғамнан бөлінбейді, мемлекетінің мүддесінен, төл мәдениетінің болмысынан қол үзбейді. Керісінше мемлекеті, халқы үшін, ұрпақтың келешегі үшін заманның талабын зерделеп, одан өтудің жолын білімімен іздейді. Егер де қазіргі жастар ертеңгі еліміздің иесі екенін ескерсек, болашақ қоғамымыздың тағдырын табыстауға сенім қаншалықты берік?

Рухани жаңғырудың ең бірінші баспалдағы- жастардың лжігерінде екендігін назарға ала отырып, біз жастар Қазақстанның рухани жаңғыруының қазақ қоғамы үшін болашаққа бағдаршам болатынына сенеміз! Біздің жолымыз айқын, мақсатымыз анық. Жаңару арқылы жарқын болашаққа жетейік!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру». Егемен Қазақстан. Жалпыұлттық республикалық газет. №70(29051), 12 сәуір, сәрсенбі 2017 ж.
2. Насимов М.О.,Паридинова Б.Ж. Қоғам өміріндегі әлеуметтік желілердің рөлі Молодой учёный. - 2015.- №7.2. - С. 26-28.

Түйіндеме

Мақалада «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жастардың қоғамдағы рухани-мәдени құндылықтарды дамытудағы ерекше орны жайлы айтылады.

В статье отражена роль молодёжи в развитии духовных и культурных ценностей Казахстанского общества в рамках программы «Рухани жаңғыру».

In the article, the role of youth in the development of the spiritual and cultural values of the society, within the framework of the program "Spiritual revival" is discussed.

ОТКРЫТОСТЬ СОЗНАНИЯ

Маммедова А.
КазНАУ, студент 1-курса
г.Алматы

Многие проблемы возникают из-за того, что большой, глобальный мир стремительно меняется, а массовое сознание остается в «домашних рамках».

Казалось бы, что доказывать необходимость массового и форсированного обучения английскому языку, когда по всему миру более миллиарда человек изучают его наряду с родным как язык профессиональной коммуникации?

Неужели более 400 миллионов граждан Европейского союза не уважают свой родной немецкий, французский, испанский, итальянский или другой язык? Неужели сотни миллионов китайцев, индонезийцев или малайцев просто так изучают английский?

Это не чье-то субъективное желание, это условие для работы в глобальном мире.

Но вопрос не только в этой частности. Открытость сознания означает, по крайней мере, три особенности сознания. Во-первых, понимание того, что творится в большом мире, что происходит вокруг твоей страны, что происходит в твоей части планеты. Во-вторых, открытость сознания — это готовность к переменам, которые несет новый технологический уклад. Он изменит в ближайшие 10 лет огромные пласты нашей жизни — работу, быт, отдых, жилище, способы человеческого общения. Нужно быть готовым к этому. В-третьих, способность перенимать чужой опыт, учиться у других. Две великие азиатские державы, Япония и Китай — классическое воплощение этих способностей. Открытость и восприимчивость к лучшим достижениям, а не заведомое отталкивание всего «не своего» — вот залог успеха и один из показателей открытого сознания.

Почему столь важно открытое сознание в будущем мире?

Если казахстанцы будут судить о мире из окон своих домов, то можно и не увидеть, какие бури надвигаются в мире, на материке или в соседних странах. Можно не увидеть леса за деревьями, можно не понять даже внешних пружин, которые заставляют нас иногда серьезно менять подходы.

Открытость сознания. Наверх: что это значит и почему так важно насколько мы открыты новому — настолько мы готовы к изменению сознания. Эта тема возникла не случайно, и даже очень не случайно. Мы немало сейчас говорим об изменении сознания. Потому что для перехода в другие мерности, на другие частоты нашей бытийности это необходимо. Потому что, не меняя его, все наши разговоры о духовности, все наши практики и попытки что-то сделать это просто «медь звенящая». Но что значит — изменять сознание? Как его изменять и что для этого нужно? Общаясь много лет с людьми, ищущими свой путь, и находясь в их среде, поневоле наблюдаешь очень многие разновидности того, что люди считают духовным путем.

Когда-то давно-давно, еще в ранней юности, прочитала у Э. Асадова строчки, которые помнятся до сих пор: «А счастье, по-моему, просто бывает разного роста: от кочки и до Казбека, в зависимости от человека...» (эти строчки еще и пример того, как мудрость можно выразить очень простыми словами.) Так вот и то, что люди считают духовностью, тоже «от кочки и до Казбека». И так часто бывает, что человек, и вроде бы ищущий, оседлав свою кочку (избранную им религию, учение, течение), считает ее вершиной, и дальше — просто останавливается.

Да, я знаю, о чем многие сейчас, возможно, подумают: у каждого свой уровень, у каждого свой путь согласно этому уровню и т. д. И я соглашусь с ними в этой позиции. Но: есть и другая позиция, которая говорит, что на каком бы уровне сознания мы не находились, на каком отрезке пути, в какой точке осознаний и т. д. — в любом

случае, мы должны предпринимать усилия, чтобы сдвигать себя - свою точку сборки - по вертикали: в высоту и в глубину. В какой позиции бы мы не находились – устремляемся ВЫШЕ/ГЛУБЖЕ, смотрим ОБЪЕМНЕЕ, расширяемся ШИРЕ.

Усилия необходимы: сказка про Мюнхгаузена, вытягивавшего себя за волосы – зря ли она была нам передана? Сказки это вообще отдельная тема; их нужно читать в осознанном, пусть даже в полуосознанном, состоянии: увидится гораздо больше, чем из детской памяти. Так вот, возвращаясь к тому, что нужно для изменения сознания. А это просто на самом деле. Нужно быть ОТКРЫТЫМИ.

Открытыми Наверх – полностью, без сомнений, доверчиво, как дети. И так же радостно. Ведь дети так радуются, когда познают новое! Их каналы открыты и чисты. И нам нужно то же самое, если мы выбрали путь духовного познания: ОТКРЫТОСТЬ ЭНЕРГИИ БОЖЕСТВЕННОГО. И... пустота, освобожденность от старых, отслуживших свое, "знаний" - свободное пространство для восприятия нового внутри. Наверное, я не стала бы писать об этом, если бы не видела, какое сопротивление возникает у многих ищущих при встрече с новой для них информацией, новыми знаниями – особенно еще не адаптированными под привычную реальность. Ведь многое, что приходит сейчас к нам по Милости Высшего, это информация дня завтрашнего. Будущее приоткрывает двери и говорит нам: «Вот так мы можем жить, если откроемся этому Знанию, если усвоим его своими клетками, сделаем своим». И кто-то в радостной готовности распахивает эти двери шире – и впускает Будущее в момент «сейчас». И тогда это «сейчас», мгновенно заякорив это Будущее в сегодняшнем, тоже радостно вспыхивает своей готовностью к изменению...

Готовность воспринимать новое – это, по сути, тест на открытость, на чистоту, где открытость – освобожденная от нагромождений старых знаний территория нашего пространства сознания, а чистота – способность проводить через себя, свое тело «только вибрации Высшего» (так определяла Чистоту Мать, Мирра Альфасса). И вот какой практический метод самопроверки при восприятии новой инфо/новых знаний может быть: слушать свое тело. Потому что ум – может солгать или не понять, чувства, эмоции – могут покориться авторитету, например; тело же – оно всегда честно, и оно реагирует очень явно – только надо быть чутким и уметь его слышать. Например, я давно заметила, как мое тело реагирует на ложь, фальшь – любую: вначале в клетках появляется чувство тоски, а потом тело как будто сжимается, скручивается. Дело в том, что информации сейчас действительно не то что море – океан. И в этом тоже сокрыто немало лукавство. Ведь силы, мягко говоря, не заинтересованные в развитии человечества, предпринимают маневренные и тактические ходы, чтобы информацию, действительно важную и необходимую для людей, спрятать под спудом нечто схожего с ней, да еще под видом ченнелингов, посланий — всего того, на что так падко неопытное легковверное сознание. И выбрать в этом океане истинное – нужно самим быть созвучными истинному, нести в себе его частоту. Поэтому качественное различие и постоянная чистота и открытость всех каналов восприятия для Высшего, не сопротивление, а заякорение новых энергий истинного Знания – это, конечно, видится очень главным на сегодня.

Түйіндеме:

Мақалада ақылдың ашықтығымен тілге, ілімге байланысты философиялық көзқарасы арастырылған.

Статья включает в себя рассуждения с точки зрения философского мировоззрения о том, что есть язык, духовность, открытость сознания, смысл и значение высшего знания в современном мире.

The article considers the philosophical point of view on the openness of consciousness language, the doctrine of the mind.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚАСИЕТТІ ОРЫНДАРЫ

Қадырова Г.

ҚазҰАУ-дің І курс студенті

Ғылыми жетекшісі: профессор Салқынбек Д.И

Алматы қаласы

Қазіргі уақытта қоғамымызда елбасымыз Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы қызу талқылануда. Елбасы таяу жылдардағы атқарылатын міндеттерді белгілей отырып, былай деп жазған еді: «Жергілікті нысандар мен елді мекендерге бағытталған «Туған жер» бағдарламасынан бөлек, біз халықтың санасына одан да маңыздырақ – жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруміз керек. Ол үшін «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы керек. Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі,», - деп жазады. Мемлекет басшысы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында. [1] қазақ елінің топырағы киелі орындарға бай. Соның ішінде өзім туып өскен, біліма алған Алматы шаһарының орны ерекше. Алматы қаласы 1929 жылдан бастап 1997 жылға дейін Республикамыздың астанасы болды. Бұл қалада еліміз үшін маңызды саяси шешімдер қабылданды және киелі қасиетті тарихи орындар қалыптасты. Соның ішінде менің ерекше тоқталып өткім келетіні А.Байтұрсынұлының мұражай үйі. Ағайымыздың арқасында осы мұражай үйін көрудің сәті түсті.

1993 жылы А.Байтұрсынұлының Алматы қаласындағы ұйымдастырылған мұражай үйінде үш зал бар екен: 1. Қайта оралу — мұнда Ахмет Байтұрсыновты ақтау туралы анықтамалар, оған көрсетілген құрмет қағаздары бар. Сонымен қатар, Ахмет Байтұрсыновқа берілген «Ана тілдің айбары», «Ғасыр саңлағы» деген медальдары сақтаулы тұр екен. 2. Қазақ санасының шам шырағы — ғалымның мектептегі күндерінен бастап, «халық жауы» атанып ұсталып кеткенге дейінгі өмір жолдары мұрағат құжаттары негізінде сақталған. Бұл залдың маңызды құжаттың бірі ғалымның жары Бәдрисафаның Дала губернаторына жазған — «Жеделхаты» болып табылады.

Ресми хат 1909 жылдың 5 тамызында жолданғанын білдім. 3. Саяси қуғын-сүргін құрбаны — бұл залда Ахмет Байтұрсыновтың бес рет түрмеге түсіп, екі рет жер аударылғандығы туралы айтылады. Музей үйдің қорында ғалым өмірі мен шығармашылығына қатысты 500-ге жуық деректі ресми құжаттар, 300-і мемлекеттік мұрағаттан алынған телнұсқалық құжаттар, 12 жеке суреті, 27 ұжымдық деректі суреттер бар екеніне көз жеткіздім. Көпшілікке мәлім XVIII ғасыр халқымыз үшін бір қиын кезеңдер Жоңғар мемлекеті Қазақ мемлекетіне басып кірген еді. Міне осындай қиын кезеңде халқымыздың арасынан Райымбек батыр сияқты батырлар шығып елімізді азат етті.

Жалпы халық бабамызды батыр ретінде ерекше құрмет тұтады. Халық арасындағы аңызға сүйенсек батыр бабамыз дүниеден озар алдында ұрпақтарына: «Денемді ақ түйеге артып, басын бос жіберіңдер. Сол қай жерге шөксе, сол жерге мені жерлендер деген екен». Сол ақ түйе шөккен жер – Алматы қаласындағы қазіргі Райымбек даңғылының бойы. Кесене Алматы қаласының дәл ортасы – тоғыз жолдың торабында тұр. Қасиетті орын саналатын Райымбек батырдың кесенесіне келгендер оның киелі ғұмырына тәу етіп, әулиелігіне сыйынады. Бұл киелі кесене ұрпақтарымызға тәлім-тәрбие беретін, бабаларымыздың «білектің күші, найзаның

ұшымен» сақтап қалған жердің иесі мен киесін еске түсіретін, олардың өткен жолын, тарихын алыс-жақын ел қонақтарына рух беретін, бірден-бір тарихи орын болатыны хақ. [2]

Сонымен қатар Тәуелсіздік монументінің орны ерекше. Кешен ғылымның, мәдениет пен мемлекеттің танымал қайраткерлерінің сәулетін, мүсіндерін, сөздерін біріктіретін бірегей көркемдік шығарма болып табылады. Ескерткіштің төмен жағында мемориалды тақтайға Президенттің ант беру кезінде Конституцияға қойған қолының таңбасы түсірілген. Құлпытастарға өткен мен бүгінгі күн тарихи тұлғаларының сөздері ойылып жазылған. Мұнда Президент Назарбаевтың келесі сөздерін оқуға болады: «Қоғамдағы татулық пен келісім әр адамның лайықты өмірі мен еңбегін қамтамасыз етеді. Еркіндік – басты бақыт емес, әділдік пен құқықтың салтанаты.», - деп жазылған.

Тәуелсіздік монументінің екі қапталын айнала қазақ халқының тарихи өткен өмір белестерінен сыр шертетін шағын архитектор-мүсіндемелік бедерлі бейнелер, яғни сонау сақтар дәуірінен тәуелсіздіктің жариялануына дейінгі тарихи кезеңдерді: Томирис заманынан бастап Әл-Фараби, қазақ хандығының құрылуы, Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама, жоңғар шапқыншылығына қарсы күрес, қазақ пен орыс халқы арасындағы байланыстар, ұлт-азаттық қозғалыстары, 2-дүниежүзілік соғыс, Желтоқсан көтерілісі мен Тәуелсіздіктің жариялануын көрсететін ұтымды шешім тапқан көрініс-суреттер орналасып әрі олар бір-бірімен жымдаса жалғасып, көркем жарасым тапқан. Ол 20 ғасырдың соңына қарай ұлттық сәулет өнері тарихында өз орны бар мүсіндік және сәулетшілік ой шығармашылығы тоғыстығынан туған озық архитектор жәдігерлерінің біріне айналды. [3]

Желтоқсан оқиғасы — 1986 жылғы 16-18 желтоқсанда Алматы қаласында болған қазақ жастарының көтерілісі. Көтеріліс Г.В.Колбиннің Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып сайлауына наразылық білдірген қазақ жастарының Республика алаңына бей-біт шеруге шығуынан басталды. Алайда шерушілерді солдаттар мен милиция аса қаталдықпен басып-жаншыды. Желтоқсан көтерілісі қазақ халқының ұлттық санасын дүр сілкіндірді, этносаяси бірігуін күшейтті,

Қазақстан тәуелсіздігінің жаршысы болды. Желтоқсан оқиғасының 20 жылдығына орай Алматы қаласының Желтоқсан мен Сәтпаев көшелерінің қиылысында орналасқан «Тәуелсіздік таңы» ескерткішінің ашылу рәсіміне келген Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаев: - Жастарды алаңға шығуға итермелеген желтоқсандағы оқиға Қазақстан тәуелсіздігінің жаршысы болды. Бұл оқиғаға ұлтшылдық сипат беруге талпыныстар жасалып, ұлтаралық қақтығыс деп түсіндіру пиғылдары да болды. Мүлдем олай болмағанын тарихтың өзі көрсетіп берді. Жастар бар болғаны әділеттілікті, теңдікті, тәуелсіздікті қалады.

1986-жылдың желтоқсанында болған оқиға Кавказ бен Балтық жағалауы елдеріндегі ұлттық қозғалыстардың өршуіне жол ашты, - деді. Елбасының Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтарын анықтаудағы алдымызға қойып отырған басты талаптарының бірі : болашақ жастарды патриоттық тәрбиелеу, мәдениетімізді, тарихымызды жаңғырту. Тәуелсіздік алғалы біз ата-бабамыз салып кеткен жаңа даңғыл сара жолға түсіп, күн озған сайын қарыштап дамып келеміз. Оны мойындау керек. «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек», - деді Ұлт Көшбасшысы. [4]

Рас, рухани жаңғыру – ең үлкен хәм маңызды бастама.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», Егемен Қазақстан 2017ж 12 сәуір
2. Қазақ энциклопедиясы I том

3. «Қазақстан» Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә.Нысанбаев –Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл II том
4. Назарбаев Н.Ә «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», Егемен Қазақстан 2017ж 12 сәуір

Түйіндеме:

В этой статье рассматриваются священные места города Алматы: дом-музей имени Ахмета Байтурсынова, памятник Райымбек батыра, памятник участникам Декабрьских событий, Монумент Независимости Казахстана.

In this article the sacred places of Almaty are considered: the house-museum of the name. Ahmet Baitursynov, the monument to Raiymbek batyr, a monument to the participants of the December events, the Independence Monument of Kazakhstan.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

Айбекова А. А.
ҚазҰАУ-дің 1-ші курс студенті
Ғылыми жетекшісі: профессор
Салқынбек Д.И.

Ұлттық сананы қалыптастырудың және бір тетігі «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы екенін айтты. «Патриотизм» – гректілінен patriotes - отандас, patrio - Отан, туған жер деген мағынада. Бұл өз отаның мен жеріңе деген сүйіспеншілік, оның тарихы мен мәдениетіне деген зор құрмет, әркімнің өз күш-жігеріне деген сенімімен барша қоғамның топтасуы. Бұл бүгін тұрғызылып жатқан өзелінің тарихына қатыстылықтың және оның болашағы үшін жауаптылықтың жоғары сезімі. Бұл әрбір қазақстандықтың табыстар үшін мақтаныш және қандай тұрғыда болғанына қарамастан өзсалаңда табыстарға қолжеткізу ниеті және бұл табысты әркім Отанына бағыштап, әлемде оның даңқын асыруы, беделін көтеруі тиіс. Патриотизмді әсіресе, жастардың арасында барша қоғамның ортақ күш-қуатымен қалыптастыру керек. Бүгінгі жасұрпақ – болашақ Қазақстан азаматы. Олар өзімізді қоршаған ірі өркениет орталықтарын, түрлі мәдениетті меңгеріп, өзін сыйлатаалатын, рухани дүниесі бай, интеллект-деңгейі жоғары, білімді де білікті жаһандану заманына сай болуы шарт.

Патриотизм мен тығыз байланысты маңызды мәселе – мемлекеттік тіл мәселесі. Мемлекеттік тіл – бұл бастау алатын ту, елтаңба, әнұран секілді дәл сондай нышан және ол елдің барша азаматтарын біріктіруі тиіс. Патриоттық білім тұлғаны жан-жақты дамыту патриоттық санамен сезім қалыптастыру үрдісі ретінде қалыптастырамыз. Тәуелсіздік алғалы көптеген ғасырдан асып бара жатыр, зымыран уақыттың желісінде еліміз тар жол, тайғақ кешулерден өте отырып, көптеген толағай табыстар мен жемісті жетістіктерге қол жеткізді. Бүгінде қабырғамызды қатайтып, қорғанысымызды бекітіп, мығымдап, айдай әлемге өзіміздің айбынды кескін-келбетімізді танытып, Мәңгілік ел болуға қарышты қадам жасадық. Әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу деген асыл да биік арманның арғымағына мініп, алысқа, көз жетпес қиянға қырандай қанат қағып, осы жолда рухани түлеп, жаңғыруға һәм жаңаруға бет алдық.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» – ұлттық идеологиялық бағытымыздың қайнар көзі. Ұлттық дамуымыздың негізі болған аталмыш тұғырнама Елбасының ой әлемінде сан мәрте таразыға тартылып, сан жылдардан бері пісіп-жетіліп, парасаттылықпенен қорытындыланып, тағылыммен тұжырымдалған ойлы да жүйелі

дүние. Елбасымыздың өзі рухани жаңғыруды жариялап, идеологиялық ұстынның қадау-қадау қазықтарын қағып, елдің өткені мен болашағын қырағылықпен болжап, шешімдерін шегелеп берді. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» деп елдің ұлттық-рухани тамырына, ұлттық код мәселесіне ой жүгіртеді. Оның ішінде халықтың ұлттық сана-сезімі мен дүниатанымы, қалыптасқан кодын сақтай отырып, алға жылжып, жаңғыруы – бүгінгі дәуір талабы.

Еліміздің болашақ бағдарының оң болуы үшін Президент «прагматизм» сөзіне көңіл бөлуді ұсынады. Мақалада Елбасы: «Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану. Ұлт Көшбасшысы осы мақаласы арқылы Қазақстан халқының мінезін, ұлттық бірегейлікті сақтауды, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейтуді, ұлттық болмыстың өзегін сақтауды, ел сындарлы ұлттық басымдықтарды қамтып, ұлттың мәдени кодын көрсетеді. Елбасының мақаласында белгіленген бағдарламалық мақсаттарды іске асыру жастарда патриотизммен азаматтық ұқсастық сезімін одан бетер нығайтады. Елбасы назарынан «Туған елге» ұласатын «Туған жер» бағдарламасыда қалыс қалмаған. Мақалада туған жер жайында, оны көркейту бағыттарына қатысты көптеген шешімдері мен ұсыныстарын, жобаларын дайындаған. «Туған жерге» деген сүйіспеншілік — Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласатындығын ерекше асқақ, терең сезіммен түйіндеседі. Басқа аймақтарға көшіп кетсе де туған жерлерін ұмытпай, оған қамқорлық жасағысы келген кәсіпкерлерді, зиялы қауым өкілдері мен жастарды ұйымдастырып, қолдау керек. Бұл – қалыпты және шынайы патриоттық сезім, ол әркімде болуы мүмкін. Оған тыйым салмай, керісінше, ынталандыру керек.

Патриотизм мен интернационализм адам бойында қатар тәрбиеленетін, егіз жүретін қасиетті сезім. Түйінді қорытындысы мынадай: «Жастарымыз отаншыл болсын ... Ал отаншылдық өз үйіңнен басталады. Кімде- кім ата-анасын ардақтаса, сол ата-анадан бірге туған бауырлармен тату болса, өзінің өскен ауыл , қаласын , туған ұлтын сыйлап , қадірлесе сол адам патриот , отаншыл болады. Өйткені өз әке-шешесін ардақтамаған – өзгенің ата-анасын құрметтемейді. Үйде бауырмал болмаған, түзде интернационалист болмайды. Өз ұлтын жақсы көрмеген – өзге ұлттарды ұнатпайды.

Пайдаланған әдебиеттер:

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Әлеуметтік — экономикалық жаңғырту — Қазақстан дамуының басты бағыты»

Түйіндеме:

Елбасы «Болашаққа бағдар рухани жаңғыру» атты мақаласында туған жердің, өскен ортаның құндылықтарын ерекше атап өтті. «Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен

басталады», - дей келе Нұрсұлтан Назарбаев әрбір қазақстандықты туған жерге ыстық ықылас танытуға шақырды.

Глава государства особо подчеркнул ценность родины, растущую среду в своей статье «Рухани жаңғыру». «Патриотизм начинается с вашей любви к вашей родной деревне, вашему городу и вашему региону, вашей родине», - сказал Нурсултан Назарбаев, чтобы каждый гражданин Казахстана проявил теплый прием.

The Head of the State especially emphasized the value of the native land, the growing environment in his article «The Spiritual Revival». «Patriotism begins with your love for your native land, your native village, your town and your region, your native land» , - Nursultan Nazarbayev urged every citizen of Kazakhstan to show a warm welcome

ТУҒАН ЖЕРІМ ТАРАЗЫМ!

Несіпбай А.

ҚазҰАУ-дің 1-ші курс студенті

Ғылыми жетекші: профессор Салқынбек Д.И.

Еліміздің Президентіміз Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар, Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында халқымыздың рухани санасын жаңғыртуға айрықша көңіл бөле отырып, тәлім тәрбие саласына үлкен маңыз береді. Елбасының жолдауы. Елбасы: «Қасиетті орындардың бірі Тараз қаласы». Тарихы тереңдеп 2000 жылға бойлаған құпияға толы, нағыз сырлы, жырлы, Қазақстанның ең ежелгі тарихи өлкелерінің бірі, Тараз қаласы, бүгінде әлем сахнасынан, тарих сахнасынан алтын әріптермен орын тепкен, гүлденген тарихи орталықтардың бірі. Кешегі тарихымызды бүгіннен байланыстырып отырған көпір іспеттес. Таңдайы жылға, маңдайы нұрға бөленген шайырлар мекені. X ғасыр жаңалықтарының орталығы, мың жылдықтар мұрасының көне жұрты. Тәуелсіз Қазақ елінің Тұңғыш Президенті елбасы Н.Ә.Назарбаевтың дуалы аузынан шыққан шымқай шындықтың арғы тегі деген Тараз тарихының жарқын беттері – арғысы жалпы өркениетінің, бергісі Қазақ мемлекеттігінің басынан кешкен көп жақсының басында тұрғандығымен ерекшеленеді. Алғашқы іргетасы біздің жыл санауымыздан жүз жыл бұрын қаланған қасиетті мекеніміз, өзінің өрелі ғұмырында талай-талай тарихи тасқындар мен дауылды ғасырларды басқа өткерді, Ұлы Жібек жолының кіндік бекеттерінің бірі, аса ірі өркениет ошағы ретінде батыс пен шығысты жалғады, сөйтіп

«Тараз – тарихымыздың алтын арқауы» дейтін мәртебеге ие болды. Тараз шаһары тарихи оқиғаларға бай. Бұл қала Әулие-атадан бастап, Талас, Наманган, Йени-Тараз, Жамбыл, Мирзоян болып аталды. Киелі топырақта б.э.1 ғасырында көшпенді халықтар өмір сүрген. Әйгілі ғалым В.Бартольдтің зерттеуіне сүйенсек, Тараздың іргесі б.э.д. қаланған. Сырдария мен Талас өзендерінің маңында б.э.д. 1 ғасырда 600 000-нан астам қаңлы тайпасы қоныстанған. Олар Жетісулық үйсіндермен жауласып, нәтижесінде ғұндармен бірігіп одақ құрған. Бұл оқиғаға Л.Н.гумилевтің «Б.э.д. 36 жылдағы Таластағы соғыс» дерегі дәлел. Чжи-Чжи Талас бойында қалып, ұлы қала мықты бекініс болып шықты. Дуалы екі қабаттан тұрды-сыртқы қабаты ағаш, ішкі қабаты лайдан соғылған. Кейбір деректерде, Талас деп атанған шаһардың соғылуына Марк Крассаның бүлінген армиясынан қалған Римнің легионерлері де жұмыс істеген деп көрсетілген.

Тараз еліміздің тарихында зор маңызға ие болуы XV ғасырдың орта тұсында Қазақ хандығының іргесі қалану кезеңіне түспа-түс келеді. Химраның 870 жылы, 1465-1466 жылдар Қазақ хандығының құрылған кезі болып өңір Моғолстан хандығының

батыс шегі болғандығын айтып, оны Иса Бұға ханның Жәнібек пен Керей сұлтандарға үлеске берілгендігін айтады. Жаңадан қаланған Қазақ хандығына бұл аймақ өте қолайлы мекен болды. Өзбек ұлысын билеуші Әбілқайыр хан қаза болып, оның құрамындағы қазақ тайпалары Жәнібек пен Керей басқарған хандыққа біржола өте бастайды. Алғашында жаңа хандық өзбек-қазақ елі деп аталады

.Орта ғасырда қала Тараз деген атауымен әйгілі болды. Ең бірінші қоныстанған этнос – Ферғана өзбектері. Тарихи атауы 1997 жылынан бастап қалаға қайтарылды. Тараз өзенінің 2000 жылдық тарихи мерейтойын 2002 жылы атап өтті. Сондай-ақ көне Тараз Ұлы Жібек Жолының бойында орналасқан қалаларының бірі болған. Әсіресе Қарахан билігінде дами бастаған. XIX ғасырда Әулие Ата Қоқан қамалы деп аталды. 60-шы жылдарда Ресей империясының құрамына енген. Кейінірек Кеңес Одағы кезінде Жамбыл облысының орталығы болып, Қазақстан тәуелсіздігін алған соң жайлаулы Жамбыл облысының әкімшілік орталығы, тарихы бай көне шаһар болып өркендеді.

Тарихы мол қала бүгінде Жамбыл облысының орталығы болып табылады. Халық саны – 350 000 адамға жуық. Тараз қаласының халық санының 70% қазақтар. Қалада орыс, корей, өзбек, түрік, татар, неміс, күрд, қырғыз, дүнген, қырғыз, грек, ұйғыр ұлт өкілдері тұрады. Облыстың айтарлықтай аумағын Бетпақ-Дала мен Мойынқұм алады. Оңтүстік-батыс пен оңтүстік-шығыс шеті таулармен шектелген.

Сондай-ақ мұнда Қарахан, Айша бибі, Бабаджа Хатун, Дәуітбек, Тектұрмас т.б. кесенелері, Мыңбұлақ сквері, Достық үйі, «Көне Тараз» тарихи-мәдени орталығы, Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған монумент, Бақылау мұнарасы, т.б. әлем және республикамызға танымал жәдігерлер мен орындар бар. Таразым, тамаша қала! Табиғаты әсем, жері сулы да нулы. Бір жағынан Талас өзені, екінші жағынан аса өзені ағып жатыр. Асанқайғы бабамыз айтқан «Таяқ тастасаң тал болып көктейтін»-деген мекен осы. Күннен күнге өсіп, құлпырып келеді. Қойнауы толы қазына, Қарахан баба, Айша бибі, Бабаджы хатун, Шығыс моншасы, т.с.с. XII-IX ғасырлық көне ескерткіштерге бай қала. Халық саны да аз емес 400 000-нан әлдеқашан асқан, республикада өз орны бар қала. Ақбақай алтын кен комбинаты, Қазфосфат сияқты алып, Бүкіл Қазақстан өнімін тұтынатын «Жамбылгипс» Қаратау кен байыту комбинаты, Атақты «ПОШ» фабрикасы, өнімін алыс-жақын шетелдер тұтынатын «Жамбылцемент» кәсіпорыны т.с.с. кәсіпорындары бар. Майда-шүйдені айтпағанда бұрыннан аты мәлім, түлектері еліміздің түкпір-түкпірінде халқымызға қызмет етіп жүрген Тараз технологиялық университеті, Тараз педагогикалық университеті сияқты оқу орындары бар. Міне Таразым осындай қала.

Тараз – Жамбыл облысының орталығы. 1938-1997 жылдары арасында Жамбыл деп атанған еді, 1938 жылдында мирзоян деп атанған, кейін Әулие Ата деп атанған. Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қай жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі, - дейді Нұрсұлтан Назарбаев. 568 жылы Талас өзені жағасындағы қалада түрік қағаны Дизабула өзінің керемет ставкасында Византия елшісі Земархты қабылдаған. Бұл туралы В.Бартольдтың «Орта Азияға ғылыми мақсатпен сапардың есебі» кітабында жазылған. 629 жылы Сюань-Цзян Тараз (ежелгі аты – Далосы) қаласының Цзяньцюаннан батысқа қарай 140-150 ли қашықтықта тұратынын және оның шеңберінің 8-9 ли екендігін айтады. Қалада әртүрлі елдерден келген көпес-саудагерлер мен хусилардың (согдийлықтардың) тұратыны және олардың тілі мен әдет-ғұрыптарының, заңдарының Қытайдағы сияқты болатыны туралы жазылған (Зув Ю.А. Суяб туралы Қытай деректері. 91б.). Біз бұл деректерді Тараз қаласының аса ертеден келе жатқан қала екендігі жайлы

мәлімет үшін беріп отырмыз. Тараздың VII ғасырда осы Ұлы Жібек жолында маңызды рөл атқарғаны жайлы мағлұматтар ежелгі шежірелер мен географиялық шығармаларда кездеседі. Қала 751 жылы арабтардың, 766 жылдан бастап қарлұқ қожалығының, IX ғасырдың аяқ шенінде саманидтердің қол астында болады.

893 жылы Исмаил ибн Ахмад Таразға соғыс ашып, ақыры Тараз әмірі жауға бас иеді, Исламды мойындайды. IX-X ғасырларда Тараз қаласының егіншілік алқаптың, Талас Алатауындағы күміс руднигінің жанында орналасқандығы оның экономикалық және мәдени өрлеуіне мүмкіндік жасады. X ғасырдың географы Максидидің жазуы бойынша «Тараз – бау-бақшалы, қалың елді, оры, төрт қақпасы және қонысталған рабаты бар үлкен бекітілген қала». X-XI ғасырларда Жетісуды,

Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияны қараханидтер династиясы жаулап алғаннан соң, Тараз жаңа мемлекеттің бір қожалығының астанасына айналады. Ислам діні үстемдігінің нәтижесінде XI ғасырда жаңа үлгідегі Айшабибі, Қарахан, Бабажы-хатун мазарлары салынды. Р.Вильгельмнің деректері бойынша, XIII ғасырда болған моңғол шапқыншылығы қарсаңында Тараз қолдан қолға ауысқан. Ол тіпті моңғолдардың қолына түспес үшін Мухаммед хорезмшахтың әмірімен талқандатылған да, XIII ғасырдың орта шенінде қала қайтадан қалпына келтірілген.

Жалпы Тараз қала ретінде XV ғасырға дейін өмір сүрген, бірақ оның орнындағы отырықшы қоныс XVIII ғасырға дейін болған. Осы тұста пайда болған жаңа қала, Қарахан әулетінен шыққан Ша Махмудтың мазары төңірегіне салынғандықтан, Әулиеата деп аталды. Ал 1936 жылы қаланың аты Мирзоян болып, одан соң, 1937 жылы Жамбыл болып өзгертілді.

Халықтың талап-тілегін ескере отырып, ел Президенті Н.Назарбаев 1997 жылғы 8 қаңтардағы Жарлығымен қалаға тарихи аты – Тараз атауы қайтарылып берілді. 2002 жылы 25-26 қыркүйекте Тараз қаласының 2000 жылдығы тойланды. Тараз бүгінде мәдени-экономикалық жағынан өркендеген, жергілікті халық «жер жәннаты» деп атайтын шағын да болса көрікті, берекелі, ырысты қалаға айналды.

Археолог А.Н.Бернштам моншаның қабырғаларындағы геометриялы, шөп тәрізді ою-өрнектердің Айша-бибі кесенесіндегі өрнектермен ұқсастығын айта келіп, оны XI ғасырдағы Қараханидтер дәуірінен қалған жәдігер деп тұжырымдайды. 1970 жылы Орталық базарда жабық базар құрылысын салу үшін жер қазу жұмысы жүргізіліп жатқанда, ол арадан қабырғалары қызыл кірпіштен қаланған құрылыс табылды. Соған сәйкес жер қазу жұмыстары тоқтатылып, археологиялық қазба жұмыстары басталды. Нәтижесінде көлемі 10,5x10м, төртбұрышты, қабырғаларының биіктігі 1,5 м-ге жуық, қалыңдығы 90 см күйдірілген кірпіштен қаланған, төрт бөлмеден тұратын екінші моншаның орны табылды. Аумағы басқалардан үлкендеу көрінген 1-ші бөлме шешінетін орын болып шықты. 2-3 бөлмелер жуынуға, бұға түсуге немесе массаж жасауға арналған. Ал төртіншісінен аумағы онша үлкен емес ыстық су құятын астаудың орны табылды. Ең қызығы қазба барысында табылған аумағы кішкене қыш құбырлардың көпшілігінің өзегінде онымен ыстық су жүргендігін дәлелдейтін ақ дақтардың іздері сақталыныпты, 2-3-ші бөлмелердің астында жылу жүретін жолдар бар. Олардың үстін жалпақ тастармен жауып, әк қосқан ерітіндімен сылап тастаған. Сондықтан Таразымның тарихын алдым.

Түйіндеме

Мақалада тарихы мол Тараз қаласы туралы айтылады.

В статье рассматривается история и сакральные места города Тараза.

In the article is considered the history and sacral places of Taraz.

SPIRITUAL MODERNIZATION: OPENNESS OF CONSCIOUSNESS TOGETHER WITH NATIONAL CULTURE

Maemgenova A. D.

Senior lecturer

Kazakhstan engineering technology university

As is known, this year Kazakhstan has started implementing the Third Modernization of the country, aimed at achieving global competitiveness. The main goal is to become one of the 30 leading countries of the world based on the implementation of the Nation Plan.

Before that, our country carried out the First Modernization, creating a new independent state. Then, by adopting Strategy-2030 and building Astana, Kazakhstan entered the list of 50 developed countries - these are the results of the Second Modernization.

Previous modernization was mainly of an economic nature, as the historical situation in the country demanded this.

And the third modernization is spiritual. Why? The main goal of the third modernization is the entry of our state into the list of the 30 most developed countries in the world. As it turned out, this is impossible without a spiritual revival.

In his new work, the head of state noted that the spiritual revival of Kazakhstan did not begin today. Since 2004, the program "Cultural Heritage" was implemented, aimed at updating historical and cultural monuments, in 2013, under another program - "The People on the Waves of History" - the world's leading archives collected the most important documents relating to the history of our country and people. And now, according to the president, we must start more extensive and fundamental work. According to the president, preserving our culture, our own national code, is the first condition for modernizing a new type. History and national traditions must be taken into account. One of the tasks of modernization Elbasy Nursultan Nazarbayev calls spiritual revival and unity of the nation.

As an English teacher I would like to pay attention to the sixth direction - the openness of consciousness. It is in this direction that the Head of State speaks about the importance of the multilingualism of the population of Kazakhstan. English is currently the undisputed leader even among the six world languages recognized by the UN. It is the language of science, culture, world classical literature and the Internet. To ignore this language means to close from the whole world and the achievements of civilization. In all universities of the world, the language of a particular country is taught in English in the same way as the national language. So any young person who wants to study abroad should know either the English or the national language of the country where he is going to study. In this regard, English is more universal and practical. He is like the key that comes to all the doors. The president chose this language correctly as one of the three languages of instruction in Kazakhstan.

I would like to focus on one very important point in the study of English by Kazakhstanis. At the beginning of the popularization of the English language, it was clearly visible that the young people having mastered the language, unconsciously or consciously copied the manners of behavior, culture, traditions and customs of another people's people. So in Kazakhstan, we started celebrating such holidays as Halloween, St. Valentine's Day and so on. Among the young people it became a habit to congratulate each other on the occasion of these holidays, at that time we are full of our national holidays, like Nauryz, Ait, Unity Day. There was a process when elements of another's culture began to take place in the daily life of our youth.

As our President correctly noted in his article "Looking into the Future: Modernizing the Public Consciousness". written on April 12, 2017 "Our national traditions and customs,

language and music, literature and wedding ceremonies, in one word, the national spirit, must remain with us forever."

The youth of Kazakhstan, who speaks English, should show the whole world our culture, literature and scientific achievements, and not vice versa, to borrow their traditions. In foreign language lessons, we should not forget about this, and therefore, we should choose speech topics based on national materials.

We should be proud of our rich culture and centuries-old heritage of the grandfathers left to us, store and enrich and carefully transfer them to the future generation.

The notion of spiritual modernization presupposes changes in the national consciousness. First, this change is within the framework of national consciousness. Secondly, it is the preservation of the inner core of the national "I" when some of its features change. In practice, different regions and countries have developed their models. Our national traditions and customs, language and music, literature and wedding ceremonies, in a word, the national spirit, must remain with us forever.

The openness of consciousness means at least three features of consciousness. First, understanding what is happening in the big world, what is happening around your country, what is happening in your part of the planet. Secondly, the openness of consciousness is a readiness for change, which is borne by a new technological order. He will change the vast layers of our life in the next 10 years - work, life, rest, home, ways of human communication. Third, the ability to learn from others, learn from others. Openness and receptivity to the best achievements, and not deliberately pushing away everything "not their own".

References:

1. The article of the President of the RK N. A. Nazarbaev «A glance into the future: the spiritual modernization of public consciousness»;
2. Zhamanov E. A. «Remember your roots».

Түйіндеме:

Мақалада Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақтың рухани жаңаруы» бағдарламасы бойынша авторлық көзқарасы қаралды. Жылдың басында Мемлекет басшысы өз сөзінде Қазақстанның үшінші рухани жаңаруының басталуын жариялады. Авторы ұлттық сәйкестікті сақтау және сананың ашықтығы сияқты маңызды салаларға үлкен көңіл бөледі.

В статье рассматривается авторский взгляд на программу Президента РК «Духовное обновление будущего». Президент еще в начале года в своём послании объявил о начале третьего духовного обновления Казахстана. Автор в своей статье уделяет большое внимание на такие важные направления как сохранение национальной идентичности и открытость сознания.

The author's point of view on the program of the President of the Republic of Kazakhstan «Spiritual renewal of the future» is considered in the article. At the beginning of the year the President announced in his message the beginning of the third spiritual renewal of Kazakhstan. The author in his article pays much attention to such important areas as the preservation of national identity and the openness of consciousness.

АЛАШ ИДЕЯСЫ: ҰЛТТЫҚ САНА МЕН ҰЛТТЫҚ РУХ

Қыдырбек Т.
Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Бүгін Елбасымыздың бағдарлама іспеттес болған мақаласында «Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек» деген болатын [1]. Қазіргі таңда осы мақалада көтерілген барлық міндеттер қолға алынып, ұлттық рухымызды, ұлттық санамызды көтеруге қатысты іс-шаралар жүзеге асырылуда. Солардың бірі өткен ғасырдың басында ұлт мүддесі жолында күреске шыққан алашшыл қазақ зиялыларының қоғамдық қозғалысының 100 жылдығына арналған іс-шаралар. Көріп отырғанымыздай, бүгінгі еліміздің тәуелсіздік алуы сол алаш қозғалысына қатысқан ұлт зиялыларының арманы еді.

XX ғасырдың басында қалыптасқан ұлт зиялылары қазақ халқының ұлт ретінде жоғалуынан сақтауы жолында күреске шығып, бұрынан бері келе жатқан тіл, дін, діл сияқты мәселелерді қарымды қаламымен мерзімді баспасөздерге жариялап, Дума мінберлерінде көтере білді. Алашшыл ұлт зиялыларының қалыптасып, саяси күреске шығуы 1905-1907 жылдардағы оқиғалармен тығыз байланысты. Одан олардың күресі жандана түсіп, саяси аренаға шықты. Тәуелсіздікке, ұлттық дербестікке деген сенімін арттыра түсті.

1905 жылы Қарқаралы құзырхаты (петициясы) кейін де қазақ халқының бостандыққа, еркіндікке деген үмітін одан сайын ұлғайтты. Осы мезгілден Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов бастаған ұлт зиялыларының қатары қалыптасып, азаттыққа үндеген мақалалар жақып, кітаптар шығара бастады.

Қазақтың көзін ашуға ат салысқан 1911-1915 жылдар аралығында шығып тұрған «Айқап» журналы мен қазақ зиялыларының басын біріктірген, Алаш қозғалысының органы болған «Қазақ» газеті.

«Қазақ» газеті алғаш рет жарық көрген кезден-ақ өздерінің мақсатын айқын көрсеткен болатын. «Жалаң аяқ, жалаң бас, жеңдеріміз киюсіз, етектеріміз жиюсіз ашылып, шашылып жатқан халықпыз», - дей келе, «ұлт үшін деген ұранымыздың ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету қазақ баласына міндет» екендігін баса көрсетті [2, 9-10-бб.].

«Қазақ» газеті ұлт зиялыларының қоғамдық-саяси өмірінен күнделікті хабар беріп, қазақ өлкесіндегі жергілікті тұрғындарды болып жатқан түрлі өзгерістерден ақпаратпен қамтамасыз етіп отырды.

Осы газеттің соңынан өмірге келген «Бірлік туы», «Алаш», «Үш жүз», «Сарыарқа» және тағы басқа газеттер де ұлт-азаттық күрес идеологиясының қалыптасуына қызмет етті.

Қазақ зиялылары арасынан суырылып шыққан Әлихан Бөкейхан ұлтымыздың Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жақып Ақбаев, Райымжан мәрсеков сияқты азаматтарымен бірлесе «Алаш» партиясын құрып, Алаш қозғалысының жандандыра отырып, елдің егемендігі, тәуелсіздігі жолында күрес жолына түсті. Бүкілқазақ съездерін өткізіп, еліміздің, жеріміздің теңдікте, бостандықта болуына бар күшін салды. Олардың бізге өнеге ретінде қалдырған идеялары, ой-толғанымдары кәдеге асты.

Алаш қозғалысының басты мақсаты – бұл қазақ елінің өзін-өзі басқару, яғни ұлттық мүддесін қорғай алатын мемлекеттік жүйе құру құқығын метрополияға мойындату, түбінде дербес мемлекет құру, қазақ жеріне ішкі Ресейден қоныс аударуға шек қою, әлемдік озық тәжірибені пайдалана отырып, дәстүрлі мал шаруашылығын

өркендету, сонымен қатар егіншіліктің, өнеркәсіптің дамуын қамтамасыз ету, рыноктық қатынастарға жол ашу, жеке адам құқығын және басқа демократиялық принциптерді қадір тұту, ұлттық мәдениетті өркендету, оқу жүйесінің, тілдің дамуына қажет шарттар түзу болды. Шілде айында болған І Жалпықазақ съезінде «Алаш» партиясының құрылуы осы алға қойған мақсаттардың жанжануына, жүзеге асуын тездетті. Алаштанушы ғалым М. Қойгелдиев «Алаш қозғалысы» атты кітабында: «...шілде айында дүниеге келген «Алаш» партиясы қазақ зиялыларын, бүкіл қазақ жұртын негізгі мақсат – ұлттық бостандыққа жету үшін күреске жұмылдыруға тиіс еді» деп жазуының себебі де осыдан [3, 470-б.].

Қазақ зиялыларының Жалпықазақ съездерінен бұрын әрбір облыстарда съездер өткізіліп, сол облыста қандай міндеттердің атқарылуы керектігін нақтылаған болатын. Осы съездерде қаралған көптеген мәселелер кейіннен Жалпықазақ съездерінің негізгі мәселелеріне айналды.

1917 жылы желтоқсанында өткен ІІ Жалпықазақ Алашорда үкіметінің құрылуы бұл осы алға қойған мәселелерді қызу қолға алуға жол ашты. Ұлт- азаттық қозғалыстың жаңа сипатта өрлеуіне жол ашты.

Сөйтіп, 1917 жылдың шілдесі мен желтоқсанында өткен Жалпықазақ съездерінің нәтижесінде бес түрлі ұлттық ұстаным қолға алынды. Оның біріншісі, жер. Кезінде ұлт лидері Әлихан Бөкейханов «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жеке меншікке де, қоныстанушыларға да берілмейді» деп нақты тұжырым айтуы осы жердің халықтың ең басты ата-бабадан ұрпақтарға үздіксіз беріліп келе жатқан дәулеті, басты байлығы екендігін аңғартады.

Екінші ұстаным, бұл жердің асты, үстіндегі, аспанындағы байлығымыз. Осының бәрі халықтың нақ иглігіне айналуы керек. Ал үшіншісі, бұл экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізу. Яғни ешкімге тәуелді емес, еркін өмір сүруіміз.

Төртінші ұстаным, қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болса, соңғы бесіншісі ғылымға, ұлттық салт-дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, ұлттық-демократиялық мемлекет құру.

Ұлт зиялылары осы ұлттық мүдде жолында өмірлерін қиюға дейін барды. Олардың идеялары, олардың қызметтері тек халық үшін, ел бостандығына арналды. Әрбір сөйлеген сөздері, істеген әрекеттері ұлтқа рух берді, жөн сілтеді.

Алайда кеңестік жүйе құрығына іліккен алашордашы қайраткерлердің басымы ХХ ғасырдың 30 жылдары қуғын-сүргінге ұшырап, бірі лагерлерге айдалса, екіншілері атылып кетті. Бірақта олардың бізге ұсынған идеялары, жүрген жолдары үлкен үлгі болды. Рухымыздың биіктеуіне, мәртебеміздің көтерілуіне солардың саналы ойлары мен көзқарастары себепші болды десек, артық айтпаймыз. Бүгінгі Елбасымыздың латын жазуына көшу мәселесін өткен ғасырдың 20-30-шы жылдары да осы алашшыл азаматтар қолға алуы, бүгінгі күнмен сабақтастығы басым деп ойлаймын. Бұл жайында өз ойын осы жиында замандастарымыз айта жатар. Еліміздің өзге елдермен терезесі тең, егемен ел болуы кешегі өткен ұлт азаматтарының рухы десек қателеспейміз. Біздің алдағы мақсатымыз қазақтың қамын, ұлттық мүддені ойлаған осындай азаматтарды өскелең ұрпаққа таныту. Бұл тәуелсіз еліміздің тұтқасын ұстарлық жастарға өнеге болары сөзсіз.

Биылғы жылы осы рухани тұрғыда дем беруші, халықты соңына ерте білген «Алаш» қозғалысының қызметіне тура 100 жыл толды. Тарихшылар, қоғамтанушылар тарапынан осы Алаш қозғалысының 100 жылдығын тойлауда үлкен ірі іс-шараларды қолға алып, Алаш қайраткерлерін ұлықтауға үлкен мән берілді. Оның біріншісі, Алаш арыстарының рухын жас ұрпақ бойына сіңдіру үшін Алаштың ілімін қолға алу болса, екіншіден, «Алаш» қозғалысының бар жүргізген мәселелерін танып-білу, үшіншіден, Алаштың қатарындағы қуғындалып кетіп, артында іздеушісі жоқ азаматтарының қазақ қоғамына сіңірген еңбегін бағалау, төртіншіден, алашылардың ұлт жолында көтерген ұранын, олардың рухани байлықтарын түркі елдеріне таныту. Бесіншіден, осы арқылы

рухы биік, өресі жоғары ұлт қайраткерлерінің еркіндік, бостандық, теңдік жолындағы бізге көрсетіп кеткен жолдарын берік ұстану. Алтыншыдан, Қазақ рухын жаңғырту, бүгінгі мемлекеттен өзінің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді, яғни, ұлттық мүдделер негізінде жүргізуді талап етеді. Қазақ рухын жүзеге асырудың бір жолы қазақ идеясын жаңғырту болып табылады. Оның алғы үлгілері кешегі Алаш ұсынған жолдарда, қанымызда ұйықтап жатқан ұжымдық санадағы ойларда жатыр. Бұлардың барлығы оянып, жаңғырып бүгінгі қазақтың рухын көтеруге жұмыс істеуі керек. Олар әсіресе, тілдік саясатта, мәдениетте, жалпы руханиятта, қоғамдық өмірде көрінуі тиіс. Сонда ғана бөтенге ұқсамайтын, өзіндік жүру жолы бар қайсар рухты қазаққа айналамыз.

Қорыта айтқанда, біздің тәуелсіздігіміздің басында осы ұлт зиялыларының бізге өнеге еткен ұстанымдары тұр. Оны берік ұстанып, бодандықтан ада, іргесі берік елге айналып, экономикамыз, мәдениетіміздің өрлеуіне бар жағынан қазақстандықтар өз үлесін қосып, қазірде бүкіл дүниежүзіне танымал елдің бірі болып отырмыз. Отан мүддесін, ұлт мүддесін жоғары көтеріп, тәуелсіздің жолында күрескен Алаш азаматтарының арманын орындалды.

Соқпағы көп сол қиын болған алғашқы жылдары республикамыздың ішінде тындырған істері, қолға алған қадамдары жетерлік. Кеңестік жүйе ыдырағаннан кейін күйреген шаруашылықты қалпына келтіруде қыруар күш жұмсалды. Халықтың әлауқатын көтеретін игілікті істер атқарылып, экономикамыз жылдан-жылға нығайып, мәдени, рухани даму деңгейі биік белеске көтерілді.

Ендігі алдағы біздің мақсатымыз, академик М. Қозыбаев айтқандай, Әлихандай, Ахметтей, Міржақыптай арыстардың арманы болған «санасы биік, адамгершілігі мол, ұлттық мүддені өз мүддесінен жоғары ұстарлық ұлтжанды, ұлтқанды азамат болуымыз [4, 96-б.].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. – 2017. – 26 сәуір. <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhanizhanhghyru>
- 2 «Қазақ» газеті. 1913 жыл / Құраст.: С.О. Смағұлова, Ғ.Қ. Әнес, Т.А. Заузаева. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 480 б.
- 3 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Бірінші том. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2008. – 480 б.
- 4 Қозыбаев М. Тарих зердесі (Замана асуы). 1-кітап. – Алматы: Ғылым, 1998. 344 б.

Түйіндеме:

Қазіргі таңда осы мақалада көтерілген барлық міндеттер қолға алынып, ұлттық рухымызды, ұлттық санамызды көтеруге қатысты іс-шаралар жүзеге асырылуда.

В настоящее время, все задачи политического движения «Алаш», изложенные в данной статье приняты во внимание и проводятся различные мероприятия с целью повышения национального самосознания и национального духа.

At present, all the tasks of the political movement «Alash» outlined in this article have been taken into account and various activities are being carried out with the aim of increasing national self-awareness and national spirit.

ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ ОРНЫ

Дәулеткелді Т.К.
ҚазИТУ 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі:
филос.ғ.к., доцент, ҚазИТУ
Сарсенбекова Г.А.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын маңызды саяси идеологиялық құжат деп айтуға болады. Себебі, бұл мақалада ұлттық құндылықтарымыз, қазақ елінің тарихи мұралары туралы айтылады. Біздің бүгінгі ең басты мақсатымыз – елімізді дамыған 30 елдің қатарына енгізу. Сондықтан Елбасы мақаласында заманға сәйкес жаңғыру, оның ішінде рухани жаңғыру мәселесі жан-жақты талданып, таяу жылдарға ауқымды міндеттер қойып берді. Шын мәнінде, көз ілеспес шапшаңдықпен дамып, жедел өзгеріп отырған мына дүбірлі дүниеде Елбасы айтқандай, сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңісті болып қалған таптаурын қағидалардан арылып, рухани жағынан серпілуіміз, жаңғыруымыз қажет. Бұл арада рухани жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодымызды сақтау екенін әрдайым есте ұстап, әлемдік өзгерістерге сай жаңаша ойлау жүйесін қалыптастырғанымыз абзал. Ұлттық кодты сақтау дегеніміз – ұлттық болмысымызды нығайтып, оны ұрпақтан-ұрпаққа мұра ету деген сөз. Ұлттық болмыстың өзі біздің ежелден келе жатқан қазақи салт-дәстүрлерімізден, мәдениетімізден, барлық рухани құндылықтарымыздан бастау алады десек, мына өзгермелі дүниеде сол құндылықтарымызды заманға сай одан әрі байытып, дамытып оны бүгінгі ұрпақтың санасы мен тұрмысына сіңіру арқылы жаңа ғасырдың жаңа ұрпағын қалыптастыру деген сөз.

“Ел болам десең, бесігіңді түзе” дейді ұлы Мұхтар Әуезов. Әрбір білімгер өз жері мен оның байлығының иесі болу үшін жаңа технологияларды меңгеріп, жаңаша өмір сүруге үйренудің жолдарын білуге тиіс.

Тіл – білімнің кілті, тәрбие негізі. Халқымыздың бар болмысын, рухани дүниесін тіл арқылы бойымызға сіңіреміз. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев айтқандай, жаһандық білім беру стандарттарына ұмтылған отандық білім мен ғылым үш тілде дамуы тиіс. Осы өреден шығу – барлық білім ордалары мен ұстаздардың және әрбір жастың міндеті.

Дәстүрлі қазақ қоғамында Ұлыс күні жыл басы саналған. Университетіміз наурыз мерекесін өткізуге үлкен мән береді. Наурыз мерекесі баршамыздың тойлайтын құнды мерекелеріміздің бірі. Наурыз мерекесінің негізгі өтілу мақсаты, олақамқорлықтың, мейірімнің айы болғандықтан ізгі тілек, ізетті қамқорлықпен қарсы алу болды.

Ескелді бидің «Ұлың қайрап қойған қылышың, қыз өрісің, келінің басып қойған күрішің, әйел сенің ырысың, қиямет көрсең ғұмырдан, табаның таймасын тұғырдан» деген жақсы нақыл сөзі бар. Осы сөздерге қарай отыра қазақтың сол XVIII-XIX-XX ғасырларда дінді, иманды, берік ұстанғаны байқалып тұр. Осы қазақи дүниетанымды танытатын Мағжан Жұмабаевтың бір өлеңінде:

Бұл өмір ойын емес, бейнет жері,
Қылғанға адал еңбек зейнет жері.
Өмірдің бір мүшесі бола алмассың,
Тамшылап мандайыңның ақпай тері.

Н. Назарбаев «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс», деді. Елбасының бағдарламасы, халқымыздың салт-дәстүрін насихаттап, тәрбиесін түзетудегі ең басты мақсаттың бірі болды. Мысалы, біздің ата-аналарымыз өмірдің

жақсы да, жаман жағын, оңы мен солын танытып, саралап өтіп, балаға бейнеті мен зейнетін танытып, санасына құйып отырған.

Жастарымыз алдына мақсат қоя білетін, рухани дені сау, өмірге деген құштарлығы жоғары болу керек. Ол үшін сабақтарына жақсы көңіл бөліп, алдына айқын мақсат қойып, өз ісіне жауапты болуы тиіс.

Елбасы Тәуелсіздік жылдары қоғамды бос демагогия дертінен арылтуға күш салды. Оның орнына елді өркендетер түбегейлі жаңаруларға жұмылдырды. Білім биігіне, ғибратты ғылымға, өнімді еңбекке бағдарлады. Бұл – қалыпты өмірді қауіпті өмірге айналдырмаудың және нақты жаңғырудың қамы. Біздің тәуелсіз Қазақстанымыз мақтануға тұрарлық.

Шындықтың шамы дарияның астында да жанады. Абайдың «Адалдыққа еш нәрсе жетпейді» деп айтқан сөзі бар. Біздің елімізге, жерімізге деген адалдығымыз, ұлтымызға деген сүйіспеншілігіміз арта беруі керек. Біз ұлтымыз бойындағы тек жақсы қасиеттерді дамытсақ, озық білім мен үздік жаңалықтарды дарытсақ, жымия күліп, жылмаң сөйлеп, жыландай жылжыған жат идеологияларға лайықты тойтарыс берсек, жерұйықты мемлекетке айналамыз.

Роль молодежи в сохранении национальной идентичности и национального единства

Язык – ключ знания, основа воспитания. Как сказал президент Нурсултан Назарбаев, отечественное образование и наука, которые стремятся к глобальным образовательным стандартам, должны разрабатываться на трех языках. В реализации этой задачи огромную ответственность несут все образовательные учреждения, учителя и молодежь.

Можно сказать, что статья главы государства «Ориентация на будущее: духовное обновление» является важным политическим идеологическим документом. Причина в том, что в этой статье рассказываются национальные ценности и историческое наследие казахского народа. Наша главная цель сегодня - представить нашу страну среди 30 наиболее развитых стран мира. Поэтому в статье в условиях современной модернизации вопрос духовного возрождения был тщательно проанализирован и поставлен на долгосрочную перспективу.

Программа Президента была одной из главных целей продвижения традиций и обычаев нашего народа. Молодежь должна иметь возможность ставить перед собой цели, быть духовно здоровой, иметь страсть к жизни. Для этого необходимо сосредоточиться на целях обучения, моральных принципах, развивать чувство ответственности за свою работу.

The role of youth in maintaining national identity and national unity

The language is the key element, the slander. President Nursultan Nazarbaev, an autobiographical education and science founder, is globally cautious about the standard that has to be worked out in three languages.

It is possible to say that the state of the article "Orientation to Future: Spiritual Renewal" is a significant political ideological document. In the volume, this is what we are talking about in our national values, the historical heritage of the Kazakh people. The story of the modern state of modernization of the state, in the volume and the spirit of the spirit of evolution, was thoroughly investigated and put forward by the great many of the next few years.

The program of the President is one of the main goals of the promotion and traditions of our people. Our children will have the opportunity to make a living, to have a good diet, to

have a passion for life. For this reason, it is best to concentrate on the volume, as well as ten teachers, and do not worry about their work.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. «Болашаққа бағдар:Рухани жаңғыру» мақаласы. Егемен Қазақстан. Жалпыұлттық республикалық газет. №70(29051), 12 сәуір, сәрсенбі 2017 ж.

Түйіндеме:

Мақалада ұлттық бірегейлікті сақтаудағы жастардың орнына тоқталады.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ЖӘНЕ «МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ

Балтабаев Е.Ж.

ҚазИТУ колледжінің оқытушысы

Биыл Елбасының шешімімен еліміз Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өтуде. Осы бағытта көптеген жұмыстар атқарылуда. Ең бастысы, ұлттық сана жаңғырған тұстағы осынау айтулы тарихи шараны өткізудің маңыздылығы өте зор. Себебі Қазақ хандығының 550 жылдығын өткізу еліміздің тарихындағы, ұлтымыздың, халқымыздың тағдырындағы алатын орны ерекше. Өскелең ұрпаққа оның мазмұны мен мәнін түсіндіру мереке аясында өткізілетін шаралардың ең маңыздысы болмақ.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтып өткендей «Біздің тарихымыз - ол бірлік пен тұтастықтың тарихы». Сондықтан осы рухпен тәрбиеленер жас ұрпақ жасампаздық және мемлекетті нығайтудың көп ғасырлық тәжірибесінен ұлт тарихына деген мақтаныш сезімі мен айрықша құрметпен қарайтыны сөзсіз. Ғасырлар қойнауынан жеткен халқымыздың ұлы мәдениеті мен дәстүрін сақтай отырып, Қазақстанның рухани өркендеуінің негізін қалауға ұмтылатын да бүгінгі ұрпақ болмақ.

Егер тереңге көз жүгіртер болсақ, Тоныкөк абыз тасқа қашап, Асан қайғы армандап, Желмаямен іздеген, хандар мен билер, сұлтандар мен батырлар негіздеп, кешегі Алаш қайраткерлері тұтас Түркістан идеясын өсиететкен, бүгінгі қазақ Елбасының бастамасымен жүзеге асыруға серт беріп, бел буған «Мәңгілік Ел» мұратын жас ұрпаққа насихаттау арқылы ұлттық тарихымызды дәріптеудің жаңа келбетін толықтырып, мазмұнын кеңейте түсеміз. «Мәңгілік Ел» жолында қасық қаны қалғанша шайқасып, сайын дала төсінде қалыптасқан атамекеннің әрбір сынық сүйем жерін кеудесімен қорғаған қаһарман хандарымыз - Қасым хан, Хакназар, Тәуекел, Есім хан, Әз-Тәуке, Абылай хан мен Кенесарының, қол бастаған сардарлар мен батыр бабаларымыз Қабанбай, Бөгенбай, Батыр баянның ерлік істерін және елдің бірлігін даналығымен ұйытып ұстаған би-шешендеріміз Бұқар жырау, Нысанбай жырау, Төле би, Қазыбекби, Әйтеке билердің отансүйгіштігін үзбей насихаттау да тарих тағылымы арқылы жастарды тәрбиелеу құралы.

Қазақ хандығының 550 жылдық тарихын дәріптеуде сөз басын ұлт ғылымы мен мәдениетінің қалыптасуына шексіз үлес қосқан сол дәуірдің күәгеріндей болған ғалым, халқымыздың тұңғыш тарихшысы - Мұхаммед Хайдар Дулатидан және оның «Тарих-и Рашиди» еңбегінен бастаймыз.

XVI ғасырдағы Орталық Азияның атақты тарихшысы, әдебиетшісі және көрнекті мемлекет қайраткері ретінде танымал болған Мырза Мұхамед Хайдар Дулатидың (1499-1551 жж.) өмірі мен шығармашылығы осы қазақ хандығының

қалыптасуы мен дамуына арналған. Ең басты шығармасы «Тарих-и Рашиди» қазақ тарихы мен әдебиетін, мәдениетін, дала философиясын, дінін өткен түркілік дәуірдің исламдық кезеңімен сабақтастыра зерттеуімен аса құнды тарихи дерек ретінде қарастырылады. Кітаптың өзгекі үлкен дәптерден тұрады да, біріншісі – 70 тараудан, екіншісі – 117 тарауды қамтиды. М.Х. Дулатидың айтуы бойынша бірінші дәптердің 17 тарауы толығымен «Зафарнаме» кітабынан алынса, екінші кітаптың 41-тарауы «Тарих-е Жаһангошай» кітабынан, ал 99-шы тарауы осы «Зафарнамеден» алынған.

Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты ең маңызды деректі беретін Мырза Мұхаммед Хайдар Дулаттың «Тарих- и Рашиди» шығармасы XIV-XVI ғасырлардың басында Қазақстан аумағы мен көрші аумақтарда өмір сүрген ірі мемлекеттердің бірі Моғолстан тарихына арналған. Бұл еңбек — Қазақ хандығының тарихын зерттеу үшін де аса маңызды бастапқы деректеме. Онда тоқсан жыл ішіндегі қазақ хандарының тарихы қысқа, дәйекті түрде баяндалғандықтан барлық тарихшы осы еңбекті басшылыққа алады және Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өту де осы әйгілі шығарма негізінде алынғандығы тарихи ақиқат.

Олай дейтініміз, 550 жылдығы тойланып жатқан Қазақ хандығы - біздің тұтас та терең тарихымыздың бір ғана кезеңі, дәуірі екендігін ескеруіміз керек. Ұлан ғайыр қазақтың сайындаласында мемлекеттіліктің негізі пайда болып, бастау алғанына 3 мың жылдай уақыт аралығын қамтиды. Осыған қарамастан, мемлекеттігімізді Қазақ хандығынан бастауымыздың сыры неде деген сауал туындары анық. Ия, шындығында, Қазақ хандығына дейін біздің аумағымызда, яғни қазақ жерінде әртүрлі даму сатысын бастан өткізген 20 мемлекеттік құрылым мен саяси жүйелер болды. Олардың қай-қайсысы да сол мемлекетті қалыптастырған тайпалардың атауымен аталды. Мысалға, Ғұн мемлекеті, Қаңлы мемлекеті, Оғыз мемлекеті, Түрік қағанаты, Түргеш, Қимақ, Үйсін, т.б. Жоғарыда айтқанымыздай, бұлардың әрқайсысы да Қазақстандағы мемлекеттілік тарихының кезеңдік көрінісі, тарихи кезеңдері ғана.

Сондықтанда Қазақ хандығының басты ерекшелігі – «қазақ» деген тайпаның емес, Қазақ халқының мемлекеті болуында. Осы аттас хандық құрамына кірген барлық тайпалар мемлекеті. Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаев «Ғасырлар тоғысында» деген еңбегінде «Қазақ хандығы бүкіл Орталық Азиядағы ең алғашқы құрылған ұлттық сипаттағы мемлекет», - деп анық көрсеткен.

Сондай-ақ осыдан дәл 550 жыл бұрын Жәнібек пен Керей құрған Қазақ хандығы алғаш рет өз атауында халық этнонимі ретінде де бекітілді. Осындай сындарлы шақта Қазақ халқының түрлі мемлекеттік бірлестіктерге бытырап, саяси ыдырап кетуінен сақтап қалу немесе жоюлуына жол бермей, жалпы мемлекеттікке және ғасырдан ғасырға созылған қалыптасу жылдарында қалыптасқан, тарихи негізі қаланған Шығыс Дешті Қыпшақ, Жетісу және Түркістан аумағын мекендеген этникалық топтардың этникалық-саяси, шаруашылық-мәдени дамуы арқылы бірігуіне әкелгендігін көреміз. Өз тарихи сахнаға шығу кезеңіне сай қазақ жеріндегі халықтың менталитетін, болмысын, дүниетанымын көшпелі өмір қалыптастырды. Сондықтан Қазақ халқының қалыптасуының бірнеше сатысы мен кезеңдері бар. Соңғы кезең XIV-XV ғасырлар қамтитыда, бұл кезеңде этникалық үрдіс пен саяси үрдістер бір-біріне барынша ықпал жасап, дәстүрлі далалық қазақ қоғамы жоғары сатысы - Қазақ хандығы құрылды. Сөйтіп, қазақ халқының өз аумағы, көшпелі салт-дәстүрге негізделген экономикасы, тілі, діні, мәдениеті мен рухани өмірі өркениет көшіне ілесіп дамып отырды. Сондықтан, Қазақ хандығының 550 жылдығы – Қазақ мемлекетін ұлықтайтын Ұлы мереке. Мемлекетшіл бағыттағы идеяларды насихаттап, жастарды патриоттық тәрбиеге баулу барысында өзіндік мазмұнға ие болатын айтулы дата.

Тарих көшіне тереңнен бойлар болсақ, Әбілхайыр хандығы мен Моғолстанның әлсіреуі және ыдырауы жағдайында аталған кең-байтақ аймақтың рулары мен тайпаларының ең ықпалды көсемдері саяси тәуелсіздікке ұмтылды. Ал олардың ғасырлардан үзбей жалғасып келе жатқан азаттық пен тәуелсіздік

жолындағы жарқын істері мен ерлігі, тұлғалық белгісі жылдар өткен сайын жарқырай түсуде. Мысалға, Қазақ хандығының негізін қалаған Керей мен Жәнібек, Ақназар мен Қасым, Есім мен Тәуекел, Әз-Тәуке мен Абылай хандарменесімдері қатар жүретін, Төле, Қазыбек, Әйтекедей ұлы билердің қайталанбас дара тұлғалары мен артында қалдырған қалың қазақ жұрты мен әлемдік рухани құндылықтар төрінен орын алатын мұрасын зерделеу үлкен міндет. Сол дәуірдің өшпес дерегіндей болып, замана асулары мен сынынан өткен «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы», Әз-Тәукенің «Жеті жарғысы», «Абылайдың ақ жолы» деген атпен жеткен Далалық заңдық ережелер Қазақ хандығы мен мемлекеттілігін дәйектей түсетін тарихи құжаттар.

Бүгінгі тәуелсіздік үшін ата-бабаларымыз ғасырларға созылған азаттық жолындағышайқастарда бірде жеңісді, бірде жеңіліс тапты. Тек үздіксіз азаттық күресінің нәтижесінде Елбасы Н.Ә. Назарбаев көтеріп отырған «Мәңгілік Ел» идеясының өзегіне айналып отырғандығы мәлім.

Осынау бабалар аманатындай болған «Мәңгілік Ел» идеясы тәуелсіз еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың әлемдік жаһандану көшіне енген кемелденген қазақстандық мемлекеттілік құрудағы сіңірген еңбегінің тарихи мазмұны да ерекше. Заманауи Қазақстан «Мәңгілік Ел» идеясына біріккен көп ұлттың өкілдерінің ортақ Отаны. Сонау Қазақ хандығы құрылған сәттен бастап-ақ қазақ халқынебір жаугершілік заманды кешіп, «Алқакөл сұламадан» өтіп, «Елім-айлаған» небір зар заманды да, ашаршылық пен жаппай ұжымдастыру, Алаш зиялыларын аластатқан аласапыран кезенді де, саяси құғын-сүргін мен атом сынақтарының алапаттары секілді бар қиыншылықтардан сүрінбей өтіп, әлемдік ұлттық қауымдастықта ойып тұрып лайықты орын алды. Бұндай биіктікке көтерілу қазақ халқы үшін үлкен мақтаныш екенін ескерсек, біздің ұлттық тарихы тұзу, тамыры терең екенін ұғынамыз.

Дегенменде, ХХ ғасыр басындағы аласапыран кездері ұлт мақтанышы, Алаш арысы Міржақып Дулатов: «Келешек күннің қандай болашағын білуге тарих анық құрал болады. Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп, не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады», – депөзінің «Түрік баласы» атты жазбасында жазды.

Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өту барысында ұлы тұлғаларымызды, бейбіт өмір мен тыныштықты ұлықтау шаралары да кеңінен жүргізілуде. Бүгінгі жас ұрпақ өмір сүріп отырған бейбіт заман бабаларымыздың ғасырлық арманы болғаны аян. Ол туралы қазақ әдебиеті ғылымының көрнекті өкілі Бейсембай Кенжебаев 1940 жылы жазған тарихи очеркінде: «Абылайға дейін болсын, Абылайдың тұсында болсын қазақ халқының арман еткені: 1) өз алдына ерікті ел болып, өзін өзі меңгеру, 2) ата қонысына жайғасып, бейбіт еңбек етіп, шаруашылық шалқыту, 3) бір ауызды, ынтымақты болып, отанын, елдігін қорғау», - деген еді. Елбасы ұсынған ұлы идеялардың мәңгілікке ұштасауына осы үш қағида тәуелсіздігімізді алып, бодандықтан құтылғаннан кейінгі жерде салтанат құрып келе жатқандығы арқау болып отыр.

Тәуелсіздік - қазақ халқының жарқын келешегі үшін, Отаны үшін отқа түсіп, елі мен жері, халқы үшін қасық қанын қиған ата-бабаларымыздың бізге қалдырған баға жетпес мұрасы, ал оны сақтап қалу да ата-баба аманаты! Қазақ хандығының 550 жылдығы тағылымы мол, берері зор, танымы мол тарихи кезеңге көзжүгірту ғана емес, өскелең ұрпақтың бойына отансүйгіштік, елжандылық қасиеттерді ұялату, өткеннен тағылым алу болып табылады. Қоғамның негізін құрап отырған жас буын ұлт тарихына терең бойлай отырып, Тәуелсіздіктің шынайы қадір-қасиетін ұғынады. Ұлы Дала тағылымдарын насихаттап, «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыруда нақты да сенімді қадам болмақ.

Қорыта келгенде айтарымыз, тарихи таныммен ұрпақ өседі, ұлттық сана қалыптасады, жаңғырады, рухани құндылықтарымыз ұлттық мүдде мен ұлттық болмыс үшін қызмет етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: - Атамұра, -1999.-296 б.
2. Қазақстан жолы // Егемен Қазақстан. – 2005. – 15 желтоқсан.
3. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Өнер, 1996.- 272 б.
4. Нұрпейісов Е. Қ., Котов А. К. Қазақстан мемлекеті: хандық биліктен президенттік республикаға дейін. – Алматы: Жеті жарғы,- 1996.- 96 б.
5. Қазақ хандығының құрылу алғышарттары // Қазақ хандығынан – «Мәңгілік Елге». Мақалалар, зерттеулер. – Алматы: «Әдебиет әлемі», 2015. – 102-121-б. (қазақ, орыс, ағыл. тілінде)
6. Қазақ хандығының бастаулары мен тарихи дәуірі // Егемен Қазақстан. – 2015. – 23 маусым
7. Мәңгілік ел ұлттық идеясы: тарихы мен тағылымы // «Қазақ Елі» және ел басқарудағы билер дәстүрін жалғастыру (Қожбанбет би тағылымы): Сүйеркұлұлы Қожбанбет бидің өнегелі істеріне байланысты өткізілген республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: «Leader offset printing» баспаханасы, 2014. – 10-13-б.
8. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар // Егемен Қазақстан. – 2014. – 18 қаңтар

Түйіндеме

Мақалада Қазақ хандығының тарихымыздағы рөлі, маңызы қандай деген мәселелерді талқылай келе, «Мәңгілік Ел» идеясының өзектілігі мен тамырын, Қазақ хандығының құрылуының бір ерекшелігін жеріміздегі этникалық үрдістермен қатар жүргендігімен дәлелдеуге тырысады. Қазақ халқының этногенезі сонау қола дәуірінен басталып, сол дәуірде қалыптасқан көшпелі мал шаруашылығы этногенездің қозғаушы күші болғандығын көрсетеді. Қазақ жеріндегі халықтың менталитетін, болмысын, дүниетанымын көшпелі өмір қалыптастырғандығын және қазақ халқының қалыптасуының түрлі кезеңдерін болғандығын сипаттай отырып, тарих тағылымының жас ұрпақ тәрбиесінде алар орны ерекше деген пайымдау жасайды.

В статье рассматривается роль Казахского ханства в истории страны и в формировании особенностей полиэтнического процесса. Этногенез казахского народа берет начало с периода бронзы, где движущей силой являлось кочевое скотоводство. Также в статье показаны особенности воспитания молодого поколения казахского народа, менталитет, мироощущение и мировоззрение кочевничества в разные исторические периоды времени.

In the article the role of the Kazakh Khanate in the history of the country is considered, in the formation of which the peculiarities of the polyethnic process lie. The ethnogenesis of the Kazakh people originates from the Bronze Age, where nomadic cattle breeding is the driving force. Also in the article features of education of young generation of the Kazakh people, mentality, attitude and outlook of nomadism in different historical periods of time are shown.

«ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ»

Қожан А.А.

ҚазИТУ колледжінің оқытушысы

Ұлың өссе, ұлы жақсымен ауылдас бол.
Қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы халыққа арналғаны белгілі, дей тұрғанмен терең үңілсек, жастарға деген үлесі басым. Егемен ел болғалы 25 жылдан асты, Тәуелсіз елдің алғашқы ұрпағы ел тізгінін ұстайтын халге жетті. Мақалада кездесетін «бәсекелестік», «білім», «ғылым», «тұтастық», «ұлттық код» сынды сөздердің жастар үшін маңызы зор. Себебі білімдінің мыңды жығар заманы келе жатыр. Сандық Қазақстанның болашағы өсіп келе жатқан ұрпақтың қолында. Қай жағынан келсе де кез келген саланы жіті меңгере отырып, жұмыс жасау. Тіл үйрену, қабілетті болу, ел үшін тер төгу. Елбасының бұған дейін де «Қазақстанның болашағы – жастардың қолында» деген сөзі де әлі ықпалын жоғалтқан жоқ. Тіпті бұл ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын табатын дана сөз болып қалары анық. Қазіргі таңда, әр ұлттың қай кезеңде болмасын алдында тұратын ұлы міндеттерінің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты саналы ұрпақ тәрбиелеу. Болашақ қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени, ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу аға буынның қоғам алдындағы зор борышы. Ал жастарды жан-жақты қабілетті азамат етіп өсіруде халықтық салт дәстүрлердің тәлім –тәрбиелік, білім танымдық ролі зор.

Қазақ халқы — рухани зор байлықтың мұрагері. Ежелгі ата-бабаларымыздың күмбірлеген күміс күйі, сыбызғы сырнайының үні, асқақтата салған әсем әні, ғашықтық жырлары мақал-мәтел, шешендік сөз, айтыс өлеңдерінің сан ғасыр бойы өз ұрпағын сегіз қырлы, бір сырлы, өнегелі де өнерлі адамгершілік ар-ожданы жоғары намысқой азамат етіп тәрбиелеп келгені тарихи шындық.

Егеменді еліміздің болашақ ұрпағын тәрбиелеуде, олардың бойына ізеттілік, қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, елін, жерін, Отанын сүюшілік секілді ең асыл қасиеттерді қан мен жанына сіңіруде осы ата-бабамыздың салт-дәстүр негізін ұстансақ өте ұтымды болар еді.

Бала тәрбиесінің алтын бесігі – отбасы. Бұл шағын әлеуметтік топ - бала үшін өмір мектебі. Тәрбиедегі басты бағыт делінген тәлім - тәрбие тұжырымдамасында: «Әрбір адам ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы болу керек екенін, ұлттық болашағы тек өзіне байланысты болатынын есте ұстауға тиіс. Оның осындай тұжырымға тоқталуына ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер көмектеседі, солар арқылы ол жалпы азаматтық мәдениетке аяқ басып, өз халқының мәдени игілігін басқа халықтарға жақын да түсінікті ете алады.

Сондықтан әрбір ұрпақ өз кезі мен өткеннің тағдыры мен талаптарын объективті факторлар ретінде ұсынып, сол арқылы ұрпақты өмірге даярлап, оларды жинақталған тәжірибе негізінде тәрбиелей отырып, өзінің ата-аналарының рухани мұрасын игере түсуі керек».

Қазақ табиғатында отбасы иелері балаларының алдында өздерінің тіршілік әрекетінде барлық адамгершілік қасиеттерін үлгісін көрсете білген. Оның басты себебі « ұлдың ұяты әкеде, қыздың ұяты шешеден » деп бағалағандықтан. Сондықтан ата-ана балаларын тұрмыс пен салтқа бейімдеп, шешеден көріп тон пішуге, әкеден көріп оқ жонуға баулитын болған. Осылайша ұрпақтың отбасы тәрбиесі ешқашан күн тәртібінен түскен емес. Бұрынғы қазақ жастары тәрбиені мектеп пен медреседе оқып білмесе де қызы анадан, ұлы әкеден үлгі өнеге алған.

Болашақ жастарға тәлім тәрбие беруде Отанымыз отбасы мен мектепке үлкен борыш артады. Отбасы болашақ азаматтың жеке басын аяғынан тұрғызып, егеменді еліміздің болашағын, негізін жасайтын іргетас. Болашақ азаматтың отбасында алған тәрбиесі, мінезі, жақсы мен жаманды ажырата білуі, үлкендерден алған өнегесі уақыт өткен сайын берік қалыпқа түсіп, оның өмірінен үлкен орын алады. Жас ұрпақтың өнегелі тәрбие, білім алуына оны жалғастырушы – мектеп. Мектеп-қоғамдық ұйымдар мен отбасы тәрбиесін ұштастыратын негізгі ұйытқы, орталық.

Отбасында орныққан қарым қатынас арқылы баланың тұлғалық қасиеттері қаланады. Бала әрқашанда ата-анадан жүрек жылуын, мейірімділікті қажет етеді. Ол ата-ананы өмірдің тірегі санайды. Бала үшін ата-ана игілік жасаушы, айтушы болып табылады. Қазақ халқы баланы дүниедегі барлық асылдан жоғары бағалаған, болашағына арманына балаған. «Балалы үй базар, баласыз үй қу мазар», «Босағасын алтыннан соқсаңда перзент сүймей, адамның мейірі қанбас» - деп барлы асыл сөздерін арнаған. Қазақ отбасы ата-ана, әке-шеше, балалар атты үш құрамнан тұрған. Ата-ана мен әке-шешенің қарым-қатынасы жас баланың адамгершілік жағынан толысып жетілуіне үлкен үлес қосады және ізгілікті іске баулиды.

Мектеп-ата-аналарының тәрбие істеріне бағыт-бағдар беріп, оларды жан-жақты тәрбиелеуге жұмылдырады. Балаға негізінен үш ортадан тәрбие жұғады, үш орта бала тәрбиесіне әсер ететін негізгі фактор. Біріншісі-ата-ана, екіншісі-ұстаз, мектеп, үшіншісі-дос құрбысы. Балаға тәрбие беру кілті ата-ананың қолында. Ұлы педагог А.С.Макаренко: «Баланы жас кезінде, әсіресе, бес жасқа дейін тәрбиелей білу керек». Оның келешекте қандай адам болуы, ең алдымен бес жасқа дейін дұрыс тәрбие бере алмасаңыз, кейін оны қайта тәрбиелеуге тура келеді. Ал қайта тәрбиелеу өте қиын іс, - дейді де қайта: «Баланы дұрыс тәрбиелесек, қартайғанда өміріміз бақытты болмақ, жаман тәрбиелесек зор қайғыға ұшырап, үлкен бақытсыздыққа тап болғанымыз. Жаман тәрбиеленген бала басқа адамдар алдында, бүкіл еліміз алдында жасаған үлкен кінәміз» деп атап көрсеткен. Ата-ана баланы қалай тәрбиелесе бала соған қарай бейімделеді. Әрбір ата-ана мұғаліммен тығыз байланыста болғаны жөн, онсыз бала тәрбиесінде жақсы нәтижеге жету мүмкін емес. Ата-ана мен мұғалім бірлесіп жұмыс жасағанда ғана бала бойына ізгі қасиеттерді толығынан сіңіруге болады. Жасыратыны жоқ, кейбір ата-аналар бала тәрбиесіне салғырт қарап, өз баласының мінезін, баланың ішкі дүниесіне, дүниетанымымен бірге баланы не қызықтыратыны, немен шұғылданғысы келетіні туралы біле бермейді, сондықтанда кейбір ата-аналар мұғаліммен кеңесіп, баласының жағдайын жиі біліп тұруымен бірге мектепке жиі келуі керек.

Қортындылай келе, ұлы ойшыл, данышпан, философ Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі...», – деп рухани тәрбиенің адам өміріндегі өлшеусіз маңыздылығын айтқан. Осы ой-тұжырымды ұстаным ретінде қолданғанымыз абзал. Баланы жас кезінен мейірімділікке, адамгершілікке, батырлыққа, өжеттілікке тәрбиелеу қажет.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ә Дербісалиев. Қазақ даласының жұлдыздары. Алматы, 1995.
2. Ә. Нысанбаев. Т. Әбжанов. Ой, Ақыл, Адамгершілік. Алматы, 1994.
3. <https://www.tarbie.kz/25762>
4. http://www.kazinform.kz/kz/kazakstanda-zhetim-kalghan-balalar-sany-kemip-keledi_a2693700
5. <http://www.qamshy.kz/article/qazaqstan-zhastarininh-rwxany-kelbetine-diny-ustanimninh-iqpali.html>

6. <https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/47607/>

Түйіндеме

Осы мақалада жас ұрпақтың тәрбиесі жайлы, отбасы, білім мекемелерінің алар орны туралы айтылады.

В этой статье рассматривается роль учебных заведений и семьи в воспитании подрастающего поколения.

This article examines the role of educational institutions and families in the upbringing of the younger generation.

МАЗМҰНЫ

| | |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| САРСЕНБЕКОВА Г.А. Жастарды «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында тәрбиелеуде жоғары мектептің міндеттері туралы..... | 3 |
| СМАҒҰЛОВА С.О., ЗАУЫРБЕКОВА Д. Латын әліпбиіне көшу: тәжірибесі мен тағылымы..... | 8 |
| САЛҚЫНБЕК Д.И. Жалпы ұлттық қасиетті құндылықтар мәні мен мақсаты..... | 15 |
| ЧИСТОВ В.В. Духовный потенциал современной молодежи и преемственность поколений..... | 18 |
| АСЫЛЫ ОСМАН Жастарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі тілдің рөлі мен маңызы..... | 24 |
| АБДИСУЛЕЙМЕНОВА Р.Ш. Латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің жаңғыруы..... | 26 |
| ШАШАЕВ Ә.К. «Мәңгілік ел» идеясы еліміздің тұтастығының тұғыры..... | 29 |
| САРЫМСАКОВ А. Проблемы духовной модернизации общества в переходной период | 32 |
| РЫСКЕЛДИЕВА Г.Д., ИТЕМИРОВА А. Ұлттық сананы жаңғырту – тұлғаның рухани келбетінің көрінісі..... | 35 |
| НЕСИПБАЕВА Ж.Ж. Вопросы духовного развития современной казахской философии (историографический аспект)..... | 39 |
| RAVILOVA N.R. Openness of consciousness while preserving national identity..... | 41 |
| БОГАТИКОВА А.Е. Бәсекеге қабілетті жастар – ұлт болаш..... | 43 |
| ӘБІЛДОС Р.Ә. «Алаш»партиясының өміршең идеяларының рухани жаңғырумен сабақтастығы..... | 46 |
| КАЛКАБАЕВА Т.А. Әлихан Бөкейхановтың еңбектеріндегі рухани жаңғыру көріністері..... | 49 |
| ҚҰРМАНАЛИНА Н.Н. XVIII-XIX ғасырлардағы ауызша тарихтың зерттелу мәселелерінен..... | 53 |
| АЛДЫБЕКОВА М.К..... | 56 |

| | |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| Рухани жаңғыру - ұлттық сананы қалыптастырудың тарихи негізі | |
| ЗҰЛХАРНАЙҰЛЫ Ш. Елбасының “Болашаққа бағдар: рухани жаңғырубағдарламалық мақаласындағы «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасына бүгінгі жастардың көзқарасы” | 58 |
| ЕДИГЕЕВА З. Рухани жаңғыру – болашақтың бағдары | 60 |
| КАСЕНОВА Т.К., МЕДЕЛБЕК А. Ұлттық сананың жаңғыруы – жастар келешегінің көкжиегі | 62 |
| МАХАШЕВА Н.С. Рухани жаңғыру – болашақтың кепілі | 65 |
| САПАРАЛИ С. Қазақ жерінің тұтастығы үшін күрескен тұлғалардың саяси қызметі (XX ғасырдың 20 жж) | 68 |
| СОВЕТ А. Рухани жаңғыру:Қазақстандық жаңа 100 есімді қалыптастырудың тарихи аспектілері | 73 |
| ЖАҚСЫЛЫҚОВА А. С. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың "Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру" бағдарламалық мақаласының тарихи маңызы | 75 |
| РЫСАЛДИЕВА А.Е. Жоғары оқу орындарының тәрбие қызметі шеңберінде студенттердің рухани- адамгершілік дамуының кейбір тұстары | 79 |
| СӘКЕН Б. Ж. Қоғамда жастар арасында құқықтық сана мен мәдениеттің рөлі | 80 |
| ҰЛЫҚПАН А. Рухани жаңғыру-ел ертеңінің кепілі | 83 |
| ТАСТАНОВА Н. Рухани жаңғыру:менің туған жерімдегі киелі жерлер мен атаулар | 86 |
| БАЛТАБАЕВА А.С. Елімізді дамытудағы басты мәселелер | 88 |
| РЫСҚАЛИЕВА А. Модернизация общественного сознания | 92 |
| НУРТАЗАЕВА А.Б Жастардың «Рухани жаңғыру» идеясын іске асырудағы атқаратын қызметі | 94 |
| ҚАТИЯТ Қ. Қазақ халқының астрономиялық ілім- білімдері | 97 |

| | |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| ЖҰМАҒАЛИЕВА Ж.С. Қазақ және орыс халықтарының үйленуге қатысты әдет-ғұрыптарының ұқсастықтары (салыстырмалы-этнографиялық зерттеу)..... | 100 |
| НЕМЦОВА Д.К. Қазақ халқының ою-өрнегі..... | 104 |
| ЕРМАХАНОВА М.А. «Жасыл» энергия келешегі..... | 107 |
| МАУКЕБАЕВА А.Ж. Рухани жаңғыру – табысты ел болуымыздың кепілі..... | 110 |
| ЧАЯХМЕТОВА М.М. «Нұр Отан» партиясы бағдарламаларының жастар тәрбиесіндегі орны..... | 113 |
| ШЕГЕБАЕВА Ж.Ө. Рухы күшті тұлға - рухани жаңғыру негізі..... | 117 |
| МАММЕДОВА А. Открытость сознания..... | 119 |
| ҚАДЫРОВА Г. Алматы қаласының қасиетті орындары..... | 121 |
| АЙБЕКОВА А.А. Рухани жаңғыру және патриоттық тәрбие..... | 123 |
| НЕСПБАЙ А. Туған жерім Таразым..... | 125 |
| МАЕМГЕНОВА А.Д. Spiritual modernization: openness of consciousness together with national culture | 128 |
| ҚЫДЫРБЕК Т. «Алаш идеясы»: ұлттық сана мен ұлттық рух..... | 130 |
| ДӘУЛЕТКЕЛДІ Т.К. Ұлттық бірегейлікті сақтаудағы жастардың орны | 133 |
| БАЛТАБАЕВ Е.Ж. Қазақ хандығы және «Мәңгілік ел» идеясы..... | 135 |
| ҚОЖАН А.А. Ұрпақ тәрбиесі - ұлт болашағы..... | 139 |